Ал А.Байтұрсынұлы бастаған араб графикасын қолдаушылар әліпби таңдауды ғылыми тұрғыдан негіздеуге тырысады. А.Байтұрсынұлы: «Әліпби деген тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліпби жақсы болмақ», – дей келіп, әліпбидің қайсысы дұрыс болатынын тексеруде мынадай негіздерге (критерийге) сүйенеді:

1. Тіл дыбысына жеткілікті-жеткіліксіздігі қанша?
2. Қайсысымен басылған я жазылған сөз оңай оқылады?
3. Қайсысымен жазу, жазылғанды оқу жеңіл?
4. Қайсысы баспаға қолайлы?
5. Үйретуге (сауат ашуға) қайсысы оңтайлы?
6. Көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық?

Аталған сұрақтарға нақты дәлелдермен мысал келтіре отырып, А.Байтұрсынұлы латын әрпінің керексіздігін көрсетіп, мынадай қорытындыға келеді:

1. Араб әрпі латын әрпінен жазуға, оқуға оңай, онысы сауатты адамдардың күндегі ісінің жүзінде көп пайдалы болып шығады.

2. Сауат ашу жүзінде араб әрпінің қолайлысы латын әрпінен артық.

3. Баспа ісіндегі араб әрпінің ескісі латын әрпінен төмен, жаңасы артық.

4. Мәшинелерге орнатуға араб әрпінің жаңасы латындікінен анағұрлым артық, ескісін де орнатуға келетінін іс көрсетіп отыр.

5. Араб әліпбиінің әрпі қазақ тілінің дыбыстарына толық жеткілікті, қандай емле жасауына да келеді. Қазақ емлесі – өте оңай, бұқараға қолайлы емле.

Сөйтіп, екі әріпті салыстырғанда, әріп алмастыру мәселесін дәріптеп көтерудің негізсіз екенін көрсетеді. Бұл сияқты мәселені көтеріп, уақытын шығын қылып жүргендер болса, оны еріккен адамдардың ермегі есебіндегі құр қиял деп көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы сол кездегі «араб әріптерінің жалғыз кемшілігі – әріптердің тартымсыздығы» дей келіп, оның көзге тартымды болмайтын себебі – «араб қарпі түсіне енбеген орыстың шелек жасайтын шеберлеріне істетіп отырғанында» дейді. «Мекемелер қазақ мәшинесін керек қылып, қаржысынан қашпай істетпекші болса, онда шелек жамайтын шеберге істетпей, зауытқа істетуге болады. Онда қаріптердің көркемдігі жағынан міндері де жоғалады», – дейді [7].

Араб әрпін қуаттаушылардың бірі – М.Дулатұлы. Ол өз сөзінде А.Байтұрсынұлы жетілдірген араб графикасының артық жақтарын көрсетіп: «Араб әрпінің өзгеріп отырғаны ырас. Бірақ қалай өзгертілген, әңгіме сонда болу керек қой. Араб әріптерінің 14-і ғана бұрынғыша болса, өзге ойдан шыққандары жұртқа жат болуы керек еді ғой. Ойдан шығарылған әріптерді жұртқа үйретіп, оқытып жату керек еді ғой. Ондай нәрсе болды ма? Болған жоқ, ендеше «бұл өзгертушілердің шеберлігі деп біліңдер», – дейді де, латын әрпіне көшкен жағдайда көп қаржы керек болатынын ескертеді.

Араб әрпін жақтаушылардың бірі – Елдес Омарұлы «Жаңа әліпбиге көшсек, мәдениетке жетеміз» деушілерді сынады. «Әріп мәдениетке керек деген пікір дұрыс.

Бірақ латын әрпін алғанда басқа елдің тілін білеміз деу – адасқандық. Әріп керек болса, мәдениетке тіл тіпті керек. Қазақ әрпінің мәдениетке жетуімізге ешбір бөгеті жоқ. Жаңа мәдениетке ағылшын тілімен жетеміз, қазақ тілімен жетпейміз деу қате. Ескішілдікті, орынсыз еліктегенді қойып, өз әрпімізді, өз тілімізді өңдеуге кіріссек, қазақ тілімен, қазақ әрпімен мәдениетке жетуге, пән кітаптарын жазуға әбден болады. Әріптің суреті латынша болуы, солдан оңға қарай жазылуы мәдениетке жетудің шарты емес», – десе, енді бір мақаласында латын әрпіне көшу үшін ең аз дегенде 20-30 жыл керек болатынын айтады.

Араб әрпін жақтаушы Қ.Кемеңгерұлы мен Б.Бұралқыұлы мектепте араб әрпін де, латын әрпін де қатар оқытып, тәжірибе арқылы тексеру керектігін айта келіп, латын әліпбиіне көшетін болсақ, қазақ арасындағы азғана сауаттының өзі сауатсызға айналатынын ескертеді.

1927-1928 жж. «Еңбекші қазақ», «Жаңа мектеп», «Лениншіл жас», «Тілші» газеттерінде жаңа латын әліпбиінің жобасы, сол графикамен басылған тақырыптар жариялана бастайды. Ең алғаш жарияланған латын әліпбиінің жобасында 24 әріп, 1 дәйекше болады (яғни төте жазудың жүйесінен ажырамайды):

1929 ж. латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі

<i>Әріп</i>	<i>Фонема</i>	<i>Әріп</i>	<i>Фонема</i>
a	а	в	б
ь	ы	d	д
o	о	g	г
u	ұ	ġ	ғ
e	е	z	з
ə	ә	č	ж
i	і	h	һ
ө	ө	m	м
y	ү	n	н
p	п	ŋ	ң
t	т	v	у
k	к	l	л
q	қ	r	р
s	с	j	й
c	ш		

Әліпбиде қазақ тілінің өзіне тән 9 дауыстысы мен 20 дауыссыз фонемасына әріп арналады. *Қ, з, к, г* дыбыстарының жеке таңбасы болды. *Б* таңбасы орыс алфавитінен алынды, *ġ – ғ, č – ж, ŋ – ң* таңбаларының диакритикасы болды және одағайларда ғана қолданылатын, шығыс кірме сөздерінде жазылатын *h* дыбысының әрпі бар. Әліпбиде бұдан басқа кірме сөздерде кездесетін әріп қатары болған жоқ.

1928 жылы 18-23 желтоқсан аралығында Қазанда жаңа түркі әліпбиінің Бүкіл-одақтық орталық комитетінің III пленумы шақырылады. Қазақстаннан С.Асфендияров, О.Жандосов, Н.Нұрмақов, Т.Шонанұлы, Тоғжанов, Т.Рысқұлов сынды білімпаздар қатынасады. Пленумда көтерілген мәселелер негізінен латын әліпбиіне көшу баяулығы, эзербайжан жазуы қабылдаған әліпби негізінде өзге түркі халықтарының әліпбиін бірдейлестіру, жазу тарихындағы сол дәуірді мұрағат ретінде сақтау, бас әріп мәселесі, емле принципі, фонетикалық және морфологиялық принциптерді қатар ұстау деген мәселелер төңірегінде болды.

1929 жылы 24 қаңтарда қазақ жазуының араб әліпбиінен латын графикасына түпкілікті көшкенін хабарлайтын «Жаңа әліпби туралы» Қазақстан Орталық Кеңес комитеті Президиумы мен Халық комиссарлар кеңесінің қаулысы шықты. Одақтың жаңа әліпби комитетінің III пленумына қатысқандар жаңа әліпбиді «Жұмысшы-қара шаруа әліпбиі» деп атауды ұсынады. Латын әліпбиін енгізу шаралары іске аса бастайды. Ораз Жандосұлы «Жұмысшы-қара шаруа әліпбиі» деген мақаласында мынадай міндеттерді көрсетеді:

«1) жаңа әліпбиге көшуді шындаб қолдаб, оны іске асыруды үкімет жолымен міндет қылу сияқты тиісті үкімет шараларын тез қолдану керек;

2) араб әліпбиіне жұмсалатын бар қаражат бұлағын жаңа әліпбиді өркендетуге жұмсау керек;

3) алдымен қала-қалада жаңа әліпби сауатсыздығын және ісін қолға алу керек;

4) мәдениет майданында қатар түзед, қаладан ауылға аттану жасау, сүйтіб жаңа әліпбиді мүліендеген қара шаруа бұқарасы арасында тарату керек».

1929 жылдың жаңа оқу жылынан бастап, Қазақстанның барлық оқу орындарында оқуды жаңа әліпбимен жүргізуге шешім қабылданады. 1929 жылдың 20 ақпанынан бастап «Уроки казахского языка для европейцев» деген атпен жаңа әліпби сабағы (80 сабақ) жүйелі түрде басылып тұрған. Сонымен қатар наурыз айынан бастап газет бетіндегі кей мақалалар латын графикасында беріле бастаған. Мысалы: Т. Шонанұлының «Шет сөздер імләсі жайында», т.б. мақалалары латын графикасымен жарық көрген.

Жаңа әліпбиге көшуге байланысты емле мәселесінде бірқатар таластар, қайшылықтар пайда болды. Олар сол кездегі басылым беттерінде жарияланып, көпшіліктің талқысына ұсынылып, түрлі пікірталастар мен айтыстарға негіз болды: Аймауытұлы Ж. «Емле, әріп жайында», «Емлені өзгертуге жоба», «Тағы да емле туралы», Байтұрсынұлы А. «Қазақстан мен Қазағыстан туралы», «Емле туралы», Дулатұлы М. «Емле өзгерту жайында», Залыұлы Н. «Қазақша жазу туралы жаңа ережелер», Қайменұлы І. «Емлені түзету туралы», Аманжолов С. «Жаңа емленің кейбір дыбыстарын өзгерту, емле мен терминдерді дұрыстау туралы», Мамытұлы А. «Емле, пән атаулары», Омаров Е. «Айнымалы дыбыстардың жазылу мәселелері», Тоқжігітов Ж. «Бас әріптің керегі жоқ», Уәлитов Ш. «Емлені өзгерту жайында», Шаймерденов Е. «У» мен «И», Байтоғайұлы Б. «Қос сөздер туралы», Омаров Е. «Емле мәселесі», Шонанов Т. «Шет сөздердің імләсі жайында» т.б.

1929 жылғы 18 ақпанда газет бетінде Қазақстан Орталық жаңа әліпби комитетінің емле мәселесі туралы тіл білімпаздарына, оқушыларға, барлық жазушыларға ашық хаты жарияланады. Онда 1929 жылдың 20 наурызында Қазақстан Оқу комиссариаты шақыратын білімпаздар съезіне дейін емле мәселелері талқылануы керектігі ескертіліп, емлеге енген өзгерістерге қатысты оқушылардың пікірі сұралады.

Осыған байланысты «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде көптеген мақала жарық көреді. Мысалы: А.Байтұрсынұлы «Емле туралы» (1929 ж. 27 наурыз); «Емле жайындағы пікірлер» (Ақдәулетұлы Әбділда, Мұқанұлы Сәбит, Есенғали Манабайұлдарының пікірлері) (1929 ж. 28 наурыз); Қайменұлы І. «Емлені түзету туралы» (1929 ж. 10 наурыз); Мамытұлы А. «Емле, пән атаулары туралы» (1929 ж. 19 наурыз); Марғұланұлы Ә. «Жазу мәселесі» (1929 ж. 16-17 тамыз); Аймауытұлы

Ж. «Әліпби емлесіне түсінік» (1929 ж. 18 ақпан); «uv, v, iv, uv» (1929 ж. 9 наурыз); «Әдеби тіл мен емле» (1929 ж. 12 мамыр).

А. Байтұрсынұлы «Емле туралы» деген мақаласында: «Осы күнге дейін тұтынып отырған емлеміздің кемшіліктерін түзеп, жоғарыда айтылған туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қамалмай өтетін, екеуінің арасынан жол тауып беретін төменгі ұсыныс болады деймін:

- 1) әрбір өз алдына түбірі бар сөз оңаша айтылғандағы естілуінше жазылу;
- 2) азған сөз азған күйіндегі естілуінше жазылу;
- 3) үйлестіктен дүдәмал естілетін болған дыбыстар айқын орындардағы естілуінше жазылу;
- 4) қосымшалар қосылатын сөздермен бірге жазылу;
- 5) қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз – бәрі де қосарлық (-) белгімен жазылу;
- 6) жалғаулықтар бөлек жазылу орындарынан басқа жағы жалғау ережесінше болады;
- 7) үйір айтылатын сын есім мен зат есім бөлек жазылу. Қосынды сөзге айналғандары басқа қосынды сөздерше қосарлықпен (-) жазылу. Сын есімнің шырай күшейткіштері де қосарлықпен (-) жазылу;
- 8) көсемше, көмекші етістіктер бөлек жазылу», – деп көрсетеді [8].

Емле конференциясы қарсаңында термин қабылдау мәселесі де газет беттерінде көп сөз болған. Ондай мақалалар қатарына Т. Шонанұлының «Шет сөздердің емлесі жайында» (1927 ж. 26 наурыз), «Термин туралы» (1928 ж. 7 мамыр) т.б. жатқызуға болады.

Т. Шонанұлы «Шет сөздердің емлесі жайында» деген мақаласында мынадай ұсыныстар береді:

1. Жат сөздер қалықтың айтуына жеңіл, құлағына жағымды, түсінігіне үйлесімді, қат тануына оңтайлы болу үшін жат тіл імлесін тіліміздің заңына үйлестіруіміз керек.
2. Шет сөздер дұрыс жазылу үшін:
 - 1) аяғы қалай жазылуына;
 - 2) түбірінің қазақ тіліне үйлеспейтін дыбыстары қалай өзгертіп қысқартуына жол көрсетілсін;
 - 3) шет сөздерді дыбыс негізіне сүйеніп (фонетический принцип), жана пішін меңзеу (морфологическая аналогия) заңымен қарастырып жазалық;
 - 4) шет сөздерді дыбыс негізінде тіліміздің заңына сүйеніп жазу үшін тілімізге қалық арқылы кірген араб-парсы және ескіден кірген орыс сөздері дерек болсын;
 - 5) шет сөздегі *ф* орнына қазақша *п* жазылсын: *физика-пизика*;
 - 6) ауропа ия орыс тілінің басындағы *g* (*з*) қазақша *j* (*ж*) жазылсын (бұған ауропа тілінде *h* орысқа *g* басып кірген дыбыстар кірмейді, мысалы, *генерал-жанарал*, *георгий-жэгор*);
 - 7) ауропада *ch*, орысшада *х*, араб-парсыда *i* дыбысы қазақша қатты сөзде *қ*, жұмсақ сөзде *к* жазылсын [9].

Сол сияқты еуропалық сөздердегі *ц* дыбысының орнына *с*, орыс тіліндегі *в* қазақ тіліне *у* түрінде жазылсын деп, еуропадан енген сөздерге *ө*, *ы*, *ұ*, *ә* әріптері жазылма-сын т.б. деген сияқты бірқатар ұсыныс енгізген.

Орталық Атқару Комитетінің президиумы мен Халық Ағарту Комитетінің шешімі бойынша 1929 жылы Қызылордада емлені реформалауға байланысты конференция шақырылады. Сөйтіп, жаңа жазудың графикасы мен орфографиясы және емле принциптерін айқындау және қазақ тілі емле ережесін талқылау, қабылдау үшін 1929 жылы 2-4 маусым аралығында Қызылордада ғылыми орфографиялық конференция ұйымдастырылады. Конференцияға Е.Омаров, К.Юдахин, Т.Шонанұлы, Вундцетель, Ә.Байділдин, Қ.Кемеңгерұлы, Әлібаев, Байманов, Тоқтыбаев, Е.Поливанов, Қ.Жұбанов қатынасады. Конференцияда осы уақытқа дейін емлеге байланысты айтылған ұсыныстар, айтыс-таластар қорытындыланып, жаңа әліпбиге сай жаңа емле қабылданады.

XX ғасырдың басында қазақ орфографиясына негіз болатын жүйе (принцип) таңдау мәселесі қызу талас тудырды. Осыған байланысты басылым беттерінде көптеген мақала жарық көрді. Олардың қатарына А.Байтұрсынұлының «Емле туралы», Т.Шонановтың «Шет сөздерінің імләсі жайында», А.Мамытұлының «Емле, пән атаулары туралы», Б.Шопанзаданың «Қазақ тілі емлесінің ірге кезеңдері», Е.Омаровтың «Емле мәселесі», Ж.Аймауытұлының «Емле, әріп жайында» т.с.с. мақалаларын жатқызуға болады.

А.Байтұрсынұлы «Емле туралы» деген мақаласында былай деп жазады: «Емле негізі 4 түрлі: 1) таңба жүйелі (негізі ынтымақ); 2) тарих жүйелі (негізі дағды); 3) туыс жүйелі (негізі тегіне қарай); 4) дыбыс жүйелі (негізі естілуіне қарай).

1. Таңба жүйелі емле – арғынға «дөңгелек» таңба алайық, қыпшаққа «жіп» таңба алайық деген сияқты немесе «бірге» мынадай «1» белгі, «екіге» мынадай «2» белгі алайық деген сияқты, не болмаса пәлен дыбысқа пәлен белгі алайық деп, дыбыс басына әріп арнаған сияқты тіл іліміне тірмей, тек ынтымақпен мына сөзді мынадай, ана сөзді анадай етіп жазайық деумен жасалатын емле жүйесі. Емленің бұл жүйесін алу-алмау жағын сөз қылмай өтеміз, өйткені жоғарыда емлеміз қалай жасалса да, негізгі тіл іліміне, тіл жүйесіне тіреліп отырып жасалу тиіс дедік.

2. Тарих жүйелі емле – баяғы бір жасалған түрінде қолданып дағдыланғандықтан, тіл өзгерсе де, өзгерместен әдеттенген бойынша қолданатын емле. Ондай емледе бір дыбысқа арналған әріп, тіл дыбыстары өзгеріп кеткендіктен, бірнеше дыбыстың ортасындағы ортақ таңба болуы мүмкін. Бір дыбысты жазуға бірнеше әріп жұмсалуды мүмкін немесе тіпті дыбысы жоғалып кеткен әріптерді әлі күнге жоғалмастан, сөз ішінде жазылып жүруі мүмкін. Емлеміздің жүйелі болу-болмауын тағы сөз қылмай өтеміз, үйткені дағдыланған емлеше жазамыз десек, емле мәселесі қозғалмас еді.

3. Туыс жүйелі емле – сөздің ауыздан шыққан дыбыстарына қарамай, тегіне қарап отырып жазатын емле. Мәселен, ауыздан шыққанда «қорада бір қара ат тұр екен» дегенде «қара» деген, «ат» деген сөздерді ауыздан шығуынша «қарат» деп жазбай, «қара ат» деп жазады. Сол секілді ауыздан шыққанда, «солай болсигеді» болып естілсе де, жазғанда «солай болса игі еді» деп, «болса», «игі», «еді» деген сөздердің тегіне қарап жазады. Бірақ осы күнгі емлемізше жазу бар болғандықтан, емленің бұл түрі сөз болуға тиіс.

4. Дыбыс жүйелі емле – сөздерді ауыздан шыққан күйінше жазатын емле. Сөздің ауыздан шығуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда ауыздан бір түрлі болып шығады, әр сөзді оңаша, жеке алып айтқанда

ауыздан екінші түрлі болып шығады. Оның мысалын айқын түрде «ак», «көк» деген сөздердің айтылуынан көруге болады. Осы сөздерді оңаша, жеке түрінде айтсақ, ауыздан айнымай шығады. Сол араға «өгіз» деген сөзді жалғас айтсақ, әлгі сөздеріміздің аяғы айнып, екінші түрлі естіледі (*Ақ өгіз – ағ өгіз, көк өгіз – көг өгіз*).

Дыбыс жүйелі емленің сөйлегендегі ауыздан шығуынша жазу түрін тілдік ілім-білім жүзінде қолданбаса, өнер-білім жүзінде еш жұртта қолдану жоқ. Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді. Сондықтан емлемізді туыс жүйесіне қатысқан жүйелеріне қарамай, көпшілігіне қарап, дыбыс жүйелі деп атап келдік.

Жаңа емлешілер емле үйренуге жеңіл болу үшін дыбыс жүйелі болу тиіс дейді: керек орындарда ғана туыс жүйелі (сөз жүйелі) болсын дейді. Бұрынғы емлеміз дыбыс жүйелі емес бе еді? Туыс жүйесін керексіз орында кірістіруші едік пе? Бұрынғы емлемізде дыбыс жүйелі екендігін, туыс жүйелі қандай керек орындарда кірісетіндігін жоғарыда айтып өттік. Олай болса, жаңа емлешілердің емле жобасының бұрынғыдан басқалығы қай жерінде? Басқалығы мынадай: екі сөз, үш сөз жалғаса айтылғандағы дыбыстарының естілуінше жазу тиіс дейді (бұрынғы емлемізде әр сөз жеке айтылғандағы естілуінше жазылатын). Бұл бір. Екінші, үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі алмасып айтылатын дыбыстардың тегі тексерілмей, ауыздан шығуынша жазылсын дейді. Бұрынғы емлемізде ондай дыбыстар ауыздан шығуына қарамай, тегіне қарап жазылатын. Мысал үшін, бұрынғы емлеше жазу мен жаңа жобаша жазылу арасындағы айырымын бірнеше сөз алып көрсетіп өтейік. Алдыңғысы бұрынғыша, соңғысы жаңаша жазылған сөздер болады: *Тұрғанбай – Тұрғамбай, қонған – қоңған, көнген – көңген, інге – іңге, бара алмайды – баралмайды, келе алмайды – келалмайды, келе алмай тұрмын – келалмайтұрмын, бүрсі күні – бүрсігүні, бұрнағы күні – бұрнагыгүні, жазды күні – жаздыгүні, тұзсыз – тұссыз, басшы – башишы, ізші – ішші, қазса – қасса* тағы сондайлар.

Мұнымен емле үйренуге оңай бола ма? Көз тануына, қол жүруіне жеңіл бола ма? Басқа түріктерге түсініктірек болып жақындар ма? – Жок. Олай болса, бұрынғыдан мұның несі артық деп аламыз? Емлені бұрынғысынан артық болғандай етіп өзгертуге мағана бар; бұрынғысынан төмен болғандай етіп өзгертуге мағана да, мақсат та жоқ. Кілең туыс жүйелі болсын дейтіндер де, кілең дыбыс жүйелі болсын дейтіндер де алдарында неге барып қамалатындарына көз салмайды-ау деймін.

Кілең туыс жүйелі емле болсын дегенде, «балалы», «тұзлы», «атлы», «баланы», «тұзны», «атны» деп жазатын болмақ. Бұлай жазу қолайлы болып табылар ма? Кілең дыбыс жүйелі болсын дегенде, «сөзшең» дегенді «сөишең» деп, «ізшілер», «ісшілер» деген сөздердің екеуін де бірдей «ішшілер» деп, «кигіссе» дегенді «кигіссе» деп, «кигіше» дегенді «кигішише» деп, «жазса» дегенді «жасса» деп, «қызса» дегенді «қысса» деп, «сезсе» дегенді «сессе» деп жазатын болмақ. Бұлай жазу қолайлы бола ала ма? Екі жүйені де аралас тұтыну керек деушілер: керегіне қарап, екеуін де тұтыну керек дейді. Солай дейді де, мынау сөзді мынадай, анау сөзді анадай етіп жазайық деп, сөз басына ереже жасайды. Сөз басына ереже жасайтын болсақ, ондай емле қолайлы, оңай емле болып табылар ма?

Онан басқа тағы бір байқалып тұрған нәрсе – сөздерді қосып жазуға құмарлық. Ол құмарлықтың ар жағы неге барып килігетініне тағы көз салынбайды-ау деймін.

Мәселен: «бара алмайды» дегенді «баралмайды» деп жазу керек дейтін бар. Бұл қосылып айтылып тұрған сөздердің біреуі – көсемше етістік, екіншісі көмекші етістік екен. Бұл екі түрлі етістіктің бірлесіп айтылуы ылғи бір көсемше, бір көмекшіден болып отырмайды. Онан көбірек болып бірлесетін орындары болады. Менің ойымша, қопа қардай етіп емле жүйесін өзгертеміз демей, бұрынғы емленің кеміс жерлері болса, соларын тексеріп, соларын ғана түзеу. Басқа түріктерге жазу тіліміз түсінікті болу үшін мүмкіндігінше жанастыру жағына қарап икемдеу»[8].

1929 жылы Қызылорда қаласында өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда да емлеге негіз болатын принцип таңдау мәселесі сөз болады [10]. Онда Қ.Кемеңгерұлы Т.Шонановтың қазақ тілі фонетикалық принципті ғана басшылыққа алып, соған сүйенуі керек деген тұжырымдарына да, Е.Омаровтың, профессор Шопанзаде мен САГУ-дың ғылыми қызметкері Бердиевтің ұстанған морфологиялық принципі туралы пікіріне де қарсы шығады. Фонетикалық принципті ғана ұстану керек деушілерге Қ.Кемеңгерұлы қазақ тілінің дамуын Батыс Еуропа тілдерінің дамуымен салыстыруға болмайтынын айта келіп, таза фонетикалық принципке ғана сүйену тілдің табиғи түрде дамуына елеулі нұқсан келтіретінін орыс тілімен салыстыра отырып дәлелдейді: «...У русских вводились термины не революционно, а эволюционно, в течение веков, даже сохраняя влияние греческое, церковно-славянское, затем влияние Западной Европы. В течение трех с половиной столетий получалось освоение терминов русской письменностью. Мы вынуждены вводить громадное количество терминов в течение 5-10 лет. Если мы громадный наплыв иностранных слов не будем уточнять морфологическим принципом, то это грозит естественному развитию казахского языка. Мы отстанем от одного берега, но к другому не пристанем. И у нее получится не казахский народный язык, а жаргон, с чем никто из вас не пожелает, вероятно, иметь дело»[10, 37-б.]. Сол сияқты морфологиялық принципке ғана сүйену керек деушілерге де қарсы шығып, ойын Батыс Еуропа жазуы туралы академик Маррдың тұжырымдарын келтіре отырып дәлелдейді.

Бұл орайда Қ.Кемеңгерұлының ұсынысы – морфологиялық және фонетикалық принциптерді жеке-дара алмай, екеуін де басшылыққа алу. Яғни Қ.Кемеңгерұлының ұсынып отырған принципі – фонологиялық принцип. Ендеше, ғалым «сингармофонологиялық принцип» деген атауды қолданбағанымен, оның мәнін толық түсінгенін көреміз.

Латын әліпбиіне көшкеннен кейін туындаған күрделі мәселенің бірі – бас әріп мәселесі еді. Бас әріпті алу-алмау мәселесі туралы газет бетінде біраз таластар болады. Қазақстанның түкпір-түкпірінде студенттер, оқытушылар бас қосып, бас әріп туралы айтыстар, пікірталастар өткізеді. Бір тобы «бас әріп керек» десе, екіншілері «бас әріп керек емес» деген пікірде болады. С.Әміржан өзінің «Бас әріп не үшін керек?» деген мақаласында: «Бас әріп – оқудың кілті. Жеке кісі әріптер болса, адамның көзін жетектейтін тізгін, жазғанды тез аңғаруына бастайтын ірі таңба – үлкен әріптер. Бетпақтың шөліндей тірі жансыз құм далада адасқан адам тәрізді – бас әріпсіз жазуда да адам көзін алып жүре алмақ емес. Екіншіден, оқу-жазудың психологиялық негізі бойынша қалыпты оқу, безендіріп оқу, сөздің мәнісіне лайық дауысты өзгертіп оқу, тынатын жерде тыну үшін бас әріп керек. Әріп неғұрлым ұсақ болса (газет әрпі), жай тыныс белгілері байқалмай – көбінесе үлкен әріптерге еріп оқимыз. Бас әріп

іле сала танылатын ірі тыныс белгілері есебінде. Үшіншіден, қазақ тілі, әдебиеті енді ғана көркеюге, баюға, мәдени керектің барлығын өтеуге бет алып отыр. Мәдени керегіміз ішінде мемлекеттік маңызы бар кеңес тілі, заң тілі, телеграф маңдай жазуы, пылакат, ұран – барлығы бар. Бұларды мәдени түрде жазғымыз келсе, бас әріп керек». Автор сауаттану ісіне бас әріптің ешқандай зияны болмайтынын айта кетіп, жер-су атауларын, адам аттарын бас әріппен жазуды ұсынады.

«Бас әріптің керегі шамалы, бас әріпсіз де күн кешуге болады» деген пікірлер де кездесті. Басымов Х.«Бас әріп – қол бөгеу» («Еңбекші қазақ» газеті, 04.02.1930 ж.) деген мақаласында бас әріпті алсақ, оның араб әліпбиінен айырмашылығы болмай қалатынын, қайта оқыту мүлде қиындайтынын айта келіп, былай дейді: «Бас әріптің баспа түрі мен жазба түрі бір-біріне ұқсас келмейді. Жазуда бір төселдірсек, баспада қайтадан төселдіруге тура келеді. Оқу-жазу да, қай жағынан болса да аяқты орап салады да отырады».

Бұл мәселеге әсіресе оқытушылар белсене үн қосқаны байқалады. Ондай мақалалардың қатарына: «Бас әріпті былай алайық» (1929 ж. 26 қараша); «Бас әріп туралы айтыс» (1929 ж. 2 желтоқсан); Ж.Тоқжігітов «Бас әріптің керегі жоқ» (1929 ж. 2 желтоқсан); «Бас әріп керек» (1930 ж. 4 ақпан); «Бас әріп керек, не жоқ па?» т.б. жатқызуға болады.

Жалпыодақтық жаңа әліпби комитеті 1929 жылы өткен III Жалпы жиылысында «Бас әріп міндетті түрде алынсын» деп қарар шығарады. Бірақ Қазақстан жаңа әліпби комитеті бұған үн қоспайды. Мектептерде, оқу орындарында, баспасөзде «Оқулық, кітап жазуда әріпті көбейтпейміз» деген желеумен бас әріп алынбайды. Соның нәтижесінде біраз қиыншылықтар, кемшіліктер болып, наразылықтар туындап, ел мұғалімдері баспасөз беттерінде өз ойларын білдіре бастайды, бас әріпсіз оқу мен жазудың кемшіліктерін көрсетеді.

Соның нәтижесінде 1930 жылдың 11 сәуірінде Қазақстан Орталық Атқару комитетінің «Бас әріпті алу туралы» қаулысы шығады.

XX ғасыр басында *h* дыбысына байланысты да көптеген айтыстар, пікірталастар болды. Баспасөз бетінде, емле конференциясында осы мәселе төңірегінде айтысушылар екіге айырылды: бірі – бұл дыбыс қазақ тілінде бар, оған арнайы таңба алу керек деушілер: А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, Ә.Байділдәұлы т.б. болса, екіншісі – бұл дыбыс қазақ тіліне тән емес деушілер: Қ.Кемеңгерұлы, Е.Омаров, Т.Шонанов т.б. Ж.Аймауытұлы мен Е.Омаровтың баспасөз бетінде қазақ тілінің келелі мәселелеріне байланысты айтыстарының ішінде осы *h* дыбысы да көп сөз болады. Осындай талас 1929 жылғы емле конференциясы барысында да туындайды. Ә.Байділдәұлының «*h* әрпі керек» деген пікіріне Қ.Кемеңгерұлы: «Если у нас во всех иностранных словах, которые вошли в казахский язык вообще отбрасывается буква *h*, то это делается потому, что в казахском представлении этой фонемы нет, она имеется только в междометиях и то сомнительно. Это – факт», – деп, бұл дыбыстың қазақ тіліне тән еместігін дәлелдейді. Бұл шағын үзіндінің өзінен Қ.Кемеңгерұлының фонема, әріп терминдерінің мәнін, байыбын терең түсінген фонолог ғалым болғандығын байқауға болады.

Ғ.Әбуханов, І.Кеңесбаев, С.Мырзабеков сияқты ғалымдар *h* дыбысын қатаң дауыссызға жатқызса, К.Аханов, К.Бейсенбаева, М.Қараев т.б. ғалымдар бұл дыбысты ұяң дауыссызға жатқызған.

Сонымен, *h* дыбысының қазақ тіліне тән дыбыс еместігі туралы Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанов, т.б. зерттеушілердің пікірлері бүгінде Ә.Жүнісбеков, Н.Уәлиев еңбектерінде жалғасын тапқан.

Баспасөз бетінде дауыстылардың саны, құрамы туралы түрлі көзқарастар, пікірлер болды. Мысалы, Ж.Аймауытұлы, Б.Малдыбайұлы, С.Мұқанұлы *и, у* дыбыстарын да дауыстыға жатқызып, қазақ тілінде он бір дауысты бар десе, Б.Малдыбайұлы *э, ю, я* әріптерін де дауыстылардың қатарына қосып, дауыстылардың санын он төртке жеткізеді.

Тіліміздің сингармонизм заңдылығын ескере отырып, дауысты дыбыстардың құрамын дұрыс анықтаған А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанов, Қ.Жұбанов сияқты ғалымдардың айтқандарымен бүгінгі таңда Ә.Жүнісбеков, С.Мырзабеков, Н.Уәлиев, Н.Машқанова сияқты ғалымдардың еңбектеріндегі ойтұжырымдар үндесіп жатыр.

Қ.Кемеңгерұлы дауысты дыбыстарды тілдің қатысына қарай «жуан-жіңішке», еріннің қатысына қарай «еріндік-езулік», жақтың қатысына қарай «ашық, жартылай ашық, қысаң, жартылай қысаң» деп топтастырады. Дауыстыларды «жуан-жіңішке, еріндік-езулік» деп жіктеуде зерттеушілердің көбінде бірізділік бар.

Н.И.Ильминский, В.В.Радлов, П.М.Мелиоранский, А.Байтұрсынұлы, Қ.Кемеңгерұлы т.б. ғалымдардың дауыстыларды «жуан-жіңішке, еріндік-езулік» деп топтастырулары ұқсас. Бүгінгі таңдағы қазақ тілі фонетикасында да мұндай дауыстыларды тануда әрқилылық жоқ.

Ғасыр басында баспасөз бетінде де, білімпаздар тобында да арнайы сөз болып, көп айтыс туғызған мәселелердің бірі – бітеу буындарда және *л, р, у, и* дыбыстарының алдында *ы(i), ұ(ү)* дыбыстарын жазу-жазбау мәселесі.

Б.Малдыбайұлы, Ж.Аймауытұлы, Т.Шонанов, К.К.Юдахиндер «*ы (i), ұ (ү)* дыбыстары дүдәмал естілетіндіктен, кейде түсіп қалатындықтан (*орын – орны, мойын – мойны* т.б.) әрі сөз мағынасына әсері болмайтындықтан, *р, л, у, и* дыбыстарының алдында бітеу буындарда жазбай-ақ қойса да болады» деген пікірді ұстанады. Ал А.Байтұрсынұлы алғашқы кезде бітеу буындарда *р, л, у, и* дыбыстарының алдынан *ы, ұ* (соған сәйкес *і, ү*) дыбыстарын жазбай-ақ қоюға болатынын айтса, кейінгі мақалаларында естілсе, *ы, ұ* дыбыстарын таңбалау керектігін айтады.

Е.Омаров «Қазақша жазу жайы», «Емле мәселесі», «Жазу мәселесі» т.б. мақалаларында және конференцияда сөйлеген сөздерінде *ы, ұ* дыбыстары естілген жерінде қалдырылмай жазылу керектігін дәлелдейді. Осындай көзқарасты Қ.Кемеңгерұлы («Жауропалықтар үшін оқу құралы», конференциядағы сөздерінде т.б.); Есенғали («Емле жайындағы пікірлер») да қуаттайды.

А.Байтұрсынұлы мен Е.Омаров бітеу буында *ы (i), ұ (ү)* дыбыстарының бар-жоқтығын айыру үшін «артықша сезгіштіктің керегі жоқ, қазақ құлағы болуы керектігін» айта келіп, кейбір сөздердің мағынасын ажыратуда бұл дыбыстардың әсері бар екенін: *жарқ етті – ай жарық; тұрс (тарс-тұрс) – тұрыс (отырыс-тұрыс); бүлк (бүлкету) – бүлік (бүлік шығару), жорт (аттың жортуы) – жорыт (түсті жорыту)* сияқты мысалдарды келтіре отырып дәлелдейді.

Сонда, егер бітеу буында *ы (i), ұ (ү)* дыбыстарын таңбаламайтын болсақ, мұндай мағыналары екі түрлі сөздерді ажырату қиынға түсетінін айтады. Сондықтан

А.Байтұрсынұлы, Е.Омаровтар естілген жерінде *ы* (*i*), *ұ* (*y*) жазып, естілмеген жерінде жазбау керектігін ескертеді. Ал енді «әркімнің құлағы әртүрлі естіген немесе солай естіледі деп ұғып, әдеттеніп қалған жағдайда, өлең өлшемімен ашылуы керектігін» айтады.

Бірсыпыра ғалымдар *и*, *у* дыбыстарын қосар әріппен таңбалау керек десе, екіншілері *и*, *у* дыбыстарын бір таңбамен таңбалауды ұсынады. 1929-1938 жылдарында да *у*, *и* дыбыстары ұзақ естілетін жерінде қосар таңбамен берілген. Мысалы, *рылармонья* (*ныйлармонья*), *кабинет* (*кабийнет*), *уяренув* (*үйренуу*), *өндіруу* (*өндіруу*) т.с.с. Бұл мысалдар арқылы *у*, *и* дыбыстары жуан айтылғанда *уу*, *ый*, жіңішке айтылғанда *уу*, *ий* болып қосар таңбамен таңбаланғанын көруге болады. Бұлай жазу түрі, әрине, жазуды қиындатты деуге болады. Қосарлап таңбалау бір сөзді бірнеше түрлі жазуға жол берді. Осыған байланысты ғалымдар «*ь*», «*і*» әріптерін бітеу буында және тұйық буындарда жазбау керек және орыс тілінен енген сөздерде «*ь*», «*і*» әріптерін алып тастау керек» деген ұсыныс айтады.

У, *и* дыбыстарын қосар әріппен таңбалау жөнінде Ж.Аймауытұлы қосар таңбаларға қатысты өзінің жобасын ұсынады. Бұл жобада қосар *у* және *и* дыбыстарын жарты дауысты емес, толық дауысты дыбыстар қатарына кіргізу керектігін айтады.

Қосар әріптер жөнінде С.Аманжолұлы: «Қосарлы жазылуына себеп болған бізде орыстың «*и*» дыбысы сияқты толық әріптің жоқтығы. Бізде *ј* дыбысы тек жіңішкелік үшін, дәнекер үшін жүреді, біздегі «*ј*» дыбысы тек қысқалықты, шолақтықты көрсетеді. Ол екеуі де – жарымжан, екеуі де – толық әріптік қабілеті жоқтар. Енді біз екеуін қосып бір әріп қылмау үшін не жаңадан бір дыбыс алу керек десек, оған қолайлы таңба жоқ, *і* дыбысына толық орыстың «*и*» дыбысымен бірдей бол дегенмен, ешбір болатын емес. Оның себебі – жіңішке, жарты дауысты екендігі. Бұл екі қасиет оны толық «*и*» (орысша) қыла алмайды. Сөйткен күнде де оны сол қалпында қалдырмау керек» – дей отырып, мынадай жоба ұсынады:

1) *і* әрпі бұрынғы күйінде қалсын, оның жіңішкелік, дәнекерлікке беретін мәні де жеткілікті;

2) *ј* әрпіне толығырақ маңыз беру керек. Оны орыстың «*и*» дыбысымен бірдей дәрежеге жеткізу керек. Сондай екі дыбыс (*і*, *ј*) қатар жазылмайтын болады;

3) *ј* дыбысы дауысты дыбыстардан соң ғана, қысқа шолақ дауыссыз саналсын;

4) еш жерде *ј*-дің алдынан *і* дыбысы жазылмасын, қосарланбасын, тек *ј*-дің артынан *і* келуіне болады. Мысалы, *кјім*, *тјін* т.б.);

5) *и* дыбысы орыстың *в*-сына (сөз басында келсе), сөз ортасында, аяғында орыстың «*у*»-на тең деп есептелсін [11].

Ниязұлы Ғали қосар әріптер жазу экономиясына әсер ететіндігі және осы әріптерді ықшамдап қолдану керектігін айта кетіп, былай дейді: «Социалистік Қазақстан» газетінің бір нөміріндегі басы артық «*ь*» мен «*і*» дыбыстарын санап шықтық. Сонда «СҚ»-ның төрт бетінде (орта есеппен) не барлығы 4000 жол (120000 әріп) бар екен. Сонда бір жолда орта есеппен артық түскен 5 (*ь* мен *і*) әріптен қойғанда, 4 бетте басы бос 700 жол артық «*ь*» мен «*і*» дыбыстары барлығы көрінеді. Егер біз осыларды ықшамдай білсек, кітап, журнал, газеттерге бірталай сөз сыйғызып, онымен қатар артық еңбек етіп арамтер болмас едік».

Осы қосар әріптердің жазылуына байланысты ғалым, проф. Қ.Жұбанов қысан дауыстыларды сөз еткенде қосар дыбыстар ерте кезде бір дауысты, бір дауыссыздардан құралған деп, қазіргі емледе *у, й*-ді қосарлап қолдану болмайтынын айтқан болатын. Қ.Жұбанов «Қосар ма, дара ма?» деген өзінің мақаласында былай дейді: «Бұрын екі дыбыс (бірі дауысты, бірі дауыссыз) болған жердің бәрі бірдей қосар әріппен таңбалана беретін болғанда, «сары» сөзі бұрын «сарығ» түрінде болған; сондықтан етістікке айналған кезде «сарғ-ай» болып *г* пайда болды. Онда мұны да «сарұу» немесе «сарый» түрінде жазбақшымыз ба? «Тірі» сөзі «тірік», «торы» сөзі «торык» түрінде болған, әлде бұларды да «тірій, торый» деп жазамыз ба? Әрине, жаза алмаймыз».

Осындай көп талқыға түсіп, ақырында «Қазақ тілінің орфографиясын өзгерту» туралы 1938 ж. 2 қаңтар айындағы Қазақстан Үкіметінің қаулысы бойынша қосар әріппен таңбаланатын дыбыстарды бір әріппен таңбалау алынады.

Қ.Кемеңгерұлы сонорлар мен қатаң дауыссыздардың тіркесуі туралы 1924 жылғы білімпаздар съезінде арнайы ережелер болғанмен, соңғы жылдары бұл ережелердің ескерілмей, бұрмаланып жатқанын қынжыла айтады. *Жент, кент, құрт* сияқты сөздердің кейде *женіт, кеніт, құрыт* түрінде жазылып жүргенін айта келіп, осындай сөздерге байланысты арнайы тармақ енгізу керектігін ескертеді. Ғалым сонорлар мен қатандардың бұлайша тіркесуін ғылыми түрде негіздеу үшін оларға экспериментті зерттеу жүргізу қажеттігін айта келіп, әзірше оларды «дауыссыз дифтонг» деп атау керектігін, сөйтіп, олардың (сонор мен қатаң дауыссыздың) арасына *ы (і), ұ (ү)* дыбыстарын қоспай оқып-жазу керектігін ескертеді.

Қазақстанда латын әліпбиіне өту, сауаттану басқа түркі халықтарына қарағанда бәсең жүреді. Сондықтан жаңа әліпбидің Бүкілодақтық Орталық комитетінің IV пленумы Алматыда өтеді (1930 ж. 6 мамыр). Пленумға С.Асфендияров, Т.Шонанұлы, Қ.Жұбанов, Шәрібаев қатынасады. Пленум мүшелері Қазақстанның жаңа әліпбиге деген салғырт көзқарасы азаймай отырғанын айтады (8-11 жасқа дейінгі балалардың 20% ғана мектепке тартылған). Ресей білімпаздарынан қатынасқан Н.Ф.Яковлев терминдерді бағындырып жазуда сақтыққа, тіпті онымен күресуге шақырады. Пленумда бас әріп мәселесі (С.Асфендияров: «Қазақ жазуы бас әріпті алмайды, алса қызметін азайтып алады, жалпы бас әріп ағылшын, француз емлесінде де бірыңғай принципке сүйенбейді» – деді); графемалардың психотехникасы («Шор жазу психологиясы Германия, Америкада жақсы зерттелген, сонда қазіргі жазу жолынан шығып тұрған таңбалар – бас әріп, нүкте, үтірлер көзге бірден анық көрінетіні анықталған» дейді), фонетикалық унификация (Қ.Жұбанов: «Пленумның мақсаты бір жазуды негіз етіп анықтау болмау керек, ешбір жазу басқа тілдің жазуымен ыңғайласа алмайды, әзербайжандар *q, k* әріптерінің мағынасын өзгертіп жіберді» – десе, профессор Самойлович: «Қазақ жазуы <*и*>-ны *с*-мен берді, себебі, *с* – унификацияланған әліпбиде <*ч*>-ны береді», – деді; Қ.Жұбанов: «Бір-біріне саяси, экономикалық, мәдени жақындығы бар тілдер бір унификация жасау керек, жаппай бірлестіру болмайтын іс», – деді) мәселелері сөз болады. Пленум қаулысы Қазақстандағы сауаттылықты тағы 15%-ға көбейту, 1930 жылдың қазанында жаңа әліпбиге көшуді түбегейлі аяқтау, Қырғызстан, Қазақстан, Дағыстан жазуы бас әріпті қабылдау керектігін бекітеді [2].

1938 жылы «Қазақ әліпбесі мен орфографиясын біраз өзгерту туралы» қаулыдан соң әліпбиге *f* (*ф*), *x* (*х*), *v* (*в*) әріптері енеді. <ы> -*ь*, <у>-*и*, <в>-*в*, <у>- *и*, <у>-*у*, <ф>-*ф*-мен беріледі, *ю-иу*, *я-иа* тіркесімен таңбаланатын болады. Әліпбиде *е, и, ч, ш, ь, ь, э, ю, я* таңбалары болмайды.

Қысаң езуліктердің таңбалары (*ь, j*) мазмұнға ие болып тұрса, жазылуы керек делінді. Бірақ бұл емле ала-құлалығын тудырды: *topьraq, pьcad, tjrek, kjlem, ьras, ьrai*. Сондай-ақ түбірдің соңғы буынында <ы>, <i> дыбыстары естілетін сөздерге тәуелдік жалғауы қосылғанда, қысаң езуліктер түсіп қалса, түбірде жазылмайды, ал түсірілмесе, түбірде жазылуы керек делінді. Мысалы, *көрк*, себебі *көркім; көрік*, себебі, *көрігі* (ұстаның) [12].

Сөйтіп, XX ғасыр басында әліпби алмастыру мәселесі көптеген талас тудырып, қазақ қоғамын екіге айырды, емле мәселесінде көптеген қиындықтар тудырды. Осы кезеңде тіл білімінің қалыптасып, дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдардың репрессиялануына байланысты тілтанымдық мұрасы ұзақ жылдар бойы беймәлім болып келген, елеусіз қалған жайттар да болды. Бүгінгі таңдағы түрлі әдіс-тәсіл, ғылым жетістіктерінің нәтижесінде қол жеткен табыстың сол кездегі ғалымдардың тұжырымдарымен үндесуі, бір жағы, осы нәтиженің дұрыстығын көрсетсе, екінші жағынан, XX ғасырдың басында-ақ тіліміздің болмысын терең түсініп, дөп басып анықтай білген А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанов, Қ.Жұбанов, Қ.Басымұлы сынды ғалымдардың білгірлігін танытады. Сол арқылы сол кездегі қазақ тіл білімінің даму деңгейінен де хабардар етеді. Ғалымдар тұжырымдарының бүгінгі таңдағы ғылым жетістіктерімен сәйкес келуі, бір жағынан, өткен ғасырдың 20-жылдарында тіл білімінің қаншалықты құлаш жайғанын көрсетсе, екінші жағынан, репрессия зардабының нәтижесінде ғылым дамуының қаншалықты тежелгенін де танытады.

XX ғ. басындағы латын графикасына негізделген қазақ емлесінің тілтанымдық негіздері туралы

XX ғасырдың басында латын графикасына негізделген әліпби жүйесіне көшкеннен кейін қазақ зиялыларының алдында үлкен міндет тұрды. Ол міндет – қазақ тілінің емле ережесін түзу және бекіту. Осы мәселеге байланысты Қызылорда қаласында және Қазақстанның басқа да орталық қалаларында жазу мәселесі үздіксіз талқыланып, уәжі бар ойлар ортаға салынып, комитет мүшелері келісе отырып, мынадай 14 баптан тұратын ережені халық талқысына ұсынуды жөн көреді:

1. Ұзын «ұу», «сұу», «асулар» бір түрде (ИУ) жазылып, (жіңішке естілгенде де) бір түрлі ИУ жазылсын;

2. Бірнеше түбірден құралған бір мәнілі сөз (*бас алқа, от арба, жел-бау, көзі қарақты, жол соқты, ат сұрау, қан сұрау, күн елту, әр кім, бір жола, еш деңе*) тұтас жазылсын;

3. «Кенжеғұл», «Аягөз», «кетпен», «жоңқа», «Бұрамбай» сияқты бір мәнілі сөздердің ішіндегі дүдәмал дыбыс естілуінше жазылсын;

4. Бір мәнілі сөз деп қандай сөздерді айтуға болады? Кейбір дыбыстары жоғалып, екі түбірден кірігіп қысқарған сөзді айтамыз ба? Сөйлем ішіндегі мәнісіне (сұрауына) қарап, бір мәнілі деп табу керек пе? Болмаса, басқа өлшеуіш бар ма?

5. Тұтас сөздің ішіндегі «з», «ж», «ш», «с» дыбыстары естілуінше емес, түбірінше жазылсын (*тас – тасша, таз – тазша, тәж – тәжша, ас – асша*);

6. Түбірдің дыбысына жалғау, жұрнақтың дауыссыз дыбысы ықпал етпесін (*түн-түнгі* боп жазылсын, естілуінше *түңгі* боп жазылмасын);

7. *Л, р, у, и*-ден басталатын сөздерде (*қаб, рабай, рұқсат, уақыт*) *ы, у* дыбыстары сөз басында дүдәмал естілсе, жазылмасын;

8. Есімшенің «түн//түн» жұрнағы (*баратүн, келетүн*) естілуінше «тін» боп жазылсын. «Үшін», «үркер» сияқты сөздерде *ү, ө, і, е* жазылсын;

9. Демеу жалғауының қосалқы қосымша сөздер (*ғой, ғана, мен*) дыбыстары естілуінше, түбір сөздер сызықшамен айырылып жазылсын (*берді-ғой, рас-қой, шақ-қана, жүрсек-те, алды-ма, келіп-бе, адам-мен, еп-пен, болып*);

10. Сын есімді күшейтетін үстеу буындар (*қап-қара, оп-оңай*) естілуінше қосылып жазылсын;

11. «*Ау*», «*ай*» одағайлары сөзге тіркелгенде (япырмау, жанымай) бірге жазылсын, сөзден бұрын келгенде, бөлек жазылсын (*Ай, Асан*);

12. «*Еке*» (*аға, еке*) жұрнағы өзге жұрнақтарша түбірге бірігіп жазылсын (*ағаеке*);

13. Кейбір көмекші етістіктер (*бар, жүр, еді*) етістікпен бірге иә сызықшамен айырылып жазылсын;

14. «*Сын*», «*соң*» боп қысқарып айтылатын «*соң*» сөзге келгенде бірге жазылсын (*барғансоң, онсын*) [13, 4-5-бб.].

Комитет басшылары 1929 жылдың 20 наурызына дейін жоғарыдағы аталған емлеге байланысты қазақ білімпаздарына өз ойларын мерзімді басылым беттерінде жариялануын сұрайды. Осыған орай А.Байтұрсынұлының, Қ.Жұбановтың, Ж.Аймауытұлының, М.Дулатұлының, І.Қайменұлының, С.Аманжоловтың, А.Мамытұлының, Е.Омаровтың, Ж.Тоқжігітовтің, Ш.Уәлитовтің, Е.Шаймерденовтің, Б.Байтоғайұлының, Т.Шонановтың, Қ.Кемеңгерұлының т.б. бірнеше мақалалары жарияланады. Осы мақалалардың және 1924 жылы бекітілген ереже негізінде 1929 жылғы 25 шілдеде Қазақстан Орталық Атқару комитетінің қаулысымен қазақ тілінің төл сөздеріне 12 баптан, ал кірме сөздерге 18 баптан тұратын жаңа емле ережесі бекітіледі. 1929 жылғы емле жоғарыда аталып өткен 14 баптан тұратын ережені негіз етеді, ондағы ережелердің барлығы дерлік қабылданады, дегенмен, 9, 11, 12, 13-баптар өзгертіледі.

Ережеде қазақ тілінің, сондай-ақ өзге де түркі тілдерінің ең басты ерекшелігі – үндестік заңдылығы сипатталып, қазақ тілінің типологиясы жағынан агглютинативтік тілдер тобына жататыны, яғни сөзге қосымшалардың жалғануы барысында түбір морфеманың тұлғасы өзгермейтіні көрсетіле отырып, қосымшалар сөздің соңғы буынының жуан және жіңішкелігіне сәйкес нұсқада жазылу қажеттігі аталып өтілген.

Қазақ орфографиясының негізі ХХ ғ. 20 – 30-жылдары қаланғаны белгілі. Дегенмен, қазақ орфографиясының принциптерін айқындау мәселесі 1924-1929 жж. ғылыми конференцияларда біраз пікірталасқа негіз болып, емле принциптерін белгілеу, оларды іс жүзінде жүзеге асыру т.б. мәселелер күн тәртібінен түскен емес.

Қызылорда қаласында өткен 1929 жылғы ғылыми-орфографиялық конференцияда да осы мәселе талқыға түсіп, онда ғалымдар пікірі негізінен екіге жарылып, бір тобы емлені түркітілдес халықтармен бірлестіру үшін жалғаулардың бір ғана инвариантын (*-лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер*) белгілеумен шектеліп, морфологиялық

принципті басшылыққа алу қажеттігін негіздесе, екінші тобы фонетикалық принципке бағыну керегін айтып, пікірлерін ғылыми тұрғыдан әртүрлі дәлелдермен келтірген. Алғашқы ұсынысқа, әсіресе Қ.Жұбанов, Е.Омарұлы, Қ.Кемеңгерұлы т.б. тіл жанашырлары, негізгі принцип морфологиялық заңдылыққа бағынар болса, қазақ тілінің емлесі, заңдылығы бұзылатынын, жалпыхалықтық тілден айырылып, бөлек кітаби тіл пайда болатынын айтып, қарсы уәждерін білдіреді. Мәселен, Қ.Жұбанов пікірінше, жалғауды туыстық жүйемен (морфологиялық) жазу үшін оның тарихын, бұрын қалай жазылып жүргенін білу маңызды, алғашқы нұсқасын осы күнгі тіл білімі танып біле алмайды, қазақ тілі емлесіне фонетикалық принципті басшылыққа алу керек [14, 255-258-бб.].

Ғалым Қ.Кемеңгерұлы тұжырымы бойынша, қазақ тілінің емлесі үшін морфологиялық және фонетикалық принциптерді жеке-дара алмай, екеуін де басшылыққа алу керек. Ғалымның ұсынып отырған принципі – сингармофонологиялық принцип. Ендеше сол кезде-ақ қазақ ғалымдары «фонематикалық» немесе «сингармофонологиялық принцип» деген атауды қолданбағанымен, оның мәнін жете білген [15, 37-б.].

Тіл жанашырларының талқысынан кейін айтылған пікір-ұсыныстар ескеріліп, 1929 жылғы ереже фонетикалық принципке негізделіп бекітілді. Онда: «*qazaq emlesiniñ negizi dьbьs сyjesince boluv kerek*» және «*cetten kirgen sözderdiñ emlesi dьbьs сyjesi men çazьluvь kerekte, ajaqь qazaqьñ söz сyjesine көnyv kerek*» делінген болатын.

Ережеде септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғаулары және бірқатар жұрнақтар (тіпті көпшілігі) өздері жалғанатын сөздердің соңғы буынындағы дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігіне қарай, ең соңғы дыбысының дауысты, қатаң-ұяң дауыссыз дыбыс болып келетініне қарай түрленіп (вариантталып), жуан және жіңішке түрде жалғанады, қосымшалар фонетикалық принципке негізделеді деп көрсетілген: *oquvсь+lar, qьz+dar, kitap+tar, dөpter+ler, bala+qа, kisi+ge, oquvсь+qа* т.б.

Дегенмен, қазақ тілінің төл сөздеріне қатысты ережелердің кейбір баптарынан фонематикалық заңдылықты басшылыққа алатын негіздеме-лерді де байқаймыз. Қазіргі кезде тіл білімінің жеке тармағы болып қалыптаса бастаған фонематикалық қағидат фонетикалық принцип ережелері ретінде түсінілуі сол кезеңдерде терминологиялық базаның әлі де қалыптаса қоймағандығынан екені белгілі. Бекітілген ереже мәтінінде фонетикалық принцип – «дыбыс жүйесінше жазу», морфологиялық немесе фонематикалық принцип – «сөздің түп тұлғасы бойынша жазу немесе сақтау», «жанындағы сөздің ықпалы еленбейді» түрінде қолданылды.

1929 жылы қабылданған емленің 1-7 баптар аралығындағы ережелерде екі сөздің аралығындағы дыбыстардың бір-біріне тигізетін әсері (өзгерісі) ескерілмей, әр компоненттің түп тұлғасы, яғни негізгі фонемдік түрі сақталып жазылатыны да көрсетілген. Түбір мен кейбір жұрнақтардың жазылуына арналған ережеде белгілі бір фонема түрленімдерінің әртүрлі позицияға (дыбыстық қоршауға) тәуелсіз бір ғана әріппен белгіленуі ескертілді. Ережеде сөз соңындағы қатаң *n, қ, к* дыбыстары сөзге дауыстыдан басталатын қосымшалар жалғанғанда, ұяңдап айтылғандықтан *кітап-ым, кітабым, тарақ+ы - тарағы, күрек+ің - күрегің* түрінде жазылады және *n* дыбысына аяқталатын етістіктерге көсемшенің *-ып, (-in)* жұрнағы жалғанғанда, түбірдегі *n* дыбысы *у* дыбысымен жазылу керектігі ескертілген: *тап+ып - тауып, жап +ып - жауып, кеп+in - кеуip* және т.б.

Ереженің бірінші пункті түбір сөздердің жазылуына арналады. Ережеде: «*tutas söz çeke kyjinde esitilgenince çazyladъ, çanyndaqъ sözdiñ çalqas dъbъstarъnyñ ыqpalъ elenbejdi. Mъsalъ: kәk dәnen – kәg dәnen emes, bos belbev – bos pelbev emes*» деп көрсетілген [16, 100-б.]. Бұл ереже мәтінінен қазақ тіліндегі сөздердің алғашқы сөз кейінгі сөздің ықпалына ұшырамайды, сөздің түп тұлғасы сақталады деген қазіргі қолданыста бар қағидатты көреміз.

1929 жылғы ережеде сөздің соңғы дыбысы қатаң *n, k, ç* дыбыстары болса, жалғанатын қосымшалар дауыстыдан басталғанда, *ç, k* дыбыстары ұяңданып, *z, g* дыбыстарына, ал *n* дыбысы *b* дыбысына айналып, жазылатыны туралы ереже осы баптың ескертпесі ретінде алынған: «*e s k e r t y v: 2. söz ajaqъndaqъ «p», «k», «q» esitilyvince osъ «p», «k», «q» әripteri men çazyladъ, çalqav-çurnaqtъñ basъndaqъ davъstъ dъbъstъñ ыqpalъ men bular «b», «g», «ç» bolъp өзgergende, sol өзgergenince çazyladъ. mъsal: kәp – kәbejdi, tәk – tәgedi, çaq – çaqadъ*» [16, 103-б.].

1929-1938 жылдар аралығында бір буыны жіңішке, екінші буыны жуан, бірақ бір денотаттық мағына үстейтін сөздер бос аралықпен, сызықша белгісімен ажыратылып жазылды. Себебі қабылданған ережеде бір денотаттық мағына үстейтін, бірақ екі бөлшектен тұратын сөздер қазақ тілінің үндестік заңдылығына бағынуы керектігі ескертілген. Сондықтан баспасөз беттерінде бірге жазылатын сөздердің орфограммасы 1929 жылғы ережені басшылыққа алып, *шекара, денсаулық, теміржол, ешбір, бірқатар* тәрізді сөздерді *шек-ара, ден-саулық, темір-жол, бір-қатар, еш-қайсысы* деп сызықшамен немесе *шек ара, ден саулық, темір жол, еш бір, бір қатар* түрінде бос аралықпен және екінші сыңары *аралық, таңу, сымақ, құмар, жай, хана, ақы, нама, хат, тас, бас* тәрізді сөздерден келетін, бірінші сыңары *еш, әр, кей, қай, әлде, бір* деген сөздердің, бірінші сыңары *фото, радио, электр(о), авто, аэро, кино, гидро, агро, теле, стерео, мото, матео, био, микро, макро* деген тұлғалардың өзінің алдындағы сөзбен тіркеспей, бөлек жазу үрдісіне бағынғанын көреміз. Компоненттері мағына жағынан да, форма жағынан да елеулі өзгерістерге ұшырамай-ақ өзара бірігіп, жинақталған біртұтас лексика-семантикалық мағына беретін күрделі сөздер 1938 жылдан бастап жүйелене бастады. 1938 жылғы ереженің мәтіні қайта қаралып, «екі сөзден тұратын, бірақ бір мағынаны білдіретін сөздер бірге жазылады, сингармонизм заңы елене бермейді» деп айқындалды.

Бір сыңары мағыналы, екінші сыңары мағынасыз қос сөздердің, сондай-ақ екі сыңары да мағыналы қос сөздердің жазылуы, ереженің үшінші, төртінші баптарын қамтиды. Онда: «*çalпылаqъc qos sözder sъzъqca men çazyladъ ondaj sözderdiñ dъbъstarъnyñ birine biriniñ tijgizetin ыqpalъ elenbejdi, ekevi de tybirince çazyladъ*»; «*ekinci bәleginiñ bas dъbъsъ өзgerip aitъlatъn qaitalama sözder de sъzъqca men çazyladъ*», – деп көрсетілген [16, 103-б.]. Қос сөздердің жазылуына арналған бұл ереже қайталама және жалпылағыш қос сөздерге арналады. Ереже латын графикасына көшкеннен кейін алғаш рет құрылды деп айтуға болады. Себебі араб графикасына негізделген қазақ жазуында *тәсек-орын, құрт-құмырсқа, ол-пұл, оқта-текте* тәрізді жалпылағыш және қайталама қос сөздер сызықша белгісімен ажыратылып жазылады деген пікірлер болғанымен, оның заңдастырылмағанын байқаймыз. Сондықтан қос сөздердің жазылу нормасы алғаш рет 1929 жылы қабылданды деп айтуға болады.

Ереженің бесінші бабында *-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе, -ды, -ді, -да, -де* дәнекерлері және шығыс септік жалғауы қосылып жазылатын қос сөздер де қамтылған. Ережеде дәнекерлер қос сөздің бір сыңарына қосылмайды, яғни дәнекерден кейін сызықша белгісі қойылады (*қол-ма қол, жыл-ма жыл*) деп көрсетілген болатын. Бұл ереже 1938 жылы қайта қаралып, ресми түрде «*-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе, -ды, -ді, -да, -де* тәрізді дәнекерлер қос сөздің бірінші сыңарына қосылып жазылады (*қолма-қол, жылма-жыл*)» деген түзету енгізіледі. Сондай-ақ бір сөздің қайталанып айтылуы арқылы жасалған сөздерге (*лып-лып, ойлай-ойлай*), қос сөздердің ортасына *-да, -де, -та, -те* жалғаулықтары келіп айтылса, екі жағынан да қосылмай сызықшасыз бөлек таңбаланатын (*ойлай да ойлай, сөйлей де сөйлей*) сөздерге, бір сыңары мағыналы, екінші сыңары мағынасыз болып келетін (*жылқы-мылқы, түйе-мүйе*) сөздерге, қарсы мәнді сөздердің (*болар-болмас, қойар-қоймас, әке-шеше, аға-іні, биік-аласа*) қатар келуі арқылы жасалған сөздерге, жеке тұрғанда белгілі бір мағынаға ие болмайтын, екеуі қатар айтылғанда ғана мағынаға ие болатын қос сөздердің (*апыл-тапыл, андасанда, оқта-текте, там-тұм*) жазылуына байланысты (1938 ж.) жаңадан бірнеше ережелер қосылып, толықтырылады. Алтыншы бап күшейткіш буын қосылып жазылатын қос сөздердің жазылуына арналған. 1929 жылғы ереже мәтінінде: «*сън есимниъ басъндаць дьбьстарьна «р» qosyloqan kycejtyv çalqavь sьzьqса мен çazьladь. çaqa kycejtyv çalqavьньj ajaqь ьlqьj «р» kyjinde çazьladь*», – деп көрсетілсе [16, 103-104-бб.], 1938 жылғы ережеде: «*aldь таqьnasьz буьн, соъ таqьnalь sөz болqan сьrailь сьндьq sөzder sьzьqсамен çazьladь*», – деп белгіленген. 1938 жылғы ереже 1929 жылғы ережеге қарағанда нақтырақ, әрі қазіргі қолданылып отырған ережемен сәйкес келеді.

Фонемалардың қосалқы мәнін негізгі мәнінен ажыратуға, белгілі бір жүйемен бірізді жазуға таяныш болатын ереже алғаш рет 1929 жылғы ереженің жетінші бабында көрініс тапты. Ережеде: «*çalqav-çurnaqtardьj бәри de tybir мен qosьlp çazьladь; tybirdiь ьqpalь мен өзгерген дьбьстарь өзгерген kyjince çazьladь, biraq çalqav-çurnaqtardьj tybirge kejincekter tijgizetin ьqpalь bajnada ajьra ajьlqan çerlerde çana болmasa, – elenbejdi*», – деп көрсетілген [16, 104-б.]. Ереженің мәтіні түсініксіз, әрі күрделі сипатталғандықтан, ережені түсіндіру мақсатында мынадай сөздер мысал ретінде алынған: *түңгі* (*түңгі емес*), *көнбейді* (*көмбейді емес*). Бұл ереже *н-ң* мен және *н-м*-мен алмасып жазылып жүрген қатарлардың түбір тұлғасына қарап, *н* таңбалы вариантын жазуға арналады. Дыбыстардың комбинаторлық өзгеруіне құрылған бұл ереже қазіргі қазақ орфографиясындағы мына ережеге негіз болды: «*сөздің соңғы дыбысы «н» болса, оған жалғанатын қосымшалар «қ, з, г, б» дыбыстарынан басталғанда, «н» дыбысы өзгеріліп, «ң, м» болып айтылады. Бірақ бұл өзгеріс еске алынбай, «н» әрпі жазылады: түң+гі – түңгі (түңгү емес), бұрын+ғы – бұрынғы (бұрұнғы емес), көн+бейді – көнбейді (көмбейді емес)*» [16, 104-б.].

Сонымен қатар қазақ тіліндегі сөздердің фонематикалық принциппен жазылатынын айғақтайтын тағы бір ереже – ол [с]және [ш] дыбыстары іргелес келген жағдайда <с> фонемасы [ш] реңкіне ауысатыны жөнінде: «*tybir соъндаць ьзьj «з», «s» дьбьстарьна çalqav басъндаць ьзьjдardьç ьqpalь elenbejdi, – ondaj дьбьстар ьlqьj tybirince çazьladь*». Аталған ережеде жазуда сөз мағынасын ажырата алатын қабілеті бар дыбыстар белгіленеді, «*ызындардың ықпалы еленбейді*», яғни дыбыстық қоршауға тәуелді түрлері еленіп-ескеріле бермейді деп, мынадай мысалдар келті-

ріледі: *басшы*(ба[ш]шы емес); *тұшы* (тұ[ш]шы емес), *қашса* (қа[ш]ша емес). Бұл ереже – қазіргі кезде де жиі қолданылып жүрген ережелердің бірі.

Қазіргі қазақ орфографиясындағы елеулі қиындықтардың бірі – түбір сөзге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда түбір сөздің соңғы буынындағы қысаң дауыстының түсіріліп немесе түсірілмей жазылуы. 1929 жылы бұл мәселеге де арнайы ереже пункті қарастырылған. Ережеде тәуелдік жалғаулары жалғанғанда, екінші буындағы *ы, і* әріптері түсіріліп таңбалануына байланысты: «*сақал-сұрнақтың басындағы дауысты дьбьс қосылағаннан тыbirdiң соңғы bitev буынь асьльр екі ажьрьса, çана ось ажьрьлағаннан bitev буыньнь қьсаң дауысты дьбьсь çоқальр кетсе, тыbirdiң çоқалқан дьбьсь çазьлмаждь*», – деп көрсетіледі. Ал екі буынды сөздердің аралығында, *р, л* тәрізді сонор дыбыстардың алдында естілетін *ы, і* дыбыстарын таңбалау//таңбаламауға байланысты арнайы ереже қарастырылмаған. Сондықтан болу керек, жазу тәжірибесінде *рас, лас, рет* тәрізді сөздердің немесе *мағына, құрылыс, жапырақ* сияқты сөздердің басында не аралығында естілетін *ы, і* дыбыстарының таңбалануы не таңбаланбауы қиындық туғызды.

Қазақ тіліндегі морфонологиялық құбылысқа байланысты, яғни *қ-ғ, п-б, к-г* (*қазақ – қазағы, күрек – күрегі*) дыбыстарының алмасуы туралы ереже алғаш рет 1924 жылғы құрылтайда қаралып, 1929 жылы ресми түрде бекітіледі. Ережеде «сөз аяғындағы қатаң *п, к, қ* дыбыстары жалғау басындағы дауыстының ықпалымен өзгеріп, *б, г, ғ* болады, түбірдегі дыбыстары өзгеріп, фонетикалық принципке негізделеді» – деп, дұрыс көрсетілген [16, 105-б.].

Емленің 8-9-баптарында шылаулардың жазылуы, олардың қосымша тәрізді өзгертіліп таңбалануы көрсетілсе, 11-бапта қазақ тіліндегі *ш, ж, й* (*жай, шай*) дыбыстарының аралығындағы фонемалардың қосымшаға бағынып, жуан түрде жазылатындығы, ал 12-бапта *үшүн, құрұқ, құуұс* сөздері естілуінше емес, бір тұрпатта, яғни *үшін, құрық, құуыс* түрінде өзгертілмей жазылатындығы заңдастырылды [16, 106-б.].

Қабылданған емле ережесінде тілдің заңдылығына байланысты жаңалықтар да болды. Латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшпес бұрын дәстүрлі принцип арқылы таңбаланған *-түн, -түн(баратүн, келетүн)* жұрнақтары латын графикасы негізіндегі әліпбиде қазақ тілінің дыбыс үндесімділігіне сәйкес сөздерді үндестік заңына бағындырып, біркелкі езуліктер арқылы жазылады. Сонымен қатар алғаш рет есімшенің өткен шақ, осы шақтық ұғымын білдіретін *-атүн, -етүн* жұрнақтарын *-атын, -етін* түрінде жазу туралы ереже қабылданады: «Жазғанда ерін үндестігі еленбейді; дауысты дыбыс көмескі естілетін болғанда еріндік дыбыс жазылмай, езулік дыбыс жазылады. Мысалы, *үшін* (үшүн емес), *құрық* (құрұқ емес). Ескерту: 1. «-тын» жұрнағы естілуінше «-тын» болып жазылады. Мысалы, *баратын* (баратүн емес), *оқыйтын* (оқыйтүн емес)» [16, 106-б.]. Осы ереженің ескертпесі ретінде [у] дыбысының жазылуы берілген. [у] дыбысы сөздің жуан және жіңішкелігіне байланысты [uv], [uv] түрінде өзгеріп жазылатыны көрсетілген: *çазув* (çазьв емес), *berув* (beriv емес).

Сонымен, бұл баптарда түбір сөзге қосымшалардың жалғану ерекшелігі, қосымша, жалғаулар фонетикалық принципке бағынатыны және сөз тіркесі, етістік, біріккен сөз, қос сөз сыңарлары айтылуы бойынша емес, түбірін сақтап, бөлек не-

месе бірге жазылатыны, қазақ тілі дыбыстары жазуда фонетика-фонематикалық принципке негізделіп таңбаланатыны көрсетілді.

Өзге тілдік элементтердің жазылымдық принциптері алғаш рет 1929 жылы қаралып, ресми түрде бекітілген болатын. Жалпы осы жылы кірме сөздерді «сындырып» жазудың механизмдері толықтай болмаса да, жартылай жасалды деп айтуға болады. Себебі 1929 жылы қабылданған он сегіз ереженің (13-баптан 30-бапқа дейін) біразы қазақ тілінің үндесім, үйлесім заңдылығын барынша сақтауға тырысқан.

Ереженің 13, 14, 15, 16, 17, 18-баптарында қабылданған әліпби құрамында жоқ, бірақ интернационал сөздерде жиі кездесетін дыбыстардың жазылым тәртібі сөз болғандықтан, оларды біз *графикалық ережелер* деп атадық. Ереженің 19-20-баптары орыс тіліндегі сөздерді екпін арқылы ажыратып жазуға арналғандықтан, *екпінге байланысты ережелер* деп, ал 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 29, 30-баптарында орыс тілі сөздеріне қазақ тілі қосымшаларының жалғану заңдылығы көрсетілгендіктен, *айтылым заңдылығына негізделген ережелер* деп бөлдік.

Графикалық ережелерде ф, г, х, ц, ч, ш, щ, ю, я дыбыстарының жазылымы көрсетілді. Айталық,

13-бапта *ф* дыбысының сөз басында *п* дыбысына алмасып жазылуы: *фабрика – рәбирік*;

14-бапта *гз, губерния* тәрізді сөздерде келетін *г* әрпінің *г* және *з* түрінде сақталуы: *газ – қаз, губерния – гүбирне*;

15-бапта кірме сөздердегі *х* әрпінің жуан сөзде *қ*, жіңішке сөзде *к* әрпімен жазылуы: *мұхтар – тұқтар, хайр – қайр* т.б.;

16-бапта *ц* дыбысының *с*-ға, *ч, щ* дыбыстарының *ш* дыбысына алмастырылып жазылуы: *офицер – әресер, станция – ыстанса, церковь – секкев, чай – саж, чек – сөк, червонец – сербен, приказчик – биркенчик*;

17-бапта кірме сөздерде келетін *я, ю* әріптерінің жазылуы сөз болған. Бұл ережеде «я» әрпі қазақша «ж» немесе «йа» (йе) әріптеріне алмастырылады, ал «ю» әрпі «йу» әрпі арқылы жазылады деп көрсетілген: *ярмарка – сәрменке, Юсуф – Сусип*;

18-бапта «в» дыбысының жазылуы сөз болады. Онда шеттен кірген «в» дыбысы қазақ тілінде «у» әрпі арқылы және сөздің басында «б» арқылы игеріледі, бітеу бұрында орыс тіліндегі «в» дыбысы «п» арқылы жазылады делінген: *quvlaqor, sergejip, artatabil*, бірақ *тәскев, барсав* [16, 106-107-бб.].

Екпінге байланысты ережелерде орыс тілі сөздеріндегі екпіннің алмасып түсуіне байланысты дыбыстың түсіріліп немесе өзгертіліп жазылуы көрсетілген.

19-бапта «*фабрика, палата, антека* тәрізді сөздердің аяғында [а] дыбысы жазылмайды, себебі [а] дыбысына екпін түспейді» деп ескертілген, «ал [а]-ға екпін түсетін болса, онда *а* сақталады (*смола – smola*)» деп көрсетіледі: *рәбирік, ismet, әртек* т.б.

20-бапта [а] дыбысына аяқталған, бірақ *а*-ның алдында дауыссыз қос дыбыс келген *касса, тонна, ванна* тәрізді еуропалық сөздердің аяғында екпін жоқ кезде *е* немесе *ы* дыбыстарына алмастырылып жазылады (*kässe, vannь*), ал сөз екпінді болғанда *а* (*е*) жазылатындығы (*труба – turba*) дұрыс сипатталған [16, 107-108-бб.].

Айтылым заңдылығына байланысты алынған 21-ереже географиялық атаулардың жазылым тәртібіне арналады. Мұнда топонимдік аталымдардың түбірі сақталып, аяғы қазақ тілінің заңдылығына бағындырылатыны көрсетілген: *Карпаты – қарпат, Альпы – әлпі, германец – гермен, русский – орыс* т.б.

Сондай-ақ, 22-бапта аяғы *-тор*-ға аяқталған *доктор, кондуктор, сектор* тәрізді еуропалық сөздер *-тыр, -тір* түрінде жазылатындығы, 23-бапта кірме сөздердің аяғындағы *-графия, -логия* тәрізді қосымшалардың қазақ тілінде *-ғырапы, -логы* түрінде өзгеретіні;

24-бапта *-скоп, -фон* сияқты қосымшалардың *-скоп, -пон* болып таңбаланатыны; ереженің 25-бабында *индустрия, акция* тәрізді сөздерде келетін *ия* қосымшасы жуан сөзде *а (станция – ьstansa)*, жіңішке сөзде *е*-мен жазылатындығы (*индустрия – undistire, акция – әkse*) көрсетілген.

26-бапта *пролетарий* тәрізді сөздерде келетін *-ий* қосымшасы алынбайды, сөздің түбірі ғана жазылады» деп белгіленген: *пролетарий – proletar* т.б.

Ереженің 27-бабында *г, з, д, х, в*-дан басқа дыбыстардың Еуропа тілінен енген сөздердің соңында өзгертілмей жазылатыны (*bent, volt*);

28-бапта *электрический фонарь, техническое средство* тәрізді сөздердің аяғындағы сын есім қосымшалары қазақшаға икемделетіні нақты сипатталған.

Ал ереженің 29-30-баптарында «Еуропа тіліндегі антропонимдік атаулар қазақ әліпбиінің әрпі жеткенше өзгертілмей жазылады» деп көрсетілген [16, 108-109-бб.].

Қорыта айтқанда, 1929 жылы қабылданған бұл ережелер қазіргі емлеміздің бастау көзі болып табылады. Мұнда алғаш рет [а], [ә] дыбыстары арқылы жасалатын сөздердің емлесі (*жай – жәй*), бір буыны жуан, келесі буыны жіңішке, я болмаса, керісінше, бірінші буыны жіңішке, келесі буыны жуан бейүндес сөздердің жазылу үлгісі (*қасиет, құзірет*), соңғы буында қысаң дауыстылары бар сөздердің қосымшалармен түрленгенде түсіріліп жазылу емлесі (*ауыл – аулы, көрік – көркі*), соңғы дыбысы [з], [ш] дауыссыздарына аяқталған сөздер қосымшалармен түрленгенде сөздің қандай нұсқада жазылатыны (*жаз-жазса – жазшы*), сонымен қатар, [к], [к], [п] дауыссыздарының біріне аяқталған сөздер қосымшамен түрленгенде, түбір соңындағы дыбыстың жазудағы өзгерісі (*ақ – ағар, жап – жабады*) алғаш рет ереже түрінде белгіленді. Қазақ жазуының онтогенездік дамуын зерттеп жүрген ғалым Қ.Күдерінова жоғарыда аталып өткен ережелерге байланысты былай дейді: «Қазақ тілінің дыбыстық негізінен шығарылған алғашқы емле ережесі 1929 ж. латын графикасымен бірге қабылданды. Онда орфографияның негізгі ұстанымы анықталып, шеттілдік сөздер қазақ тілі төл сөздерінің жазылу принципіне сай таңбаланды. Қазіргі емлеміздегі негізгі орфограммалар сол 1929 ж. емле ережелерінде айқындалды» [15, 103-б.]. Шындығында да, қазақ қоғамында 10 жылдай қызмет еткен бұл ережелер қазақ орфографиясы принциптерінің дұрыс таңдалып алынғанын және осы принциптерге сәйкес жасалған емле қағидаттары негізінен дұрыс екенін көрсетеді. Бірақ аталған ережелердің жұмыс істеуіне, оның бұқара халыққа таралуына уақыт аз болды. Дұрыс жазуға бағыт-бағдар, жөн сілтейтін орфографиялық сөздіктер де бұл кезде жасалмаған болатын. Осы себептен және кейбір ережелердің толық болмау себебінен, атап айтсақ, идеографиялық (бас әріптің емлесі), графикалық ережелердің және жеке сөздердің емлесіне қатысты ереженің толық болмауына байланысты жазу тәжірибесінде қиындықтар болды. Сондай-ақ «шет тілінен енген сөздер дыбыс жүйесінше жазылады және кірме сөздердегі еріндік *о, ө, ұ, ү* әріптері сөздің екінші немесе үшінші буындарында таңбаланбайды» деген ереже бір сөздің бірнеше нұсқада жазылуына негіз болды. Мысалы, қазіргі түпнұсқа принципімен жазылып

жүрген *материал* сөзі бірнеше нұсқада, яғни *materьjel//materьjal//materijel* түрінде, осы тәрізді *математика* сөзі – *matematjike//mәtemәtjike*, *партизан*сөзі – *partьjzan//partijzәn* түрінде танбаланды. Сондықтан 1938 жылы емлеге бірнеше түзетулер енгізіледі. Онда *Ленинград*, *кабинет*, *совет*, *актив* тәрізді сөздер негізгі тұрпаттарын сақтайды (*Leningrad – leninjgirat* емес, *kabjnet – kәbijnet* емес, *sovet – sәbet* емес), сөздің аяғы қатаң дыбысқа аяқталады, орыс тілі сөздеріндегі екінші, үшінші буындарда келетін *о, е, у, и* (*komsomol – kamsamol* емес, *metro – metra* емес, *biro – buijra* емес, *dinamo – dinamь* емес, *proletariat – puroltarьjat//pyreletarijat//pьrolьtariat//pyreletarijat* емес) дыбыстары сындырылмай, түпнұсқа бойынша жазылады деген тәрізді бірнеше өзгерістер енгізіледі. Кірме сөздерді түпнұсқаға жақындатып таңбалау үшін *в, ф, х* әріптері алынады. Ал *я, ю, ё, э, ь, ь, ч, ш, щ* тәрізді дыбыстар қазақ тіліндегі ұқсас дыбыстармен алмастырылады деп шешіледі [17, 3-4-бб.].

«Жаңа әліпби жолында» (1927 ж.) жинағы жөнінде

Латын қарпіне көшу мәселесіне арналған «Жаңа әліпби жолында» атты мақалалар жинағы 1927 жылы Қызылорда қаласындағы Жаңа түркі әліпбиін енгізу жөніндегі комитеттің баспасынан Кәрім (Ғабдол) Досжанұлы Токтабаев пен Мұқтар Мырзаұлының құрастыруымен шыққан. Кітап төте жазумен басылғандықтан, арнайы көпшілік қауым үшін кирил қарпіне түсірілді.

Жинақтағы алғашқы мақала – *Мұқтар Мырзаұлының* «Дыбыс белгілерін негізінен өзгерту керек» атты мақаласы. Мұнда автор латын қарпін мәдениеттің көрсеткіші ретінде ағай отырып: «латын әрпінің керек жері біздің ілім жүзіндегі әдебиет» деп, оны тез үйреніп кетуге болатынын айтады: «... Оқып ысылған азаматтарға латын белгісінің тіпті де қиыншылығы жоқ. Жаңадан оқи бастаған оқушыларға қандай белгі болса да бәрібір, қайта латын әрпі жеңілірек те».

Жинақтағы *Нәзір Төреқұлұлының* «Бізге қандай әліппе керек?» атты мақаласы А.Байтұрсынұлы емлесінің жақсы тұстарын бағалаудан басталады. Мақалада: «Ленинградтағы Академия жанындағы профессорлар комиссиясы жаңа әліппенің жобасын қарап, тексеріп шығып, Ақметтің дәйекші системасын якуттарға да ұсынды. Ақметтің қызметі бұл жөннен ұмытылмайтын өзгеріс», – делінген. Алайда автор араб әрпінің төмендегідей «міндерін» көрсетеді:

- 1) оқыту жағынан;
- 2) жазудағы қолайсыздық;
- 3) медицина, саулық жағынан (бір-бірінен айырмасы аз, тануы қиын әріптерді оқи-оқи көз бұзылады);
- 4) санды жазудағы қолайсыздық;
- 5) білім кітаптарын жазудағы ыңғайсыздықтар (медицинада, алгебрада я геометрия кітабында ұшырайтын формулаларды жазу мәселесі);
- 6) музыкада қолданудың қиындығы;
- 7) баспа шығыны, жазуға кететін уақыттың көптігі;
- 8) жазу мәшинесі мәселесі;
- 9) Еуропаның баспахана-баспа ісіне кіргізетін жаңалықтарынан алшақтау;
- 10) Еуропа тілдерін үйрену мәселесі.

Н.Төрөкүлүлү латын жазуына байланысты айтылган:

- «1) латынша әліппені кім ұсынып отырғанын білмейміз;
- 2) жұрт қараңғы, надан болғандықтан, өз жолымыздан шығармақшы екен деп түсінеді;
- 3) латынша әліппе болғанда ескі кітаптарымыз не болады;
- 4) латыншаға өту ерте;
- 5) жаңа әліппені алғанда бөтен түрік әдебиеттерінен айырыламыз;
- 6) әріптерімізді дараласақ, жеке-жеке басатын болсақ, барлық онайсыздықтар бітеді;
- 7) жаңадан әріп жасатып, жаңадан жұртты оқыту қиын;
- 8) мәдениет істерімізге бөгет болып қалады;
- 9) латын әліппесін шығарған елдің өзі дүниеде жоқ, әліппесінің не керегі бар;
- 10) алыс латыншаны алғаннан орыс әліппесін алсақ болмай ма», – деген сияқты мәселелерге жауап береді.

Әрі қарай автор өз бағдарламасын ұсынады: «Татардағыдай, латын әліппесі принципі қабыл алынғаннан соң, жаңа қазақ әліппесі жасалсын. Онан соң жаңа әліппе жұрттың съездерінен өтсін. Қалың ел бұл мәселенің не екенін толық білсін. Газеттерде, журналдарда, мектептерде мақалалар, баяндамалар беріліп тұрсын. ... Ұсынған программамыздың бірі – бірінші бөлімі. Сол арада «Оқу құралы» сықылды бастауыш мектеп кітаптары ескішілдіктен тазартылып, заманымыздың талабына, керегіне қарай түзетіліп, аяғына үлгі, өрнек боларлық дәрежеде бес-он бет латынша тегіс қосылсын дейміз. ... Программамыздың үшінші бөлімі: қазақ-қырғыз арасына жаңа әліппенің идеясы біраз жайылып кеткен соң, қалың елдің көзі жаңа таңбаларға үйір болған соң, ел ішінде жаңа әліппемен жазатын кісілер көбейген соң жаңа әліппе кеңсеге кіргізілсін дейміз. Ол заман кеңселерде қазақшаны жүргізу жеңіл болады».

Жинақтағы *Әбдірақман Байділдәұлының* «Жаңа әліппе тарихынан» мақаласында латын әліпбиіне көшу мәселесінің тарихы айтылады. Автор бұл мәселе төңірегінде Қазақстанда жаңа әліппешілер қоғамы (қысқаша «ЖӘҚ») құрылғанын айта келіп, оның жұмысына баға береді.

Ә.Байділдәұлы қолданылып отырған араб әрпінің төмендегідей кемшіліктерін көрсетеді:

- 1) бір дыбысты белгілеу үшін әртүрлі таңбалар қолданылады (бас, орта, соң, жеке) және соның өзінде де тіліміздің дыбыстарын түгел таңбалауға жетпейді;
- 2) араб әрпінің көбі бір түсті болғандықтан, оқытуға, оқуға, жазуға ауырлық келтіреді;
- 3) цифрларды жазу қиындығы;
- 4) араб әрпінің біркелкі болмай, бірі үлкен, бірі кішкене болуы;
- 5) алгебра, геометрия, физика салаларындағы формулаларды жазудың қиындығы;
- 6) музыкада қолданудың қиындығы;
- 7) баспа жұмысы жөніндегі кемшіліктері (шығын, уақыт);
- 8) араб әрпінің өнерлі жұрттардың, өзге елдердің мәдениетімен танысуға жарамсыздығы.

Автор әрі қарай емле, әліппе, әріп, тіл ұғымдарының аражігін ажыратып көрсетеді: «Імлә деген не? – Тілдің заңы мен дыбыстарын айырып ашып, ол дыбыстарды

қалай таңбалауға ереже қою. ... Әріп деген не? – Әр дыбыстың таңбасы. Әліппе деген не? – Тілдегі барлық дыбыстың таңбасы. Таңба мен ережені шатастыруға бола ма? – Болмайды. Імлә мен әліппені, әріпті шатастыруға бола ма? Болмайды».

Ә.Байділдәұлы латын әліпбиінің де екі үлкен мінін көрсетеді: «1) әріп санының аздығы, 2) үлкенді-кішілі екі әріптің түрі қолданылатындығы». Сонымен қатар бұл кемшіліктерді жоюдың да жолдарын айтады. «Біз латын әліппесін алғанда әріптің үлкен түрін тастап, кіші түрін алуымыз керек. Сонымен латын әліппесінің бір зор кемшілігі жойылады. Енді латын әліппесінің әріпі аздығына келсек. Бұл жағынан латынды жеке алсақ кемістік болады; араппен салыстырсақ, араптан көріне артық болады.

Латындағы 24 әріптің 18-і қазақ тілінің дыбыстарын таңбалауға жарайды: *a, b, d, e, g, k, l, m, n, o, p, r, s, t, u, z, y, i*.

А, б, д, е, г, к, л, м, н, о, п, р, с, т, у, з, ы, й. Бұл барлық дыбысымыздың 75%-ын өзгеріссіз таңбалау деген болады. Мұнан соң латынның 4 әріп түрін өзгертпей, сәл дыбысын өзгертіп қана қазақ дыбыстарына жарайды. Ол 4 әріп мыналар: *h, v, q, c*: бұлардың дыбысы араптың «ж» ия «о»-сы сияқты ғана өзгереді – *г, у, қ, ш*, сонда барлық дыбысымыздың 85-90%-ын таңбалаған боламыз. ... Енді қалған екі дыбысымызға латында лайықты таңба жоқ. Бұларға латынның басқа әріптерін бұзып алуға, иә латын әліппесін ұстап жүрген Еуропа елдерінің біреуінің қолайлы екі әрпін алуға керек болады. Ол екі дыбыс «ж», «н» орнына керек».

Жинақта профессор П.К.Жузенің «Араб әліппесінің тарихы» атты мақаласы Т.Шонанұлының аударуымен берілген.

Ал академик В.В. Бартольдтің «Ескі әліппе мен жаңа әліппе мәселесі» мақаласында латын әліпбиін алудың әдістері көрсетіледі: 1) латын әліпбиін алғанда түркі тілдерінің дыбыстарын таңбалау үшін бірлі-жарым жаңа әріп қосу керек; 2) түркі тілдерінде кейбір дыбыстар Еуропа тілдеріне қарағанда басқаша айтылуы мүмкін; 3) барлық түркі елдерінің әліпбиі біреу ғана болу керек; жаңадан қосылатын әріп неғұрлым аз болу керек, латын әрпі өзінде қандай дыбысқа ие болса, түркі тілдерінде де сол дыбысқа ие болу керек.

Жинақта профессор Н.И.Ашмариннің «Жаңа әліппе мен ескі әліппе жайында» атты мақаласында араб әліпбиі мен латын графикасын қолдану тиімділігі екі жағынан қарастырылады: 1) бұл әліпбилердің тірі елдердің тіліндегі дыбыстарын таңбалауға жарамдылығы; 2) қайсысының басу-жазуға артықшылығы.

Профессор Л.И. Жирковтың «Шығыс елдерінің әліппесін өзгерту туралы» мақаласында орыс мемлекеті өзіне қараған елдерге арнап орыс әліпбиін алдырмақ болғандығы айтылады. Бұрынғы бір дыбысты көрсететін әріпті сол күйінде екінші бір дыбысқа арнаудың зияны бар, әзербайжан тіліндегі орыс әліпбиіндегі «з» әрпінің «ш» дыбысына арналғаны дұрыс емес делінеді.

Автор латын, орыс, араб әліпбилеріне талдау жасап, латын әліпбиін қай жағынан болса да ең қолайлысы деп көрсетеді.

Мақалада латын қарпінің артықшылықтары (жер жүзінің көптеген еліне тараған; пішіні әдемілеу, өрнектеуге жеңіл) мен кемшіліктері (дыбыс белгілері аз) көрсетіледі. Бір дыбысты белгілеу үшін бірнеше әріпті пайдалану жағдайы талданып, оның шешімі таңбасы жоқ дыбысқа қосымша белгі алу керек делінеді.

Сонымен қатар орыс әліпбиінің артықшылықтары (жолға тізгенде тегіс түседі, пішіні анық, көңілге тез тоқылады, Петр заманындағы славян әліпбиі (латын әліпбиінің ыңғайлысын алған, баспаға, жылдам жазуға қолайлы) мен кемшіліктері (таңбасы бір-біріне ұқсас әріптер), араб әліпбиінің артықшылықтары (бір-біріне жабысып жатады, жылдам жазуға қолайлы, бірақ бір-біріне қосылмайтын әріптер де бар; таңбалары әдемі) мен кемшіліктері (саны аз) көрсетіледі.

«Түрік жаңа әліппесі туралы» мақаласында профессор Шобанзада араб әліпбиінің кемшіліктерін көрсете келе: «Араб әліппесі түрік дыбыстарының тек үштен бірін ғана таңбалауға жарайды», – дейді.

Автор жаңа әліпби мен араб әліпбиін салыстыра келе, мынадай қорытындыға келеді: «Түркі елі жаңа әліппеге көшу деген мәселе өмірде шығыс елдерінде болмаған зор бір жұмыс екен; жаңа әліппеміз «жаңа» деген атақ алуға орыны бар екен; жазу-оқуды жеңілдетіп, түркі тілін дұрыс суреттей алғандығынан жаңа әліппенің «түркі әліппесі» деген атақты да алуға ылайымы бар екен. Тіл маманы болғандағы менің ойым осы».

Жинақтағы бұдан кейінгі мақала «Латын әрпінің араб әрпінен жеңілдігі бар» деп аталады. Авторы Ж. С. деген лақап атпен берілген. Автор латын қарпі мен араб қарпін салыстыра келе, өз тәжірибесінен мынадай қорытынды шығарады:

- 1) балалардың аз уақыттың ішінде жеңіл сөйлемдерді өздігінен оқып, жаза алуы;
- 2) шала сауатты жастардың 3-4 күн ішінде латынды тез игеруі;
- 3) үйретудің жеңілдігі;
- 4) жазу шапшаңдығы.

Жинақтағы бұдан соңғы «Жапонда жаңа әліпбе» деген мақаланың авторы да А.З. деген лақап атпен берілген. Мақалада Ыстамбұлда шығатын «Жұмурийет» газетінің 21-інде шыққан санында латын әліпбиінің Жапонияда қолға алынып отырғаны айтылған. Олардың мақсаты: «Тіліміздің ауырлығы Еуропа мәдениетінен қалыспау жолында көп кедергі болғандықтан, амалсыз ағылшын тілін ресми тіл қылып алуға беттеген едік. Енді, латын әліппесін қолдансақ, тілімізге кірген бөтен тілдерден құтылумен бірге ағылшыншалаудан да құтылу».

Бұдан кейінгі мақала «Жаңа әліпбешілер қоғамын күшейту керек» деп аталады. Авторы – *Зияш* есімді белгісіз адам. Бұл мақалада латын мәселесі туралы Баку қаласында басталған істің ұсақ республикаларда жергілікті жаңа әліпбишілер ұйымдары ашылып, жұмыс жүргізіліп жатқаны айтылады.

Түріктің ұлт парламентінде қозғалған әңгімеде Нажат бек: «Латын мәселесі – саяси мәселенің бірі, оны қабылдау жалғыз менің, ағарту кімесеретінің қолында емес. – Мемлекет қолында. Мемлекет беті жаңа әліпбеге ауған соң, мен де жаңа қолға алыб отырмын», – деген.

Автор: «Кермен үкіметі «ірататсие» атты жаңа мәшине істеп шығарған. Бұл мәшине 3 күндік газет жұмысын бір-ақ сағатта жасап шығарады», – дей келе, – «Алдағы өмірімізде бұл мәшинені бізде қолданбақ болсақ, араб әрпі кедергі болмағанда қайтеді? Қалай алып қарағанда да латын мәселесі еріккеннен шыққан әңгіме емес, тұрмыстың тілеуімен туған әңгіме, тұрмыс бізге ықтиярсыз қабылдатпак», – дейді.

Жинақта берілген «Түрікте латын әліппесі» атты мақаласында *Т.Шонанов* «Беңиол» газеті Францияның «Таң» деген газетінде жариялаған «Түркияде латын

әліпбесі» деген мақаласына талдау жасаған. Мұнда сол кездегі көзқарастар үшке бөлінген: «Бір ағым – ескі араб әліппесінің түрін өзгертпей сақтау. Бұлардың ондағы дәлелдері – араб әліппесі сұлу, араб әліппесінде жазылған ескі кітаптар, сақталған мәдениет бар деген. ... Екінші ағым – жамаушылар. Бұлар араб әліппесінің кемшілігін мойындайды. ... Бұлар әріптерді оңай танылатын қыламыз, айырып басылатын жасаймыз, тағы сондай жамаулар жапсырамыз деседі. Үшінші ағым – әлгі өзгерістерден дым шықпайтұнын сипаттапты. Бұлар латынды алуға белді бекем байлап отыр. Бұл мәселенің маңызы зорлығында дау жоқ».

Әрі қарай мақалада латын қарпінің әртүрлі елде алыну тарихы және олардың тәсілдері сөз болады. Мысалы: «Арқалық Қапқазда 7 түрлі ел бар. Бұлар арасында асетін, үнгішет, қабарды, шешен (шешен байағы Банер Шәміл мен Қажемұрат елдері) елдері жаңа әліпбиге көшіп, іске асырып жатыр. Қалған қарашай, шеркеш, адыге деген үш елде латын әліпбиі мен кітаптар, оқу құралдары шығарылып жатыр. Бұлар латынға көшуге мықты әзірленіп жатыр, бұл елдердің тілінде 72 кітаб жарты мүлиен тұсқа шамалы шыққан. Жаңа әліпби мен 190 мың адам қат таниды. Әліпбиді әуелі 1 басқыш, сонан 7 жылдық 9 мектепке кіргізген. Ел жаңа әліпбиге ықыласты. Жаңа әліпбиге «азаттық әліпбій» деп ат қойған».

Аталмыш мақалада Қазақ жаңа әліпби комитетінің 1927 жылы атқаратын істері туралы айтылады:

- «1) бүтін түрік елдерін қашып кетпестей қылып жаңа әліпби жасау;
- 2) кесбе жана жарға қадайтын жаңа әліпби басып шығару;
- 3) балаға арнап бір, ересекке арнап бір әліпби басып шығару;
- 4) латыншаларға жәрдем берелік нұсқау кітабын шығару;
- 5) 5 табақ теруге жететін латын әрпін алдыру;
- 6) қоғам, ұйымдарының ережелерін басып шығару;
- 7) латыншылар қоғамын, ұйымдарын ашу үшін жер-жерде маусым ашу;
- 8) газет-жорнал жүзінде жаңа әліпби туралы үгіт тарату;
- 9) жаңа әліпби жұмысына басшылық қылатын адамдар дайарлау».

Бұдан әрі көрші елдердегі жаңа әліпби мәселесі сөз болады. Мысалы, Татарстанның Қазан қаласында «Жаңа әліб» қоғамы ашылғаны, қоғамның бастығы татардың белгілі жазушысы – Сайпыұлы Патық деген азамат екені туралы айтылып, қоғамға бөлінген қаражат, атқарылған жұмыстар, осы қоғамның ұйымдары туралы ақпарат беріледі.

97%-ы хат танымайтын Түркіменстан елінде жаңа әліпбиді оқытатын курстар ашылғаны туралы, ал Өзбекстанда Үкімет жанынан Жаңа әліпби комитеті ашылғаны, бірнеше съезд, конференция өткізілгені айтылады.

Мақалада 1925 ж. май айында Қырғызстанның Бішкек қаласында өткен съезде латын әліпбиіне көшуге қаулы қабылданып, мұнда осы әліпбиге 5 жылдың ішінде көшіп біту көзделгендігі, осы әліпбимен сауат ашқандар саны, басылып шыққан кітаптар саны көрсетіледі.

Мақалада Әзербайжандағы жаңа әліпби мәселесі баса айтылады. Латын әліпбиіне көшу мәселесімен айналысамын деушілерге оқуға кеңес берілетін кітаптар тізімі ұсынылып, латын қарпіне көшу кезендері, жаңа әліпбимен таныстыратын «Жаңа

жол» газетінің тиражы, жаңа әліпбимен сауат ашатын мектептердің жыл сайынғы саны көрсетіледі.

Жинақтағы Т.Шонановтың «Орта Азияда латын әліппесі» мақаласында маусымның 1-інде Бакуде болған Жалпыресейлік жаңа түрік әліпбиінің кіндік комитетінің толық жиналысына Қазақстаннан оған ешкімнің бара алмағаны, бірақ өз ойларын телеграмма арқылы жібергені, Баку жиналысының алдында Орта Азиядағы түркі елдерінің Самарқан қаласында өткізген жиналысында Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан елдерінің өкілдері қатысқаны айтылады.

Осы Самарқан жиналысында Орта Азиядағы түркі елдерінің жаңа әліпбиінің негізі төмендегіше көрсетіледі:

«1. Жаңа әліпби үндестік заңына бағындырылып алынсын, үйткені бұл заң күш, текнейке жағынан көп күтім тарлық келтіреді.

2. Жаңа әліпби латын негізімен алынсын, латын әріптерінің түрі, дыбысы өзгертілмесін.

Латын әрпі түрік дыбысына жетпеген иа үйлесбеген бірен-саран жерде латын негізімен әліпби ұстап отырған ағылшын, пірансі, ійталы сыйақты елдерден әріп алынсын.

3. Бір дыбысқа бір әріп қана алынсын, қоса әріп болмасын.

4. Латынның түбірінде болмаса, әріпке жаңадан тоқтап, үст сыйақты таңбалар қойылмасын.

5. Түрік елдерінде бірдей айтылатын дыбыстардың таңбалары да бірдей болсын.

6. Үлкен әріп алынбасын, текнейкеге қолайсыз келмеген жерде әріптің жазба-баспа түрлері бір-бірден жақындау болсын. Латын әліпбиіне жаңадан әріпті қолдан келгенше кірістірмеуге тырысылсын».

Мақалада алынған әліпбиге төмендегідей түсініктеме беріледі: «Бұлар қазақ тіліндегі дыбыстардағы бар таңбалар. «Ж»-ға ағылшынның «і» алалық деген ұсынысы да болды. Оны Бақыу жиылысы шешеді. «Ғ»-ға гректің ғаемасы, «h» да сондай шартбен алынды. Басқалары бір ауыздан қабыл етілді, енді қазақта жоқ, бірақ өзбек сыйақты басқа елдерде бар дыбыстарға мына таңбалар алынды: x = ғ; g = ч; f = ф.

Үндестік заңы дауысты дыбыстарға ғана ұсталды. Дауыссыз «ф - к - ғ - г» сияқты дыбыстар дәйекшесіз бөлек таңбамен жазылды. Үндестік заңын кірістіруге пітірат ортақ (жолдас) бас болған бір-екі өзбек ортақтар қарсы болса да, Өзбекістан білім ордасы мен оқу кемесереті үндестік заңын пайдалану жағында болды. Үндестік заңын өте-мөте қолдаған қазақ бен қырғыз өкілдері».

Мақаланың соңында осы әліпбимен жазылған *М.Жұмбаевтың* өлеңі және «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңінің бір шумағы үлгі ретінде беріледі.

Жинақтың соңында жаңа әліпби жайында оқуға қажетті материалдар тізімі берілген.

Латын графикасында жазылған «Атаулар сөздігіндегі» (1931 ж.) терминдердің тұлғалануы жайлы

Кез келген сөздіктің жасалуы – кешенді түрде атқарылатын үлкен ғылыми мәселе, ал ұлттық тілдің аударма терминологиялық сөздігін түзу әр уақытта ұлттық тілдің ғылыми тілдік өміріндегі елеулі оқиға болып табылады. Тарихи тұрғыдан қарастырар болсақ, ол көбінесе тарихи және ұлттық сана-сезімнің өсу кезеңімен, ұлттың қалыптасуымен, әдеби тіл мен оның нормасының тұрақтануымен байланысты келеді екен.

Халық ағарту комиссариаты білім кеңесінің терминология комиссиясы 5000 дана таралыммен 1931 жылы тұңғыш рет кирил-латын графикасында жазылған «Атаулар сөздігін» шығарады [18]. Сөздікте филология, физика, заң, психология сияқты түрлі ғылым салаларына қатысты 8000 термин берілген.

Осы сөздік туралы 1934 жылы жазған рецензиясында А.Самойлович: «Мен 1932 жылдың аяғында Қазақстанның астанасы – Алматыда болғанымда бұл сөздік таптырмайтын (был библиографической редкостью) дүние еді» [19], – дейді.

«Атаулар сөздігі» алаш зиялыларының ұлттық терминологиялық қорды қалыптастыруда ұстанған қағидаттарына сәйкес жасалған соңғы басылымдардың бірі болғандықтан, оны қайта бастырып шығарып, мамандардың, зиялы қауымның назарына ұсынуды ф.ғ.д., проф. Ш.Құрманбайұлы мен ф.ғ.д. О.Жұбаева қолға алып, сөздік қазіргі кирил жазуымен 2004 жылы қайта шығарылды [20].

Терминтанушы Ш.Құрманбайұлының көрсетуінше: «Қазақ терминографиясының тарихында өзіндік орны бар «Атаулар сөздігі» – өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы термин шығармашылығы мен терминологиялық сөздік түзу ісінің кезеңдік келбетін, терминология комиссиясы жұмысы мен алаш зиялыларының ұлттық терминқор қалыптастыруда ұстанған ұстанымдарын көрсететін нақты тілдік-тарихи дерек» [20].

XX ғ.басындағы әрі аударма, әрі терминологиялық сөздіктің қажеттілігі туралы «Атаулар сөздігінің» «Бір-екі сөз» деген кіріспесінде былай келтіріледі: «әг-bir çeке çazuvçylar rz qol'na ustap oтыратьн, çаға өмirdiң tilin izdedi, pән atavlar'na tus-tustan surav көbejdi, оның муқтаçдығы кун sajьн asa berdi. зьмьраган ucқыр өmir кынbe-кынği kerekke çumsavğa dajьн турған til qaruvьн kerek қьldь. oј еңbeğindegi еңqьjьн istiң biri sözdik tizyv».

Қазақ тіл біліміндегі алғашқы терминологиялық сөздіктердің бірі ретінде латын графикасында жазылған «Атаулар сөздігінде» ұлттық тілдің метагілі және әлем туралы алаш білімпаздарының білімдері жүйеленіп берілген. Бұл білімдер аясы сөздіктің түріне, сөзтізбенің көлеміне, лексикографиялық материалдарды беру тәсілдеріне, сөздік мақаланың құрылымына байланысты жүйелі түрде келтірілген.

Дыбысталуы бойынша жазылған нұсқасы

<i>Орыс тілінде таңбалануы</i>	<i>Қазақ тілінде латын графикасы негізінде таңбалануы (1931 ж.)</i>	<i>Қазақ тілінде кирил графикасы негізінде таңбалануы</i>
Автомобиль	Aptomabel	Аптамабел
Автономия	Aptonomije (qurrijat-sajasij erkindik)	Аптономіе (құррийат-сайасий еркіндік)
Алюминий	Əlymen (metal zaty)	Әлүмен (метал заты)
Бенефис	Benepis	Бенепис
Бухгалтер	Buǵaltır	Бұғалтыр
Газ	Ǵaz	Ғаз
Жонглер	ǵongiler	Жөңгілер
Журналист	ǵornalǵ (ədebijetci)	Жорналшы (әдебийетши)
Закон	Zaǵ, zəkon	Заң, зәкон
Индустрия	Yndistire (ənerli kesip)	Үндістіре (өнерлі кесіп)
Партия	Partya	Партыйа
Пародия	Paradije (elik)	Парадіе (елік)

«Атаулар сөздігіндегі» аудармалар

<i>Орыс тілінде таңбалануы</i>	<i>Қазақ тілінде латын графикасы негізінде таңбалануы (1931 ж.)</i>	<i>Қазақ тілінде кирил графикасы негізінде таңбалануы</i>
Заработок	Tabys	Табыс
Заработная плата	Ǵalaǵ	Жалақы
Заседание	Məçilis	Мәжіліс
Индивидуальное кредитование	Ǵeke nesije beryv	Жеке несіе беруу
Индивидуальное хозяйство	Ǵeke caruva	Жеке шаруа
Интеллигенция	Zyjalylar	Зыйалылар
Исследование	Izerttev	Ізерттеу
Копия	Kecirme	Көшірме
Кредит	Nesije	Несіе
Культ	Tabynuv	Табынуу
Лектор	Dərisi (lektir)	Дәрісші (лектір)
Лекция	Dəris	Дәріс
Наемный труд	Ǵaldama eǵbek	Жалдама еңбек
Налог	Salyǵ	Салық
Научно-исследовательский институт	Ǵылымды zerttev ynisteti	Ғылымды зерттеу үністети
Гражданин	Azamat	Азамат
Выставка	Korme	Көрме
Герб	Taǵba	Таңба
Отдел	Belim	Бөлім
Печатный лист	Baspa tabaǵ	Баспа табақ
Пианино	Kuj sandyǵ (pijanijno)	Күй сандық (пійәнійно)
Пиктография	Syvret ǵazuv	Сүүрет жазуу
Помада	Dalap	Далап
Представитель (уполномоченный)	Əkil	Әкіл
Президент	Pirzident (topbas)	Пірзйидент (топбасы)
Экватор	Beldev	Белдеу

Лингвистика, филология ғылымдарының атау сөздері (терминдері)

<i>Орыс тілінде таңбалануы</i>	<i>Қазақ тілінде латын графикасы негізінде таңбалануы (1931 ж.)</i>	<i>Қазақ тілінде кирил графикасы негізінде таңбалануы</i>
Диалектология	Dijälektalogije (til özgerisin zerttejtin ғылым)	Дійәлекталогіе (тіл өзгерісін зерттейтін ғылым)
Значение	Mән, mәнis, maғыna	Мән, мәніс, мағына
Иносказание	Ьсара söz	Ышара сөз
Лексика	Söz kenі	Сөз кені
Лексикография	Söz kenin әlipteв	Сөз кенін әліптеу
Лексикология	Söz kenin тексеруv ғылым	Сөз кенін тексеруу ғылым
Лексикон (словарь)	Sөzdik	Сөздік
Лингвистика	Til ғыльмь	Тіл ғылымы
Литературный язык	Әdebijet til	Әдебийет тіл
Логическая речь	Aқыл sözi	Ақыл сөзі
Локальный (местный)	Sergilikti, оrындағь	Жергілікті, орындағы
Наречие	Ystev	Үстеу
Неологизм	Саға sözcildik	Жаңа сөзшілдік
Отглагольное имя	Esimce	Есімше
Падеж (грам.)	Çalğav	Жалғау
Пассив	Pәssip	Пәссіп
Периодическая речь	Ыrғақ söz	Ырғақ сөз
Перифраз	Byкpelev	Бүкпелеу
Плеоназм(литер.)	Qos-qabatav (сьбатра)	Қос-қабаттау (шыбатпа)
Подлежащее	Bastavьс	Бастауыш
Подчинение (грамм.)	Baғыnuv, baғыnbаль	Бағынуу, бағынбалы
Полемика	Ajтьs, talas	Айтыс, талас

Сөздіктің кіріспе сөзінде: «Бұл құрастырылған пән сөздерінде талай кемшіліктер бар. Өйткені әр ғылымның тарауынан өзіне жүйрік кісілер шықпай, пән сөзі түзелмек емес», – деп атап көрсетілгендей, балама табудағы ауытқушылықтар мен сәйкессіздіктердің орын алуы да табиғи нәрсе.

Сөз үнемі үздіксіз өзгерісте болатындықтан, оның бүгінгі сөйлеушілердің қабылдауындағы мағынасы 85 жыл бұрын берілген мағынасымен сәйкес келмеуі заңды құбылыс.

2004 жылы шыққан басылымның кіріспе сөзінде Алаш терминқорын зерттеуші Ш.Құрманбайұлы «Атаулар сөздігі» туралы жазылған мақалалар мен рецензияларда айтылған сын-ескертпелерді, ұсыныстарды жан-жақты талдап, сол кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдайдың Сөздікке тигізген әсерін түсіндіре келе, былай дейді: «Сол жылдардағы осы сөздікке тікелей және жанама қатысы бар материалдарды қарап отырсақ, көпшілігінде сөздік түзушілердің ұстанған қағидаттарына байланысты мақсатты түрде сын айту, мәселеге саяси, әлеуметтік-таптық тұрғыдан баса мән берілгендігі байқалады. Сөздіктің жақсы жақтары, жетістіктері ауызға алына бермейді. Сөздік туралы пікір білдіргендердің оның сапасы, келесі басылымы жақсарсын деген ниеттен гөрі оны түзуші авторлардың ұстанып отырған бағытының бұрыстығын, ендігі жерде қазақ терминологиясын бұл бағытта дамытуға болмайтынын дәлелдеуге бейілді екендігі айқын аңғарылады. Сондықтан да сөздіктің жақсы жақтары туралы айтылмай, кемшіліктер ғана теріліп, біржақты сынға жол беріледі. Терминологиялық комиссия жұмысының жетістіктері жөнінде де сөз болмайды.

Керісінше, олар комиссияның солақай саясат ұстанған алашшыл, ұлтшыл пуристерден құралғандығын, социалистік қоғамды зиянды жолға бастап отырғандығын дәлелдеу арқылы, ендігі жерде жарқын болашаққа апаратын бағытты таңдай отырып, терминологиялық жұмыстардың жаңа арнаға бұрылуы керектігін айрықша атап өтеді», – дей келе: «Шын мәнінде сол жылдары мұндай терминдер сөздігінің басылып шығуының өзі елеулі оқиға еді» [20], – деп, жоғары бағалайды.

Қорыта айтқанда, латын әліпбиімен басылып шыққан «Атаулар сөздігі» ұжымдық сананы көрсететін ғылыми еңбек ретінде ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамының мәдени, ғылыми, тілдік өмірінде айрықша орын алды.

XX ғ. ортасындағы емле тәжірибесіндегі пікірталастар (Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев зерттеулері бойынша)

Қазақ жазуының тарихына үңілсек, А.Байтұрсынұлының ұсынған әліпбиі қазақтың табиғи сөйлеу болмысын танытатын үлгі болғаны бірден байқалады. 1929-1940 жылдардағы латын әліпбиінде А.Байтұрсынұлының жазу үлгісі сақталған болатын. Қазақ тілі үшін латын әліпбиіне көшу қиындық тудырмауы тиіс, себебі ондай тәжірибеден бұрын өткен. Сондай-ақ көптеген ақын-жазушыларымыздың (М.Әуезовтен бастап) таңдамалы шығармалары латын қарпінде жазылған, нұсқалары сақталған. Жазылуы қиындық тудырған жағдайда сол еңбектердің нұсқаларына сүйеніп, түрлі үлгілерін тәжірибе арқылы салыстыруға толық мүмкіндік бар. Сондай-ақ қазақ тілі емлесінің негізгі ережесі де 1929 жылы осы латын қарпіне көшу қарсаңында түзіліп басталған болатын. Сол кезеңдегі тілтанушы ғалымдар 1940 жылға дейін латын қарпіндегі қазақ тілі емлесінің негізін қалап, 1941 жылы алғашқы емле сөздігін құрастырды. Ендігі кезекте осы емле ережелерінің артықшылығын пайдаланып, кемшілігін талдап, жаңа әліпбиге негізделген емле нормасын жазуға кірісу керек болып тұр. Сондықтан 1929-1940 жылдардағы емле мәселелері туралы тұжырымдарды талқылап, одан шығатын ұсыныстарды таныту мақсатында осы мәселеге қатысты Н.Сауранбаев, С.Аманжолов, М.Балақаев зерттеулерін талдап көрсетуді жөн көрдік.

Қазақ жазуы қай әліпбиде қалыптасса да, орфографиялық норма, емле мәселелері, оның қиындықтарын шешіп, біріздендіру сияқты тілдік саясат жүйесі қызметін бәсеңдеткен емес. Яғни сауаттылықтың бірізді заңдылығын тілдік тұрғыдан шешу мәселесі қазақ тіл білімі үшін өміршең зерттеу нысанына айналды. Жазуы даму үстіндегі, тілі өркендеген елдің тіл саясатында орфография мәселесі өзекті болары сөзсіз. Тарихқа үңілер болсақ, 1924 жылы 12-18 маусымда Орынборда өткен қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің күн тәртібінде жазу ережелері, әліппе, қазақша пән атаулары мәселелері сөз болса, 1927 жылы 28-29 сәуірде Ташкентте өткен басқосуда жазу, әліпби, емле мәселесі талқыланды. Ал 1929 жылы 2-4 маусымда Қызылордада өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда емле, атау мәселесі қаралды.

Әліпби, емле, оны реформалауға байланысты пікірталастар алғашқыда «Дала уәлаяты газеті», «Айқап» журналы, «Қазақ» газеттерінен көрінді, одан кейін «Жаршы», «Жаңа мектеп» газеттер төңірегінде көтеріліп отырғаны белгілі. Демек, қазақ жазуының емлелік қағидаларын заңдастыру ісінде тұрақтылық бірден бола қоймады.

Оның басты себебі – әліпбидің өзгеруі. Жалпыхалықты жаңа әліпбиге үйрету және халықтың оған көндігіп, жаңартпалардың сіңісіп кетуі көп уақытты талап етеді. Әліпбимен қоса, оның емлелік ережелерін де қатар меңгерту қажеттілігі туындайды. Тәжірибесі аз алғашқы әліпби өзгерісі реформасында емле заңдылығының толық дайын болмауына байланысты көптеген қиындық туындап, оның салдарынан тіл салаларындағы кейбір зерттеушілер де кереғар тұжырымдамаларға бой ұрғаны айқындалды.

1929-1940 жылдардағы латын әліпбиіне бейімделу, бұрын-соңды болмаған бас әріпке үйрену, кейбір кірме сөздерді барынша ыңғайлы сауатты жазуға лайықтау мәселелері ұзақ талқылауды, кең зерттеуді, үлкен тәжірибені қажет етті. Емлеге қатысты сол жылдарды екі кезеңге бөліп қарауға болады. 1938 жылға дейінгі латын әліпбиіндегі қазақ тілі орфографиясының қалыптасу кезеңі болса, 1938 жылдан кейінгі сауаттылыққа орай оңтайландырылған емле заңдылықтарының қызмет ету кезеңі болды. Н.Сауранбаев 1929-1938 жылдарға дейінгі *ұу, уу, ыу, іу, ій, ый* қосар әріптердің бір таңбамен жазылуын насихаттай отырып, оларды сауаттылыққа жетелейтін үлгілер деп таныды. Осылайша 1938 жылға дейін қабылданып келген *ұу – «uv»; уу – «uv»* және *ый – «bj»; ій – «ij»* қосарлы дыбыстарының қолайсыз екенін дәйектей отырып, оларды бір ғана дыбыспен, яғни «u» және «y» деп белгілеу туралы орфографиялық қаулының қажеттілігін атап өтеді.

Н.Сауранбаев әсіресе кірме сөздерде осы дыбыстардың қолданысы буын үндестігін сақтау заңдылығын аса қажет етпейтінін, сондай-ақ қосарлы дыбыстардың жазылуы сөзді тым шұбаландырып, орфографиялық сәнін келтірмейтінін ескере келіп, бір таңбалы дыбыс үлгісімен жазуды дұрыс деп санайды.

С.Аманжолов: «*ij*-дің қосарлы жазылуына себеп болған бізде орыстың «и» дыбысы сияқты толық әріптің жоқтығы. Бізде *j* дыбысы тек жіңішкелік үшін, дәнекер үшін жүреді, біздегі «*j*»-дыбысы тек қысқалықты, шолақтықты көрсетеді. Ол екеуі де жарымжан, екеуі де толық әріптік қабілеті жоқтар», – деп қосарлы *ij* таңбасы «и» дыбысын таңбалауда қазақтың төл сөздерінде сақталып, кірме сөздерде жалаң *i* күйінде жазылуын қалады.

1938 жылы «Төте оқу» газетіне жарияланған «Қазақ тілінің емлесі туралы» атты мақаласы «*й*» мен «*у*» әріптерінің жаңаша қолданылу жолдарын үйретуге негізделген. «*й*» әрпі бұрынғы «*и*» таңбасының орнына, ал «*у*» дыбысы бұрынғы «*uv*» әрпінің орнына қолдану емлесі қабылданғанын салыстырмалы түрде түсіндіреді.

Бұнымен қоса Н.Сауранбаев 1938 жылға дейін жазылып келген «*bj*» және «*ij*» қосарлы дыбыстарының орнына тек бір ғана «*i*» әрпі алынғанын айта отырып, жазу каллиграфиясын жеңілдететін оңтайлы үлгі екенін мысалдармен дәйектеп өтеді. Сонымен қатар бұрынғы «*i*» әрпінің орнына «*j*» әрпін таңбалау қаулысына халықтың тез бейімделе қалуы қиындық келтіретінін де айтады. Ол үшін тәжірибелік жұмыстар, оқу курстары өтілу қажеттілігін ескереді. Осы мақаласында Н.Сауранбаев бұрынғы таңбалану «*ый*», «*ій*» әріптерінің кейбір сөздердің мән-мағынасын айқындап көрсету үшін аса құнды екенін айта отырып, «*тый*», «*сый*» сөздерін етістікті *ти, си* сөздерімен шатастырмас үшін, соның ықпалында алдыңғы сөздердің мәні жойылып кетпес үшін жазылуын бұрынғы күйінде қалдыру туралы ережені дұрыс деп құптайды. Бұған қоса ғалым: «Орыс тілі арқылы енген сөздердегі «и» дыбысы біздің «*i*» әрпімен тура

келеді. Осы күнге дейін орыстың толық «и» әрпінің орнына ъj, ij, кейде тек «і» әрпінің өзін жазып келдік. Енді бұдан былай қосарлы дыбыстардың орнына жалғыз «і» әрпін жазатын болдық. Мысалы, бұрын Ijnstijut, ijñçeneg болса, енді бұдан былай institut, iñçeneg деп жазамыз. (I мен J әріптерінің жазылуы. Төте оқу. 1938 жыл, 3 февраль).

Дауысты дыбыстармен қатар дауыссыз дыбыстардың да таңбалануына бірқатар өзгерістер енген болатын. Соның ішінде интернационал сөздерді жазуда *ф, х, в* дыбыстарын қазақтың төл дыбыстарымен дәл таңбалау мүмкін болмағандықтан *F, X, V* әріптерін тандап алуға тура келді. Н.Сауранбаевтың пікірінше, әсіресе термин сөздерді, ғылыми сөздерді айтылуы бойынша қазақ дыбыстарымен емес, термин екенін айқындайтын кірме дыбыстармен белгілеген тиімді болады деп есептеді. Соның артынша Емле қаулысында да халықаралық кірме сөздерде кездесетін *ф, х, в* дыбыстарын *F, X, V*-мен белгілеу ережесі ұсынылды. Сонымен бұрын *қыймыя* деп жазылып жүрген сөз *ximia* болып белгіленетін болды. Qlor емес xlor, рәнетика емес fonetika, көредра емес kafedra, пәбрик емес fabrika, раппак емес rabfak (*F, X, V* әріптерінің жазылуы туралы. Төте оқу. 1938 ж., 15 февраль).

Латын әліпбилі қазақ жазуында 1929 жылы түпнұсқалыққа жақындық принципі бойынша кірме *х, ф, в* дыбыстары әліпбиден алынып тасталған болатын. Оған арнайы мынадай: «Еуропаның *ch*-сы, орыстың «*х*»-сы, араб-парсының *қ*-сы» жуан айтылатын сөздерде *қ*, жіңішке айтылатын сөздерде *к* арқылы жазылады», «Шеттен кірген сөздерде «*ф*» орнына «*п*» жазылады» деген ережелер қабылданған болатын. Бірақ өмір тәжірибесі, халықаралық мәдени достастықта өмір сүріп отырған қоғам сұранысы *х, ф, в* дыбыстарының әліпбиге енуін талап етті. Ол туралы алғаш рет 1930 жылы Қ.Жұбанов қазақ орфографиясы мен әліпбиін өзгертуге байланысты жобасын ұсынып, онда *ф, х* дыбыстарын қазақ әліпбиі құрамына алуды былайша ұсынды: «Ни одна из существующих букв (употребляемых) для (изображения) согласных звуков, не может быть исключена из алфавита: они необходимы и затруднений с ними в письме мало». Қ.Жұбановтың осы тұжырымдамасын іске асырушы ретінде, оның дұрыстығын дәлелдеп насихаттаушы ретінде Н.Сауранбаев үлкен үлес қосты. Себебі, осы тұрғыдан алғанда екеуінің ғылыми көзқарастары үндес болатын.

Жалпы 1929-1940 жылдардағы латын әліпбилі қазақ тілінде қысаң *ы, і* дауысты дыбыстарымен келетін сөздерді жазу көп қиындық тудырды әрі түрлі жазу нұсқалары да көбейіп кетті. Емлені тұрақтандыруға кері әсер еткен осындай әр алуан жазу нұсқаларын біріздендіру мақсатында Н.Сауранбаев қысаң дауыстылардың жазылу емлесіне қатысты мақалаларын ұсынып отырды. Мысалы, біріншіден, түбір сөздің ішінде екі дауыссыз дыбыстың арасында көмескі *ы, і* дыбыстары естілетін жерде, егер ол сөздер кірме сөздер болса, *ы, і* жазылмайды. Мәселен, *рылан* емес *plan*, *Рывада* емес *Pravda*, *рылолетариат* емес *proletariat*, *тырамвай* емес *tramvai*.

Екіншіден, түбір сөздің орта буынында екі дауыссыз дыбыстың арасында буындалуға лайықты келетін *ы, і* дыбыстары жазылмайды. Мәселен, *Ахмет* емес *Axmet*, *телеграмма* емес *telegramma*. Осы үлгі-ереже қабылдағаннан кейін, *жапырақ* пен *топырақ* сөздерінің де екі дауыссыз арасындағы дәнекер *ы* дыбысы түсіріліп (*жапрақ, топрақ*) жазылатын болды. Кейінгі емле қаулысында осы соңғы екі сөзде дәнекерлі *ы* дыбысының сақталып жазылуына рұқсат етілді.

Үшіншіден, бір буынды үнді бітеу түбір сөздегі қысаң *ы*, *і*-лер тәуелдік жалғауы жалғанғаннан түсіріліп жазылады. *Оръньт* емес *ornъt*, *ауьльт* емес *aulъt*, *туьлжкт* емес *tyljkъt*, *qalъqъt* емес *qalqъt*.

Төртіншіден, бір буынды бітеу сөздегі қысаң *ы*, *і*-лер аяғына тәуелді жалғаулары жалғанғанда, соңғы қатаң дыбысы ұяндап келетін болғанда *ы*, *і* дыбыстары жазылады. Мысалы, *tyljk* – *tyljgi*, *kørjk* – *kørjgi*, *sylyk* – *sylygi* (Қысаң *ь*, *ъ* дыбыстарының жазылуы туралы. Төте оқу. 1938 ж., 8 март).

Н.Сауранбаев үсті-үстіне өзгерген емле ережелерді ғана емес, жалпы орфографиялық ережені жасау принциптерінің де ретке келмей жатқанын талқылаған болатын. 1938 жылы «Социалистік Қазақстан» газетіне жариялаған «Емле жөнінде бірқатар ұсыныстар» атты мақаласында емле жасаудың морфологиялық принципі дұрыс қолданылмай жүргенін былайша түсіндіреді: «Емле қаулысының негізінде емленің принципіне, сонымен байланысты құбылмалы сөздердің жазылуына күрделі өзгерістер ендірілді. Бірақ қаулы шыққаннан бері аз күнгі тәжірибені алсақ, осы өзгерістерді не асыра ұғынып, не шала ұғынушылықтың бар екені байқалады. Сөздердің жазылуы жайындағы ережені дұрыс қолданбаушылық та кездеседі. Морфологиялық принцип бойынша сөздерді айтылуынша жазбай, тұрпатын сақтап жазамыз деп, әлдеқашан бірігіп, кірігіп кеткен сөздердің түбірін қуалаушылық бар. Бұл дұрыс емес, өйткені морфологиялық принцип сөздің түбірін іздеп тауып жазу деген сөз емес, әртүрлі айтылатын сөздерді бірыңғай жазу, яғни жазуды бірізге түсіру деген сөз. Олай болса, сөздің түбірін қуып жату қажет емес» [21]. Сондай-ақ морфологиялық принциппен шешілетін емле мәселелерінің қиындықтарын қалай айқындау керектігін нақты көрсетеді: «Морфологиялық принципке сүйеніп, сөздерді көбіне айтылуы бойынша екі түрлі етіп жазу орын алған. Мысалы: *saudaker* – *säudeger*, *vesçyldьq* – *vesçyldьq* сияқты сөздер. Мұндай сөздердің формасын сақтап жазу керек. Олай болатын себебі мұндағы өзгешелік сөз құрау мағынасымен байланысты емес, сөздердің айтылуындағы орфографиялық заңға байланысты болады. Ал *velveu*, *acudas* деген сөздерде «*tas*»-тың «*das*» болып, «*vau*»-дың «*veu*» болып өзгеруі мағынамен байланысты» [21].

Бұнымен қоса Н.Сауранбаев мағынаға байланысты жазылуы әртүрлі болып келетін кейбір емле заңдылығын түсініспеушіліктің басын ашып көрсету үшін былайша дәйектеп көрсетеді: «*Bülai-vьlai* деген есімдіктерінің негізі бір болғанмен, мағыналары басқа. Мәселен, «*vülai болуының себебі мынау*» дегендегі «*Bülai*» үстеулік мағынаны білдіріп тұр. Ал «*Вьlai қарай кетті*» дегендегі «*вьlai*» бағытты көрсетіп есімдік болып тұр. Мұның орнына «*vülai қарай кетті*» деп айтуға болмас еді».

Н.Сауранбаев осы кезеңдегі орфографиялық заңның лингвистикалық тұрғыдан сауатты құрылуына елеулі үлес қосып, орфографиялық принциптердің (фонетикалық, морфологиялық) әрқайсысына тән белгілерін, критерийлерін, заңды ережелерін де ұсынған болатын. Соның ішінде кейбір келіспейтін тұстарын да айтқан еді. Мысалы: «*Kәitjр (qalai etjр)*, *Вуитjр (vülai etjр)* сөздерін жазғанда морфологиялық принципке қайшы келетін тұстары бар, ол – қазақ тілінде тоғыспалы заң бар деушілік. Шынында, тоғыспалы заң бар екені рас, бірақ ол заң грамматикалық заң емес, орфографиялық заң. Мысалы, *Qұnanbaev Çiengali* дегенімізде «*в*» дыбысының әсерінен «*п*» дыбысы «*т*» дыбысына айналады да, «*қ*» дыбысының әсерімен «*п*» дыбысы «*ң*»-ға айналады.

Мұны грамматикалық заң десек, онда осы заңға сүйеніп Qūnambaev, Çienğali деп жазуымыз керек. Сондықтан жаңа программадан тоғыспалы заң дегенді шығаруымыз керек» [21].

1938 жылғы соңғы емле қаулысындағы бірігіп жазылатын сөздердің нақты ережесі болмауын сынға ала отырып, оның салдарынан тілімізде бірге, бөлек берілетін сөздердің әртүрлі жазылуы кең етек алғанын, бұл сауатсыздықтың денін күшейтетінін атап өтеді. Ереже ұсынбас бұрын бірге, бөлек жазылатын сөздердің критерийлерін анықтап алуды ұсынады: «Айта кететін бір мәселе, қосылып жазылатын қос түбірлі сөздер жайы. Мысалы, *vesçyldьq, veskyndjk, orьnbasar, артыrlj* деген сөздер бірыңғай сияқты. Емле ережеде бұл туралы айрықша ереже берілмеген, тек ескерту ғана жасалған. Солай болса да күнделікті тәжірибеде бұл мәселе өзінен-өзі дұрыс өріс алып кетті. Бірақ көп сөздер бірыңғай болмай, әртүрлі жазылып жүр. Әзірше қандай сөздердің қосылып жазылып, қандай сөздердің бөлек жазылуының ешбір критерийі жоқ. Әркім өз бетімен жазады. Бұл, әрине, дұрыс емес. Ендігі жерде осы жағын тағы бірізге түсіру керек. Осы жайында біздің ұсынысымыз: екі сөзден құралған жер, су аттары қосылып жазылуы керек (*Alatau, itolgen, Qantәrğj, Belvūlaq, Baiserke, Қағатурмь*). Мұндай бір мағына білдіретін сөздердің қосылып жазылуы неміс тілінде көп қолданылады» [21].

Кирил әліпбиін жаппай қолдануды қайтадан ұсыну Кеңес жетекшілерінің сыртқы саяси жағдайдағы ұстанымдарына байланысты еді. Бастапқыда латын әліпбиі әлемдік революцияны жүзеге асыратын үлкен мүмкіндік ретінде қаралса, кейін әр елдің жалпы түрлі саяси жағдаяттарға байланысты ұстанып отырған бағытына қарай «буржуазиялық» әрі «әсіреұлтшыл» ретінде сипат ала бастайды. Осыған орай 1940 жылдан бастап қазақ жазуы кирил графикасына көше бастайды. Неше ғасыр бойы араб графикасымен сауат ашып, одан кейінгі ұжымдастырумен бірге келген латын (1920-1936 жж.) жазуындағы әдебиеттер мен құжаттар кирил жазуында сауат ашқандар үшін мүлде түсініксіз болды. Олардың қажет дегенін ғана өкімет құзырлы мекемелер арқылы кирил жазуына аудартып отырған. 1940 жылдың соңындағы «Латын жазуындағы қазақ әліпбиін кирил графикасының негізіндегі әліпбиге өзгерту» заң жобасы он жыл бойы жүргізілді. Кирил жазуы түгелдей халыққа сіңімді болып кеткеннің өзінде үзбей шығып тұратын республикадағы «Социалистік Қазақстан» сынды басылымдар он шақты жылға дейін материалдарды кирил әліпбиінде де, латын әліпбиінде де беріп отырды [22].

1939-1940 жылдары қазақ жазуын кирил графикасына негізделген орыс әліпбиіне көшірумен байланысты қазақ тілінің емлесі де өзгертілді. Яғни латын әліпбиіне байланысты жасалған соңғы 1938 жылғы ережеге бірсыпыра өзгерістер енгізілді. Осы өзгерістерді енгізуде, орфографиялық норманы дұрыс қалыптастыруға М.Балақаев, С.Аманжолов және Н.Сауранбаев сынды ғалымдар білек сыбана кіріскен болатын. Олардың түсінігінде, алдында кеткен қатені соңынан түзеу айып емес, қайта керекті іс деп танылды. Осы кезеңде дау тудырған мәселелер сөз басындағы, сөз ортасындағы *ый, ий* жөнінде болатын.

Бұл орфографиялық өзгерістерді 1947 жылы С.Аманжолов былай түсіндірген болатын: «Қазақ тілінің емлесі негізінде сөздің естілуіне қарай жасалған. Бұл құрғақ сөз емес, принцип, жол. Сондықтан «*ый*» естілген жерде жазбасқа болмайды. Өйткені

мұндай созылыңқылық феномені өнімсіз. Фонологиялық мәні бар, яғни мағынаға әсер ететін 3 дауысты созылыңқы дыбыс бар: *â, û, î*. Сондықтан француз тілі сөздеріндегі созылыңқылық түрік тілінде ескерілмейді: *gramer* [grame: r] – *grammaire* [grame: r] және т.б.

Сөйлеу кезінде дыбыстардың бір-біріне тигізетін ықпалынан көптеген заңдылық, ерекшелік, алмасу, өзгеріс пайда болады. Француз тілінен енген сөздерде дыбыстық алмасулар арқылы, комбинаторлық, позициялық фонетикалық процестер арқылы жасалған *эпентеза, апокопа, протеза* сияқты тілдік құбылыстар түрік тіліне енген сөздерде молынан ұшырасады.

Сөз ішіндегі дыбыстар құрамына жаңадан бір дыбыстың қосылып таңбалануы арқылы (протеза) жасалған тілдік бірліктер бар: *Ískandinav* «скандинав» (фр. *scandinave*), *iskorbýt* «мед. цинга» (фр. *scorbut*), *Íslv* «славяндық» (фр. *slave*); *islëvistik* (фр. *slavistique*), *Íslëvist* (фр. *slaviste*), *isprítizma* «пел. спиритизм» (фр. *spiritisme*), *istadya* (фр. *stadia*), *istrongilos* «вет. стронгилоидоз (ауру)» (фр. *strongylose*), *iskelet* «скелет» (фр. *squelette*), *istasyon* «станция», (фр. *station*), *istatistik* «статистика» (фр. *statistique*) және т.б.

Сөз басындағы екі дауыссыз дыбыстың қатар келуі түрік тілінде метатезалық құбылыс арқылы шешіледі: *isprítizma* (фр. *spiritisme*) және *farmason* (фр. *franc-maçon*). Ал қос дауыссыз дыбыстар сөздің соңында келсе, түрік тілінде екі дауыссыз дыбыстың арасында дауысты дыбысты қосып игеру жүйесі қолданылған: *terim* «термин»; *sedir* «кедр» (фр. *cédre*), *silindir* «цилиндр» (фр. *cylindre*); *astım* «мед. астма» (фр. *asthme*, оқылуы – *asm*); *fiber* «биол. талшық» (фр. *fibre*).

Француз тілінде сөздің соңында, қос дауыссыз дыбыстан кейін келетін *e* дыбысы жазылғанымен, оқылмайды. Ал түрік тілінде бұл заңдылық француз тілінің орфографиясы бойынша және сөз аяғындағы *e* дыбысы *a* дыбысына, кейбір жағдайда *o* немесе *ı* дыбысына алмастырылады: *filtre* «фильтр» (фр. *filtre*) (үш дауыссыздан кейін); *kalibre* «калибр» (фр. *calibre*), *metre* «метр» (фр. *metre*), *kilometre* «километр», *konserve* «консервы» (фр. *conservé*), *liste* «тізім» (фр. *liste*), *litre* «литр» (фр. *litre*), *maske* «маска» (фр. *masque*), *muþle* «мебель» (фр. *meuble*), *rekolte* «егіс» (фр. *rücolte*), *santimetre* «сантиметр», *şifre* «шифр» (фр. *chiffre*), *termometre* «термометр»; *antagonizma* «антагонизм» (фр. *antagonisme*), *jandarma* «жандарм» (фр. *gendarme*), *kadavra* «өлік» (фр. *cadavre*), *logaritma* «логарифм» (фр. *logarithme*), *manevra* «маневр» (фр. *manoeuvre*), *mekanizma* «механизм» (фр. *mécanisme*), *metabolizma* «зат алмасу» (фр. *métabolisme*), *organizma* «биол. ағза» (фр. *organisme*), *orquestra* «оркестр» (фр. *orchestre*), *prizma* «мат. призма» (фр. *prisme*), *puðra* «пудра» (фр. *poudre*), *romatizma* «ревматизм» (фр. *rhumatisme*), *sentagma* «синтагма» (фр. *syntagme*), *sitoplëzma* «цитоплазма» (фр. *cytoplasme*), *ıniforma* «униформа» (фр. *uniforme*), *zebra* «зебра» (фр. *zubre*) және т.б. А.М.Меметовтың көрсетуі бойынша, түрік тіліндегі кірме сөздерде эпитеза құбылысы сөздің аслаут позициясында көп байқалады дейді ғалым.

Сөздің аяғына дауысты дыбысты қосып қолдану француз тіліндегі жіңішке [n] дауыссызына байланысты. Аталған дыбыстың анатогі түрік тілінде жоқ. Француз тілінің жазбаша формасында бұл дыбыс *ng* түрінде беріледі. Ал түрік тілінде бұл дыбысты игеру біршама өзгеше. Сөздің соңына келетін *ng* дыбысы түрік тілінде *y+a* қосындысы арқылы игеріледі. Бұл форманың жалғануы негізінен француз тіліндегі

жіңішкелікті сақтауға байланысты: *Almanya* «Германия» (фр. *Allemagne*), *İspanya* «Испания» (фр. *Espagne*), *Polonya* «Польша» (фр. *Polongne*), *şampanya* «шампанское» (фр. *champagne*), *kampanya* «кампания» (фр. *campagne*), *kolonya* «одеколон» (фр. *eau de Cologne*).

Сөздің акценттік-фонетикалық дыбысталуы нәтижесінде соңғы бір немесе бірнеше дыбыстың түсіп қалуы апакопа деп аталады. Соңғы екпінсіз дауыстының түсіп қалуы түрік қолданысындағы француз сөздерінде кездеседі: *telgraf* «телеграф», «телеграмма» (фр. *télégramme*); *kırtaj* «аборт» (фр. *curetage*); *kaptan* «капитан», *klarnet* «кларнет» (фр. *clarinette*), *makyaj* «макияж» (фр. *maquillage*), *papuon* «галстук» (фр. *papillon*), *eroınman* «наркоман» (фр. *héroïnomanie*), *kokainman* «кокаинист» (фр. *cocainomanie*), *morfinman* «морфинист» (фр. *morphinomanie*) және т.б.

Түрік тілінің фонетикалық негізгі заңдылығы – дауысты дыбыстардың үндестігі және дауыссыздардың ассимиляциясы. Бұл заңдылықтар француз тілінен енген кірме лексикалық бірліктердің өзгеруіне ықпал етеді. Мысалы, [l] дауыссыз дыбысы француз тілінде жіңішке, орыс тіліндегі *ль* дыбысына жақын. Француз тілінде аталған дыбысты айтқанда тілдің ұшы тіске тіреліп, тілдің ортасы төмен түседі. Түрік тіліне енген кірме сөздер бұл ерекшелікті сақтайды. Мысалы: *legal*, *lirik*, *atlantik*, *asamble*.

[R] дауыссыз дыбысы. Француз тілінде бірнеше дыбыстық варианттар арқылы жасалатын бұл дыбыс түрік тілінде біршама өзгертіліп игеріледі. Француз тілінде <р> фонемасының жасалым, айтылым жүйесі түрік тіліндегі <р> фонемасымен сәйкес емес. Француз тіліндегі аталған дыбыс қазақ тіліндегі [ʀ] дыбысына сәйкес келіп түсетін тұстары бар, сонымен қатар кейбір позицияда француз тілінде *p* дыбысы солғын айтылады. Француз тілінің мұндай ерекшеліктері түрік кірме сөздерінде ескерілмейді: *jeneratör* [ʒ eneratöer] – *generateur* [ʒ eneratöe : r].

h дыбысы француз тілі орфографиясында ескеріле бермейді. Бірақ сөздің мағынасын ажыратуда ықпалы бар болып есептеледі. Түрік тіліне енген француз сөздерінде бұл заңдылық сақталмайды. Яғни түрік тілінде көмей <h> фонемасы жазылады және айтылады: *hostes* [hostes] – *hôtesse* [otes]. Алайда француз тілінің айтылым заңдылығына негізделген тілдік бірліктер де жоқ емес: *eroın* [eröın] – *heroïne* [eröın].

Түрік тілінде сөздің соңғы позициясында дауыссыздардың топтасып келуі тілдік заңдылыққа сәйкес емес деп есептеледі. Сондықтан француз тіліндегі *film*, *celindrigue* сөздері түрік тілінде *filim*, *silindirik* түрінде игерілген.

Француз тілінде қосар дауыссыз дыбыстар бір ғана дыбыс түрінде оқылады. Түрік тіліне енген француз тілінің кірме элементтерінде бұл жағдай ескеріле бермейді: *entelektiuel* [entelektüel] – *intellectuel* [etelektüel], *desen* [desen] – *dessin* [desɛ], *mamut* [mamut] – *mammouth* [mamut].

Түрік орфографиясының негізгі принципі фонетикалық болып табылады. Сондықтан француз тілі сөздеріндегі сөздің соңғы позициясында келетін ұяң дауыссыз фонемалар қатаңданып барып игеріледі: *b* → *p*, *d* → *t*, *g* → *k*, *ʒ* → *f*:

Қазіргі түрік тілінің кірме сөздерді игеру механизмдерін 1929-1940 жылдары қазақ қоғамында қолданылған латын графикасына негізделген қазақ жазуынан да көруге болады. Мысалы:

-бірінші, екінші, үшінші, төртінші буындарда [a] дыбысына екпін түскен жағдайда, сөздің жуан немесе жіңішкелік қасиетіне байланысты [a], [ə] арқылы игерілді және таңбаланды;

- бірінші буында: [á]вгуст – *avgys//agus//aquvs*, см[á]нция – *stansa*, ф[á]брика – *pəvirig*, тp[á]ктор – *tiraktыр//tirəktir*, м[á]стер – *məstir*; [á]дрес – *ədiris*. Екінші буында: бкв[á]рь – *вкivar*, комб[á]йн – *камвајьн*, тир[á]ж – *tijraç*, февp[á]ль – *ревьрал*, плак[á]т – *pulakat*. Үшінші буында, төртінші буында: матем[á]тика – *matematjike//mətemətjike*, партиз[á]н – *partьjzan//pərtijzəп*, матери[á]л – *materьjel//materьjal//materijel* т.б.;

- екпіннің алдында бірінші буындағы [a] дыбысы сөздің жуан немесе жіңішкелік қасиетіне байланысты [a], [ə] түрінде игерілді және таңбаланды: плак[á]т – *pulakat*, матери[á]л – *materьjel//materьjal//materijel*, анк[é]та – *ənket*, арм[é]ль – *ərtel*, тар[é]лка – *tərelke*, балъз[á]м – *vəlzəт*.;

- екпіннен кейін келген дауысты [a] дыбысы сөздің жуан немесе жіңішкелік қасиетіне байланысты және екі дауыссыздан кейін келген жағдайда қысаң *ы*, *і* немесе *е* дыбыстарына алмастырылды және солай таңбаланды: т[ó]нна – *тоннь*, в[а]нна – *ваннь*, б[á]нда – *вандь*. Сөздердің бұлайша жазылуы алғашқы буындарға түсетін екпін қазақ тіліне қабылданып естілуінде, яғни сөздің соңындағы [a] дыбысы екпін түспегендіктен және көмескі естілгендіктен [ы], [і] алмастырылды;

- сөз ішіндегі дыбыстар құрамына жаңадан бір дыбыстың қосылып таңбалануы арқылы (протеза): *республика*, *литр*, *Сталин*, *школа* тәрізді сөздерді айтқанда [ы] дыбысы естілгендіктен, жазуда да таңбалап отырғанын көруге болады. Мысалы, *Партийаның жəнə көсеміміз ЫСталиннің басқаруы мен табысты ілгері басалық деп Мырзажан сөзін бітірді* («Сатсыйалды құрылыс». 16 ноябрь, №49. 1933 ж.) *Одақтық жер кəмесарыйатының іреспублилік, Өлкелік, Обылыстық* («Сатсыйалды құрылыс». 3 окт. №14. 1933 ж.). *Өндіріс пұрағырамы бойынша 1933 жылы сыйыр пермісінен 63000 ілетір сүт сауылғудың орынына 1 өктəбірге 68790 леміп сүт сауылған ал қой пермісінде сол сыйақты 10520 ілетір сүт сауылып, жоспары 105 пұрсент орындалған* («Сатсыйалды құрылыс». 16 ноябрь, №49. 1933 ж.); Қазақ тілінің үндестік заңдылығына сәйкес *ромб*, *факт*, *фонд*, *банк* сияқты бір буынды кірме сөздер *ромбы*, *пəкті*, *понды*, *банкі* түрінде игерілді. Бұл мысалдарда қазақ тіліндегі *ы-і* қысаң дауыстылары – эпитеза жасаушы элементтер болып табылатындығы. Акценттік-фонетикалық игеру үдерісіне байланысты кірме сөздерде, қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне тән емес қатар келген екі дауыссызы бар сөздер соңында апокопа құбылысы кездеседі: *текст* – *текис*, *машинист* – *мəшійнійс* т.б. тәрізді сөздердегі [т] дыбысы түсіріліп таңбаланды.

Сонымен, латын графикасына көшу мәселесінде қазақ тілі түрік тілінің мынадай лингвистикалық тәжірибесін негізге алуына болады: бірінші, латын графикасына негізделген әліпбиде бір әріп – бір фонема принципі сақталуы тиіс; екінші, мағына ажырататын әрбір тілдік дыбыстық бірлікке таңба арналуы тиіс; үшінші, кірме сөздерді түпнұсқа принципімен емес, фонетика-фонематикалық принцип арқылы таңбалау тиімді.

Түрік тіліндегі ескі сөздердің жазылу ерекшелігі мен емлесі жайында

Түрік ғалымдарының тұжырымынша, түркі халықтарының ең алғашқы әліпбиі – көктүрік жазуы, одан кейін ұйғыр түркілері өздеріне арналған ұйғыр әліпбиін қолданады, ал ислам діні қабылданғаннан кейін араб жазуы қолданысқа енген. Алайда бірнеше ғасыр қолданыста болған араб жазуындағы қиындықтар мен кемшіліктер кейіннен қызу талқыға түсіп, мемлекеттің жазуын түбегейлі реформалау қажеттілігі көтеріледі. Түркияда латын әліпбиіне көшу сонау ескі Османлы заманынан бастап-ақ қолға алынған болатын [62].

Тарихи мәліметтерге сүйенсек, «1839 жылы сұлтан Абдулмажит кезеңінде жасалған танзиматта (ірі саяси реформа) тұңғыш рет жаңа әліпбиге көшу мәселесі қозғалған. Танзиматтың белді мүшесі Муниф Паша 1862 жылы Османлы империясының ғылымына жаңа бағдарлама ұсынып, араб жазуы ауызекі сөйлеу тілінен мүлде алшақ жазылатынын, оның үндестік заңына сәйкес келмейтінін, сондықтан да кемшіліксіз әліпбиге көшу мәселесі туралы алғаш рет ұсыныс жасайды» [63]. Бұл ұсыныс 1863 жылы Әзербайжан ғалымы Фетх Али Ахунзаде, Садыразам Фуад сынды белгілі тұлғалар қолдауына ие болады. Сондай-ақ 1879 жылы жаңа әліпби жасап шыққан ғалым Шемседдин Сами Бей Османлы түрікшесі үшін үлкен реформаның қажеттілігін көтереді. Алайда Османлы империясының негізгі күші болып табылатын араб әліпбиін латынға ауыстыру ол замандарда тіпті мүмкін емес жағдай еді.

Бұдан кейінгі мезгілде араб жазуын ауыстыру мәселесі 1911 жылдардан бастап қайта көтеріледі. Жоғарыда айтылғандай, 1862 жылғы Муниф Пашаның Османлы империясында ұсынған жаңа бағдарламасын қолдаған ғалым Исмаил Хакки Бей 1911 жылдан бастап газет беттеріне мақалалар жариялай бастайды. Оның мақаласы кейіннен қолдау тауып, Хусейн Жахит, Абдуллах Жевдет, Желал Нури, Кылычзаде Хакки бей сияқты ғалымдар араб әліпбиін өзгерту қажеттілігін қолдайды.

1913 жылы «Танин» газетінің ең бірінші бетіне белді ғалым Хусейн Жахит «Жаңа жазу тәжірибелері» атты мақала жариялап, онда әскери академия министрі Енвер Паша сол академия ішінде жаңа жазуды (латын) қолдануға бұйрық бергені жөнінде мәлімет келтіреді. Алайда бұл уақытта Балқан соғысы жүріп жатқандықтан, жаңа әліпбиге көшуді тыңғылықты ретке келтіруге мүмкіндік те болмайды және сол кезде әскери академияда офицер болып қызмет атқарған Исмет Инөнү министр Енвер Пашаға «Сіздің жасаған реформаңыз сөз жоқ құптауға тұрарлық. Бірақ қазір соғыс жүріп жатқандықтан, әскери бөлімшелер арасында рапорттар жазуда бұл әліпбиді қолдану қолайсыз. Себебі жаңа әріптерді тез оқып кету қиынға соғады. Сондықтан жаңа әліпбиге соғыстан кейін көшсек», – деген ұсыныс хат жазады. Сонымен қатар, сол кездегі Оқу-ағарту министрі Емруллах Ефенді «Ғылым, ілім бұйрықпен жасалмайды» деген ұранмен Енвер Пашаның академия ішінде қолдануға рұқсат еткен әліпбиін «Хатти Енвери», «Енвер әліпбиі», «Алман әліпбиі», «Орда әліпбиі» деген айдар тағып, қатты сынға алады. Ресми ісқағаздарда, мемлекеттік дәрежеде қолданылмағандықтан, бұл әліпбидің ғұмыры қысқа болады [63].

Бұдан соң 1919 жылдың 7-8 шілдесінде өткен «Ерзрум» конгресінде Мұстафа Кемал Ататүрік болашақта орындалатын жоспарлар туралы мәліметінің ішіне осы

әліпби мәселесін де айтып өтеді. 1924 жылдың басында іссапармен Измирге келген Мұстафа Кемалға журналистер «1913 жылы Енвер Паша қолданысқа ендіріп, алынып тасталған латын әліпбиіне көшу қашан жүзеге асырылады?» деген нақты сауал қояды. Бірақ журналистердің сауалы жауапсыз қалады [62]. Дәл сол 1924 жылы Берлиндегі түрік студенттері «Жаңа әріптер бірлігі» қоғамын құрады да, түріктердің латын әліпбиін қабылдауын талап етеді. Тіпті «Жаңа жазу» атты журнал да шығара бастайды. Ал 1925 жылы газет беттерінде ғалым Исмет Инонудың «Әліпбидің ауысуы дінімізге ешқандай қарсы әсер етпейді және жаңа әліпбиге көшуді дұрыс қабылдайық» деген үндеуі жарияланады. Осыдан соң қайтадан латынға көшу тақырыбы аясында мыңдаған мақалалар жарық көре бастайды. 1926 жылы профессор Кюхне мен Мұстафа Кемал венгр әліпбиі мен латын әріптеріне арнайы зерттеу жүргізеді. 1928 жылдың 8 қаңтарында Әділет министрі Махмут Есат үкімет жиналысында латын әліпбиі жайлы сөз қозғайды. Сол жылы 8 наурызда премьер-министр Исмет Паша тек латын әліпбиіне ғана қатысты арнайы жиналыс өткізеді. Ал мамыр айында «халықаралық стандарт жүйесіне өтуге» нақты шешім қабылданады да, дереу министрліктер құрамының шешімімен «Тіліміздің латын әліпбиі арқылы жазылуы мен жүзеге асырылуы» атты Тіл комитеті құрылады. 24 мамырда латын әліпбиінің қағидаларына қатысты заң қабылданады [62]. Осыдан кейін түрік көшбасшысы Мұстафа Кемалдың бұйрығымен комиссия құрылып, латын әліпбиін жасау мен оған көшу тәсілдері қарастырылады.

Осы комиссияның алғашқы отырысында-ақ «Османлы (ескі) түрікшесіндегі кірме сөздердің дыбыстық ерекшеліктерін көрсететін әліпби жасау керек пе, төл сөздердің дыбыстық ерекшеліктерін көрсететін әліпби жасау керек пе» деген тақырып аясында үлкен тартыс болады. Тартыс нәтижесі *«араб жазуында түпнұсқамен жазылып жүрген ескі сөздерді латынға таңбалағанда ауызекі сөйлеу тіліне икемдеу керек»* деген қорытындыға келеді. Екінші бір тартыс «Q» әрпін алу немесе «K» әрпін қолдану. Комиссия шешімімен «K» дыбысы қалады. Одан кейін төл тілдегі «H» әрпін таңбалау мәселесі де үлкен тартысқа себепкер болады. Комиссия шешімімен «H» дыбысының орнына латындағы «N» әрпі алынады.

Латын әліпбиіне көшу тәжірибесін зерттеу мақсатымен 2013 жылы арнайы ұйымдастырылған ғылыми іссапар кезінде А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мамандарына сұхбат берген түрік ғалымдары осы «ң» дыбысының орнына «п» дыбысы еніп кеткендіктен, қазіргі жастардың «н» дыбысын мүлде айта алмайтынын, сондықтан болашақта сол дыбысты қайтадан жандандыру мәселесі ойластырылып жатқандығын тілге тиек етті. Яғни түрік жеріндегі жасы үлкен адамдардың тілінде ғана «ң» дыбысы сақталып, ал жас ұрпақтың сөйлеу тілінде бұл дыбыс мүлде жойылып бара жатқан көрінеді. Ал негізінде «ң» дыбысы түріктің төл дыбысына жатады екен.

Латын әліпбиін қабылдағаннан кейін 1928 жылдың 1 желтоқсанында Тіл Алқасы алғашқы «Емле сөздігін» жарыққа шығарады. Ондағы мақсат – араб әліпбиімен жазылып жүрген сөздерді латын әліпбиінде қалай таңбаланатындығын көрсету болады. Барлық емле сөздігін арнайы зерттеген түрік ғалымы Гюлер Метин 13 жыл қолданыста болған алғашқы «Емле сөздігіндегі» ережелерде көптеген олқылықтар мен кемшіліктер кеткендігін, бұл «Емле сөздігі» сол замандағы тіл талаптарына толығымен жауап бере алмағанын, ескі османлы жазу жүйесіне негізделген сөздер

мен араб, парсы сөздерін таңбалауда бірізділіктің болмағанын айтады [62]. Алғашқы «Емле сөздігінде» сөздердің жазылуы фонетикалық тәсіл арқылы жүзеге асырылады. Яғни жазба тілді ауызекі сөйлеу тіліне жақындату мақсат етіледі.

1928 жылдан кейін 1941 жылы жаңа «Емле анықтағышы» жарық көреді. «Емле сөздігінде» кеткен кемшіліктер қайта қаралып түзетіледі. Бас әріптердің қолданылуы, қос сөздердің, біріккен сөздердің жазылуы тәрізді мәселелер жаңадан қолға алынады. Алғашқы «Емле сөздігінде» османлы (ескі) жазуының ерекшелігіне сай таңбаланған сөздер мүлде алынып тасталады. 1941 жылы шыққан «Емле анықтағышынан» кейін Түрік тілі құрымы 1948, 1956, 1960, 1962 жылдарда «Емле анықтағышын» қайтадан шығарады. Алайда олардың 1941 жылы жарық көрген анықтағыштан еш айырмашылығы болмайды. Тек олар латын әліпбиін жатырқамай еркін қолдануға үлкен септігін тигізеді. Ал 1965 жылы шығарылған «Жаңа емле анықтағышында» грамматикалық ережелер жаңадан құрастырылады. Мәселен, *söliyen* (сөйлеген), *olmıyan* (болмаған) деп жазылған көптеген сөздер *söyleyen*, *olmayan* деп түзетіледі. Сондай-ақ екі түрін де жазуға рұқсат еткен *tren-tiren*, *plan-pilan*, *aшық-гашық* тәрізді т.б. көптеген кірме сөздердің бір нұсқасын қалдырады. Бұл анықтағыш еш өзгеріссіз 1966, 1967, 1969 жылдары бірнеше рет басылып шығады. 1970 жылы «Жаңа орфографиялық анықтағыш» деген атаумен бес рет жарық көреді. Бұл анықтағыштың ерекшелігі грамматикалық ережелерді берген кезде «*имлаа*» (емле) сөзінің орнына «*иазым*» (жазу) сөзі қолданылады. Бұл еңбек 1973, 1975 жылдары қайта бастырылады. Ал 1977 жылы жарық көрген «Орфографиялық анықтағышта» *келиме*, *иша-рет*, *алфабе* тәрізді т.б. кірме сөздер алынып тасталып, орнына *сөзжук*, *им*, *абеже* тәрізді түрік сөздері енгізіледі. Бұл анықтағыш 1980, 1981 жылдарда қайтадан жарық көреді. Ал 1985 жылы басылып шыққан «Орфографиялық анықтағышта» көптеген сөз 1941 жылдағы шарттарға сай жазыла бастайды [62].

2005 жылы жарық көрген «Орфографиялық анықтағышта» *имлаа* сөзі түбегейлі *иазым* болып ауыстырылады және араб, парсы тілдерінен енген сөздердегі «л» дыбысынан кейін келген «а» және «ұ» дауыстыларының үстіне «түзету белгісін» қоймау, *хане* сөзінің тіркесуі арқылы жасалған сөздерді бірге таңбалау және сөз арасындағы «h» әрпін мүлде алып тастау (*eczahane-eczane* (дәріхана), *hastahane-hastane* (аурухана), *pastahane-pastane* (кулинария), *postahane-postane* (пошта) сияқты ережелер қабылданады.

1928 жылдан бүгінге дейінгі кемшіліктердің алдын алу мақсатында Түркияда 34 орфографиялық сөздік жарық көрген екен. Алайда бұл орфографиялық сөздіктерде күні бүгінге дейін бірізділіктің, ортақ грамматикалық ережелердің болмауы, тіпті еңбектердің бірде *имлаа*, бірде *иазым*, бірде *орфография* болып әртүрлі аталып жүргені өкініш тудырады дейді түрік ғалымдары.

Қаракылыч Аккын өзінің 2007 жылы жарық көрген «Түрік тілінің бүгінгі мәселелері» атты еңбегінде түрік тіліндегі айтылуы мен жазылуы әртүрлі болып жүрген сөздерде жіберілген қателіктер туралы: «Түрік тілі ешқашан айтылуы бойынша жазылатын тілдер қатарына жатпайды. Мысалы, түрікшедегі *агабей* сөзінің бүгінгі таңда ауызекі сөйлеудегі сияқты *аби* деп жазылуы қате түсінік, бұндай көзге оғаш көрінетін қателіктердің көбеюі көркем тілімізді бұзады», – дейді. Бұндай қателіктердің

орын алуының басты себебі, біздің ойымызша, түрік тілінде «Орфоэпиялық сөздіктің» жоқтығынан.

Сонымен қорыта айтқанда, түрік тілінде ескі сөздер ғана емес, күнделікті тілдік қолданыстағы сөздер мен шеттен енген сөздер де әр жылдары шыққан орфографиялық сөздіктерде әртүрлі таңбаланған, сонымен қатар бірге, бөлек таңбаланатын сөздердің де әртүрлі жазылатыны байқалады. Бір қызығы, бұл сөздердің екі нұсқасы да орфографиялық сөздіктерде берілген. Мысалдар «İmlâ Kılavuzu» (Ankara: TDK, 2005), «Türkçe Sözlük» (Ankara: TDK, 1998) және 1993, 1996, 2000, 2005 жылдардағы Түрік тілі қурумынан шыққан орфографиялық анықтағыштардан алынды:

- Açelya – Azalea (азалия өсімдік аты)*
- Aferin – Aferim (жарайсың, бәрекеді)*
- Aile – Ayle (отбасы, жанұя)*
- Alarm – Alarım (дабыл)*
- Anemom – Anemonis (анемон сарғалдақ тұқымдас өсімдік)*
- Arzetmek – Arz Etmek (арыз ету)*
- Bamyа – Batia (бамия өсімдігі және оның жемісі)*
- Barbunya – Barbunia (бұршақ тұқымдас өсімдік)*
- Baş Vurma – Başvurmak (құжат өткізу)*
- Biber – Piperi (бұрыш)*
- Bulgur – Bligouri (бидай жармасы)*
- Çiftlik – Çiftlik (шаруа қожалығы)*
- Çünkü – Çünkü (себебі)*
- Farketmek – Fark Etmek (байқау, сезу)*
- Fasulye – Fasoulia (фасоль)*
- Fulya – Fulia (сары түсті ұсақ гүл)*
- Hafrıyat – Harfıyat (қазба жұмыстары)*
- Hak etmek – Hak Etmek (лайық болу, еңбегі сіңу)*
- Herbiri – Her Biri (әрбірі)*
- Hergün – Her Gün (әр күні)*
- Herhangibiri – Herhangi Biri (қандай да бір)*
- Herşey – Her Şey (әр нәрсе)*
- Her yer – Her Yer (әр жер)*
- Hiç Bir Şey – Hiçbir Şey (еш нәрсе)*
- Isranak – Spranaki (саумалдық)*
- Karanfil – Karafilli (қалампыр)*
- Kayısi – Kaisi (сары өрік)*
- Kestane – Kastano (каштан, талшын ағашы)*
- Kıprık – Kırpik (кірпік)*
- Kiraz – Kerasi (ише)*
- Köknar – Kukunari (көкнәр)*
- Krizantem – Krisantemi (хризантема)*
- Lahana – Lahano (орамжапырақ)*
- Limon – Lemoni (лимон)*
- Mandalina – Mandarini (мандарин)*

Manolya – Manolia (магнолия)
Mantar – Manitari (саңырауқұлақ)
Marul – Maruli (сүтшөп)
Matba – Matbaa (баспахана)
Maydanoz – Maidanos (петрушка)
Meuva – Meyve (жеміс)
Muhtacolmak – Muhtaç Olmak (мұқтаж болу)
Nilüfer – Nülüfer (тұңғиық, кувшинка – су астында өсетін өсімдік)
Papatya – Papadia (түймедақ)
Patlıcan – Patlatzani (баклажан)
Pırasa – Praso (пияз тұқымдас өсімдік)
Sümbül – Zoumbouli (сүмбілиаш)
Şehidolmak – Şehit Olmak (шейіт болу)
Tedbir – Tetbir (шара)
Vadetmek – Vaat Etmek (үәде беру)
Vaz Geçmek – Vazgeçmek (айну, бас тарту)
Ve Ya – Veya (немесе)
Ya Hut – Yahut (не, немесе)
Zatüre – Zatürree (өкпенің қабынуы, пневмония)

Түрік халқының ескі, орта кезеңдердегі тарихи жазба жәдігерліктерді латын қарпімен транскрипциялауда өзіндік мынадай ұстанымдары бары анықталды:

- түрік тілі оғыз тілдер тобына жататындықтан, оғыз лексикасына қатысты сөздер сол тілдің айтылым, жазылым заңдылығына қарай берілген. Мысалы, *ев – үй*.

- кірме араб-парсы сөздері сол төл тіліндегі қалпын емес, түркі тілінің дыбыстық заңдылығын ұстанған. Мысалы, *тасбих-тесбих, гауһар-гевһер*;

Тұрұп иұнды қылды иана таң намаз,

Ду а қылды,тесбих иеме құдты аз.

Дәрет алып, таң намазын оқыды,

Дұға оқырда тасбих ұстап отырды.

- түрік тілінде ауызша сөйлеу тілінде байқалатын, бірақ түрік әліпбиіне енбей қалған *-ң, -қ, -в, -h* дауыссыздардың жазба мұрағаттар тілінде транскрипциялауда қолданыс тапқан.

Араб тіліндегі дауыссыз дыбыстар	Латын таңбалармен белгіленуі	Мысал
ق Қ	қ	<i>Қил- қыл</i>
ح Һ	Н	<i>Сohbet –сұхбет</i>
ڭ Ң	Ng	
و дауыссыз В	В	<i>Devlet -девлет</i>

Ал латын қарпіне көшпей тұрған кезеңдегі өзбек, татар т.б. түркітанушы ғалымдар араб графикасымен берілген ескерткіштер мәтіндерін кирилл жазуымен бергенде өз тілдеріне жақындатып транскрипциялау үрдісі орын алып келгені мәлім. Қазақ тіл білімінде де ескерткіш мәтіндері бөгде тілдің ықпалына ұшырап, былайша бұрмаланып келді: *ұ* дыбысы *у* болып, *і* дыбысы *и*. Алайда, араб әліпбиінде дауысты дыбыстардың үш-ақ түрі болғандықтан, түркі тілдеріндегі барлық дауыстылар осы үш

таңбаға сыйдырылған. Мысалы, өзбек ғалымы Э.Фазылов «Староузбекский язык хорезмские памятники XIV века» деген еңбегінде жазба ескерткіштердің мәтінін транскрипциялауда өзбек тілінің тілдік заңдылығына қарай икемдеп транскрипциялаған [64]. Ал түрік тілшілері де арабтың 3 ұзын және 3 қысқа дауысты дыбысын латын әріптерімен белгілеуде өз тілдеріне икемдеген.

Араб тіліндегі дауысты дыбыстар	Латын таңбалармен белгіленуі
ا – А	А
و – У	жоқ
و – Ұ	U
و – Ү	Ü
ى – И, Й	Y
ى – Ы	I
ى – І	İ
◌ – (ә-фәтхә)	А
	Е
◌ – (у-дамма)	Ü
◌ – (е-кәсра)	İ
	Е

Ескертетін жайт: жазба мұрағаттарда сөздің бастапқы позициясында кездесетін ى (-и) дыбысын түрік ғалымдары *iki, bişin?i*, ал біз кирил таңбасымен транскрипциялауда -е-мен беріп жүрміз. Мысалы, *ики* емес, *еки*, *бішінчи* емес, *бесінші* т.б.

Ендеше «ерте заманда түркі халықтарына ортақ болып келген жазба мұраларымыздың мәтіндерін латын қарпіне транскрипциялауда қандай ерекшеліктер болуы тиіс?» деген мәселе туындайды.

Түркі халықтарына ортақ жазба мұраларымыздың басым көпшілігі қыпшақ, оғыз, қарлұқ тілдеріне тән элементтермен аралас жазылғанын ескерсек, әр топқа тән бірліктердің лексикалық, морфологиялық белгілеріне қарай сол тілдің дыбыстық ерекшеліктеріне сай транскрипциялануы қажет. Бұндай ерекшеліктердің бар екенін М.Қашқаридің еңбегінде де ескерілген. Мысалы, М.Қашқари да түркі тілдерінің дыбыстық өзгерістерін салыстыра отырып, әр тайпаның тіліндегі ерекшеліктерді көрсетеді. Оғыздар, қыпшақтар сөз басында -а-ны қолданса, кейбір түркі рулары сөз басында -и-ді қолданатындығын айтып, бұның өзі бір дыбыстық жүйе екенін аңғартады. Мысалы, *алиг су* немесе *илаг су* (таза су) [65]. Әбілғазының «Түркі шежіресін» транскрипциялаған профессор Б.Әбілқасымовтың пікірі мынадай: «Біз талдап отырған қолжазба таза араб әліпбиін емес, жалпытүркілік әліпбиін қолданған қыпшақ тілі негізінде жазылғандықтан, араб тіліндегі дауысты дыбыстарды қазіргі қазақ тілінің дыбыстарына салып беруге тырыстық» [66].

Бұдан жазба мұраларымыздың қыпшақ диалектілеріне қатыстылығын дәлелдеу үшін қыпшақ лексикасына тән сөздерді латын қарпімен транскрипциялауда қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына жақындатып транскрипциялау жөн деп есептейміз.

Латын әліпбиіне негізделген түрік тілінің орфографиясы мен орфоэпиясы (қазақ және түрік тілдерін салыстыру негізінде)

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиіне өту мәселесі көп жылдардан бері қозғалып келеді. Осыған орай латынға өткен жағдайда орфография мен орфоэпия мәселесін қалай шешуге болады деген мақсатпен өзге тілдердің тәжірибелеріне сүйену қажеттілігі туындап, түрік тілінің тәжірибесін қарастыру көзделді. Өйткені латын графикасына көшкен өзге тілдердің тәжірибесіне көңіл бөлу қазіргі таңда маңызды болмақ.

Жалпы әрбір халықтың сөйлеуі мен жазылуында өзіндік ерекшеліктер болады. Осы орайда қазақ тілінің жазылу нормасына арналған «Орфографиялық сөздігі» алғаш рет 1941 жылы жарық көріп, жылдар өткен сайын жаңа редакциямен қайта шығып отырса, қазақ тілінің әдеби айтылуы мен екпінін көрсететін «Орфоэпиялық сөздігі» 1977 жылдан бері бірнеше рет жарық көрді.

Ал енді туыстас түрік тілінің жазылым және айтылым нормаларына арналған еңбектерге кеңінен тоқталайық.

Түрік тілінің орфографиясы. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, араб әліпбиіне негізделген түрік тілінің жазуындағы қиындықтар ашық айтыла бастады. 1928 жылы Мұстафа Кемал Ататүріктің бастамасымен латын әліпбиіне көшкеннен кейін емле мәселесінде жаңа бір бетбұрыс пайда болды. Жаңа әліпбиді енгізу жұмыстарын жүргізген Әліпби кеңесі (Alfabe Encümeni) 1928 жылы Ибрахим Грантайдың дайындаған «Әліпби есебін» жариялады. Осы жылы Тіл кеңесі (Dil Encümeni) тарапынан жазуда бірізділікті сақтау мақсатымен «Әліпби есебіне» негізделген «İmlâ Lûgatı» (Емле сөздігі) жарық көрді.

Бұл еңбектің кіріспесінде түрікше сөздермен қатар кірме сөздердің, біріккен сөздердің жазылуы, бас әріптің қолданылуы секілді бірқатар емле принциптері орын алды. Біріккен сөздердің жазылуы Тіл кеңесі тарапынан әзірленген «Қысқаша түрік грамматикасында» (Muhtasar Türkçe Gramer) көрсетілуі бойынша берілген. Мысалы: *başvekil, demiryolu, önyak, uluorta, yalınkat, yeraltı, yüzükara, yüzüstü* және т.б. Сонымен қатар, араб тілінен енген сөздердің жазылуында циркумфлекс (^) және апостроф (') секілді диакретикалық белгілердің қолданысы да түсіндірілген. Сөздік бөліміндегі сөздердің тізімінде Шемседдин Самидің 1901 жылы жарық көрген және негізінен Анадолы түрікшесіндегі сөздер енгізілген «Kamus-ı Türkî» мен «Yeni Türkçe Lûgat» атты түрікше сөздіктердегі сөздер негізге алынса, сол жылдардың жазу тілінде қолданылмайтын, халықтың ұнатпаған сөздері алынып тасталды. Ал соңғы бөлімінде кейбір сөздердің жазылуын көрсеткен қосымша тізім мен ел және өлке аттарының жазылу түрі көрсетілген. Сонымен алғашқы емле сөздігі 13 жыл бойы қолданылады.

Алайда, «Емле сөздігінде» қолданыста бар кейбір кірме сөздердің емлесі берілмеу, жазу ережесі нормаларының ашық түрде түсіндірілмеу салдарынан бірқатар қарсы пікірлер туындады. Сонымен қатар, жазба тіл мен сөйлеу тіл арасындағы айырмашылықтарды жою арқылы тілдегі бірізділікті сақтау, түрік тілін дамыту, байыту, ерекшелендіру жұмыстарын жүргізу және түрік тілін зерттеу үшін бір қоғам құру қажеттілігі туындады.

1932 жылдың 12 шілдесінде Ататүріктің нұсқауымен «Түрік тілін зерттеу қоғамы (Türk Dili Tetkik Cemiyeti)»¹ құрылып, 1932 жылдың 26 қыркүйегінде Бірінші Түрік тілінің құрылтайы өтті. Құрылтайда алынған шешімдердің негізінде Қоғам алдында сөздік жасау жұмыстарымен қатар, жазу ережесінің нормаларын белгілеу және орфографиялық анықтама дайындау істері тұрды. Осы мақсатпен Түрік тілін зерттеу қоғамында жазу ережесіне қатысты қиындықтар мен шешімдерді қарастыратын арнайы Мәдениет кеңесі құрылды. Кеңес Стамбул университеті, Анкара университетінің және басқа да жоғары оқу орындарының мамандарын жұмылдырып, газет, журнал, кітаптарда талқыланған емле туралы негізгі тұжырымдарды жан-жақты қарастырды. Нәтижесінде жарыққа шығарған «Орфографиялық анықтама жөнінде бір жоба» атты кітапшаны мамандарға жібереді. Мамандардың пікірлерін ескере отырып, қайта дайындалған «Жоба» атты еңбектің негізінде Емле сөздігінің екінші басылымы 1941 жылы «Емле анықтамасы» («İmlâ Kılavuzu») деген атпен жарық көреді.

Қазіргі таңға дейін түрік тілінің орфографиялық сөздігі, «Емле анықтамасы (İmlâ Kılavuzu)» (1948, 1956, 1957, 1960, 1962 жж.), «Жаңа емле анықтамасы (Yeni İmlâ Kılavuzu)» (1965, 1966, 1967, 1969 жж.), «Жаңа орфографиялық (емле) анықтама (Yeni Yazım (İmlâ) Kılavuzu)» (1970 ж.), «Жаңа орфографиялық анықтама (Yeni Yazım Kılavuzu)» (1973, 1975, 1977, 1980, 1981 жж.), «Емле анықтамасы (İmlâ Kılavuzu)» (1985, 1988, 1993, 1995, 1996, 2000, 2003 жж.), «Орфографиялық анықтама (Yazım Kılavuzu)» (2005, 2008, 2012 жж.) ретінде әртүрлі аттармен 80 жылдан астам уақыттың ішінде 27 рет басылып шықты. Бұл орфографиялық еңбектің әр басылымында өзгертулер енгізіліп, орфографиялық нормалар жаңа мысалдармен толықтырылып, өңделіп отырды.

Соңғы 2012 жылғы «Орфографиялық анықтама» Түрікше сөздікті (Анкара, 2011. 11-басылымы) басшылыққа ала отырып, алдыңғы басылымдардағы орфографиялық нормаларға қатысты бөлімде дауыстылардың түсуі, сандар мен символдардың жазылуы, үтір, нүкте үтір, леп белгісі мен апострофтардың қолданылуы сияқты тақырыптар өңделіп, жаңа мысалдармен толықтырылды. Сөздік бөліміндегі сөздер Түрікше сөздікте берілген реестрлік бірліктерден алынды. Сонымен, тілде болып жатқан өзгерістер мен соңғы жылдары тілдік ортада қалыптасқан жаңа қолданыстар осы орфографиялық сөздікке енгізілді [67].

Түрік тілін зерттеу қоғамы 2004 жылдан бастап, бастауыш мектепке арнап Түрікше сөздік пен Орфографиялық анықтама шығарып келеді. *Бастауыш мектепке арналған орфографиялық анықтаманы (İlköğretim Okulları İçin Yazım Kılavuzu)* дайындаушылар даулы мәселелердің кейбірін ғана қосып, бұл еңбекке негізінен көпшілікке белгілі, жиі қолданысқа ие сөздердің жазылу тұлғатын енгізді. 2014 жылы 6-басылымы жарыққа шыққан Бастауыш мектепке арналған орфографиялық анықтама «Орфографиялық нормалар», «Тақырыптардың тізімі», «Сөздік» бөлімдерінен тұрады. Анықтамадағы нормалар бастауыш сынып оқушылары ұғына алатын деңгейде берілуіне көңіл бөлінген. Орфографиялық нормаларды түсіндіру барысында түрік тілі пәнінде пайдалы болатын мәліметтерге де орын берілген [68].

¹ «Түрік тілін зерттеу қоғамы (Türk Dili Tetkik Cemiyeti)» 1936 жылы өткен Үшінші Түрік тілі құрылтайында қабылданған шешімнің негізінде «Түрік тілі қоғамы (Türk Dili Kurumu)» деп, бүгінгі таңға дейін аталып келеді.

Орфографиялық анықтаманың соңғы басылымына тоқталатын болсақ, бұл еңбекте түрік тілінің орфографиялық нормалары бойынша мынадай тақырыптар орын алған: *дыбыс, әріп және әліпби; дыбыстар мен дыбыс үндестігі; кейбір сөздер мен қосымшалардың жазылуы [ti / mi / tu / mü сұраулық қосымшаларының жазылуы, da, de жалғаулықтарының жазылуы, ki жалғаулықтарының жазылуы, ile (қазақшадағы – мен, бен, пен) жалғаулығының жазылуы, -da / -de / -ta / -te жатыс септігі жалғауының жазылуы, етістіктің жіктелуіне байланысты емле, тұйық етістік қосымшасының жазылуы, қосымша етістіктің жазылуы, күшейтпелі шырайдың жазылуы]; сандардың жазылуы; бас әріптің қолданыс аясы; біріккен сөздердің жазылуы [бірге жазылатын біріккен сөздер, бөлек жазылатын біріккен сөздер, фразеологизмдердің жазылуы, қос сөздердің жазылуы]; кірме сөздердің жазылуы; шет тіліндегі жалқы есімдердің жазылуы [латын жазуын қолданатын тілдердегі жалқы есімдер, араб-парсы тілдеріндегі жалқы есімдер, грек тіліндегі жалқы есімдер, орыс тіліндегі жалқы есімдер, түркі халықтарының тіліндегі жалқы есімдер]; тыныс белгілері [нүкте, үтір, нүктелі үтір, қос нүкте, үш нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі, қосарлық белгі, сызықша, тік сызықша, тырнақша, жақша, тік жақша, апостроф, буынның жасалуы және тасымал]; қысқартулар; символдар; қысқартулардың тізімі; тыныс белгілері мен басқа да белгілер; сөздік.*

Осы тұста түрік тілінде кірме сөздердің жазылуы мен шет тіліндегі жалқы есімдердің жазылуына ерекше тоқталып өткіміз келеді. Мәселен, анықтамада кірме сөздердің жазылуына байланысты кейбір мәселелер былайша көрсетіледі:

1. Қос дауыссыз әріппен басталған еуропа тілдерінен енген сөздерде дауыссыздардың арасына дауысты әріп қойылмай жазылады: *francala, gram, gramer, gramofon, grup, Hristiyan, kral, kredi, kritik, plan, pratik, problem, profesör, program, proje, propaganda, protein, prova, psikoloji, slogan, snop, spiker, spor, staj, stil, stüdyo, trafik, tren, triptik* vb. Алайда, түрік тілінің орфоэпиялық нормасы бойынша осы қатардағы кейбір сөздерде дауыссыздардың арасында «и» дауысты дыбысы қосылып айтылады: жазылымда –*plan*, айтылымда –*pilan*; жазылымда –*stil*, айтылымда –*sitil* және т.б.

Осы тәріздес бірнеше кірме сөздерде сөз басында немесе екі дауыссыздың арасында бір дауысты әріп қойылады. Бұл дауысты айтылымда да, жазылымда да көрсетіледі: *iskarpin, iskele, iskelet, istasyon, istatistik, kulüp* vb.

2. Қатарынан екі немесе одан да көп дауыссыз дыбыс келетін еуропа тілінен енген сөздерде дауысты қойылмай жазылады: *alafranga, apartman, biyografi, elektrik, gangster, kilogram, orkestra, paragraf, telgraf* vb.

3. Екі дауыссызбен аяқталған еуропа тілдерінен енген сөздерде, дауыссыздардың арасына дауысты әріп қойылмайды: *film, form, lüks, modern, natürmort, psikiyatr, seks, slayt, teyp* vb.

4. Еуропа тілдерінен енген кірме сөздердің ортасында не соңында кездесетін «г» дауыссызы түпнұсқа тіліндегідей қалады: *biyografi, diyagram, dogma, magma, monografi, paragraf, program; arkeolog, demagog, diyalog, filolog, jeolog, katalog, monolog, psikolog, ürolog* vb. Алайда, *fotoğraf* және *topoğraf* сөздерінде *g* дауыссызы *ğ* (жұмсақ *g*) дауыссызына ауысады.

Төмендегі жағдайларда еуропа тілдерінен енген сөздер түпнұсқадағыдай жазылады:

1. Ғылым, өнер және кәсіптік салаларда қолданылатын кейбір терминдер: *andante* (музыка), *cuprum* (химия), *deseptyl* (фармацевтика), *quercus*, *terminus technicus* (техникалық термин) т.б.

2. Латын жазуын қолданатын тілдерден енген тұрақты тіркестер мен сөз тіркестері: *Veni, vidi, vici* (келдім, көрдім, жеңдім); *conditio sine qua non* (міндетті шарт); *errur si tuove* (дүние ағысымен); *to be or not to be* (болу немесе болмау); *l'art pour l'art* (Өнер өнер үшін); *l'Etat c'est moi* (Ел меніңкі); *traduttore traditore* (сатқын аудармашы); *persona non grata* (белгісіз адам) және т.б.

Ал шет тіліндегі кісі аттарының жазылуына келер болсақ, латын жазуын қолданатын тілдердегі жалқы есімдердің түрік тілінде жазылуы төмендегідей:

1. Латын жазуын қолданатын тілдердегі жалқы есімдер түпнұсқадағыдай жазылады: *Beethoven, Byron, Cervantes, Chopin, Eminescu, Grimm, Horatius, Molière, Puccini, Rousseau, Shakespeare; Bologna, Buenos Aires, Iorga, Ile-de-France, Karlovy Vary, Latium, Loire, Mann, New York, Nice, Rio de Janeiro, Vaasa, Wuppertal* vb. Алайда, еуропа тілдерінде қолданылатын есімдердің оқылуы жақша ішінде беріледі: *Shakespeare (Şekspir)* т.б.

2. Тілімізде бұрыннан орныққан кейбір еуропа тілдеріндегі кісі аттары мен жер-су аттары түрікше айтылуына қарай жазылады. Мысалы: *Napolyon, Şarlken, Şarl (Demirbaş Şarl); Atina, Brüksel, Cenevre, Londra, Marsilya, Münih, Paris, Roma, Selânik, Venedik, Viyana, Zürich; Hollanda, Letonya, Lüksemburg* т.б.

3. Шет тіліндегі жалқы есімдерден туындаған мәдени ағым аттары түрікше айтылуына қарай жазылады: *Dekartçılık, Epikürcülük, Kalvenci, Kalvencilik, Kalvenizm, Kartezyenizm, Lüterci, Lütercilik, Marksçılık, Marksist, Marksizm* т.б.

4. Түпнұсқадағыда бөлек жазылатын жер-су аттары түрікшеде де солай жазылады: *Buenos Aires, Frankfurt am Main, Freiburg im Breisgau, Hyde Park, Mont Blanc, New Orleans, New York, Rio de Janeiro, San Marino, Wiener Neustadt, Titov Veles* т.б.

Араб-парсы тілдеріндегі жалқы есімдердің жазылуы. Араб-парсы түбірлес кісі және жер аттары түрік тілінің дыбыстық және морфологиялық ерекшелігіне қарай жазылады: *Ahmet, Bedrettin, Fuat, Mehmet, Necmettin, Nizamettin, Ömer, Rıza, Saadettin; Cezayir, Fas, Filistin, Mısır, Suudi Arabistan; Bağdat, Cidde, Erdebil, Halep, İsfahan, İskenderiye, Medine, Mekke, Şam, Şiraz, Tahran, Tebriz, Trablusgarp* т.б.

Грек тіліндегі жалқы есімдер. Грекше есімдер жазылғанда грек тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес келетін түрік тіліндегі әріптер қолданылады: *Homeros, Herodotos, Euripides, Pindaros, Solon, Sokrates, Aristoteles, Platon, Venizelos, Karamanlis, Papandreu, Onasis* т.б. Бірақ *Herodotos, Sokrates, Aristoteles, Platon, Pythagoras, Eukleides* есімдері түрік тілінде *Herodot, Sokrat, Aristo, Eflatun, Pisagor, Öklid* тұрпатында айтылады.

Орыс тіліндегі жалқы есімдер. Орысша жалқы есімдерді жазғанда орыс тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес келетін түрік тіліндегі әріптер қолданылады: *Bolşevik, Brejnev, Çaykovski, Çehov, Dostoyevski, Gogol, Gorbaçov, İlminskiy, İlyiç, Katayev, Klyaştorniy, Malov, Mendelejev, Prokofjev, Puşkin, Şolohov, Tolstoy, Yeltsin; Moskova, Omsk, Orenburg, Petersburg, Volga, Yenisey* т.б.

Қиыр Шығыс халықтарының тілдеріндегі жалқы есімдер жазылуы былайша беріледі:

1. Қытай есімдері түрік тілінде орныққан тұрпатына қарай жазылады: *Huangho, Kanton, Nankin, Pekin, Şanghai*. Қытай тілінде кісінің тегі есімдерден бұрын жүреді. Көбінесе тегі бір буынды болып, есімдері бір немесе екі буыннан жасалады. Есімдері бас әріппен жазылып, арасына қосарлық белгі қойылады: *Sun Yat-sen, Lin Yu-tang*. Алайда *Konfüçyüs* тәрізді әлемге танымал есімдер бірге жазылады.

2. Жапон есімдері де түрік тілінде орныққан тұрпатына қарай жазылады: *Tokyo, Hiroşima, Nagazaki, Osaka, Kyoto; Hirohito, Kayako Hayashi, Sbuishi Kato, Masao Mori*.

Түркі тектес халықтардың тіліндегі жалқы есімдер. Туыстас түркі тілдеріндегі кісі және жер-су аттары түрік тілінде орныққан тұрпатына қарай жазылады: *Azerbaycan, Özbekistan; Taşkent, Semerkant, Bakü, Bişkek; Abdullah Tukay, Abdür-rauf Fitrat, Bahtiyar Vahapzade, Baykonur, Cafer Cebbarlı, Cemal Kemal, Cengiz Aytmatov, İslam Kerimov, Muhtar Avazov, Osman Nasır* және т.б. [67, 25-27-бб.].

Түрік тілінің орфоэпиясы. Түрік тілінің орфоэпиялық нормасы бұрын-соңды кітап ретінде жарық көрмесе де, соңғы жылдары виртуалды ортада ұсынылған. «Дыбыстық түрікше сөздік (*Sesli Türkçe Sözlük*)» Түрік тілі қоғамы (*Türk Dil Kurumu*) тарапынан дайындалып, ондағы лексикалық бірліктер «Түрікше сөздіктің (*Türkçe Sözlük*)» реестріндегі сөздер бойынша құрылған. Бұл электронды сөздікке Түрік тілі қоғамының ресми сайтындағы «Сөздіктер» бөлімі арқылы кіруге болады. «Дыбыстық түрікше сөздіктің» парақшасына түріктің әдеби тіліндегі кез келген сөзді немесе сөз тіркесін жазған кезде, төменгі жағына оларға қатысты бүкіл лексикалық бірліктер тізіледі. Олардың әрбірінің үстінен басқанда, түрік тіліндегі сөз не сөз тіркесі әдеби тіл нормасына қарай дыбысталады (қараңыз: http://www.tdk.gov.tr/index.php?option=com_seslisozluk&view=seslisozluk).

Орфоэпия ұлттық әдеби тілдің қалыптасуы мен дамуына тікелей байланысты. Түрік тілінің әдеби тілі Стамбул сөйленісі бойынша қабылданғаны белгілі. Жалпы түрік тілінің диалектілері алғаш рет XIX ғасырдың орта шенінен бастап зерттеліп [69], қазіргі таңда түрік тіл білімінің ең көп зерттелген салаларының бірі болып табылады. Түрік тілінің диалектілік аймақтарын топтастыру тақырыбы біршама қарастырылғанымен [70], зерттеулердің дені белгілі бір аймақтағы диалекті сөздер мен сөз тіркестерінің жиналуына арналған [71]. Осындай еңбектердің негізінде 1963-1982 жылдары 12 томдық «*Derleme Sözlüğü* (Жиналған сөздердің сөздігі)», 1998 жылы 3 томдық «*Derleme Sözlüğü ve Kavramlar Dizini* (Жиналған сөздердің сөздігі және ұғымдар тізімі)» (Ankara: *Türk Dil Kurumu*) атты еңбектер жарыққа шықты. Профессор Лейля Караханның пікіріне сүйенер болсақ, түрік тілінің диалектісін географиялық тұрғыдан 3 негізгі топқа бөліп қарауға болады. Олар – *шығыс, солтүстік-шығыс және батыс* топтары.

Түрік тілінің диалектілеріндегі тілдік ерекшеліктер туралы айтар болсақ, Анадолыда, оның ішінде әсіресе Қара теңіз, Эгей теңізі, Оңтүстік-Шығыс аймақтарындағы тұрғындардың сөйлеу тілі басқа аймақтардан едәуір ерекшеленеді. Мәселен, Эгей диалектісінде “**p**” (**r**) дыбысы түсіріліп айтылады: *var~vā*; Орталық Анадолы сөйленісінде “**к**” (**k**) дыбысы “**қ**” (**ķ**) дыбысымен алмасып айтылады: *Konya~Қonya, keçi~keçi*; сондай-ақ **п** ~ **б**(**p**~**b**) алмасулары бар: *piliç~biliç* т.б.; Кайсери аймағында **ө** ~ **ү**(**ö**~**ü**) дауыстыларының алмасуы: *öküz~ükül* т.б.; Шығыс және оңтүстік-шығыс сөйленісінде араб тіліне тән көмей дауыссызымен сөйлейді: *alem~a’lem* т.б.; Қара

теңіз сөйленісінде **б** ~ **п(б~п)** дауыссыздарының алмасуы: *bunu ~puni*; Тракия сөйленісінде алғашқы буында кездесетін «ө» (**ö**) дауыстысы қысылып шығады: *börek ~bürek* және т.б. [72].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, түрік тіл білімінде арнайы «Орфоэпиялық сөздік» кітабы болмағанымен, «Түрікше сөздік (Türkçe Sözlük)» атты түсіндірме лұғатында айтылымы ерекше сөздердің, яғни реестрлік бірліктердің жанына жақша ішінде транскрипциясы беріледі.

«Түрікше сөздіктегі» реестр сөздерде созылыңқы айтылатын буыннан соң қос нүкте (:), сөздің екпін түсетін жеріне апостроф (‘), жіңішке айтылатын әріп үстіне циркумфлекс (^) белгілері қойылады. Сөздікте олар былай беріледі: **abat** *sf.* (*a:ba:t*), **ağyar**(*ağya:ry*), **bariz** *sf.* (*ba:riz*), **bazi** *sf.* (*ba:zi*), **beraber** *sf.* (*bera: ber*), **cinai** (*cina: i:*), **cezai** (*ceza: i:*), **delalet** *a.* (*dela:let*), **fakirhane** *a.* (*fakirha:ne*), **halazade** *a.* (*halaza:de*); **acaba** *zf.* (*a’caba*), **derbederce** (*derbede’rce*), **edepsizce** *zf.* (*edepsi’zce*), **evete.** (*e’vet*), **jandarma** *a.* (*janda’rma*), **çopra** *a.* (*ço’pra*); **dergâha.** (*dergâ:hu*); **bargâh** (*bargâ:hu*), **hükûmet** *a.* (*hükû:met*) және т.б.

Түрік тілінде бір сөздің транскрипциясында апостроф пен қос нүкте (:) таңбасы қатар қойылатын сөздер де кездеседі. Ондай сөздер екпінмен әрі созылыңқы айтылады. «Түрікше сөздікте» олар былай көрсетіледі: **beraberce** (*bera: be’rce*), **binnetice** (*bi’neti: ce*), **cahilce** (*ca: hi’lce*), **cahilcesine** (*ca: hi’lcesine*), **cebellezi** (*cebe’llezi:*), **çarnaçar** (*ça’rna: ça:r*), **devriâlem** (*de’vriâ: lem*), **devridaim** (*de’vrida: im*), **fakruzaruret** (*fa’kruzaru:ret*) және т.б.

Араб-парсы тілдерінде созылыңқы айтылатын бітеу буын сөздер түрік тіліне енгенде, қысқа айтылатын ерекшелігі жиі кездеседі. Мысалы, түрік тілінде *haya:t* емес **hayat**, *kara:r* емес **karar**, *ru:h* емес **ruh**, *saba:h* емес **sabah**, *zama:n* емес **zaman** және т.б. Алайда осы тәрізді сөздердің көбісіне дауыстымен басталған қосымша жалғанғанда, соңғы буыны түпнұсқа тіліндегідей созылыңқы айтылады. «Түрікше сөздікте» ол сөздер былайша беріледі: **hayat** *a.* (*haya:ti*), **karar** *a.* (*kara:ri*), **ruha.** (*ruh:u*), **sabah** *a.* (*saba:hi*), **zaman** *a.* (*zama:ni*) және т.б.

Түрік тілінде кейбір сөздерде жуан, кейбір сөздерде жіңішке айтылатын “л” (**l**) дауыссызы сөйленімде жиі қателіктерге ұшырайды. Сөздікте бұл проблеманы түбегейлі шешу үшін «л» дауыссызы жіңішке айтылатын сөздердің жанына жақша ішінде «л» жіңішке айтылады» деп беріледі. Мысалы: **klasik**, *-ği a.* (*l ince okunur*), **laborant** *a.* (*l ince okunur*), **valsa.** (*l ince okunur*) т.б.

Түрік тілінде екі буынды *asil*, *beyin*, *hasım*, *meyil*, *nehir*, *resim*, *sabır*, *şehir*, *vakit* тәрізді араб тектес кірме сөздерге дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда немесе *etmek*, *olmak* көмекші етістіктер қосылғанда, екінші буындағы дауысты дыбыс түседі: *aslı*, *beyni*, *hasmı*, *meyli*, *nehri*, *resmi*, *sabri*, *şehri*, *vakti*, т.б. Бұл сөздер «Түрікше сөздіктің» реестрінде былайша беріледі: *asil*, *-slı*; *beyin*, *-yni*; *hasım*, *-smı*; *meyil*, *-yli*; *nehir*, *-hri*; *resim*, *-smi*; *sabır*, *-brı*; *şehir*, *-hri*; *vakit*, *-ktit*. т.б.

Түрік тілінде екі буынды сөздің қысаң дауыстымен келетін соңғы буынына дауыстымен басталатын қосымша жалғанғанда, екінші буындағы дауысты дыбыс түседі және бұл тілдік ерекшелік «Түрікше сөздікте» былай көрсетіледі: *ağız*, *-ğzi*; *boyun*, *-ynu*; *burun*, *-rnu*; *göğüs*, *-ğsü*; *gönül*, *-nlü*; *karnı*, *-rni* және т.б.

Қатаң дауыссыз дыбыспен аяқталатын кейбір сөздерге дауыстымен басталатын қосымша жалғанғанда, ондай сөздердің соңғы дыбысы ұяң дауыссызға айналады. Бұл ерекшелік «Түрікше сөздікте» *açık, -ği; araç, -cı; barınak, -ği; elek, -ği; itimat, -di; kanat, -di; kitap, -bi; kürek, -ği; söğüt, -di; süreç, -ci; yurt, -du* сияқты сөздер арқылы көрсетілген. Сонымен қатар дауыстымен басталатын қосымша жалғанғанда, сөздің соңындағы қатаң дауыссыз дыбыстың ұяңдануы *otomatik, komik, gardirop, lastik, lirik, lort, mikrop, prensip* секілді Еуропа тілдерінен енген кірме сөздер де болады.

Ал соңғы буынында жуан дауысты дыбысы бар кейбір араб-парсы және Еуропа тілдерінен енген түрік тіліндегі сөздерге жіңішке дауыстымен басталған қосымша жалғанады. Бұл ерекшелік «Түрікше сөздікте» былайша көрсетіледі: *feragat, -ti; harf, -fi; lügat, -ti; menfaat, -ti; saat, -ti; hayal, -li; istikbal, -li; alkol, -lü* және т.б.

Түрік тілінде «п» (p), «ч» (ç), «т» (t) немесе «к» (k) дыбыстарымен аяқталатын жалқы есімдерге дауыстымен басталатын қосымшаның жалғануы «Түрікше сөздіктің» реестрінде былайша беріледі: *Araç, -ç'i; Gaziantep, -p'i; Güzelyurt, -t'u; Kınık, -k'i* және т.б. Ал бұл сөздердің айтылымы Сөздікте былайша көрсетілген: (*a'racı*); (*ga:zi'antebi*); (*güze'lyurdu*); (*ki'niği*) т.б.[73].

Осы орайда түрік тілі мен қазақ тілін салыстырар болсақ, орфоэпиясында біршама өзгешеліктер бар. Айталық, қазақ тілінде түрік тіліндегідей созылыңқы айтылатын сөз жоқ. Алайда, қазақ тілінің табиғатына лайық айтылатын сөздердің аралығына бірнеше диакретикалық шартты белгілер қойылады. Осы орайда академик Р.Сыздық қазақ тілінің табиғатына байланысты «қазақ тілінде сөздерді дұрыс айтудың (дыбыстаудың) негізгі заңдылықтарын, яғни сөз сазы ережелерін саралап көрсетпес бұрын осы қағидаларды жақсы түсініп, дұрыс игеруге қатысты бірқатар жайттарды ескеру қажеттігін айтады. Соның бірі ретінде сөйлеу үстінде сөздердің екіден-үштен топтасып, бір деммен, яғни бір ырғақпен айтылатындығы» – деп сөзін түйіндейді. Яғни ғалым анықтауыш пен анықталатын сөздердің бір ырғақпен жымдасып, дыбыстары бір-біріне ықпалын тигізіп айтылатындығын айта келе, *айдыңғөл* (жазылуы айдын көл), *сұлұғыз* (сұлу қыз), *қараөлең* (қара өлең), *ағайдын* (ақ айдын) т.б. мысалдарын келтіре кетеді [74, 758-б.]. Сондай-ақ, проф. Н.Уәли қазіргі кезде «орфоэпиялық ережелерді ден қойып оқытпаудың салдарынан әдеби тілдің дыбыстау нормасында уәжсіз ауытқулардың байқалатындығын айтады да, мұндай ауытқудың тіліміздің ішкі заңдылығы ретінде ғана емес, жалпы қазақ сөз әуезділігінің тұтастығын сақтаушы, тұтас мәтіндердің үйлесімді формалары арқылы берілетін эстетикалық ақпаратты кодтаушы ретінде де ерекше қызмет атқаратын үндестіктің (сингармонизмнің) бұзылуына әкелетінін айтады [74, 16-176.].

Осы орайда 2007 жылы шыққан «Орфоэпиялық сөздікте» әрбір сөздің айтылымы берілген. Онда диакретикалық екі түрлі таңбасы, яғни ° еріндікпен айтылуын көрсетсе, ал ˘ таңбасы просодикалық тұрғыдан бір деммен айтылуын білдіреді.

Сөз ішінде сөз тіркесінің жігінде босаң жуысыңқы айтылатын б, п, қ, к дауыссыздарының үстіне «°» белгісі қойылады.

Әрбір сөз тіркесі өзіндік әуезбен айтылып, кідіріссіз, бір ырғақты топ құрайтындықтан, орфографиясы бөлек тұлғаланса да, орфоэпиясында бөлек көрсетіліп, олардың арасына доға қойылады. Тәрбие беру – *тәрбие беруу, торға түсу – торға түсуу, сәлем беру – сәлем беруу* т.б.

Бір деммен тұтас сөз түрінде айтылып, бір ұғымды білдіретін, бірақ бөлек жазылған екі сөздің тіркесі айтылым үлгісіне сәйкес сөздіктің орфоэпиялық бөлігінде бірге жазылып беріледі. *Май шам – майшам, тақ сан – тақсан, сен ғана – сеңғана* т.б.

Кейде екі сөзге де ой екпіні түсірілсе, олар буын санының шектеулі болғанына қарамастан, жеке-жеке ырғақпен айтылады, сондықтан орфоэпиясында араларына доға қойылып беріледі: *сен Де, мен Де*.

Сөз тіркесі жігіндегі қатар келген екі дауыстының алдыңғысы, не соңғысы түсірілсе апостроф (‘) қойылады. *Сарыағаш – сар’ағаш, не істеді – не’стеді* т.б.

Орфографиясы	Орфоэпиясы
---------------------	-------------------

Абай	А°бай
қыпшақ	қып°шақ,
бақсы	бақ°сы
сәлем беру	сәлем ̄беруу
бара жатыр	бара ̄жатыр
май шам	майшам
тақ сан	тақсан
сен ғана	сеңғана
сен де	сен ̄де
мен де	мен ̄де
Сарыағаш	сар’ағаш
не істеді	не’стеді

- осы эмпирикалық тілдік материал бойынша статистикалық база жасақталды;

- алынған материалға терең әрі кешенді (лингвистикалық, оның ішінде грамматологиялық, сол сияқты ортологиялық, психологиялық, перцепциялық) талдау жасалды;

- латын графикасы негізіндегі 1) компьютерге; 2) графемалық жазуға (тілтанымдық принциптерге) негізделген; 3) алдыңғы екеуінен ымыраластырылған негізгі қазақ әліпби жобаларының 3 типінің қолданыс ерекшеліктері анықталды;

- әрқайсысының тіл иесі үшін оқылым, тыңдалым, қайта кодтау әрекеттері кесіндісіндегі тиімді/тиімсіз, қолайлы/қолайсыз тұстары, уақытсыйымдылығы (времяемкость), қуатсыйымдылығы (энергоёмкость) анықталды;

- осы 3 тип латын әліпби жобаларының ішіндегі оң көрсеткіштерге көп ие болған жоба оңтайлы ретінде анықталып, оның тілтанымдық, психологиялық, компьютерлік артықшылықтары көрсетілді.

Латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ әліпби жоба типтерінің қолданыстағы сапасы: тілтанымдық тәжірибе нәтижесін өңдеу, зерделеу (интерпритация), талдау

Тәжірибе нәтижесінің статистикалық талданымы

Респонденттерге қатысты жалпы мәлімет:

1. Жиналған сауалнама саны – 248
2. Сүлеймен Демирел университетінде жүргізілген сауалнама саны – 99
3. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде жүргізілген сауалнама саны – 99
4. Алматы қаласының гуманитарлық бағыттағы ғылыми-зерттеу институттарында жүргізілген сауалнама саны – 50
5. Сауалнаманы толтырмағандар – 2.

Сауалпарақтың I бөліміндегі сұрақтар бойынша

1.1 Респонденттердің жынысына қарай бөлінуі:

- ерлер саны – 75;
- әйелдер саны – 173.

1.2 Респонденттердің қызметіне қарай бөлінуі:

- қызметкер саны – 43;
- магистранттар саны – 31;
- докторанттар саны – 6;
- студенттер саны – 168.

1.3 Респонденттердің білім алған тіліне қарай бөлінуі:

- қазақ тілінде – 236;
- орыс тілінде – 8;
- қазақ/орыс (аралас) тілде – 2;
- ұйғыр тілінде – 1;
- моңғол тілінде – 1.

ХРОНОМЕТРИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТ

Сауалтарақтың II бөліміндегі «Берілген мәтінді тиісті әліпби бойынша алдымен өз бетіңізіше оқып шығыңыз, сосын уақытқа оқыңыз» тапсырмасына қатысты уақыт көрсеткіші

1-әліпби бойынша	2-әліпби бойынша	3-әліпби бойынша
Ең жоғарғы көрсет. - 2 мин Ең төменгі көрсет. - 40 мин	Ең жоғарғы көрсет. - 1 мин Ең төменгі көрсет. - 47 мин	Жоғарғы көрсет. - 1 мин Төменгі көрсет. - 33 мин
2 мин - 6	1 мин - 10	1 мин - 4
3 мин - 31	2 мин - 54	2 мин - 41
4 мин - 34	3 мин - 47	3 мин - 49
5 мин - 41	4 мин - 39	4 мин - 48
6 мин - 31	5 мин - 25	5 мин - 27
7 мин - 22	6 мин - 15	6 мин - 18
8 мин - 20	7 мин - 5	7 мин - 15
9 мин - 12	8 мин - 6	8 мин - 11
10 мин - 15	9 мин - 1	9 мин - 6
11 мин - 8	10 мин - 7	10 мин - 3
12 мин - 5	11 мин - 1	11 мин - 3
13 мин - 6	12 мин - 2	12 мин - 5
14 мин - 2	13 мин - 3	13 мин - 3
15 мин - 4	14 мин - 1	14 мин - 2
16 мин - 2	15 мин - 4	15 мин - 2
17 мин - 1	16 мин - 2	17 мин - 2
18 мин - 1	17 мин - 1	18 мин - 1
19 мин - 1	20 мин - 4	30 мин - 3
20 мин - 1	21 мин - 1	31 мин - 2
30 мин - 1	22 мин - 1	33 мин - 1
31 мин - 1	23 мин - 1	
40 мин - 1	24 мин - 1	
	25 мин - 1	
	27 мин - 1	
	29 мин - 1	
	30 мин - 1	
	31 мин - 1	
	33 мин - 1	
	34 мин - 1	
	35 мин - 1	
	40 мин - 1	
	47 мин - 1	

Сауалтарақтың III бөліміндегі кирилше берілген «Мәтінді латын әліпбиі жобалары бойынша жазып шығыңыз, уақытты тіркеңіз» тапсырмасына қатысты уақыт көрсеткіші

1-әліпби бойынша	2-әліпби бойынша	3-әліпби бойынша
Ең жоғарғы көрсет.- 1 мин Ең төменгі көрсет. - 65 мин Уақытын көрсетпегендер саны - 4	Ең жоғарғы көрсет. - 2 мин Ең төменгі көрсет. - 85 мин Уақытын көрсетпегендер саны - 3	Жоғарғы көрсет. - 2 мин Төменгі көрсет. - 43 мин Уақытын көрсетпегендер саны - 3
1 мин - 1	2 мин - 1	2 мин - 4
2 мин - 2	3 мин - 0	3 мин - 1
3 мин - 3	4 мин - 1	4 мин - 5
4 мин - 3	5 мин - 1	5 мин - 5
5 мин - 2	6 мин - 1	6 мин - 2
6 мин - 3	7 мин - 2	7 мин - 4
7 мин - 1	8 мин - 2	8 мин - 5
8 мин - 4	9 мин - 5	9 мин - 5
9 мин - 3	10 мин - 16	10 мин - 16
10 мин - 12	11 мин - 11	11 мин - 16
11 мин - 2	12 мин - 7	12 мин - 10
12 мин - 3	13 мин - 10	13 мин - 14
13 мин - 3	14 мин - 14	14 мин - 11
14 мин - 6	15 мин - 11	15 мин - 12
15 мин - 14	16 мин - 10	16 мин - 7
16 мин - 4	17 мин - 11	17 мин - 12
17 мин - 2	18 мин - 16	18 мин - 16
18 мин - 10	19 мин - 17	19 мин - 9
19 мин - 4	20 мин - 18	20 мин - 16
20 мин - 4	21 мин - 7	21 мин - 7
21 мин - 11	22 мин - 12	22 мин - 4
22 мин - 16	23 мин - 6	23 мин - 3
23 мин - 2	24 мин - 5	24 мин - 9
24 мин - 10	25 мин - 9	25 мин - 5
25 мин - 9	26 мин - 9	26 мин - 3
26 мин - 12	27 мин - 4	27 мин - 5
27 мин - 7	28 мин - 5	28 мин - 0
28 мин - 6	29 мин - 4	29 мин - 0
29 мин - 11	30 мин - 5	30 мин - 5
30 мин - 16	31 мин - 4	31 мин - 4
31 мин - 6	32 мин - 5	32 мин - 2
32 мин - 3	33 мин - 0	33 мин - 4
33 мин - 7	34 мин - 1	35 мин - 2
34 мин - 3	35 мин - 3	36 мин - 1
35 мин - 8	36 мин - 3	37 мин - 2
36 мин - 3	37 мин - 1	39 мин - 1
37 мин - 5	38 мин - 2	40 мин - 3
38 мин - 4	39 мин - 0	41 мин - 1
39 мин - 4	40 мин - 5	40 мин - 5
40 мин - 4	41 мин - 1	43 мин - 1
42 мин - 3	42 мин - 1	
45 мин - 1	44 мин - 1	

48 мин - 1	48 мин - 1	
49 мин - 1	51 мин - 1	
53 мин-1	85 мин - 1	
55 мин - 2		
60 мин - 1		
65 мин - 1		

Сауалпарақтың IV бөліміндегі «Қазақстан Республикасы Әнұранының бір шумағы мен қайырмасын берілген үш әліпбимен жазып шығыңыз, уақытты тіркеңіз» тапсырмасына қатысты уақыт көрсеткіші

І-әліпби бойынша	2-әліпби бойынша	3-әліпби бойынша
Ең жоғарғы көрсет. - 1 мин Ең төменгі көрсет. - 40 мин Уақытын көрсетпегендер саны - 4	Ең жоғарғы көрсет. - 1 мин Ең төменгі көрсет. - 35 мин Уақытын көрсетпегендер саны - 2	Жоғарғы көрсет. - 1 мин Төменгі көрсет. - 36 мин Уақытын көрсетпегендер саны - 3
1 мин - 2	1 мин - 7	1 мин - 2
2 мин - 4	2 мин - 15	2 мин - 11
3 мин - 22	3 мин - 24	3 мин - 39
4 мин - 37	4 мин - 37	4 мин - 43
5 мин - 45	5 мин - 42	5 мин - 41
6 мин - 26	6 мин - 19	6 мин - 32
7 мин - 23	7 мин - 16	7 мин - 10
8 мин - 13	8 мин - 12	8 мин - 10
9 мин - 17	9 мин - 9	9 мин - 3
10 мин - 23	10 мин - 11	10 мин - 10
11 мин - 4	11 мин - 4	11 мин - 8
12 мин - 2	12 мин - 8	12 мин - 2
13 мин - 1	13 мин - 5	13 мин - 4
14 мин - 0	14 мин - 6	14 мин - 4
15 мин - 7	15 мин - 10	15 мин - 8
16 мин - 2	16 мин - 3	17 мин - 1
17 мин - 1	17 мин - 4	18 мин - 1
18 мин - 0	18 мин - 1	20 мин - 6
19 мин - 0	19 мин - 1	24 мин - 1
20 мин - 5	20 мин - 4	25 мин - 1
22 мин - 1	21 мин - 1	27 мин - 1
29 мин - 2	23 мин - 2	30 мин - 2
30 мин - 1	24 мин - 1	31 мин - 2
32 мин - 1	25 мин - 2	32 мин - 1
35 мин - 1	29 мин - 1	33 мин - 1
40 мин - 1	32 мин - 1	35 мин - 1
	35 мин - 2	36 мин - 1

**САУАЛПАРАҚТЫҢ ЖАЗЫЛЫМ ТАПСЫРМАСЫ БОЙЫНША
ОРТОЛОГИЯЛЫҚ МӘЛІМЕТ**

*III бөлімдегі кирилшеден латыншаға ауыстырып жазу
тапсырмасы бойынша қате саны*

1-әліпби бойынша	2-әліпби бойынша	3-әліпби бойынша
14 қате - 2	11 қате - 1	5 қате - 1
15 қате - 2	15 қате - 2	13 қате - 2
17 қате - 2	16 қате - 1	16 қате - 1
18 қате - 4	17 қате - 5	17 қате - 5
19 қате - 2	18 қате - 2	18 қате - 4
20 қате - 3	19 қате - 3	19 қате - 2
21 қате - 1	20 қате - 9	20 қате - 2
22 қате - 6	21 қате - 6	21 қате - 3
24 қате - 6	22 қате - 5	22 қате - 5
25 қате - 3	23 қате - 1	23 қате - 5
26 қате - 6	24 қате - 4	24 қате - 1
27 қате - 5	25 қате - 13	25 қате - 7
28 қате - 9	26 қате - 7	26 қате - 7
29 қате - 6	27 қате - 7	27 қате - 9
30 қате - 5	28 қате - 8	28 қате - 9
31 қате - 5	29 қате - 12	29 қате - 11
32 қате - 3	30 қате - 3	30 қате - 2
33 қате - 9	31 қате - 4	31 қате - 12
34 қате - 2	32 қате - 10	32 қате - 6
35 қате - 6	33 қате - 12	33 қате - 4
36 қате - 10	34 қате - 10	34 қате - 12
37 қате - 8	35 қате - 8	35 қате - 11
38 қате - 5	36 қате - 4	36 қате - 7
39 қате - 6	37 қате - 4	37 қате - 6
40 қате - 5	38 қате - 5	38 қате - 8
41 қате - 5	39 қате - 8	39 қате - 7
42 қате - 6	40 қате - 2	40 қате - 5
43 қате - 5	41 қате - 9	41 қате - 5
44 қате - 6	42 қате - 4	42 қате - 7
45 қате - 1	43 қате - 5	43 қате - 3
46 қате - 3	44 қате - 2	44 қате - 2
47 қате - 7	45 қате - 3	45 қате - 5
48 қате - 8	46 қате - 1	46 қате - 7
49 қате - 9	47 қате - 2	47 қате - 4
50 қате - 3	48 қате - 3	48 қате - 8
51 қате - 3	49 қате - 1	49 қате - 2
52 қате - 6	50 қате - 2	50 қате - 2
53 қате - 6	51 қате - 4	51 қате - 1
54 қате - 3	52 қате - 3	52 қате - 8
55 қате - 2	53 қате - 2	53 қате - 4
57 қате - 3	54 қате - 3	54 қате - 1
58 қате - 3	55 қате - 2	55 қате - 4
59 қате - 1	56 қате - 2	56 қате - 3
60 қате - 4	57 қате - 1	57 қате - 1
61 қате - 5	58 қате - 2	58 қате - 1
62 қате - 4	59 қате - 4	59 қате - 2
64 қате - 1	60 қате - 2	60 қате - 1
65 қате - 3	71 қате - 1	61 қате - 1
66 қате - 2	83 қате - 1	64 қате - 2

67 қате - 1	84 қате - 1	66 қате - 2
70 қате - 4	63 қате - 1	72 қате - 1
71 қате - 1	62 қате - 3	73 қате - 3
72 қате - 1	64 қате - 3	75 қате - 1
73 қате - 1	61 қате - 1	71 қате - 1
79 қате - 1	66 қате - 2	81 қате - 1
81 қате - 2	136 қате - 1	82 қате - 1
84 қате - 1	89 қате - 2	83 қате - 2
88 қате - 1	80 қате - 1	88 қате - 1
89 қате - 1	72 қате - 2	89 қате - 1
93 қате - 1	76 қате - 1	93 қате - 1
102 қате - 1	87 қате - 2	95 қате - 1
110 қате - 1	74 қате - 2	96 қате - 1
111 қате - 1	85 қате - 2	98 қате - 1
118 қате - 1	114 қате - 1	105 қате - 1
12 қате - 1 (28 сөз жазылмаған)	95 қате - 1	109 қате - 1
15 қате - 1 (35 сөз жазылмаған)	94 қате - 1	124 қате - 1
	96 қате - 2	10 қате - 1 (40 сөз жазылмаған)
	97 қате - 1	15 қате - 1 (40 сөз жазылмаған)
	63 қате - 2	17 қате - 1 (48 сөз жазылмаған)
	16 қате - 1 (20 сөз жазылмаған)	

*IV бөлімдегі жадтағы мәтінді латын графикасымен
жазу тапсырмасы бойынша қате саны*

1-әліпби бойынша	2-әліпби бойынша	3-әліпби бойынша
Ең аз қате - 1	Ең аз қате - 1	Ең аз қате - 1
Ең көп қате - 24	Ең көп қате - 25	Ең көп қате - 54
Толық жазбағандар - 3	Толық жазбағандар - 3	Толық жазбағандар - 3
Қатесіз жазғандар - 15	Қатесіз жазғандар - 16	Қатесіз жазғандар - 12
1 қате - 34	1 қате - 31	1 қате - 36
2 қате - 40	2 қате - 32	2 қате - 24
3 қате - 22	3 қате - 21	3 қате - 37
4 қате - 17	4 қате - 16	4 қате - 21
5 қате - 17	5 қате - 17	5 қате - 21
6 қате - 18	6 қате - 15	6 қате - 16
7 қате - 14	7 қате - 17	7 қате - 19
8 қате - 7	8 қате - 8	8 қате - 22
9 қате - 8	9 қате - 5	9 қате - 9
10 қате - 5	10 қате - 5	10 қате - 7
11 қате - 5	11 қате - 6	11 қате - 3
12 қате - 2	12 қате - 1	12 қате - 5
15 қате - 5	13 қате - 6	13 қате - 3

16 қате - 1	14 қате - 3	14 қате - 1
17 қате - 2	15 қате - 2	15 қате - 2
18 қате - 3	16 қате - 4	16 қате - 1
19 қате - 3	25 қате - 1	17 қате - 3
20 қате - 1	22 қате - 1	19 қате - 2
21 қате - 1	23 қате - 1	25 қате - 1
23 қате - 1	25 қате - 1	54 қате - 1
24 қате - 1		

*Сауалпарақтың III және IV бөліміндегі тапсырма бойынша
ортологиялық мәліметтер*

Қателер көрсеткіші	1-әліпби		2-әліпби		3-әліпби	
	III бөлім бойынша	IV бөлім бойынша	III бөлім бойынша	IV бөлім бойынша	III бөлім бойынша	IV бөлім бойынша
1 – 10	0	180	0	161	5	192
11 – 20	24	47	27	35	76	41
21 – 30	60	11	58	39	66	13
31 – 40	65	0	61	6	43	0
41 – 50	16	0	34	1	19	0
51 – 60	37	2	25	0	26	2
61 – 70	21	0	12	0	5	0
71 – 80	8	0	12	0	5	0
81 – 90	8	0	12	0	5	0
91 – 100	2	0	10	0	9	0
101 – 110	5	0	2	0	2	0
111 – 120	2	0	1	0	0	0
121 – 130	0	0	0	0	1	0
131 – 140	0	0	2	0	0	0

*Сауалпарақтың III және IV бөлім тапсырмасы бойынша латынша
таңбаланған әрбір кирилше әріпке қатысты қате саны*

Әріптер	1-әліпби бойынша	2-әліпби бойынша	3-әліпби бойынша
А	4	2	2
Ә	75	61	87
Б	3	4	6
В	7	6	5
Г	7	7	4
Ғ	162	153	156
Д	9	8	8
Е	243	36	31
Ж	72	185	94
З	18	9	14
И	1477	570	1636
Й	254	239	272
К	20	13	10
Қ	497	425	347

Л	18	8	9
М	5	0	0
Н	3	0	0
Ң	210	358	226
О	0	0	0
Ө	38	34	45
П	1	1	0
Р	0	0	0
С	6	3	0
Т	8	8	9
У	993	967	903
Ұ	48	28	17
Ү	21	54	51
Ф	4	5	0
Х	39	15	39
Һ	75	36	40
Ц	283	314	250
Ш	48	129	38
Ы	101	445	79
І	24	11	26

*САУАЛПАРАҚТЫҢ V БӨЛІМІНДЕГІ СҰРАҚТАР БОЙЫНША
ЖОБА ТИПТЕРІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ*

Ең қиын әріптер деп танылғандар	Ең оңай әріптер деп танылғандар
Ае- 34	Басымдықты қазіргі ағылшын әліпбиіндегі әріптер алады. Бұған қоса:
oe -26	š - 23
gh (r) -18	ö -16
ng -12	ä -18
ue -13	ü -12
yuw -37	ğ - 17
juw -43	
zh -6	
iu -29	
kh-9	
sh-7	
w(y) -8	
o'-39	
u'-15	
juw-53	
č-12	
ğ-8	

shsh -7	
j(и) -9	

Жобаның таңдалуы	
1-ші жобаны таңдағандар	26
2-ші жобаны таңдағандар	169
3-ші жобаны таңдағандар	38
Ешқайсысын таңдамағандар	7
А.Байтұрсыновтың төте жазуын ұсынғандар	1
Кириллицада қалуды таңдағандар	7
«Жұлдыз» сөзі жазылуының таңдалуы	
juldyz	83
juldız	104
žuldiz	5
zhuldyz	10
žyldiz	5
žuldız	18
žuldyz	4
Жауап бермегендер	12

Респонденттердің ұсыныстары

Ұсыныстар	Қайталануы
«Ә», «ё» таңбалануы керек.	2
«У» дыбысының «w» болғаны ұнамайды.	6
«Я» әрпі «ya»-мен таңбаланса екен.	3
2-жоба түрік әліпбиіне ұқсас, соны қалаймын.	5
«Ю» әрпі «jw»деп таңбалануы керек.	4
«І» қазақтың «і»-сін білдірсе, кірме сөздерде «и»-ді білдіреді екен. Бұл шатасуға алып барады.	6
Бір дыбысқа бір әріп болғанын қалаймын.	21
Кириллицаны қалдыру керек.	13
«Ю», «ч», «щ» дыбыстары әліпбиде таңбалану керек.	18
«Ч» әрпін «ç» деп жазайық.	4
2-әліпби жинақы, 1 және 3-әліпбилер шашыраңқы.	9
«Я» әрпі «ia», ал «ю» әрпі «iw» болып жазылсын.	3
Жазу мен оқу қатар қолайлы болғанын ойлау керек.	7
Анкета ұнады.	16
Латын әліпбиін қолдаймын.	48
Қазіргі кейбір «и» дыбысын «ый» деп таңбалауға қарсымын.	6
А.Байтұрсынұлының төте жазуын қабылдасақ екен.	3
«Ұ» әрпі «w» болсын , «ү» әрпі үсті сызылған «w»болсын.	3
Жіңішкелік белгісін қалай таңбалау керектігі көрсетілмеген.	7

1 және 3-әліпбилерде әріп саны көп, жазғанда қолайсыз.	46
Әліпбидегі әріптерді біркелкі ету керек. Мысалы, «ѐ» десек, «џ», «ї», «й», «Ѧ», «ѧ», «ђ», «й» сияқты болуы тиіс.	14
«У» әрпі – «и», «ү» әрпі – «й», «ү» әрпі – «й» болғанын қалаймын.	3
Жіңішкелік белгісіне апостроф керек: «ь» - «'».	17
«Х» әрпі – «kh», «щ» әрпі – «š», «ч» әрпі – «ch» болса, жақсы болар еді.	4
Ағылшын тілін терең оқығандықтан болар, 2-әліпби оқуға да, жазуға да жеңіл болды.	26
«Ә» әрпі – «Ә» күйінде қалу керек.	4
Мектепте латын әліпбиімен қатар кириллица қатар жүруі тиіс.	3
Кенестік кезеңдегі әдебиеттер оқылмай қалатын қауіп бар.	2
Қазірден бастап газет, журналдардың бірінші бетін латын әліпбиімен жариялап, көзді жаттықтыра беру қажет.	2
Төл дыбыстардың таңбалануын кең ауқымда талқылау қажет.	3
Түрік әліпбиін алу керек.	3
Түркітілдес халықтарға ортақ әліпби алуымыз қажет.	3
1-әліпби тиімсіз.	16
Берілген үш әліпбиде де төл дыбыстардың таңбалануы қиын.	7
«Ы» әрпін – «у» етіп қолданылуы ойды шатастырады.	4
«Һ» әрпі – «kh», «х» әрпі – «h» болғаны дұрыс.	5
«Ш», «щ», «ч» дыбыстарын белгілегенде қос таңба керекі жоқ.	9
Үш жобаның тиімді таңбаларын алып, ортақ қолайлы бір әліпби шығаруға болады.	6
Жазғанда қол дағдысы қиындық тудырмайтын әріптер болуы тиіс.	9
«Ю» әрпі – «iu», «Е» әрпі – «io», «Я» әрпі – «iu» болсын деген ұсынысым бар.	2
«И» әрпінің – «ий», «й» болғанына, «У» әрпінің – «уу», «үү» деп жазылғанына қарсымын. Орфографиялық қатені көбейтеді.	2
Әліпбиде бір таңбалы әріптер, кем дегенде 2 таңбалы болуы тиіс. 3 таңбалының қажеті жоқ.	17

Статистикалық талдау нәтижесі

2015 жылдың қаңтар айында латын графикасы негізіндегі жаңа әліпби жобаларының қолданыс ерекшелігін анықтау мақсатында филолог мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттер мен гуманитарлық сала бойынша ғылыми қызметкер-

лер арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға Сүлеймен Демирел университетінің, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің студенттері мен магистранттары жазу-сызу сауаттылығын, тіл ережелерін игерген мамандар ретінде таңдалды. Бұнымен қоса кәсіби жұмысы жазумен тығыз байланысты ғылыми-зерттеуші қызметкерлер де қатыстырылды.

Сауалнамаға 250 респондент қатысты. 248 респондент толтырды. Сауалнамада төрт түрлі тапсырма берілді.

1. Латын графикасына негізделген үш түрлі әліпбимен мұқият танысып шығу. Бұл әліпбилердің айрықша ерекшеліктері әліпби соңында ұсынылған «ескерту» бөлігінде көрсетілді.

2. 150 сөзден тұратын тұтас мәтінді үш әліпби негізінде ұсынылған нұсқаларымен оқып шығып, оқуға кеткен уақытты белгілеу.

3. Жазылуы қиын, оңай болатын әрі барлық дыбыстар мен әріптерді қамтыған 66 сөзді үш әліпбиге салып жазып шығу, сол жазуға кеткен уақытты белгілеу тапсырмасы берілді.

4. Барша қазақстандықтарға таныс мәтін – Әнұранды үш әліпбиде жазу әрі уақытын белгілеу тапсырылды.

5. Сұрақтарға жауап беру талап етілді. Сұрақтары:

а) Қай әріптер оңай, көрсетіңіз?

ә) Қай әріптер қиын, көрсетіңіз?

б) Әріптер бойынша өзіңіздің ұсынысыңыз

в) Қай жобаны таңдар едіңіз

г) žuldız, juldız, žuldyz, juldyz, жұлдыз сөзінің қай нұсқасы сізге ұнайды?

1-бөлімде әліпбидің 3 типі көрсетілді. Респонденттер осы салыстырмалы түрде көрсетілген әліпбилермен толық танысып шығуға айтырлықтай уақыт бөлмегені байқалды. Себебі ешбір типке жатпайтын әріп қолданылған жағдайлар кездесті. Мысалы, ŋ таңбасы қолданылған.

2-бөлім бойынша берілген мәтінді үш түрлі әліпби бойынша оқып шығу жылдамдығын салыстыра келгенде, 1-әліпби бойынша ең жоғарғы көрсеткіш 2 минут (6 адам), ал ең төменгі көрсеткіш 40 минутты (1 адам) байқатты. Ал 2-әліпби бойынша ең жоғарғы көрсеткіш – 1 минут (10 адам), ең төменгі көрсеткіш 47 минутқа (1 адам) созылған. 3-әліпби бойынша жоғарғы көрсеткіш жылдамдығы 1 минутты құраса (4 адам), төменгі көрсеткіш, яғни баяу оқыған жылдамдықтың мөлшері 33 минутты көрсетіп отыр.

Бұдан байқағанымыз, бірінші әліпбиді ешкім бір минутта оқи алмаған. Себебі бірінші әліпбиде қосарлы таңбалар (ae, gh, zh, oe, ue, kh, sh) бар. Қосарлы таңбалар көршілес келіп тіркескенде, әрине көз үйренбеген қиындықтар туындайды. Осы себептерден респонденттер шатасып, біршама уақыт үнемдей алмағанға ұқсайды. Қосар әріптер мәтіндегі графемалардың тілдік мазмұнын, яғни көзшалымда дыбыстарды тану процесін тежейтіні байқалды.

Ал екінші әліпбимен берілген мәтінді оқу жеңіл болғаны байқалды. Себебі бір минутта 10 адам оқыған. Көлемі 150 сөз болатын мәтінді бір минутта оқып шығу тек үйреншікті таныс әріптермен берілген жағдайда ғана орын алады. Демек, 2-әліпби

респонденттерге таныс болған. Оқу барысында айтарлықтай қиындық тудырмаған. Бұның тағы бір себебі – қосарлы таңбалар жоқ әрі олар қазіргі қолданыстағы латын әріптері бар, әріптердің көбі мағыналық жақтан стихиялы түрде Интернет, колтелефонда қазақ дыбыстарын таңбалауға алынып жүрген әріптерге сәйкес келеді. Ағылшын тіліндегі әріптерден айырмашылығы – жіңішке және үнді, жуан және қатаң дыбысты жұптарынан ажыратушы диакритиканы қолданғанында жатыр. Сол себепті көзтаным таңбаларымен жазысып, хат алысып дағдыланып қалған жастар үшін екінші мәтінді оқып шығу қиындық тудырмаған.

Үшінші әліпбимен берілген мәтінді оқып шығу көрсеткіші де жоғары деңгейді көрсетіп отыр. Бір минутта 4 адам оқып шыға алған. Демек, 3-әліпби де оқуға жеңіл деп танылып отыр. Оның басты себебі бұл әліпби – қазақ жазу тарихында, жалпы қазақ тіліндегі мұраларында бар, қазақ тілінің тарихи тәжірибесінде болған әліпби болып саналады. Филолог мамандар 1929 жылдар мен 1940 жылдар арасындағы латын графикасымен жазылған мұраларды оқып танысуы мүмкін. Сол жағынан бұл әліпби таныс болу себептері де бар. Дегенмен, 3-әліпбиде жіңішке дыбыстарды апостроф арқылы таңбалануы, ж, ғ, ң, ш дыбыстарының қосарлы таңбамен берілуі оқу үдерісінде кедергі келтіруі де мүмкін деген болжам болған еді. Бұл әліпби үшінші кезекте болғандықтан, алдыңғы латын негізінде жазылған мәтіндерге көзі үйренген респонденттің біршамасының оған төселе бастаған психологиялық күйін ескерер болсақ, 3-әліпбиді оқу жылдамдығы жоғары көрсеткішке ие болатынының бір себебі осында деп санау керек болар.

Сонымен, 2-бөлім бойынша оқылымның хронометриялық талдауының қорытындысына сай оқуға жеңіл, көз жүгіртіп оқуда айтарлықтай қиындық тудырмайтын әліпби түрі – **2-әліпби нұсқасы** болып шықты.

Үшінші бөлімде орфограммасы қиын деген сөздер қамтылған, жазылуы кирилше әртүрлі 66 сөзді үш түрлі әліпби нұсқасы бойынша жазып шығу және уақытын белгілеу тапсырмасының орындалу қорытындысы талданды. Жазылым уақытының нәтижесіне келсек, 1-әліпби бойынша тез, жылдам жазып аяқтаған ең жоғарғы көрсеткіш – 1 минут (1 адам), ең төменгі көрсеткіш – 65 минут. 2-әліпби бойынша ең жылдам жазылған көрсеткіш – 2 минут (1 адам), баяу жазылған төменгі көрсеткіш – 85 минут. 3-әліпби бойынша жоғарғы көрсеткіш – 2 минут (4 адам), төменгі көрсеткіш – 43 минут.

Бірінші әліпби нұсқасына салып жазу қорытындысын талқылайтын болсақ, біріншіден, 1-әліпбиді қол үзбей жазып шығуға болатын ерекшелігі бар, себебі онда ноқат, апостроф сияқты қосымша таңбалар жоқ. Екіншіден, қосарлы таңбалы әріптердің де жазылуы бір жүйелі, есте сақтауға жеңіл. Мысалы, жіңішке дауыстыларға е жалғанып отырады (ae, oe, ue), ал кейбір дауыссыз қосарлы таңбалар h жалғануы арқылы беріледі (zh, sh, gh, kh). Бұл әліпби нұсқасымен 1 минутта тез әрі жылдам жазып шығудың басты себебі осында жатыр. Бірақ бұл әліпбимен жазылған жазба жұмыстардың қатесін тексере келгенде, қосарлы таңбалы дыбыстар, қатар келгенде қалай жазылатынын білмей, шатасқан қате саны басқа жобаларға қарағанда әлдеқайда көп. Мысалы, *қашшы* деген сөздегі *шш*-ның таңбалануы қатемен берілген. Дұрыс үлгісі – *qashshy*. Асықпай жазған респонденттер 65 минуттық уақытын жіберсе де, дұрыс жазуға тырысқан.

Екінші әліпби бойынша жазу жылдамдығының жоғарғы көрсеткіші – 2 минут. Әрине, бұған басты себеп – қолды үзбей жазуға кедергі болатын диакритикалардың жиілігі. Бірақ 2-әліпбимен жазудың басты ерекшелігі қосарлы таңба жоқ. Бір дыбысқа бір таңба қағидасы сақталған. Жазылу кезінде сөздердің жинақылығы байқалады. Орфографиялық қате саны көп болғанымен, қателердің сапасы өзгеше. Егер бірінші, үшінші жобада әріп қателері сол әріптен мүлде алшақ болса, екінші жобада қате жазылған әріптің негізгі сұлбасы сақталады, көбіне диакритика дұрыс қойылмайды немесе мүлде қойылмай кетеді. Тасымалдау, буынға бөліп жазу кезінде қиындық келтірмейді. Қазақ жазуының тәжірибесінде әріпүсті таңбалары көп латын графикасымен жазу сирек, тіпті мүлде болмаған соң респонденттер үшін қиындық келтірген болуы керек. Дегенмен, көз, қол дағдысын үйретіп алған жұртшылыққа бұл қиындықтар күрделі тосқауыл бола алмайды деп санаймыз.

Үшінші әліпби бойынша жазу жылдамдығы жақсы көрсеткішті беріп отыр. Себебі 2 минутта 4 адам жазып үлгерген және ең төменгі көрсеткіші 43 минутпен шектеледі. Бұндай көрсеткіштің болуына да басты себеп – респонденттердің тапсырмаға төселуі, латын әріптерін жазып, қол дағдысын қалыптастырып үлгеруі. Дегенмен қате сандарын есептеу көрсеткішінде апострофты қоймай кету жағдайы көп кездесті.

Сонымен, үшінші бөлімге қатысты хронометриялық талдаудың нәтижесі бойынша тез жазуға қолайлы әліпби – 1-әліпби болып шықты. Мұның басты себебі – жазу барысында қолдың үзілмеуі, яғни әріпүсті, әріпасты таңбаның болмауы, бір дыбысты қосар әріппен берген бұл жобада әріп саны көп болғанымен, қол үзілмегендіктен, жазу жылдамдығы жоғары екені байқалды. Бұдан шығатын қорытынды, диакритика қолмен жазуды баяулатады. Алайда компьютермен, қолтелефонымен әріп теру басым болған заманда, диакритиканың бұл кедергісі маңызды болмай қалуы мүмкін.

Үшінші бөлімдегі тапсырмаға ортологиялық талдау жасай келгенде, бұл көрсеткіш өзгерді. Себебі қатесіз жазуға ыңғайлы әліпбиді таңдау барысында баяу жазып, көп уақыт жұмсаған респонденттер қатені аз жіберген, ал жылдам жазып, 1-2 минутта тапсырманы аяқтаған сауалнамаға қатысушылардың жұмысында 100-ден аса қате саны кездесті. Үшінші бөлім бойынша ортологиялық талдау нәтижесіне келетін болсақ, 1-әліпби бойынша қате саны аз, ең жоғары көрсеткіш – 14 қате (2 адам), қатесі көп, ең төменгі көрсеткіш – 118 қате (1 адам). 2-әліпби бойынша ең азы – 11 қате байқалған (1 адам), ал көбі – 118 қате табылған (1 адам). 3-әліпби бойынша қате саны аз ең жоғарғы көрсеткіш – 5 қате (1 адам), қатесі көп ең төменгі көрсеткіш – 124 қате (1 адам). Бірақ бұл әліпбиде 57-ден бастап 109-ға дейінгі аралықтағы қателерді жіберген бірді-екілі адамдар. Олай болса, 5 қатеден 56 қатеге дейін жіберіп жазғандар санының орташа есебі 8 адамға теңеседі. Мәселен, 1-әліпбиде 71-ден 144-ке дейінгі аралықтағы қате жіберген респонденттер саны біреуден ғана болып есептелген. Демек, 70 қате жіберіп жазған респонденттердің саны үшеу-төртеу болып тұр. Бұл жағдайда, біркелкі қателердің жиілігі ескерілмеген. Мәселен, бірінші әліпбидегі жіңішке дауысты дыбыстарды білдіретін қосарлы таңбалардың соңғы сынарының (е) жазылмай кететін бірсарынды қателер бірнеше рет қайталанған. Ал екінші әліпби бойынша *i* таңбасының төл сөздердегі *i* (іні) дыбысын, кірме сөздердегі *и* (институт) дыбысын белгілейтін ерекшелігін шатастыру салдарынан кеткен біркелкі қателер қате санын ұлғайтқан. Үшінші әліпбидегі жиі қайталанатын қателер *ұ* (*и*) және *у* (*у*) дыбысын таңбалауды шатастыру кезінде көрініс тапқан.

Қорыта келгенде, үш әліпбиге қатысты ортақ нәтиже бойынша, 66 сөзді баяу жылдамдықта орта есеппен 1 сағатта жазып шығу және жуықтап алғанда 70 қате жіберу респонденттердің латын графикасымен жазуға дағдыланбағандығын, латын әліпбиінде жазбаша жұмыс орындауға әлі бейім емес екенін байқатты. Әліпби өзгерісі реформасында оқу үдерісімен салыстырғанда жазу процесіне дағдыландыруға едәуір уақыт әрі байыпты дайындық күші қажет болатыны анықталды.

Төртінші бөлім бойынша, Қазақстан Республикасы Әнұранының бір шумағы мен қайырмасын берілген үш әліпби негізінде жазып шығу және уақытын тіркеу тапсырылған болатын. Бұл тапсырманы орындатудағы басты мақсат – көпшілікке таныс мәтінді жадтан алып ішкі дыбыстан (аудирование) негізінде қалай жазып шығатынын анықтау. Статистикалық мәлімет бойынша, 1-әліпби негізінде 2 адам 1 минутта жазып үлгерген. Ал 1 адам 4 минут бойы жазған. 20 минуттың ішінде 5 адам жазып үлгерген. 10 минутта 23 адам жазып аяқтаған. 2-әліпби бойынша, ең жоғарғы көрсеткіш (жылдам жазылған уақыт) – 1 минут (7 адам), 10 минутта – 11 адам, 15 минутта – 10 адам. Соңғы көрсеткіш – 35 минут (2 адам). Үшінші әліпби бойынша, ең жоғарғы көрсеткіш – 1 минут (2 адам), 20 минутта 6 адам жазып үлгерген. 10 минутта – 10 адам, ең төменгі көрсеткіш 24-36 минут аралығы (1 адамнан).

Хронометриялық талдауға қарасақ, Әнұранды үш әліпбиде жазу ерекшеліктері ортақ. Уақыт ұзақтығы 1 минут пен 40 минут аралығын құрайды. Демек, көпшілікке таныс мәтінді жазуда үш әліпбидің нәтижесі бірдей болып отыр. Бұған басты себеп, екінші тапсырмада үш әліпби бойынша жазып көрген респонденттерге әрбір әліпбидің әріптері біршама таныс болғаны негіз бола алады.

Төртінші бөлім бойынша, Әнұранды латын графикасымен жазу барысында кеткен қателерді анықтайтын ортологиялық талдау қорытындысы бойынша, қатесіз жазғандар саны үш әліпбиде де шамалас екені анықталды. Мысалы, 1-әліпбиде қатесіз жазғандар – 15, 2-әліпбиде – 16, үшінші әліпбиде – 12. Қатесі аз ең жоғарғы көрсеткіш те (1 қате) жуықтас. Мәселен, 1-әліпбиде – 34 адам (1 қате жіберген), 2-әліпбиде – 31 адам, 3-әліпбиде – 36 адам. Ең көп қате (54 қате) жіберілген әліпби үшінші әліпби болып отыр. Дегенмен, 54 қатені жіберіп жазған адам біреу ғана. Негізінде үш әліпбиде де ең төменгі көрсеткіш – 24-25 қатені көрсетіп тұр. Демек, әрбір әліпбиде жазуға қиындық тудыратын мәселелер болған. Мысалы, бірінші әліпби бойынша, *й* әрпін *j*-мен таңбалаудың орнына *у*-мен белгілеген қате саны көп кездеседі. Екінші әліпби бойынша, [у] дыбысын таңбалауда бірнеше нұсқалар жазылған. Негізінде *w* жазылуға тиісті жерлерге *и* немесе *у* таңбалары қойылған. Үшінші әліпбиге негіздеп жазылған Әнұран мәтінінде қазақтың төл «ы» дыбысын және *у*, *ұ* дыбыстарын таңбалауда бірқатар шатасулар болған. Үшінші әліпбиге тән: *ы-у*, *у-и*, *ұ-и* ерекшеліктері респонденттерге бұрын-соңды үйреншікті емес екені айқындалды. Дегенмен қате саны бойынша екінші әліпби аз көрсеткіштен көрініп отыр, алшақтығы айтарлықтай болмаса да, қолдағдысын, психологиялық тұрғыдан дайындықтың болғанын ескергенімен, бұл жобаның бірінші әліпбимен салыстырғанда мүлде басқа жүйеге негізделгенін ескерсек, осының өзі жобаның жеңілдігінен хабар берсе керек.

Әрбір әріпке қатысты қате санын есептеген статистикалық талдау қорытындысы мынадай нәтижені беріп отыр: Ең көп қатеге ұшырайтын «қауіпті әріптер» И, й, Қ, Ғ, ң, У, Ы, Ц, Я. Бұл әріптермен жазылған 100-ден аса сөз әрбір әліпбиде қатемен жазылған. Мәселен,

«И» дыбысына қатысты 1-әліпбиде – 1581 қате, 2-әліпбиде – 570 қате, 3-әліпбиде – 1639 қате. Бұлайша көп қате жіберілуінің басты себебі, үш әліпби нұсқасында да И таңбасының латын негізіндегі үлгісі берілмеген. Екінші және үшінші әліпбиге қатысты ескертуде И дыбысына қатысты ережелер көрсетумен ғана шектелген.

«й» таңбасы бойынша 1-ші әліпбиде – 254 қате, 2-ші әліпбиде – 239 қате, 3-әліпбиде – 272 қате анықталды. Үш әліпбиде де жіберілген қате мөлшері шамалас. Дегенмен, қате жіберілуі мүмкін емес деп танылатын А, Р, Л, М, Н, Т, С, Ф, П, Г, Д әріптерімен салыстырғанда «й» таңбасы да қауіпті әріптер қатарына жатқызылып отыр. Оған негізгі себеп – [й] дыбысы таңбасының үш әліпбиде де жұртшылық белгілеп үйренген «і» таңбасымен берілмеуінде. Көпшілік қауым ағылшын тілінде Ай-дан басталатын есімдерді Ai (Aiman) деп немесе бірен-саран жағдайда Ау (Audar) деп жазып дағдыланып қалды. Ұсынылып отырған 1 және 3-әліпбиде [й] дыбысының таңбасы – j әрпімен таңбалансын деп берілген, ал 2-әліпбиде у таңбасымен белгіленсін делінген. Осыған орай қазақ тілінде жиі кездесетін [й] дыбысын таңбалауда көз үйренбеушілік, үйреншікті дағдыға салу салдары басымырақ түсіп, қате содан кеткені байқалады.

Қ әрпі бойынша 1-әліпбиде – 497, 2-әліпбиде – 425, 3-әліпбиде – 347 қате жіберілген. Бұл көрсеткіш те үш әліпбиге ортақ кемшілік бар екенін байқатады. Негізінде «Қ» үш әліпбиде де Q таңбасымен белгіленсін деп көрсетілген. Демек, кирил жазуына әбден төселген психологияны өзгерту оңайға соқпайтынын байқауға болады. Қатенің бірқатары Q орнына К немесе Қ, кейде тіпті Kh-мен таңбалауынан туындап отыр. Себебі, «Қ» әрпімен кездесетін сөздер қазақ тілінде өте көп. Алынған мәтіндерде де [к] дыбысы бар сөздер жиі кездеседі. Бұрын-соңды латын графикасымен жазбаған, қолдағдысы әлсіз респонденттің осындай қате жіберуі заңды құбылыс.

[У] дыбысына қатысты қателер саны да ойландыратын күрделі мәселенің басын ашып отыр. Себебі әрбір әліпбиде у-ға қатысты орфографиялық ережелерге негізделген ескертпелер бар. Респонденттер тарапынан осы ескертпелерге көп мән берілмеген. Оның үстіне ағылшын тілінен транскрипция жасалғанда кирилше у әрпі латын қарпінің и таңбасымен берілетіні көп шатасуларға ұрындырған. Негізінде үш әліпбиде де «у» дыбысы w таңбасымен берілуі ұсынылған еді. Сонымен, у әрпін таңбалауда 1-әліпби бойынша – 993 қате, 2-әліпби бойынша – 967 қате, 3-әліпби бойынша – 903 қате орын алған.

[ң] дыбысына келсек, 1-әліпбиде – 210 қате, 2-әліпби бойынша – 358 қате, 3-әліпбиде – 226 қате жіберілген. Латын графикасы негізінде жасалған әліпбилерде ң – қосарлы дыбыс ретінде біршама танылып қалды. Көп жағдайда ng болып белгіленеді. 1 және 3-әліпбилер де осы таңбаны ұсынып отыр. Ал 2-әліпби й таңбасын ұсынған. Бұл әріпке жұртшылықтың үйреніспегені байқалып-ақ тұр. Себебі 2-әліпбидегі қате санының көптігі оған куә болып тұр. Бұнымен қоса, [ң] дыбысын ешбір әліпбиде ұсынылмаған η таңбасымен белгілеп жазу жағдайлары да қате санының ұлғаюына әкеп соқтырған.

[Ы] дыбысының таңбалануында да қате саны әрқелкі көрсеткішті көрсетіп отыр. Мәселен, 1-әліпби бойынша 116 қате жіберілген, 2-әліпбиде 445 қатеге дейін

анықталған, 3-әліпби бойынша 88 қате жіберілген. 1 және 3-әліпбиде [ы] дыбысы Үу таңбасымен белгіленген. Ал 2-әліпбиде Іі таңбасымен белгілеу ұсынылған. Жалпы ағылшын тілінен транскрипциялау үдерісінде қазақтың төл дыбысы «ы» көп қиындық келтіреді әрі әртүрлі таңбамен жазылып жүргені де белгілі. Көп жағдайда қазақ тіліндегі ы-ны латын графикасымен жазуда сол сөзді орысшаға аударып, *и*-ге икемдеп алады да, *і* таңбасымен белгілеу жағдаяттары ғана кездесіп отырады. Мысалы, Ықылас – Икилас (Iqilas). Ұсынылып отырған әліпбилердің артықшылығы қазақтың төл дыбыстарын жеке таңбамен белгілеуге айрықша мән бергенінде жатыр. Ал қателердің айтарлықтай көп кетуінің себебі, біріншіден, латын қарпіндегі *у* таңбасы *и* дыбысын таңбалауға да қатысатынымен байланысты болуында. Осы екіжақтылық қатенің жиі әрі көп кездесуіне себеп болғаны сөзсіз. Ал 2-әліпбидегі 445 қатенің орын алуы басы түртілмейтін *і* таңбасымен таңбалау бұрын-соңды қазақ жазу үдерісінде болмаған жаңаша екенімен сипатталады. Респонденттер көбіне автоматты түрде әріптің басына ноқат қойып кеткен. Жалпы алғанда, қазақтың төл дыбыстарын таңбалауда мұндай қателердің жіберілуі түсінікті құбылыс.

Ц әрпін латын әліпбиі негізінде таңбалау нәтижесі мынадай көрсеткішке ие болды. 1-әліпби бойынша «ц» әрпі бар сөздерде 283 қате жіберілген. 2-әліпбиде 314 қате кеткен. 3-әліпбиге негіздеп жазуда 286 қате орын алған. Жалпы кирил графикасындағы *ц* таңбасын латын жазуында *ts* қосарлы таңбамен беру дәстүрі кең таралған. Осы негізге сүйенген үш әліпби авторлары да әліпби құрамына *ц* әрпін қоспаған. Ал қатенің өте көп жіберілуі сол қосарлы таңбаның бір сыңары – *t* түсіріліп жазылуынан туындап отыр. Бұл біркелкі қате жиілігі арқылы қате саны ұлғайып отыр. Мәселен, *эволюция* сөзі *evolusiya* деп жазылған. 1-әліпби бойынша әліпби құрамында *ц* әрпінің таңбалануы берілмесе де, ескертуде оған қатысты ереже берілген. Сөз басында кездесе, *ц* әрпін латынның *с* таңбасымен белгілеу, ал дауыстылардан кейін келсе, *ts* -мен белгілеу керектігі көрсетілген. Бірақ сауалнамада ұсынылған сөздердің арасында *ц*-дан басталатын сөз берілмеген. Ал екінші әліпбиде латынның *Сс* таңбасы кирилдің *Чч* әрпін таңбалау үшін ұсынылыпты. Бір әріпті әр әліпбиде бірнеше дыбысты таңбалауда қолданылуы респонденттердің шатасуына әкеп соқтырған. Осыдан барып 2-әліпбиде «*ц*» әрпіне қатысты қате саны көбейіп кеткен.

Я әрпі де осы секілді берілген үш әліпби нұсқасында көрсетілмеген. Ал ұсынылып отырған мәтін құрамында *я* әрпі бар сөздерді жазуда әр респондент әртүрлі таңбамен белгілеген.

Ортологиялық талдауды қорытындылай келгенде, қазақтың төл сөзінде кездесетін *и, у, ы* дыбыстарын және орыс тілінен енген *и, ч, я, ю, ё* әріптерін латын графикасына салып таңбалауда едәуір қиындықтар болары сөзсіз. Сол себепті осы дыбыстар мен әріптер кездесетін сөздердің жиілігін жасап, аталмыш әріптердің әртүрлі позицияда өзгеру ерекшеліктерін ескере отырып, латын графикасындағы лайықты таңбамен белгілеу мәселесі әлі де зерттеуді қажет етеді.

№	1-әліпби	2-әліпби	3-әліпби
1	О, Р (2 әріп) = 0	М, Н, О, Р (4 әріп) = 0	М, Н, О, П, Р, Ф (7 әріп) = 0
2	А, Б, В, Г, Д, М, Н, П, С, Т, Ф (11 әріп) ~10	А, Б, В, Г, Д, З, Л, П, С, Т, Ф (11 әріп) ~10	А, Б, В, Г, Д, К, Л, Т (8 әріп) ~ 10
3	<p>I <i>Ғ, Е, З, К, Қ, Л, Ү, Ұ, Һ, Ц</i> (10 әріп) → өте көп қатемен жазылды, «қиын әріптер».</p> <p>II <i>Ә, И, Й, Ө, Ш, Ы, І, Х</i> (8 әріп) → көп қатемен жазылды, «біршама қиын».</p> <p>III <i>Ж, Ғ, Ү</i> (3 әріп) → аз қатемен жазылды «оңай».</p>	<p>I <i>Ж, К, Ғ, Ү, Ш, Ы</i> (6 әріп) → өте көп қатемен жазылды, «қиын әріптер».</p> <p>II <i>Е, Қ, Ү, Ұ</i> (4 әріп) → көп қатемен жазылды, «біршама қиын».</p> <p>III <i>Ә, Ғ, З, И, Й, Л, Ө, Х, Һ, Ц, І</i> (11 әріп) → аз қатемен жазылды «оңай».</p>	<p>I <i>Ә, Й, Л, Ө, І</i> (5 әріп) → өте көп қатемен жазылды, «қиын әріптер».</p> <p>II <i>Ғ, Ж, З, И, Ғ, Ү, Х, Һ, Ғ</i> (9 әріп) → көп қатемен жазылды, «біршама қиын».</p> <p>III <i>Е, К, Қ, Ү, Ұ, Ш, Ы</i> (7 әріп) → аз қатемен жазылды «оңай».</p>

III және IV тапсырма бойынша әрбір әріпке қатысты кеткен қателер санын салыстырғанда мынадай көрініс байқалды. Мүлде қатесіз жазылған әріп бойынша үшінші әліпби алда, ал бірінші әліпби соңында, ол онға жуық қана қатемен жазылған, яғни орфограммасы біршама жеңіл әріптер саны жағынан бірінші және екінші әліпбилер «озық» болды, екеуінде де, 11 әріп онға жуық қатемен таңбаланды, Үш әліпбиде де (а, б, в, г, д, т) 6 әріп бірдей жазуға «жеңіл» ретінде көрінді. Қатесінің саны оннан көп болғандарды үшінші деңгейге бөліп қарауға тура келді: I – өте көп, II – көп, III – аз қатемен жазылған әріптер.

Өте көп қатемен жазылған әріп санының (10) ең көбі 1-жобада болса, ең азы (5) 3-жобада, ал 2-жоба мәліметі (6) 3-жобаға жуықтайды, сөйтіп 1-жобадағы «қиын» әріптер 2 мен 3-жобаға қарағанда екі есе көп. Көп қатемен жазылған, яғни «біршама қиын» әріп саны жағынан 1 және 3-әліпбилер «озық» шықты, 8 және 9 әріпті құрады. Ал 2-әліпбиде «біршама қиын» әріп саны бұдан екі есе кем, яғни 4. Бір қызығы, құрамы жағынан «қиын» және «біршама қиын» әріптер үш жобада үш түрлі. Бұл жобалар жүйесінде әрбір графема өзін әртүрлі «ұстайтынын» көрсетеді.

Ал «оңай» әріптер саны бойынша, 2-әліпби тағы озық мәндерден (11 әріп) көрінсе, 1-әліпби бұл параметр бойынша әлсіздігін көрсетті, оның мәндері 2-әліпбидегіден үш есеге дейін аз (небары 3 әріп). 3-әліпбиде «оңай» әріп саны жетеу болып шықты. Сөйтіп, қорыта келгенде, 2-әліпби бойынша қате саны көп болғанымен, олардың дені біркелкі, ал 1-әліпбиде олар әркелкі болғаны анықталды. Егер ортологиялық талдау нәтижелерін қарапайым орын жүйесімен қорытатын болсақ, сапасы жағынан тиімді жоба ретінде 1-орынға 2-әліпби, 2-орынға 3-әліпби, 3-орынға 1-әліпби ие болар еді.

Бесінші бөлім бойынша, сұрақтарға берілген жауаптарды талдай келгенде, әртүрлі пікір туындағаны байқалды. Себебі респонденттер сауалнама соңында өз ойын ашық көрсеткен. Сонда кирил әліпбиінде қалуды ұсынғандар – 7 адам, ұсынылып отырған латын әліпбиіне негізделген үш әліпбидің бір де біреуін таңдамағандар – 7 адам. А.Байтұрсынұлының төте жазуын қалайтын – 1 адам. Ал сауалнамада ұсынылған әліпбилердің ішінде ерекше таңдауға ие болғаны – 2-әліпби. Оны 169 адам лайықты деп таңдаған. 1-әліпбиді 26 адам, 3-әліпбиді 38 адам қолайлы

деп тапқан. Осы статистикалық көрсеткішті саралай келгенде, көпшілікке ұнағаны қазіргі латын графикасындағы бар әріптерге негізделген және бір дыбысқа бір әріп қағидасы сақталған 2-әліпби болып танылып отыр.

Ең оңай әріптер қазіргі ағылшын әліпбиіндегі бар әріптер болып анықталды. Ал ең қиын әріптердің қатарында басымдыққа ие болғаны Ae (ə) таңбасы. Оны 34 респондент қиын деп таныған. uuw таңбасы – 37 респондент үшін қиындық келтіретін таңба болып саналды. juw – 43 адам үшін қиын әріп деп танылған. Жалпы алғанда, қиын әріптер қатарын o' (39 адам), u' (15 адам), č (12 адам), ğ (8 адам), w (y) – 8 адам, ng – 12 адам, iu – 29 адам үшін қиын таңбалар болып саналады. Бұларды талдаса, «қиын» әріпке диграф, триграф пен диакритикасы бар графемалар жататынын аңғару оңай.

Жұлдыз сөзінің жазылуындағы ең тиімді нұсқаны таңдауда «juldız» деп жазылатын вариантты 104 адам лайықты деп санаған. Ал «*juldyz*» нұсқасын 83 респондент дұрыс деп қабылдаған. Сондай-ақ кейбір респонденттер *zyldiz*, *zhyldyz* деген жаңаша нұсқаларды да ұсынады.

Демек, көпшіліктің ұсынып отырған әліпби нұсқаларына әлде де толықтырулар енгізу қажет. Себебі қосарлы, үштаңбалы әріптерді қиын деп тануы, әліпби құрамында бар таңбаларды емес, өздері дағдыланған әріптерін ұсынуы әліпбилердің көпшілік көңілінен толық шығатын қолайлы әліпби бола алмай жатқанын көрсетеді. Ал қай тұста жетілдіру қажет екенін тілтанымдық талдау көрсете алады.

Тәжірибе нәтижесінің тілтанымдық талданымы: әліпбидегі әріптердің жеке сипаттамасы

/Аа/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*: <a> – дауысты, ашық, езулік, жуан [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15]:

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/a/	⇒<a>	⇒[a]	сөздің барлық позицияларында	б[а]л[а]
		∅	қатар келген екі дауыстының біріншісі болғанда, құрама сөз сыңарлары жігінде	қар[]ырғай, қар[]ағаш, арманд[]өту
		⇒[ə]	«ж», «ш», «й» аралығында, бір буынды; жінішке сыңарлы құрама сөзде	ш[ə]й, м[ə]йсөк, бид[ə]й, б[ə]йтөбет, [ə]бүйір
		⇒[ä]	жінішке буындардан кейін, III буында, кірме сөздерде	әмәнд[ä], дүбар[ä], ләззатт[ä]ңғ[ä]ммен, дұдам[ä]л
	⇒ $\left\langle \frac{a}{a} \right\rangle$	⇒[ə]	жінішке буыннан кейін, II буында, кірме сөздерде	ділд[ə], тілм[ə]р, тілм[ə]ш, дінд[ə]р, мүб[ə]р[ə]к, дімк[ə]с, мін[ə]ж[ə]т
	⇒<a>-<e>	⇒[a]		кес[а]пат

Белгілі бір фонетикалық позицияда (*и, ж* мен *й*-дің аралығында *шай, жай* тәрізді сөздердегі) <a> дауыстысы палатализацияланады. *Ш, ж, й* аралығындағы фонема – <a> (*и*[a] *й*, *ж* [a] *й* т.б.), ал [ə] оның қосымша реңкі, басқаша айтқанда, палатализацияланған *a*. Қазақ графикасы фонемалық принципке негізделген. Бұл принцип бойынша, фонеманың басты реңкі таңбаланылады да, қосымша реңктері ескерілмейді. Өйткені сөз мағынасын ажыратуға негізгі реңк таяныш болады да, өзге реңктерді берудің жазуда практикалық мәні болмайды. Сондықтан *шай, жай* тәрізді сөздердегі негізгі реңк <a> [136, 21-б.].

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /a/ графемасының пайыздық салмағы*: 12,52%. Кездесу жиілігі: 1-орында.

1.4 *Дауыссыздармен тіркесу қабілеті*: барлық дауыссыздармен тіркеседі.

1.5 *Сөз позициясындағы орны*: позиция талғамайды; сөздің басы, ортасы, аяғында кездесе береді.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында*:/a/ графемасының көне түркі жазуында бір таңбасы болған – $\sqrt{\text{a}}$. Ол қазақ тіліндегі екі дауысты: ашық езулік тіл арты «а» және тіл алды «е» дыбыстарының орнына жұмсалған. Мысалы: *ай, алты, аң, ара, бай, анта, атлығ, йағ* және т.б. [137, 12-б.].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында:* Қадым жазу жүйесінде харакаттар (фатха, дамма, кесра) қазақ тіліндегі тоғыз дауыстының мәнін берген. Фатха <a>, <ә>фонемасының мәнін білдірген.

<a> фонемасы ¹ (алиф) арқылы берілген. Мысалы, *қазақларны* - قزقلارنى (қзқларны), *қандай* - قندالى (қндай).

Сөз басы, ортасы және сөз аяғында формалары өзгермеген. Қазақ тілінің төл сөздерінде жуан сингармотембрлі сөздерде қолданылған [138, 16-б.].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында:* ¹ (алиф) таңбасы қалдырылды, [139, 10-б.].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)* <a> фонемасы **Аа** әрпімен берілді: *ана, балақ* [116, 55-б.].

2.5 *1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде* аталған таңба өзгертілмеді [116, 55-б.].

2.6 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.)* аталған фонеманың тұрпаты сақталды [135].

2.7 *Өзге түркі тілдері жазуында:* 1940 жылы <a> фонемасын ноғай, қарашай, қырғыз әліпбилерінде /a/ графемасымен таңбалады. Қазақ тілтанушылары «1 фонема – 1 әріп» қағидатын сақтады. Бұл графеманы барлық түркі тілдері әліпбилері қайталады [140, 72-89-бб.].

2.8 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде* <a> фонемасы /a/ әрпімен таңбаланады.

2.9 *<А> фонемасының орфографиясы:* /a/ әрпі сөздің барлық буындарында жазылады. Сөз басындағы *ж, ш* дыбыстары мен *й* дыбысының ортасында келген жуан дауысты [a] дыбысы көбінесе [ә] болып айтылады, бірақ /a/ әрпі жазылады: *жай, шай*.

Сөздің алғашқы буынындағы жіңішке дауыстының әуенімен келесі буында жіңішке айтылатын [ә] дыбысының орнына, негізінен, /a/ әрпі жазылады: *тәкаппар, ләззат* [87].

III Сауалнама жобаларындағы <a> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 */А/ әрпінің тарихы:* 3 жобада да <a> фонемасы /Аа/ әрпімен таңбаланған. «А» финикий әліпбиінен тараған. Финикий тілінде «алеф» сөзін білдірген. Алғашқыда бұл әріп (этрус) «бұқаның басы» деген мәнді берген. Архаикалық латын әліпбиінде бұл әріптің тұрпаты симметриялы болмады, тек классикалық латында ғана Аа нұсқасы тұрақтанды [128].

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі:* Мәтінді жазуға 248 респондент қатысты. Сауалпарақта берілген сөздер ішінен /a/ әрпі III бөлім бойынша – 51 рет, IV бөлім бойынша 20 рет кездесті.

1-жоба бойынша – 4, 2-жоба бойынша – 2, 3-жоба бойынша 2 қате жіберілген.

3.3 *Респонденттердің балама ұсыныстары:* /А/ әрпіне байланысты ешқандай ұсыныс-пікір жоқ. Әріп тұрпаты талас тудырмайды.

3.4 *Сауалнама нәтижесі:* <a> фонемасы үш әліпбиде де /a/ графемасымен берілген. Барлық жазба мәтінде /a/ әрпі 71 рет кездеседі. Сонда 248 респондент бұл әріпті 17608 рет жазған.

1-жоба бойынша 17608 рет жазылған /a/ әрпі 17604 рет әліпбиге сәйкес жазылған. Пайызға шаққанда, 17608 – 100 %.

4 – x % болғанда, $400:17608=0,02$. Бұл – <a> фонемасын таңбалауда /a/ графемасын қолданудың қуатсыйымдылығы төмен екенін көрсетеді.

2-жоба бойынша 17608 рет жазылған /a/ әрпі 17606 рет әліпбиге сәйкес жазылған. Пайызға шаққанда, 17608 – 100 %.

2 – x % болғанда, $200:17608 = 0,01$ Бұл – <a> фонемасын таңбалауда /a/ графемасын қолданудың қуатсыйымдылығы төмен екенін көрсетеді.

3-жоба бойынша 17608 рет жазылған /a/ әрпі 17606 рет әліпбиге сәйкес жазылған. Пайызға шаққанда,

17608 – 100 %.

2 – x % болғанда, $200:17608 = 0,01$ Бұл – <a> фонемасын таңбалауда /a/ графемасын қолданудың қуатсыйымдылығы төмен екенін көрсетеді.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы:*

1-жоба бойынша – 0,02 %;

2-жоба бойынша – 0,01 %;

3-жоба бойынша – 0,01 %.

3.6 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды:* зерттеу нәтижесі <a> фонемасын латын әліпбиіндегі /Aa/ әрпімен таңбалауға болатынын көрсетті. Оның мынадай себептері бар: а) латын графикасына негізделген әліпбиде (1929-1940 жж.), кирил графикасы негізіндегі қазіргі жазуда <a> фонемасының таңбалайтын графема тұрпаты өзгермегендіктен, санада берік орныққан; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; б) өзге түркі әліпбилерінде және латын стандартын қолданатын барлық Еуропа халықтарының әліпбиінде /Aa/ графемасы тұрақты және графикалық тұрпаты талас тудырмайды. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /Aa/ графемасы <a> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <a> фонемасының бейнесі /Aa/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

/Ә/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері:* <ә>– дауысты, ашық, езулік; жіңішке [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15]:

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/ә/	⇒< ä>	⇒ [ә]	сөз басында, бірінші буында және екінші буында сирек, көбіне кірме сөздерде	[ә]же, [ә]л, с[ә]н, [ә]з[ә]зіл

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /ә/ графемасының пайыздық салмағы:* 0,88%. Кездесу жиілігі: 27-орында.

1.4 *Дауыссыздармен тіркесу қабілеті:* қә, әқ, гә, әг тіркесімі болмайды. Бұдан басқа дауыссыздармен тіркеседі.

1.5 *Сөз позициясындағы орны:* позиция талғайды; сөз басында, бірінші буында кездеседі. Екінші буында сирек кездеседі.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында*: /ä/ графемасының көне түркі жазуында арнайы таңбасы болмаған. Ескерткіш тілі мен қазіргі қыпшақ тілдеріндегі [a], [ä], [e] дыбыстарының алмасып қолданылуы аталған дыбыстардың түп-төркіні бір екеніне дәлел бола алады. Яғни <ä> фонемасының архетипі <a> және <e> фонемасы. Көне түркі жазуында а~ä және а~е сәйкестігі бар [137, 12-б.].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында*:

Қадым жазу жүйесінде фатха, дамма, кесра харақаттары қазақ тіліндегі тоғыз дауыстының мәнін берген. Фатха <a>, <ä> фонемасының мәнін білдірген. [Ө] дыбысының таңбалануы: *Жәнібек* – جنبک (*Жнбек*), *жәбір* – جبر (*жбр*). Жәдид жазуында [ä] дыбысының мәнін фатха белгісі атқарған: *дәлел* – دليل, *және* – جنه, *нәрсе* – نرسه. Бірақ сөз басында алиф (ا) таңбасы арқылы берілген: *әртүрлі* – آرتورلی, *бәрі* – باری, *күнәлі* – كونالی.

Қазақ тілінің төл сөздерінде жіңішке сингармотембрлі сөздерде қолданылған [138, 17-б.].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында*: <a> фонемасы үшін ¹ (алиф) таңбасы алынды. <Ө> фонемасының мәнін беру үшін дәйекше белгісі қойылды [139, 10-б.].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)* <ә> фонемасы /Өә/ графемасы арқылы берілді: *әр бір, кәсіп, кәтсамол*.

1929 жылғы латын негізді әліпби қабылданар алдында <ә> фонемасы үшін Еуропа стандартына сәйкес келетін /ä/ таңбасы ұсынылады. Бірақ бұл таңба бүкіл түркі халықтары үшін бірыңғайласқан әліпби жүйесіне сәйкес келмегендіктен /ә/ таңбасы алынады [116, 55-б.].

1920 жылдары әліпби мәселесіне байланысты конференцияда қазақ, қырғыз, қарақалпақ әліпбилерінен /ә/ әрпін әліпбиден мүлдем алып тастау туралы ұсыныстар да болған. Бірақ бұл ұсыныстарға зиялы қауым өкілдері қарсы шығып, <ä> фонемасының таңбасын қалдырады. <ä> фонемасы **Аа** әрпімен беріледі: *Ana, balaq*.

2.5 *1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде* аталған таңба өзгертілмей алынды.

2.6 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.)* <ä> фонемасы **Әә** таңбасы бойынша өзгеріссіз алынды [135].

2.7 *Өзге түркі тілдері жазуында*: 1940 жылы <ä> фонемасы татар тіліне /ә/ түрінде, ал қарақалпақ әліпбиіне 1957 жылдан бастап қана /ә/ әрпі енгізіледі. Жалпы бұл графеманы барлық түркі тілдері әліпбилері қайталады. Қазақ тілтанушылары «бір фонема – бір әріп» қағидатын сақтай отырып, /ә/ графемасын береді [140, 72-89-бб.].

2.8 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде*:

Әзербайжан әліпбиінде: Әә

Түрік әліпбиінде: жок

Өзбек әліпбиінде: жок

Түрікмен әліпбиінде: Ää

2.9 <Ө> фонемасының орфографиясы: Сөздің бірінші буыны жіңішке [ү] дыбысымен келген жалқы есімдердің (көбінесе кісі аттарының) екінші буынында да естілуінше /ә/ әрпі жазылады.

Біріккен сөздер мен қос сөздердің соңғы буындарында (олардың екінші сыңарларының алғашқы буынында) /ə/ әрпі жазылады: *ендігәрі – ендігіден// әрі, әжептәуір – әжеп//тәуір, Гүлжәмила – Гүл//жәмила* [87].

III Сауалнама жобаларындағы <ä> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1/ *Ae/, /ä/, /a'/ әріптерінің тарихы:* /ae/ лигатурасы латынның /a/ және /e/ әріптерінен тұрады. Латын тілінде бұл таңбаның бірге (æ), бөлек (ae) немесе қысқарған «e caudata» нұсқасы бар. Аталған әріптер латын сөздерінің орфографиясын ажырату үшін алынған. Латын тілінде гректің αι (лат. *Cæsar* = греч. Καίσαρ) дыбысына сәйкес. Француз тілінде аталған лигатура [e] (é) түрінде айтылады және тек латын тілінен кірме сөздерде ғана жазылады: *nævus* (невус), *sæcum* (соқырішек). Сондай-ақ аталған графема көне грек транслитерациясында кездеседі: *Ægosthènes* (Айгостена), *æniadæ* (Эниадэ), *Lætitia* (Летиция). /ä/, /a'/ графемалары кеңейтілген латын әліпбиінде, яғни неміс, швед, финн, эстон әліпбилерінде қолданылады [141].

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі:* 1-жоба бойынша кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент <ä> фонемасын /ae/ әріптіркесі арқылы таңбалауда 75 қате жіберген. <ä> фонемасының сауалпарақта (III, IV бөлімдер бойынша) кездесу жиілігі 5 рет (*әлеумет, тәкаппар, бәтеңке, Тәжібаевқа, дән*). 1-жобаға сәйкес <ä> фонемасы /ae/ графемасы арқылы берілуі тиіс. Бірақ жазылым барысында респонденттер /ae/ әріп қосындысын әртүрлі вариантта таңбалағанын көреміз. Оны былайша көрсетуге болады:

1-жоба бойынша <ä> фонемасының жазылымы

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы, саны	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ә	ae	a (33) æ (3) aə (29) æ (1) ə (4) ä (2) e (3)	alewmet æleumet taəkappar boetenke Təzhipaevqɑ Täzhipaevqɑ tekappar
Жалпы		75	

3.2 Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі: сауалпарақта берілген сөздің ішінен <м> фонемасының III бөлім бойынша кездесу жиілігі 17 рет (*әлеумет, өсімдік, көркемөнер, мағлұмат, мейірім, мұхит, қаһарман, Йемен, алюминий,*

маяққа, Омскіден, коммуналдық, омыртқа, япырмау), IV бөлім бойынша – 12 рет (еліме, даңқымыз, намысын, бермеген, қазағым, мықты, менің (2), елім (2), егілемін, төгілемін, жерім, Қазақстаным).

1-әліпби жобасы бойынша: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент жалпы 5 рет қате жіберген. Аталған қате жазылымның орын алу себебі графемалық интерференциямен түсіндіріледі. Яғни бұл – бір әліпбиден екінші әліпбидің кодына көшкенде орын алған қате.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
м	m	м	өсімдік (3), qakharman (2)
Жалпы			5

2-ші және 3-ші әліпби жобалары бойынша сөздердегі /m/ графемасын таңбалауда қате жоқ.

3.3 *Респонденттердің балама ұсыныстары:* <м> фонемасын басқа әріппен беру туралы балама ұсыныстар жоқ.

3.4 *Сауалнама нәтижесі:* барлық жазба мәтінде /m/ әрпі 29 рет кездеседі. Сонда бірінші әліпби жобасы бойынша 248 респондент бұл әріпті 7192 рет жазады. 7192 рет жазылған /m/ әрпі 7187 рет дұрыс таңбаланған. Пайызға шаққанда,

7192 – 100%

5 – x % болғанда, $500 : 7192 = 0,1\%$. Бұдан <м> фонемасын латын әліпбиіндегі /Mm/ әрпімен таңбалауға болатынын көруге болады. Оның мынадай себептері бар: а) ағылшын-латын стандартында <м> фонемасын таңбалайтын, оған мәні жуық /Mm/ әрпінен басқа әріп жоқ; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /Mm/ графемасы <м> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <м> фонемасының бейнесі /Mm/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы:* сауалнама нәтижесі көрсеткендей, 1-жоба бойынша <м> фонемасының қуатсыйымдылығы – 0,1%. 2-ші және 3-ші жобалар бойынша – 0%-ды құрап отыр. Респонденттердің сауалнамасын саралау нәтижесі бірінші, екінші, үшінші жобаларда берілген <м> фонемасының қуатсыйымдылығы төмен екенін көрсетті.

3.6 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды:* /Mm/ әрпін алуға болады.

/Нн/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері:* <н> – дауыссыз, тоғысыңқы, тіл ұшы, үнді[38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15]:

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/н/	⇒<н>	⇒[н]	Барлық позицияда, жуан езуліктермен іргелес келгенде	[н]ан, бағы[н]
		⇒ [н']	Барлық позицияда, жіңішке езуліктермен іргелес келгенде	се[н'], жә[н']е
		⇒ [н°]	Барлық позицияда, жуан еріндіктермен іргелес келгенде	жо[н°], тұ[н°], то[н°]
		⇒ [н°]	Барлық позицияда, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде	тү[н°]де, [н°]өкер
		⇒ [н]	[К], [Ғ]-мен іргелес келгенде	жа[н]қалта, на[н]ғысыз,
		⇒[н']	[К], [Ғ]-мен іргелес келгенде	се[н'] кел, ме[н'] кетемін
		⇒[н°]	[К], [Ғ]-мен, жуан еріндіктермен іргелес келгенде	кұ[н°]ға, қойы[н°]ға
		⇒ [н°]	[К], [Ғ]-мен, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде	тү[н°]гі, кү[н°]ге, кү[н°]көріс
		[м]	[Б], [м]-ның алдында, сөз ішінде	сенбі [сембі] онмен [оммен]

1.3 Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /н/ графемасының пайыздық салмағы: 6,72%. Кездесу жиілігі: 4-орында.

1.4 Дауыстылармен тіркесу қабілеті: барлық жуан және жіңішке дауыстылармен тіркеседі: *на, ан, ән, нә, нұ, ұн, үн, нү, нө, өн, но, он, не, ен.*

1.5 Сөз позициясындағы орны: позиция талғамайды: сөздің басы, ортасы, аяғында кездесе береді.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 Көне түркі жазуында: [н] мұрынжолды сонор дыбысының жуан (13) және жіңішке (14) түрлері болды. Жуан [н] дыбысы үшін **𐰽** таңбасы, жіңішке [н] дыбысы үшін **𐰼** таңбасы алынды. Бұл фонема көне түркі дәуірінде сөздің барлық позициясында кездесті. [Н] дыбысы қатаң дыбыстармен тіркесті. Мысалы: [нт], [нч] (*анта – анда, анчыл – сүйте*). Түркі сөздерінде кездесу жиілігі тұрғысынан өнімді дыбыс болған[137].

2.2 Араб (қадым және жәдид) жазуында: <н> фонемасы **نون** (ن) арқылы берілген[138].

2.3 А.Байтұрсынұлының төте жазуында: **нун** (ن) таңбасы қалдырылды[139].

2.4 Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.): латын стандартына сәйкес /Nn/ таңбасы қабылданады. Мысалы, *nap – нан, sonar – сонар, men – мен* т.б. [116].

2.5 1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде: /Nn/ таңбасы сақталады [116].

2.6 Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.) /Nn/ тұрпаты қолданылады [135].

2.7 *Өзге түркі тілдері жазуында:* 1940 жылы <н> фонемасы үшін ноғай, қарақалпақ, башқұрт, татар әліпбилерінде /Нн/ графемасы алынды [140].

2.8 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде:* <н> фонемасын /Nn/ әрпімен таңбалау тәжірибесі өзбек, түрікмен, әзербайжан әліпбилерінде бар.

2.9 *<Н> фонемасының орфографиясы:*

- <н> фонемасы <б> фонемасымен қатар келген жағдайда сөздің абсолют аяғында тұрған <н> фонемасының [м] қосымша реңкі естіледі. Алайда жазуда ескерілмейді: *көнбейді – кө[м]бейді;*

- қазақ тілінде <н> фонемасы мен <г>, <ғ> фонемалары сөз ішінде жақын, іргелес келген жағдайда <н> фонемасының [ң] қосалқы реңкі естіледі. Бірақ жазуда ескерілмейді: *[түңгү] түңгі, [бұрұңгү] бұрынғы;*

- күн аттарын білдіретін сөздердегі [м] мен [б] дыбыстары өзара іргелестігінен айырылса, мұндағы [м] еріндігі [н] дыбысымен айтылады: *Жексен (Жексем емес), Дүйсен (Дүйсем емес), Бейсен (Бейсем емес), Сейсен (Сейсем емес), Сәрсен (Сәрсем емес), Сейсенкүл (Сейсемкүл емес), Сәрсенкүл (Сәрсемкүл емес).* Бұдан қазақ тілінде сөйлеушілердің психикасында <н> фонемасының негізгі реңкі [н] екенін байқауға болады [87].

III Сауалнама жобаларындағы <н> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 */Н/ әрпінің тарихы:* 1, 2, 3-жобаларда <н> фонемасы үшін /Nn/ әрпі алынды. Бұл әріп латынның архаикалық және классикалық жазуында бар. Алғашқыда бұл әріп «балық» мәнін берген. /N/ графемасының әріптік тұрпаты классикалық латын әліпбиінен бастап симметриялы болып қалыптасты [141].

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі:* берілген сөздерді 1-әліпби жобасымен жазуда 5 қате жіберілген. 2, 3-әліпбилер бойынша таңбалауда қате жоқ.

Сауалпарақта берілген сөздердің ішінен <н> фонемасының III бөлім бойынша кездесу жиілігі 17 рет (*көркемөнер, қырқынышы, қолөнер, қыстыгүні, қоян, кейуана, қаһарман, Йемен, алюминий, координат, институтқа, Омскіден, князьдік, коммуналдық, принципі, бұрынғы, жанкүйер*), IV бөлім бойынша – 17 рет (*намысын, бермеген, менің (2), егілемін, төгілемін, Қазақстаным, алтын (2), күн, аспаны, дән, дастаны, ежелден, деген, туған*).

1-әліпби жобасы бойынша сөздерді кирил жазуынан латын жазуына көшіру барысында 248 респондент жалпы 3 рет қате жіберген. Аталған қате жазылымның орын алу себебі графемалық интерференциямен байланысты. Яғни бұл – бір әліпбиден екінші әліпбиге транслитерация жасау барысында автоматты түрде орын алған қате.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
н	n	н	qakharman (2), aspanu (1)
Жалпы			3

2-ші және 3-ші әліпби жобалары бойынша қате жоқ.

3.3 *Респонденттердің балама ұсыныстары*: <н> фонемасын басқа әріппен беру туралы балама ұсыныстар жоқ.

3.4 *Сауалнама нәтижесі*: барлық жазба мәтінде /n/ әрпі 34 рет кездеседі. Сонда бірінші әліпби жобасы бойынша 248 респондент бұл әріпті 8432 рет жазады. 8432 рет жазылған /n/ әрпі 8429 рет дұрыс таңбаланған. Пайызға шаққанда,

8432 – 100%

3 – x % болғанда, $300 : 7192 = 0,03\%$. Бұл – <н> фонемасы қуатсыймдылығының төмен екенін білдіреді. Бұдан <н> фонемасын латын әліпбиіндегі **Nn** әрпімен таңбалауға болатынын көруге болады. Біріншіден, ағылшын-латын стандартында <н> фонемасын таңбалайтын, оған мәні жуық /Nn/ әрпінен басқа әріп жоқ; екіншіден, «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; үшіншіден, өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /Nn/ графемасы <н> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <н> фонемасының бейнесі /Nn/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы*: сауалнама нәтижесі <н> фонемасының 1-жоба бойынша қуатсыйымдылығы – 0,03%, екінші жоба бойынша – 0%, үшінші жоба бойынша – 0% тең келетінін көрсетті.

3.6 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды*: <н> фонемасын /Nn/ таңбасымен беруге болады.

/Ңң/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*: <ң> – дауыссыз, тіл арты, тоғысыңқы, үнді, мұрынжолды [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15]:

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/ң/	⇒<ң>	⇒ [ң]	Сөз ортасы мен аяғында жуан езуліктермен іргелес келгенде	а[ң], ы[ң]қыту
		⇒ [ң']	Сөз ортасы мен аяғында жіңішке езуліктермен іргелес келгенде	е[ң'], ә[ң']гіме
		⇒ [ң°]	Сөз ортасы мен аяғында жуан еріндіктермен іргелес келгенде	о[ң°], шұ[ң°]қыр
		⇒ [ң°']	Сөз ортасы мен аяғында жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде	ө[ң°'], тө[ң°']керу
	⇒<ң>-<ң>	⇒ [ң]	Тіркесетін түбірлері жоқ жағдайда	кара[ң]қалу, і[ң]ген, ше[ң]гел, әме[ң]гер, жы[ң]ғыл, баста[ң]ғы, же[ң]ге, жәрме[ң]ке

1.3 Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /ң/ графемасының пайыздық салмағы: 1,55%. Кездесу жиілігі: 18-орында.

1.4 Дауыстылармен тіркесу қабілеті: жуан және жіңішке дауыстылармен тіркеседі: *ңа, аң, әң, ңе, ең, оң, өң, ңы, ың, ңі, ің, ұң, үң*. Мынадай формада тіркеспейді: *ңә, ңо, ңө, ңұ, ңү*[38].

1.5 Сөз позициясындағы орны: позиция талғайды: сөз басында кездеспейді, сөз ортасы мен аяғында келеді.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 Көне түркі жазуында /н/ графемасының таңбасы – **𐰽**. *Ңа – аң, ңі – ің, ңү – үң, ңе – ең, ңы – ың* сингармобуындары және жеке тұрғандағы <ң> фонемасы 1 таңбадан тұрды. /Н/ графемасы сөз ортасы мен сөз соңында (*теңірі, йалаң*) келді [142].

2.2 Араб (қадым және жәдид) жазуында: <ң> фонемасы бірнеше әріптердің қосындысы арқылы жасалған: 1) ن+ڭ(*нун+каф*) – ң; 2) ن + ن + ڭ (2 *нун+каф*) – ң; 3) ن+ڭ (*нун+ңе*) – ң; 4) ع+ن + ڭ (*айн+нун+каф*) – ң; ي+ڭ (*иа+каф*) – ң: *таң – تانك, жаңа – خانكا*. Бұл дыбыс сөз басында келмеген, сөз ортасы және сөз аяғында ғана келген. Қазақ тілінің төл сөздерінен жуан сингармотембрлі және жіңішке сингармотембрлі сөздерде қолданылған [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында*: <ң> фонемасы қадым және жәдид жазуындағы бір ғана ع (*каф*) таңбасымен өзгертіліп берілді [139].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)* <ң> фонемасы /Юң/ әрпімен берілді: *кеңес, таңьнда*. Н.Төрөкұлов, Т.Шонанұлы жобаларында <ң> фонемасы /Юң/ графемасымен таңбаланады, Х.Досмұхамедұлы, М.Мырзаұлының жобаларында <ң> фонемасы /Ң ң/ әрпімен беріледі [116].

2.5 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.)* <ң> фонемасы жіңішке тембрлі сөздерде ғана жазылатын тілалды, тоғысыңқы, үнді <н> фонемасын таңбалайтын орыс әліпбиіндегі <н> әрпіне әріпасты сызық сала отырып (ң) берілді. Орыс графикасына негізделген ең алғашқы қазақ әліпби жобасында (Н.И.Ильминский) <ң> фонемасы /нь/ графемасымен берілді. Н.Ильминскийдің бұл жобасына В.В.Григорьев әріптерді таңбалауда араб графикасының аясынан шықпау керек деген сыни пікір білдіріп, <ң> фонемасын /нг/ немесе /н/ таңбасымен беруді ұсынады. Ы.Алтынсарин үнді [ң] дауыссыз дыбысын әріптіркесі арқылы таңбалады: /нг/ (*мангдай – маңдай, сарангдык – сараңдық*). 1939 жылы 10 тамызда алғашқы әліпби жобасы жарияланады. Бұл жобада <ң> фонемасы /н/ таңбасына өзгертілді.

2.6 *Өзге түркі тілдері жазуында*: 1940 жылы <ң> фонемасы ноғай тілінде – /нь/, татар, түрікмен, ұйғыр тілдерінде – /н/, өзбек тілінде – /нг/ болып таңбаланған. Ал қарақалпақ тілінде <ң> фонемасы 1940-1957 жылдары /нг/ қос әріппен таңбаланса, 1957 жылы /н/ болып өзгертілді [140].

2.7 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде* <ң> фонемасы түрікмен әліпбиінде /Юң/ графемасымен таңбаланады. Түрік, әзербайжан тілдерінде бұл әріп жоқ. Өзбек тілінде /нг/ қос әріппен таңбаланады.

<ң> фонемасының /ŋg/ және /nq/ әріп тіркестерімен таңбалануының себебін рефлексті қатемен байланыстыруға болады;

<ң> фонемасын /ñ/ графемасымен таңбалап, /ng/ әріптіркесін қабылдамайтынын көруге болады. Респонденттердің балама ұсыныстарында да /ñ/ графемасын қолдайтыны байқалады.

2-жобада <ң> фонемасы /ñ/ графемасымен таңбаланған. Алайда кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 358 қате нұсқа таңба жіберген. Респондент тарапынан кеткен қатені пайызға шаққанда, $(358 \times 100 : 2232 = 16)$ 16% көрсетіп отыр. Сонда 1-жобаға қарағанда 2-жобада <ң> фонемасын /ñ/ графемасымен таңбалауда қуатсыйымдылық жоғары көрсеткішті көрсетіп отыр. Респондент тарапынан кеткен әртүрлі нұсқалар кестеде беріліп отыр.

2-әліпби жобасы бойынша

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ң	ñ	n	282 (bätenke, siyirjonishqa, jaŋgalaq, kalsidin)
		ng	70 (išseng, sijirjongishqa)
		n (төбесінде екі ноқаты бар)	6 (išseñ; siyrjoñışqa; bätenke)
Жалпы			358

2-жоба бойынша респонденттер:

- <ң> фонемасын /n/ графемасымен таңбалауды жөн көріп, 282 қате жіберіп отыр. Бұдан респонденттердің диакритикалық таңбаны қолдамайтынын немесе қолдануға дағдыланбағанын көруге болады.

- <ң> фонемасын /ng/ әріптіркесімен таңбалап, 70 қате жіберген. Оның себебі респонденттер алдыңғы жобаның әсерімен дағды бойынша таңбалаған болуы керек.

- <ң> фонемасын /ñ/ графемасымен таңбалаған қателер де бар. Респонденттер <ң> фонемасын /ñ/ графемасымен белгілеп, 6 қате нұсқа жіберіп отыр.

Бұл қателердің себебі:

респонденттер <ң> фонемасын /n/ графемасымен таңбалауды жөн көріп, диакритикалық таңбаны белгілі/белгісіз себептермен қолданбайтынын көруге болады;

<ң> фонемасының /ng/ әріптіркесімен таңбалануының себебі алдыңғы жоба әсерімен қалыптасып үлгерген қолдағдыға байланысты болуы керек.

2-жоба бойынша жіңішке дауысты дыбыстардың графикасы әріпүсті ноқатпен (öäü) белгіленеді. Осымен байланысты респонденттер қолдағды бойынша дауыссыз <ң> фонемасын екі ноқаты бар /ñ/ графемасымен таңбалаған. Немесе респонденттер өз тарапынан бір жүйеге салғысы келген болуы керек.

3-жобада <ң> фонемасы /ng/ әріптіркесі графемасымен таңбаланған. Кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 226 қате жіберген. Бұл респондент тарапынан кеткен қатені пайызға шаққанда, $(226 \times 100 : 2232 = 10,1)$ 10,1 % көрсетіп отыр. Сонда бірінші жобаны 2-жобамен салыстырғанда, ор-

таша көрсеткішті көрсетіп отыр. Қуатсыйымдылығы орташа көрсеткішті көрсетіп отырған 3-жобада кеткен қателер төмендегі кестеде көрсетілді:

3-әліпби жобасы бойынша:

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ң	ng	n	182 (baetenke,kalsidin, siyirzhonishqa, zhanqalaq)
		n'	1 (siyirzhon'yushqa)
		ң	18 (zhanḡalaq)
		ñ	21 (zhañghalaq)
		nq	4 (zhanqghalaq)
Жалпы			226

Аталған жобада да ең көп қате <ң>фонемасын /n/ графемасымен таңбалаудан туындап отыр. Оның себебі қазіргі жас буын телефон арқылы өзара ақпарат алмасқанда немесе интернет желісінде дауыссыз [н] және [ң] дыбыстарын бір ғана /n/ графемасымен таңбалайды. Сондықтан болар, респонденттердің көбі осы қатені қолдағдысының салдарынан жіберіп отыр.

Респонденттер <ң> фонемасын дағды бойынша 2-жобадағы /ñ/ графемасымен таңбалап, 21 қате жіберген.

18 рет <ң>фонемасын қазіргі кирил-қазақ әліпбиіндегі /н/ әрпімен таңбалайды. Бұл – графемалық интерференцияның нәтижесі.

Сондай-ақ /ng/ тіркесіндегі /g/ графемасын /q/ әрпіне ауыстырғанын респонденттердің екі әріптің сұлбасын бір-біріне ұқсатуымен түсіндіруге болады.

Сонда үш әліпбидегі таңбалардың қуатсыйымдылығын салыстырсақ, мынадай көрініс аламыз:

1-жоба бойынша – 9,4%;

2-жоба бойынша – 16 %;

3-жоба бойынша – 10,1 %.

1-жобадағы /ng/ әрпінің қуатсыйымдылығы 2-3-жобалардағы жазуға кеткен қуатсыйымдылыққа қарағанда төмен болып отыр.

Мұның әзірге үлкен бір себебін айтуға болады. Ол қазіргі латын әліпбиін қолданып жазатын жастар арасында жазба тілінде /н/ әрпі /ng/ диграфымен транслитерация жасалып тұрақтала бастағаны. 1-ші мен 3-ші жобалар таңбалары бірдей. Соған қарамастан, 3-жобада әріптің қуатсыйымдылығы жоғарылай бастаған. Яғни 2-жоба арқылы диакритикалық таңбамен жазу дағдысына төселе бастағаннан 3-жобада қайта диграфпен жазудың қиындық келтіргені көрінеді.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы:* 1-жоба бойынша – 9,4%; 2-жоба бойынша – 16%; 3-жоба бойынша – 10,1%.

3.6 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды:* жоба әріптері қуатсыйымдылықтың орта екенін көрсетті. Барлық жазылым бойынша 35,5% кеткен қате – бұл әріпті таңбалаудағы қуатсыйымдылықтың орта көрсеткіші. Әріп тіркесімен белгілеуде де (1, 3-жобалар), бір әріппен жазуда да (2-жоба) қателер саны, оның ішінде тұрақсыз

кателер саны, әр респонденттің өз бетінше белгілеу әрекеті көп болғаны байқалды. Бұл – қазақ-кирил әліпбиіндегі /н/ әрпінің латын графикасын қабылдауда ойлануды қажет ететінін ескертеді. «Жоба ұсыныстарының бір де біреуі 100 пайыз оң нәтиже берген жоқ» деп қорытуға болады.

/Оо/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*: <o>– дауысты, ашық, еріндік, жуан [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15]:

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/o/	⇒<o>	⇒ [o]	дауыссыздан кейін, бірінші буында	қ[o]р, жалақ[o]р
		⇒ [ʷo]	сөз басында	[ʷo]рман, [ʷo]тан

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /o/ графемасының пайыздық салмағы*: 2,44%. Кездесу жиілігі: 14-орында.

1.4 *Дауыссыздармен тіркесу қабілеті*: барлық дауыссыздармен тіркеседі.

1.5 *Сөз позициясындағы орны*: позиция талғайды: сөздің басында, ортасында қолданылады.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында*: /o/ графемасы көне түркі жазуында > таңбасы арқылы берілді. <O> фонемасы сөздің анлаут (ol – ол, ot – от), инлаут (jol – жол, qoŋk – қорқу, boj – болу) позицияларында кездеседі. Сондай-ақ **o~u** сәйкестігі де болды [137].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында*: қадым жазу жүйесінде арақаттар (фатха, дамма, кесра) қазақ тіліндегі тоғыз дауыстының мәнін берген. Соның ішінде дамма **ұ, ү, о, ө** дыбыстарының мәнін білдірген. **Е, ы, і, ұ, ү, о, ө, и, у** дыбыстарынан басталатын сөздердің басында үнсіз алиф белгісі таңбаланып отырған. Ерін, тіл арты, құранды [o] дауысты дыбыстың қадым және жәдид жазуында **уау (ә)** арқылы берілуі: *болмасамда – بولماسامدا, бойынша – بوينشە, отұз – اوتز* [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында*: <o> фонемасы **уау (ә)** арқылы берілді [139].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)*: <o> фонемасы үшін /Oo/ графемасы алынды: *отан – отан, орақ – орақ, осақ – ошақ* [116].

2.5 *1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуінде*: аталған таңба өзгертілмей алынды [116].

2.6 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.)* <o> фонемасы /Oo/ таңбасы бойынша өзгеріссіз алынды [135].

2.7 *Өзге түркі тілдері жазуында*: кирил графикасына негізделген ноғай, татар, башқұрт, қарақалпақ, қырғыз әліпбилерінде /Oo/ таңбасы бар [140].

2.8 Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде:

Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркітілдес халықтардың әліпбилерінде <o> фонемасының берілуі:

әзербайжан әліпбиінде: /Oo/;

түрік әліпбиінде: /Oo/;

өзбек әліпбиінде: /Oo/;

түрікмен әліпбиінде: /Oo/.

2.9 <O> фонемасының орфографиясы:

- /o/ әрпі қазақтың көпбуынды сөздерінің алғашқы буынында және бірбуынды сөздерде жазылады;

- орыс тілінен енген сөздердің соңғы буындарында /o/ әрпі жазылады: *кино, аккорд, паспорт* т.б.;

- біріккен сөздер мен қос сөздердің соңғы буындарында /o/ әрпі жазылады [87].

III Сауалнама жобаларындағы <o> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 /O/ әрпінің тарихы: бұл әріп б.з.д. VI ғасырда қолданыла бастаған. Алғашқыда бұл әріп «көз» деген мәнді берген. Классикалық латын әліпбиінде ғана [o] дыбысының мәнін білдірген [141].

3.2 Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі: сауалпарақта берілген 66 сөздің ішінен <o> фонемасының III бөлім бойынша кездесу жиілігі 13 рет: *эволюция, қоян, координат, Омскіден, коммуналдық, педагогтер, киловатқа, омыртқа, сиыржоңышқа, оттек, киікоты, Жолио-Кюри*. IV бөлім бойынша – 4 рет: *гой (2 рет), болып (2 рет)*. Үш әліпбиде де бұл әріп дұрыс жазылған. Қате жоқ.

3.3 Респонденттердің балама ұсыныстары: бұл графемаға қатысты респонденттердің ұсыныстары жоқ.

3.4 Сауалнама нәтижесі: <o> фонемасын латын әліпбиінде бар /Oo/ графемасы арқылы таңбалауға болатынын көрсетті. Оның мынадай себептері бар: а) ағылшын-латын стандартында <o> фонемасын таңбалайтын, оған мәні жуық /Oo/ әрпінен басқа әріп жоқ; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындар санасында /Oo/ графемасы <o> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <o> фонемасының бейнесі /Oo/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

3.5 Әріптің қуатсыйымдылығы: үш әліпби жобасы бойынша /o/ графемасының қуатсыйымдылығы 0% .

3.6 Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды:<o> фонемасын **Oo** тұрпатында таңбалауға болады.

/Өө/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 Фонеманың айырым белгілері: <ө> – дауысты, ашық, еріндік, жіңішке [38].

1.2 Фонеманың дыбыс қоры [15]:

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/ø/	⇒<ö>	⇒ [ø]	дауыссыздан кейін, бірінші буында	к[ø]не, т[ø]бе
		⇒ [ʸø]	сөз басында	[ʸø]т, [ʸø]лең

Сөз басында және бірінші буында келген <ö> фонемасы өзінен кейінгі қысаң немесе жартылай ашық езуліктерге еріндік сипат береді: *бөрене* [бөрөне], *көбелек* [көбөлөк], *жол-жөнекей* [жолжөнөкей]. <Ö> фонемасы сөздің басында селбеспелі дыбыспен айтылады. Бірақ жазуда фонеманың негізгі мәні (реңкі) ғана ескеріледі. Мысалы: <өлке> – [ʸөл'к'ø], <өсімдік> – [ʸөс'ʸүм''дік].

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /ø/ графемасының пайыздық салмағы*: 0,89 %. Кездесу жиілігі: 26-орында.

1.4 *Дауыссыздармен тіркесу қабілеті*: *қө, өк, зө, өз* тіркесімі болмайды. Өзге барлық дауыссыздармен тіркеседі.

1.5 *Сөз позициясындағы орны*: позиция талғайды: сөздің басы мен ортасында қолданылады (*өсімдік, өкімет, көлеңке, өс, өр, өн, төс, төр, төр*), сөздің аяғында кездеспейді.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында*: <ö> фонемасы көне түркі жазуында **N** таңбасы арқылы берілді. <Ö> фонемасы сөздің анлаут (*ög – ой, öz – өз*), инлаут (*köz – көз, kök – көк, köl – көл*) позицияларында кездеседі. Сондай-ақ *ö-ü, ö~o, ö=e/э* сәйкестігі де болды [137].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында*:

қадым жазу жүйесінде қаракаттар (фатха, дамма, кесра) қазақ тіліндегі тоғыз дауыстының мәнін берген. Соның ішінде дамма *ұ, ү, о, ө* дыбыстарының мәнін берген. <Ö> фонемасының мәнін: **уау (ә)** таңбасы берді: *көб – كوب, көз – كوز*. Жалпы қадым жазуында [o] және [ø] дауысты дыбыстарының таңбалануы бірдей;

жәдид жазуында <ö> фонемасы қаракаттар арқылы емес, жеке таңба арқылы жазыла бастады. Жәдид жазуында бір дыбысқа бір таңба принципі негізге алына бастады. Жәдид жазуында <ö> фонемасы жүйелі түрде тек **уау (ә)** таңбасы арқылы берілді: *өздері – اوزديرى, көрмеге – كورمهگه* [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында*: **уау (ә)** арқылы берілді: *көб – كوب, көз – كوز, өкпе – وكپه* [139].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)*: 1924 жылы «Аслат» ұйымының ұйғаруымен қабылданған жобада және Мырзаұлы, Мұқтарұлының, Байділдаұлының жобаларында дауысты дыбыстардың жіңішке варианттарын дәйекше белгісі арқылы айыруға болатындығы көрсетіледі: *оп (он) – он* (өн). Ал Х.Досмұхамедұлы <ө> фонемасын /ø/ графемасы арқылы беруді ұсынады.

1929 жылы бекітілген әліпбиде <ө> фонемасына /ø/ графемасы алынады: *өзінің – өзiнiң; өңір – өңiр, өнер – өнeр*.

1929-1940 жылдары латын әліпбиіне негізделген /ø/ графемасы түркі халықтар тіліндегі төл дыбысты белгілеу үшін қабылданды. Тек өзбек әліпбиінде [ø] дыбысы /o/ таңбасы арқылы берілді [116].

2.5 *1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде*: аталған таңба өзгертілмей алынды [116].

2.6 Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940ж.) <ө> фонемасы /ө/ таңбасы бойынша өзгеріссіз алынды [135].

2.7 Өзге түркі тілдері жазуында: башқұрт, қырғыз, татар, қарақалпақ әліпби-лерінде <ө> фонемасы үшін /ө/ таңбасы алынды (1957 жылы қабылдайды). Ноғай әліпбиінде /оь/түрінде белгіленді [140].

2.8 Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде <ө> фонемасының берілуі:

- әзербайжан әліпбиінде: ö;
- түрік әліпбиінде: ö;
- өзбек әліпбиінде: o’;
- түрікмен әліпбиінде: ö.

2.9 <Ө> фонемасының орфографиясы:/ө/ әрпі қазақтың көпбуынды сөздерінің алғашқы буынында және бірбуынды сөздерінде ғана жазылады.

Алғашқы буындағы еріндік [ө] дыбысының әсерінен екінші буындағы езулік [e] дыбысы [ө] болып естіледі (айтылады), бірақ жазуда /e/ әрпі жазылады: *бөрене – бөрөне емес, көбелек – көбөлек емес* және т.б.

Біріккен сөздер мен қос сөздердің соңғы буындарында /ө/ әрпі жазылады [87].

III Сауалнама жобаларындағы <ө> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 *ОЕ, ö, о’әріптерінің тарихы:* 1-ші жобадағы <ө> фонемасын таңбалауға алынған /Ое/ – латын әліпбиінде 9 лигатураның бірі болып табылады. Латын тілінде бұл лигатура дифтонг дыбыстар үшін қолданылған. ОЕ әріптіркесі француз тілінде бір дыбысты беру үшін қолданылады.

2-ші және 3-ші жобалардағы /ö/, /o’/ – архаикалық және классикалық латын әліпбиінде жоқ. /Ö/, /o’/ әріптері /o/ әрпінің модификацияланған бір формасы. Аталған әріптер мадияр, голланд, исланд, швед әліпбилерінде қолданылады [128].

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі:*

1-әліпби жобасы бойынша: <ө> фонемасы сауалпарақта (III, IV бөлім бойынша) 3 сөзде 4 рет кездеседі (*өсімдік, көркемөнер, төгілемін*). 1-әліпби жобасы бойынша кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент <ө> фонемасын 992 рет таңбалап, 38 қате жіберген. 1-ші жобаға сәйкес <ө> фонемасы /oe/ графемасы арқылы берілуі тиіс. Бірақ жазылым барысында сауалнамаға қатысқандардың /oe/ әріп қосындысын әртүрлі вариантта таңбалағанын көреміз.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ө	oe	o (22 қате) ö (3 қате) ae (9 қате) e (3 қате) oә (1 қате)	osimdik ösimdik kaerkemaener esimdik koærkemoæner
Жалпы		38	

Жоғарыдағы кестеден респонденттер 9 рет /oe/ графемасының орнына /ae/ графемасын таңбалағанын көреміз. Сондай-ақ жазылым барысында /oe/ әріп тіркесінің /o/ түрінде және /e/ түрінде дара тұлғада жазылғанын байқаймыз. Мұның басты себебі – респондент санасында <ө> фонемасы дара тұлғадағы графемаға сәйкес, ал қос әріптіркесі арқылы берілетін дауысты дыбыстың графикалық бейнесі жоқ болуынан деп ойлаймыз.

Сауалнама мәтінін жазу барысында 3 рет <ө> фонемасы /ö/ түрінде жазылғанын көреміз, бұл жазарман санасында <ө> фонемасының графикалық образы /ö/ графемасына сәйкес қабылданғанын көрсетеді.

1-жоба бойынша қорытынды. Сауалнама нәтижесі бойынша <ө> фонемасын /oe/ әріп қосындысы арқылы берудің тиімсіз екенін көрсетті. Жалпы қате жазылым нұсқаларында <ө> фонемасын респонденттер 28 рет (o, ö, e) дара тұлғада, 10 рет (ae, oэ) диграфпен таңбалаған. Бұл дегеніміз <ө> фонемасы респондент санасында дара тұлғадағы графемаға сәйкес екенін көрсетеді. Сондықтан жазылым процесінде де дара форма орын алып отырған. Сауалнама нәтижесінде <ө> фонемасы үшін «бір фонема – бір графема» принципі ұстанылуы тиіс екенін көруге болады.

2-әліпби жобасы бойынша: 2-жобаға сәйкес <ө> фонемасы /ö/ графемасы арқылы берілуі тиіс. Бірақ жазылым барысында респонденттер /ө/ әрпін мынадай вариантта таңбалағанын көреміз.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ө	ö	ä (3 қате) o (25 қате) ө (2 қате) ö (2 қате) ó (1 қате) oe (1 қате)	äsimdik, korkemoner, өsimdik, көrkemöner, ösimdik, tögilemin, oesimdik
Жалпы		34	

2-әліпби жобасы бойынша /ө/ әрпі 992 рет жазылған. 958 рет /ö/ әрпі жобаға сәйкес таңбаланып, 34 қате жіберілген. Қате жазылымның ішінде <ö> фонемасы «қоснүкте» диакритикасыз және қазіргі әліпбиге сәйкес жазылғанын көреміз. Бұдан графикааралық интерференция құбылысын байқауға болады.

25 рет /ö/ графемасы нүктесіз таңбаланған. Яғни жазылым барысында әріптің төбесіне нокат қою респонденттерге қиындық тудырған немесе оны ескермеген деп ойлаймыз.

Жалпы айтқанда, <ö> фонемасының жазылымында айтарлықтай қиындық жоқ.

2-жоба бойынша қорытынды. Сауалнама нәтижесі /ö/ әрпі арқылы <ө> фонемасын беруге болатынын көрсетті.

3-әліпби жобасы бойынша: 3-әліпби жобасы бойынша кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент <ө> фонемасын таңбалауда 45 қате жіберген. 3-жобаға сәйкес <ө> фонемасы /o'/ графемасы арқылы берілуі тиіс. Бірақ жазылым барысында төмендегідей қате жазылымдар байқалды.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ө	o'	ö (5 қате) oe (11 қате) ө (1 қате) o (25 қате) á (2 қате) ö (1 қате)	körkemöner, oesimdik, körkemöner, osimdik
Жалпы		45	

3-әліпби жобасы бойынша /o'/ әрпі 992 рет жазылған. 947 рет /o'/ әрпі жобаға сәйкес таңбаланса, 45 рет қате жазылған. Көрсетілген статистикалық мәліметтен <ө> фонемасы 25 рет /o/ түрінде қате жазылғанын көреміз. Бұл қателер негізінен әріптің пішінінің бүтін болмауына байланысты. Яғни жазарман <ө> фонемасын жазу барысында диакритикалық белгіні елемеген. Бұл – графема мен фонеманың, фонема мен дыбыстың арақатынасын өзгертетін құбылыс. Сондықтан болашақта бұл әріптің латын негізді әліпбиге енгізілу не енгізілмеуі жіті қаралуы тиіс. Респонденттердің /o'/ графемасын 11 рет /oe/ түрінде таңбалауын 1-әліпби жобасына дағдылануын көрсетеді. Ал /o'/ графемасын 5 рет /ö/ түрінде беруі, біздіңше, аталған графеманың образы /o'/ графемасына емес, /ö/ графемасына сәйкес екенін көрсетеді.

3-жоба бойынша қорытынды. Сауалнама нәтижесі /o'/ әрпін 4,53 % қабылдамағанын көрсетті.

3.3 Үш әліпби жобасы бойынша тыңдалым-жазылым қатесі: 1-әліпби жобасы бойынша аудиомәтінді тыңдап жазуда 248 респондент 14 қате жіберген. 2-әліпби жобасы бойынша аудиомәтінді тыңдап жазуда 248 респондент 20 қате жіберген. 3-әліпби жобасы бойынша аудиомәтінді тыңдап жазуда 248 респондент 16 қате жіберген.

3.4 Респонденттердің балама ұсыныстары: бұл графемаға қатысты 16 респондент /ö/ таңбасын ең оңтайлы әріп қатарына кіргізген. Ал 26 респондент <ө> фонемасын /oe/ әріптіркесі арқылы жазу қолайсыз әрі күрделі деп көрсеткен.

3.5 Сауалнама нәтижесі: <ө> фонемасы 1-жобада /oe/, 2-жобада /ö/, 3-жобада /o'/ графемасымен берілген. Барлық жазба мәтінде <ө> фонемасы 4 рет кездеседі. Сонда 248 респондент 1-жоба бойынша бұл әріпті 992 рет жазады. 992 рет жазылым ішінен 38 рет әліпбиге сай емес таңбаланған. Пайызға шаққанда,

992 – 100 %.

38 – x % болғанда, $3800:992 = 3,8\%$.

2-жоба:

992 – 100 %.

34 – x % болғанда, $3400:992 = 3,4\%$.

3-жоба:

992 – 100 %.

45 – x % болғанда, $4500:992 = 4,5\%$.

3.6 Әріптің қуатсыйымдылығы: сауалнама нәтижесі көрсеткендей, 1-жоба бойынша қате – 3,8%, 2-жоба – 3,4%, 3-жоба – 4,5%-ды құрап отыр.

3.7 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды*: сауалнама нәтижесі <ө> фонемасын латын әліпбиінің кеңейтілген нұсқасында бар /Öö/ графемасы арқылы таңбалауға болатынын көрсетті. Оның мынадай себептері бар:

а) ағылшын-латын стандартында <ө> фонемасын таңбалайтын, оған мәні жуық /Öö/ әрпінен басқа әріп жоқ;

ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес;

б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /ө/ графемасы <ө> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <ө> фонемасының бейнесі /Öö/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

/Пп/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*: <п> – дауыссыз, ерін тоғысыңқы, қатаң [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15]:

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/п/	⇒<п>	⇒ [п]	Барлық позицияда, жуан езуліктермен іргелес келгенде	[п]айда, [п]айыз, а[п]а
		⇒ [п']	Барлық позицияда, жіңішке езуліктермен іргелес келгенде	[п']әк, ә[п']енде, гә[п']
		⇒ [п'']	Барлық позицияда, жіңішке еріндіктермен іргелес келгенде	нө[п'']ір, тө[п'']елеу
		⇒ [п'°]	Барлық позицияда, жуан еріндіктермен іргелес келгенде	[п'°]ора-[п'°]ора, со[п'°]ак
		⇒ [п'~]	[С], [ш] дыбыстарының алдында, жуан езуліктермен келгенде	ка[п'~]шық, та[п'~]са
		⇒ [п'~']	[С], [ш] дыбыстарының алдында, жіңішке езуліктермен келгенде	ші[п'~']-шикі, се[п'~']се

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /п/ графемасының пайыздық салмағы*: 1,40 %. Кездесу жиілігі: 22-орында.

1.4 *Дауыстылармен тіркесу қабілеті*: дауыстылардың барлығымен тіркеседі.

1.5 *Сөз позициясындағы орны*: позиция талғамайды: сөздің басы, ортасы, аяғында кездесе береді.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында*: /п/ графемасының көне түркі жазуында «1» тұрпатындағы таңбасы болған – **1**. Сөздің ортасында және аяғында кездескен. Мысалы: *ана* – *ана*, *тапа* – *таба* [137].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында*: <п> фонемасы *қадым жазуында* сөз басында кездескенде, тек парсылық **пе** (پ) арқылы ғана беріліп отырған. Сөз басындағы

<п> фонемасының араб әліпбиіндегі **ба** (ب) арқылы таңбалануы мүлде кездеспейді. Яғни, сөз басындағы [п] дыбысы тек бір жүйемен, парсылық **пе** (پ) арқылы берілген. Сөз ортасындағы [п] дыбысы бірде парсылық **пе** (پ) арқылы, бірде араб әліпбиіндегі **ба** (ب) арқылы таңбаланған. Сөз аяғындағы <п> фонемасы тек араб әліпбиіндегі **ба** (ب) арқылы, яғни тек бір жүйемен таңбаланып отырған. Яғни сөз басындағы және сөз аяғындағы [п] дыбыстары белгілі бір жүйемен таңбаланған. Дауыссыз дыбыстардың ерекшелігіне байланысты араб әліпбиінде [п] дыбысының арнайы таңбасы жоқ. Сондықтан парсылық **пе** (پ) таңбасын қолданған. Құрамында [ф] дыбысы бар араб-парсы тілдерінен енген сөздердің басым бөлігі тілімізде [п] дыбысымен дыбысталаып, /п/ әрпімен жазылады. Мысалы: *periште, анта, кіріптар* т.б.

/П/ дыбысының берілуі:

1) **ба**(ب) арқылы: *көмүпті* – كومویدی. Сөз аяғындағы [б] дыбысы жүйелі түрде тек **ба** (ب) әрпімен беріліп отырған: *шығарұб* – چغاروب, *алұб* – الوب;

2) парсылық **пе** (پ) арқылы: *найдалы* – پایدالی, *пішенді* – پیچیندی. Ал **фа**(ف) арқылы таңбаланған қазақ сөздері жоққа тән, тек мына сөзді ғана кездестірдік: *Қозы Көрпеш – Қозы Көрпеш* – قوزی كورپيش. Негізінен [п] дыбысы парсылық **пе**(پ) арқылы берілген. Парсылық **пе** (پ) сөз ортасындағы [п] дыбысын таңбалаған: *қалампыр, кемпір-мемпір, шопан*.

Жәдид жазуында: 1) **ба** (ب) арқылы: *тапсырған* – تابسرغان, *ніскен* – نيسكان. Сөз аяғында келетін [п] дыбысы жүйелі түрде 1) араб әліпбиіндегі **ба**(ب) арқылы таңбаланып отырған. Мысалы: *алыб* – الب, *басұлыб* – باسولب; 2) парсылық **пе** (پ) арқылы: *шықпайды* – چچپایدی, *пошта* – پوخته [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында*: парсылық **пе**(پ) таңбасы алынды [139].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)* <п> фонемасы /Рр/ әрпімен берілді: *парасат* – parasat, *пулемет* – pølemet, *партизан* – partjzan// pørtijzæn [116].

2.5 *1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде* /Рр/ таңбасы қалдырылды [116].

2.6 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.)* <п> фонемасы кирил графикасының стандартына сәйкес /Пп/ түрінде алынды [135].

2.7 *Өзге түркі тілдері жазуында*: 1940 жылы <п> фонемасы ноғай, қарақалпақ, башқұрт, татар әліпбилерінде /Пп/ түрінде таңбаланды [140].

2.8 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде*: <п> фонемасын /Рр/ әрпімен таңбалау тәжірибесі түрік, өзбек, түрікмен, эзербайжан әліпбилерінде бар.

III Сауалнама жобаларындағы <п> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 /П/ әрпінің тарихы: б.д.д. V-VII ғасырларда латын әліпбиінде қолданылған <р> фонемасы /п/ әрпінің мәнін берген [128].

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі*:

Сауалпарақта берілген сөздердің ішінен <п> фонемасының III бөлім бойынша кездесу жиілігі 7 рет (*тәкаппар, диспетчер, педагогтер, парашюттер, принциптер, япырмау*), IV бөлім бойынша – 3 рет (*аспаны, болып* (2)).

1-жоба бойынша сөздерді кирил жазуынан латын жазуына ауыстыруда 248 респондент жалпы 1 рет қате жіберген.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
п	p	п	taekappa

2-жоба бойынша да тілдік бірліктерді кирил жазуынан латын жазуына ауыстыруда 248 респондент жалпы 1 рет қате жіберген. Аталған қате жазылымның орын алу себебі графемалық интерференциямен байланысты. Яғни бұл – бір әліпбиден екінші әліпбиге көшу барысында автоматты түрде орын алған қате.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
п	p	п	täkappar

3.3 *Респонденттердің балама ұсыныстары:* <п> фонемасын басқа әріппен беру туралы балама ұсыныстар жоқ.

3.4 *Сауалнама нәтижесі:* барлық жазба мәтінде /п/ әрпі 10 рет кездеседі. Сонда бірінші әліпби жобасы бойынша 248 респондент бұл әріпті 2480 рет жазған болып шығады. 2480 рет жазылған /п/әрпі 2479 рет дұрыс таңбаланған. Пайызға шаққанда, 2480 – 100%

1 – x % болғанда, $100 : 2480 = 0,04\%$. Бұдан <п> фонемасын латын әліпбиіндегі /Pp/ әрпімен таңбалауға болатынын көруге болады. Оның мынадай себептері бар: а) ағылшын-латын стандартында <п> фонемасын таңбалайтын, оған мәні жуық /Pp/ әрпінен басқа әріп жоқ; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /Pp/ графемасы <п> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <п> фонемасының бейнесі /Pp/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы:* сауалнама нәтижесі көрсеткендей, 1-жоба бойынша – 0,04%, 2-жоба бойынша – 0,04%, ал 3-жоба бойынша 0%-ды құрап отыр. Респонденттердің сауалнамасын саралау нәтижесі бірінші, екінші, үшінші жобаларда берілген <п> фонемасының қуатсыйымдылығы төмен екендігін көрсетті.

3.6 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды:*<п> фонемасының таңбасы ретінде /Pp/ әрпін алуға болады.

/Pp/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері:*<р> – дауыссыз, діріл жуысыңқы, тіл ұшы, үнді [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15]:

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/p/	⇒<p>	⇒ [p]	Сөз ортасы мен аяғында, жуан езуліктер арасында	а[p]а, қа[p]ық
		⇒ [p°]	Сөз ортасы мен аяғында, жуан еріндіктер арасында	о[p°], кү[p°]ық
		⇒ [ыр]	Сөз басы, жуан езуліктер алдында	[ыр]ас, [ыр]иза
		⇒ [ір]	Сөз басы, жіңішке езуліктер алдында	[ір]ет, [ір]әсуа
		⇒ [ұр]	Сөз басы, жуан еріндіктер алдында	[ұр]у
		⇒ [үр]	Сөз басы, жіңішке еріндіктер алдында	[үр]өл, [үр]өмке

1.3 Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /p/ графемасының пайыздық салмағы: 5,67%. Кездесу жиілігі: 6-орында.

1.4 Дауыстылармен тіркесу қабілеті: /p/ графемасы дауыстылармен *pa-ap, pə-əp, pe-ep, po-op, pə-əp, pұ-ұp, ры-ыр, рі-ір, үр* түрінде тіркеседі, алайда *pү* формасында тіркеспейді [38].

1.5 Сөз позициясындағы орны: сөздің барлық позициясында (сөз басы, ортасы, аяғы) кездеседі [38].

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 Көне түркі жазуында /p/ графемасы жуан түрінде **Ч** таңбасымен, ал жіңішке түрінде **Ү** таңбасымен берілген. Көне түркі жазбаларында [p] – ауызжолды үнді дыбыс – сөздің жуан және жіңішке түрлерінде кездесе береді. Сөз басында жазылмайды. Сөздердің ортасында және соңында жазылады [142].

2.2 Араб (қадым және жәдид) жазуында <p> фонемасы **pe** (ﻁ) арқылы берілген. Бұл дыбыс сөз басы, ортасы және сөз аяғында келген. Қазақ тілінің жуан және жіңішке сингармотембрлі сөздерінде қолданылған [138].

2.3 А.Байтұрсынұлының төте жазуында **pe** (ﻁ) таңбасы қалдырылды [139].

2.4 Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.) <p> фонемасы /Rr/ әрпімен беріледі: *qara, taraq* [116].

2.5 1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде /r/ графемасы өзгермеген [140].

2.6 Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.): <r> фонемасының кирил графикасындағы /p/ таңбасы алынды [116].

2.7 Өзге түркі тілдері жазуында: 1940 жылғы кирил әліпбиінде <p> фонемасын әзербайжан, ноғай, қарақалпақ, қырғыз, өзбектер /p/ графемасымен таңбалаған [140].

2.8 Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде: <p> фонемасын /r/ әрпімен таңбалау өзбек, түрікмен, әзербайжан әліпбилерінде бар.

2.9 <P> фонемасының орфографиясы:

- [p] дыбысынан басталып, одан кейін қысаң [ы], [і] дыбыстары келетін сөздердің басында (/p/ әрпінен бұрын) *ы, і* әріптері жазылады: *ырым, ырық, ырылдау, іріту*;

- сөз [p] дыбысы мен қатаң дауыссызға аяқталып, шұғыл айтылатын жағдайда бұлардың арасына *ы, і* әріптері жазылмайды: *жұрт, қарт, төрт, құрт, күрт, тарс-тұрс, бырт-бырт, жарқ-жұрқ*;

- шұғыл айтылмайтын соңғы үнді мен қатаң дауыссыздың арасына *ы, і* қойылып жазылады: *жарық (сәуле), қарыс (бір қарыс сақалы бар), қарыт (аязға бетін қарытып алды), тұрыс (бұл тұрысың маған ұнамайды)* [87].

III Сауалнама жобаларындағы <р> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 /P/ әрпінің тарихы: үш әліпбиде де <р> фонемасын /Rr/ графемасымен таңбалау ұсынылған. /Rr/ әрпі б.з.д.VII ғасырда енгізілген латын әріптерінің бірі [128].

3.2 Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі: сауалпарақта берілген 66 сөздің ішінен <р> фонемасының III бөлім бойынша кездесу жиілігі 35 рет (*ерік, тәкаппар, көркемөнер, жұдырық, мейірім, жанкүйер, кейбіреу, қырқынышы, бауыры, рұқсат, жарқ-жұрқ, уылдырық, сирақ, қария, тыяр, фабрика, диспетчер, қаһарман, координат, лагерьге, парашюттер, педагогтер, принципі, бұрынғы, омыртқа, жанкүйер, қырықаяқ, сиыржоңышқа, күркетауық, кейбіреу, Жолио-Кюри, япырмау*), IV бөлім бойынша – 5 рет (*ерліктің, қарашы, ер, бермеген, жырың*). Үш жоба бойынша да қате кетпеген.

3.3 Әріптің қуатсыйымдылығы: Үш әліпбиді салыстыру барысында респонденттердің /r/ графемасын жазуда еш қиналмағандары белгілі болды. Яғни /r/ графемасының қуатсыйымдылығы 0-ге тең, жазуда ешқандай қиындық туындамайды, энергия өте аз жұмсалады.

3.4 Респонденттердің балама ұсыныстары: <р> фонемасына қатысты ұсыныс жоқ.

3.5 Сауалнама нәтижесі: үш әліпбиде де <р> фонемасы /r/ графемасымен берілген. Барлық жазба мәтінде /p/ графемасы 40 рет кездеседі. Үш жоба бойынша /r/ әрпі әліпбиге сай таңбаланған. Демек, бұл графеманы таңбалау көп энергияны қажет етпейді. Санада айқын.

3.6 Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды: 3 жоба бойынша да <р> фонемасы /r/ графемасымен таңбаланатындықтан, бұл дыбысты латын әліпбиіндегі /Rr/ әрпімен таңбалау даусыз екені анық: а) ағылшын-латын стандартында <р> фонемасын таңбалайтын, оған мәні жуық Rr әрпінен басқа әріп жоқ; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /Rr/ графемасы <р> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <р> фонемасының бейнесі /Rr/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

/Cс/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 Фонеманың айырым белгілері: <с> – дауыссыз, жинақы жуысыңқы, тіл ұшы, қатаң [38].

1.2 Фонеманың дыбыс қоры [15]:

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/c/	⇒<c>	⇒ [c]	Барлық позицияда, жуан езулік үндесімде	[c]абәк, қа[c]ык
		⇒ [c']	Барлық позицияда, жіңішке езулік үндесімде	[c']іріңке, ке[c'], кә[c']іп
		⇒ [c°]	Барлық позицияда, жуан еріндік үндесімде	[c°]ор, о[c°]ы, кү[c°]
		⇒ [c°']	Барлық позицияда, жіңішке еріндік үндесімде	[c°']үй
		⇒ [c̣]	[T] дыбысымен іргелес, ерін, езу үндесімде	от[c̣]ыз, сәт[c̣]а, сәт[c̣]із, өт[c̣]е, ант-[c̣]у
	⇒<c>+<c>	⇒ [cc]	Кірме, көне сөздерде	ы[cc]ы, қи[cc]а, әлқи[cc]а

1.3 Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /c/ графемасының пайыздық салмағы: 4,27%. Кездесу жиілігі: 9-орында.

1.4 Дауыстылармен тіркесу қабілеті: <c> фонемасы кез келген дауысты дыбыспен тіркеседі (*ca-ac, cə-əc, ce-ec, co-oc, cə-əc, cу-үс, сү-үс, сы-ыс, сі-іс*) [38].

1.5 Сөз позициясындағы орны: сөздің барлық позициясында (сөз басы, ортасы, аяғы) кездеседі [38].

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 Көне түркі жазуында /c/ графемасы жуан түрінде **𐰸** таңбасымен, ал жіңішке түрінде **𐰶** таңбасымен берілген. Жуан түрі – жуан буынды сөздердің, жіңішке түрі жіңішке буынды сөздердің барлық позициясында келе береді: *ca, ce-ec, co, сы-ыс, сі-іс, сү-үс*. Кейде жуан «с» орнына жіңішке «сь» дыбысы да қолданылған [142].

2.2 Араб (қадым және жәдид) жазуында <c> фонемасы **سыйн** (س) арқылы берілген. Бұл дыбыс сөз басы, ортасы және сөз аяғында кездеседі. Қазақ тілінің төл сөздерінен жуан және жіңішке сингармотембрлі сөздерде қолданылған [138].

2.3 А.Байтұрсынұлының төте жазуында **сыйн** (س) таңбасы қалдырылды [139].

2.4 Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.) <c> фонемасы /Ss/ әрпімен беріледі: *sapaq, suraq* [116].

2.5 1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде /Ss/ әрпіне өзгеріс енгізілмеген [140].

2.6 Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.) /c/ графемасымен беріледі [116].

2.7 Өзге түркі тілдері жазуында: 1940 жылғы кирил графикалы әзербайжан, ноғай, қарақалпақ, қырғыз, өзбек әліпбилерінде <c> фонемасын /c/ графемасымен таңбалаған [140].

2.8 Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде (түрік, әзербайжан, өзбек және қарақалпақ) <c> фонемасы Ss әрпімен таңбаланған.

III Сауалнама жобаларындағы <с>фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 /С/ әрпінің тарихы: үш жобада да <с> фонемасын /s/ әрпімен таңбалау ұсынылған. Ss таңбасы – б.з.д. VII ғасырда енгізілген латын әріптерінің бірі [128].

3.2 Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі:

1-әліпби жобасы бойынша: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент жалпы 6 рет қате жіберген. Сауалпарақта берілген 66 сөздің ішінен <с> фонемасының III бөлім бойынша кездесу жиілігі 13 рет: өсімдік, қыстыгүні, рұқсат, диспетчер, асфальт, институтқа, сирақ, ұйқас, Омскіден, ішең, сиыржоңышқа, авиабайланыс, ыдыс-аяқ. IV бөлім бойынша – 5 рет: аспаны, даласы, дастаны, намысын, Қазақстаным. 1-жобада берілген <s> фонемасын респонденттер /с/ графемасымен таңбалап, 6 рет қате жіберген. Көрсетілген қателердің орын алуы респонденттердің кирил әліпбиімен жазып дағдыланғандықтарынан туындап отыр, яғни бұл – графемалық интерференция салдарынан болған қате.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
с	s	с	6 (oecimdik, qictigueni, cyjyrzhongyshqa, aviyabaylanis, tuqcat)

2-әліпби жобасы бойынша: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент 3 рет қате жіберген. Бұл – графемалық интерференцияға байланысты туындаған қателер.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
с	s	с	3 (cuyurjoŋyshqa, aviyabaylanis)

3-әліпби жобасы бойынша: <с> фонемасы /s/ графемасы арқылы дұрыс таңбаланып, қате жіберілмеген.

3.3 Респонденттердің балама ұсыныстары: <с> фонемасына қатысты ұсыныс жоқ.

3.4 Сауалнама нәтижесі: 1-ші және 3-ші жобаларда <с> фонемасы /s/ графемасымен берілген. Барлық жазба мәтінде /s/ әрпі 18 рет кездеседі. Сонда 1-әліпби жобасы бойынша 248 респондент бұл әріпті 4464 рет жазады. 4464 рет жазылған /s/әрпі 6 рет қате таңбаланған. Пайызға шаққанда,

4464 – 100%.

600 – x% болғанда, $600:4464=0,13\%$. Бұл – <с> фонемасын таңбалауда /s/графемасын қолданудың қуатсыйымдылығы төмен екенін көрсетеді.

2-әліпби жобасы бойынша /s/ графемасын 248 респондент 4464 рет жазады. 4464 рет кездесетін /s/ графемасын таңбалауда 3 рет қате жіберілген. Пайызға шаққанда, 4464 – 100%.

300 – x % болғанда, $300:4464 = 0,06\%$. Бұл – <c> фонемасын таңбалауда /s/ графемасын қолданудың қуатсыйымдылығы өте төмен екенін көрсетеді.

3-әліпби жобасы бойынша ешқандай қате жіберілмеген. 3-жобаға келгенде жарман алғашқы екі жобада кездескен /s/ графемасын жазуға әбден төселіп алғанға ұқсайды.

3.5 Әріптің қуатсыйымдылығы: 1-жоба бойынша – 0,13%, 2-жоба – 0,06%, 3-жоба бойынша – 0%.

3.6 Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды: сауалнама нәтижесі <c> фонемасын латын графикасында /Ss/ әрпімен жазу оңай болатынын көрсетті. Оның мынадай себептері бар: а) ағылшын-латын стандартында <c> фонемасын таңбалайтын /Ss/ әрпінен басқа әріп жоқ; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес келеді; б) өзге түркі әліпбилеріне де сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /Ss/ графемасы <c> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <c> фонемасының бейнесі /Ss/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

/Тт/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 Фонеманың айырым белгілері: <t> – дауыссыз, тоғысыңқы, тіл ұшы, қатан [38].

1.2 Фонеманың дыбыс қоры [15]:


Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/т/	⇒<t>	⇒ [т]	Барлық позицияда, жуан езулік үндесімде	[т]ас, а[т]а, а[т]
		⇒ [т']	Барлық позицияда, жіңішке езулік үндесімде	[т']ес, ә[т']еш, бе[т']
		⇒ [т°]	Барлық позицияда, жуан еріндіктермен іргелесте	о[т°], о[т°]ыр, [т°]оқаш
		⇒ [т°']	Барлық позицияда, жіңішке еріндіктермен іргелесте	ө[т°'], [т°']өк, ү[т°']ір
	⇒<t>+<t>	⇒[тт]	Кірме сөздерде	кү[тт]ықтау
	⇒<t>-<d>	⇒ [д]	Жергілікті сөздерде	[д]ізгін, [д]ізе

1.3 Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /т/ графемасының пайыздық салмағы: 6,19 %. Кездесу жиілігі: 5-орында.

1.4 Дауыстылармен тіркесу қабілеті:<t> фонемасы кез келген жуан және жіңішке дауысты дыбыспен тіркесе алады (та-ат, тә-әт, те-ет, то-от, тө-өт, тү-үт, ты-ыт, ти-ит) [38].

1.5 *Сөз позициясындағы орны*: сөздің барлық позициясында (сөз басы, ортасы, аяғы) кездеседі [38].

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында* /т/ графемасы жуан  түрінде таңбасымен, ал жіңішке түрінде **h** таңбасымен берілген. Жуан түрі – жуан буынды сөздердің барлық позициясында, жіңішке түрі жіңішке сөздің барлық шенінде жазыла береді [142].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында*: <т> фонемасы **ta** (ت) арқылы берілген. Бұл дыбыс сөз басы, ортасы және сөз аяғында келген. Қазақ тілінің жуан және жіңішке сингармотембрлі сөздерінде қолданылған [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында*: **та** (ت) таңбасы қалдырылды [139].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)* <т> фонемасы /Тt/ әрпімен берілген: *tas, тамыр* [116].

2.5 *1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде* /Тt/ әрпіне өзгеріс енгізілмеген [140].

Р.Сыздыкова: «/X/ әрпімен берілген араб-парсы сөздерінде ауызекі тілде бұл дыбыс қазақша [к] дыбысына жуытыңқырап айтылуына қарамастан, [x] дыбысының өзін айтқан жөн (*хабар – қабар* дегеннен гөрі, *халық– қалық* дегеннен гөрі)» [149, 74-б.].

/X/ әріп-дыбысы ауызша айтылымда бейүндес буын жігінде келгенде сөзді бірыңғай буын үндесіміне салып айтуда көмектеседі: ра[x']мет, А[x']мет.

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /x/ графемасының пайыздық салмағы*: 0,23%. Кездесу жиілігі: 32-орында.

1.4 *Дауыстылармен тіркесу қабілеті*: дауыстылармен тіркесу мүмкіндігі шектеулі: ха, ах, ох, хе, ех.

1.5 *Сөз позициясындағы орны*: одағай, төл сөздерде, сөз басы мен аяғы, ортасында кездеседі.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында*: х фонема ретінде таңбаланған жоқ.

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында*: бұл әріп **ха (ح)**, **ха (خ)** таңбаларымен араб-парсы және орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылған. Араб тілінде үш түрлі *ха* дыбысы бар: үстінде нүктесі жоқ *ха – ح* (ха-и муһмәлә немесе ха-и хутти), үстінде нүктесі бар *ха – خ* (ха-и муджәмә) және **х** (һә-һәуәз, һ). Қазақ тілінде үстінде нүктесі жоқ **ха (ح)** әрпіне ұқсайтын дыбыс жоқ. Араб тілінде бұл фарингаль дыбыстардың қатарына жатады. Бұл дыбыс арқылы айтылатын араб сөздері қазақ тілінде түсірілген: *حلال – хәләл-адал, حيلة – хайла-айла, حقیقت – хақиқат-ақиқат, حرام – харам-арам, حاکم – хакім-әкім, حرکت – харакат-әрекет, حاضر – хазр-әзір, حرف – харф-әріп, حکومت – хүкімет-үкімет, حکم – хүкім-үкім*. Сондай-ақ қатаң [к] дыбысына ауысып кеткен: *حساب – хисаб-қисап, حاجت – хәджәт-қажет, حاج – хәдж-қажы, حيران – хайран-қайран, حرمت – хурмәт-құрмет* т.б. Сонымен қатар дәл араб тіліндегідей айтылмаса да, **ха** дыбысының сақталғаны мына сөздерде кездеседі. Мысалы: *حديث – хадис, حق*

– хақ, حکایت – хикая, حکمت – хикмет т.б. Үстінде нүктесі бар ха (خ) дыбысы бар араб сөздері тілімізде қатаң қ дыбысымен таңбаланады: خراجات – хараджат- қаражат, خطا – хата-қате, خطر – хәтәр-қатер, خیال – хиал-қиял, خیانت – хианат-қиянат, خفيه – хуфия-құпия т.б. Ал خبر – хабар, خلائق – халайық, خط – хат, خلق – халық деген сияқты бірді-екілі сөздерде ғана ха дыбысы сақталған. Парсы тілінен енген сөздердегі ха дыбысы да (үстінде нүктесі бар) тілімізде қатаң [к] дыбысымен дыбысталып жазылады. Мысалы: داخل – дахил-дақыл, خرمن – харман-қырман, خوب – хуб-құп, خدا – худа-құдай, درخت – дарахт-дарақ (ағаш), بخشی – баһши-бақсы т.б. Араб жазулы ескерткіштер мәтiнiнде бұл сөздердiң барлығы /х/ әрпi арқылы түпнұсқаға жақындатылып жазылған [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында*: [х] дыбысының таңбасы әліпбиден шығарылды.

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)* [х] дыбысын таңбалайтын әріп болмады.

2.5 *1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде*: Қ.Жұбановтың: «/X/ әрпі кірме сөздерде ғана емес, Оңтүстік Қазақстан қазақтарының тілінде бар дыбыс және келешекте тілдің термин (1934) сөздермен баю мүмкіншілігін ескерсек, бұл әріптен бас тарта алмаймыз және өзге түркі халықтарының әліпбиімен бірдейлестіру үшін бұл әріпті әліпбиге енгізу керек» [147, 510-б.], – деген сөзінен соң және халықаралық терминдерді орыс тілімен ортақ формада жазу үшін әліпбиге /х/ әрпі алынды.

2.6 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.)* /х/ әрпі болды. /Һ/ әрпімен жазылатын сөздерде осы әріппен таңбаланды: қахарман, гаухар, ухлеу.

2.7 *Өзге түркі тілдері жазуында*: /х/ әрпі араб графикасы тұсында өзге түркі тілдері әліпбиінің барлығында болды.

2.8 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде*: әзербайжан, өзбек, карақалпақ әліпбилерінде бар, түркімен әліпбиінде жоқ.

III Сауалнама жобаларындағы /х/ графемасының таңбалануына сараптама

3.1 */X/ әрпінің тарихы*: бұл таңба латын әліпбиі алғашқы құрамында шамамен б.з.д. VII ғ. пайда болғанда 21 әріптің бірі ретінде алынды. X, x «икс», ағылшын тілінде «экс» ['ɛks] деп айтылады. Рим цифрында 10 санына сәйкес. Бұл таңбамен көбіне белгісіз нысандарды белгілейді. Көптеген тілде кірме сөздерде ғана жазылды. Семит тілдерінде /q/ дыбысына сәйкес.

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі*: 1-жоба бойынша кирил жазуындағы сөздерді жаңа әліпби жобасы бойынша жазуда 39 қате, 2-жоба бойынша 15, 3-жоба бойынша 39 қате кеткен. Респонденттер бұл таңбаны қиын әріпке санамаған.

3.3 *Респонденттердің балама ұсыныстары*: респонденттің бірі /х/ әрпін /һ/ әрпімен жазуды ұсынған.

3.4 *Сауалнама нәтижесі*: /х/ графемасы үшін 1-жобада – /kh/, 2-ші және 3-ші жобалар бойынша /h/ әрпі ұсынылған. Берілген мәтінде /х/ графемасы 1 рет кездеседі. 248 респонденттің 34-і /kh/ әрпін /h/-мен бергенді дұрыс көрген және /q/, /g/, /x/, /kh/ әріптерімен берген 7 респондент бар. 4 респондент /х/ әрпін кірме дыбыс таңбасы ретінде алып, <q – қ> фонемасы етіп таңбалайды. Сонда 1-жоба бойынша 248 респонденттің 39-ы /kh/ диграфын таңбалауды, яғни

248 – 100%

39 – х деп алсақ,

$3900 : 248 = 15,7\%$ қате жазылды.

2-жоба бойынша /x/, /h/ әріптері үшін /h/ таңбасы қабылданған. Мұнда керісінше 248 респонденттің 15-і /kh/ әріптіркесімен жазған. Және /x/, /kh/ әріптерімен таңбалап, барлығы 15 қате жіберген.

248 – 100%

15 – х деп алсақ,

$1500 : 248 = 6,04\%$ қате жазылды.

3-жоба бойынша барлығы 39 қате кеткен. Мұның 15-і /h/ әрпінің орнына 1-жобада үйреніп қалуына байланысты /kh/ тіркесін таңбалаған. Бұл да 15,7% қатені көрсетеді. Бір айтатыны: 248 респонденттің 11-і /h/, /x/ әріптерін кірме таңба санап, /q/ төл дыбыс ретінде таңбалауды ұсынған.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы*: сауалнама нәтижесі көрсеткендей, 1-жоба бойынша қате – 15,7%, 2-жоба – 6,04%, ал 3-жоба 15,7%-ды құрап отыр.

3.6 *Сауалнама нәтижесі бойынша қорытынды*: кірме сөздер құрамында, әсіресе ХХ ғ. 30-жылдардан кейінгі орыс тілі арқылы енген кірме сөздердің құрамына еніп, жазуда орныққан <x> дыбысын беруде ортақ латын әліпбиіндегі /h/ әрпімен таңбалауға болатынын көрсетті. Оның мынадай себептері бар: а) ағылшын-латын стандартында <h> фонемасын береді; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /x/ графемасы [h] дыбысының психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <x> фонемасының бейнесі /h/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

/h/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*: <h> дыбысы қазақ тілінің төл фонемасы емес, инвариант фонема ретінде сөз мағынасын ажырата алмайды. Дауыссыз, жуысыңқы, тілшік; қатаң дыбыс ретінде тек араб және парсы тілінен енген сөздерде дәстүрлі жазу принципі бойынша таңбаланады.

1.2 *Дыбыс сипаты*: <h> дыбысы қазақ тілінде одағайлардан басқа сөздерде айтылмайды: *ah, uh*. Сөз мағынасын өзгертетін фонема ретінде кірме сөздерде айтылады және жазылады: *қа[h]арман, айда[h]ар, ша[h]ар*. Ауызша айтылымда бейүндес буын жігінде келгенде сөзді бірыңғай буын үндесіміне салып айтуда көмектеседі: *жи[h']аз, жи[h']ангер*.

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /h/ графемасының пайыздық салмағы*: 0,01%. Кездесу жиілігі: 39-орында.

1.4 *Дауыстылармен тіркесу қабілеті*: одағайларда барлық дауыстылармен тіркесуі мүмкін: *ha, ah, ho, oh, hy, yh, hу, ұh, he, eh, hi, ih, үh, һу, he. eh, әh, һә*.

1.5 *Сөз позициясындағы орны*: одағай төл сөздерде сөз басы мен аяғы, ортасында кездеседі.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында: h* фонема ретінде болған жоқ.

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында: /h/* әрпі негізінен араб және парсы тілінен енген сөздерді түпнұсқасына жақындатып айту және жазу мақсатында жазуда таңбалана бастаған. Кейін жазу дәстүрін сақтау үшін қалдырылды. [h] дыбысының түркі тілдеріне жат екендігін М.Қашқари былай көрсеткен: «Сөздің басындағы әрбір /a/ әрпін қожандықтар, қаңжақтар /h/ әрпіне ауыстырып айтады. Біз оларды түрік тұқымынан деп есептемейміз, сондықтан олар түркі сөздерінде жоқ дыбысты қосып (кіргізіп) айтады. Мысалы: олар *ата* дегенді *hата*, *ана* дегенді *hана* дейді. Шынында, /h/ әрпі түркі тілдерінде жоқ. Тек *ер аhлады*, *ер аh ұрды* дегенде ғана қолданылады. Үкіні *yhi* деп айтатындар бар, бірақ негізгі түріктер *uki* дейді. Қожан мен қаңжақ тілдерінде /h/ әрпін қолдану бар, бірақ олар негізгі түріктер емес, түріктер өлкесіне кейін келгендер» [150, 130-131-бб.].

<h> дыбысы араб жазуы жүйесінде 1) таңбасы арқылы берілді. **ha** (•) әрпі 1) *a*, *ә*, *e* дауыстыларын; 2) [h] дыбысын берген. Бірақ дауыстылар мәнін беретін **ha** таңбасы тек жеке түрде, ал дауыссызды таңбалайтын **ha** әрпі сөз басында сол жағынан, сөз ортасында келгенде екі жағынан да қосылып таңбаланған. Дегенмен араб тілі арқылы енген сөздердің құрамындағы [h] дыбысы көбінесе түсіп қалып отырған. Мысалы: *هييت* – *hәйбәт-айбат*, *ذهن* – *зәһн-зейін*, *هلاک* – *hәләк(өлім-әлек)* т.б. Сондай-ақ, парсы тілінен енген сөздердегі [h] дыбысы да айтылымда да, жазылымда да сақталмайды. Мысалы: *دهقان* – *диhқан-диқан*, *مهمان* – *мехман-мейман*, *بها* – *баhа-баға*, *قهر* – *кәһр-кәр*, *زهر* – *зәһр-зәр*, *هفته* – *hәфтә-апта*, *هوا* – *hәуә-ауа*, *پهلوان* – *пәһлуан-палуан*, *چهارشنبه* – *чаһарсанбі-сәрсенбі*, *بهشت* – *биһиш-бейиш*, *هر* – *hәр-әр*, *هيچ* – *heч-eш*, *هنر* – *hөнер-өнер*, *چهاراينيه* – *чаһарайна-шарайна*, *هميان* – *hәмиян-әмиян* т.б. Ал *جهان* – *жиhан*, *جهان* – *жаhан*, *گوهر* – *гауhар* сияқты сөздерді [h] дыбысымен таңбалаймыз [138, 10-б.].

/h/ әрпі туралы пікірталас: Қ.Жұбанов: «...бұл дыбыс қазақ сөздерінде ұшырап жарымайды. Араб-парсы тілдерінен келген *қаһарман* сияқты сөздерде болса да, ондайлар тіпті аз. *he-he*, *ah*, *yh*, *tyh*, *oha!* – дегендер сияқты одағай сөздерде ғана [h] дыбысы кездеседі. Бірақ одағайларда кездесетін дыбыстардың ұшы-қиыры жоқ. Ондайлардың бәрін бірдей тілдің айрықша дыбыстарының қатарына қосуға болмайды» [147, 195-б.].

Н.А.Баскаков: «Первоначально, как это видно из привлеченного фактического материала по всем тюркским языкам, задние согласные были представлены одной фонемой с множеством аллофонов, не имевших смыслообразительной функции: (*k* [~g~q~γ~x~h])» [151].

Р.Сыздыкова: «*h* әрпі жазылған сөздерде осы дыбыстың өзінің айтылуын сақтау қажет. Мысалы: *гәуhар* (*гәуқар* емес), *қаһарман* (*қахарман* емес)» [149, 69-б.].

Н.Уәли: «Фонемалық статусы даулы көрініп жүрген *x*, *h* дыбыстарын, біздің ойымызша, төрт әуез (тембр) тәсілімен тексеріп, бұлардың қазақ тілінің фонологиялық жүйесіне кірген-кірмегендігін анықтауға болатын тәрізді. Ал *x*, *h* дауыссыздары

жоғарыда айтылған дауыссыздардай төрт әуезбен тоғыз түрлі реңкте түрлене алмайды. *Х, һ* дыбыстарының тек бір ғана реңкте болып, оппозиция құра алмауы олардың әлі де фонемалық кезеңге өтпегенін көрсетеді. Сондықтан бұл дыбыстарды *к* фонема-инварианттың варианттары деп тануға тура келеді» [33, 30-б.].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында*: <h> дыбысының таңбасы қадым жүйесіндегі (Ɑ) әрпі қалдырылды.

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929ж.)*<h>фонемасы /h/ әрпімен таңбаланды. Алғашқы әліпби жобаларында (Н.Төрекұлов, Х.Досмұхамедұлы) /h/ әрпі берілді. 1929 жылғы қабылданған жобада одағайларда ғана қолданылатын, шығыс кірме сөздерінде жазылатын [h] дыбысының әрпі болды. 1929 ж. Қызылордада өткен емле конференциясында /h/ әрпін әліпбиге алмау: *қаһарман* сияқты сөздерді *қаарман* деп жазу (Қ.Кемеңгеров, Тоқтыбаев) немесе *q, k* әрпімен таңбалау (*tuqtar, tekniј`ke, kәkine*) ұсынылған. Қ.Жұбанов: «/h/ әрпі кірме сөздерде ғана емес, Оңтүстік Қазақстан қазақтарының тілінде бар дыбыс және келешекте тілдің термин (1934) сөздермен баю мүмкіншілігін ескерсек, бұл әріптен бас тарта алмаймыз және өзге түркі халықтарының әліпбиімен бірдейлестіру үшін бұл әріпті әліпбиге енгізу керек» [147, 195-б.], – деген.

1938 ж. түзетуде бұл әріптің таңбасы туралы пікірталас болған жоқ.

2.5 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.)*: кирил графикасына негізделген алғашқы әліпби жобасында (1939 ж. 10-тамыз) /h/ әрпі болмаған. Оның қызметін *ә, а, х* таңбалары атқаруды ұсынған пікірлер болған: *қаарман (қаһарман), гауәр (гауһар), аһ (ах)*. Бір жылдан кейін 1940 ж. 30 тамызда жаңа алфавит жөніндегі ғылыми конференцияда қабылданған 41 таңбадан тұратын жаңа әліпби жобасында /h/ әрпі болды. Әліпби тәртібінде /h/ әрпі төл әріптердің соңына орналасты. Бірақ кейін де бұл әріп туралы пікірлер толастамады. М.Балақаев /h/ әрпін /x/-мен беруді ұсынды. ҒА-ның Тіл, әдебиет институтында (1952 ж.) өткен жиналыста әліпбиден /h/ әрпін алып тастау қаулы етілді. /h/ әрпі алфавитте болмады.

2.6 *Өзге түркі тілдері жазуында*: /h/ әрпі араб графикасы тұсында өзге түркі тілдері әліпбиінің барлығында болды. Латын графикасын қабылдағанда ноғай, қырғыз, қазақ әліпбилерінде болмады. Түрікмен, қарашай-балқар, әзербайжан әліпбилерінде болды.

2.7 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде*: барлық тіл әліпбилерінде бар.

III Сауалнама жобаларындағы <h> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 */h/ әрпінің тарихы*: **Н** [ha:] – латын әліпбиінің 8-ші әрпі. Ағылшын тілінде «эйч», француз тілінде «аш», неміс тілінде «ха», итальян тілінде «акка» деп аталады. Б.з.д. VII ғ. пайда болған алғашқы латын әліпбиі құрамында болмаған. Грек әліпбиінің *heta* әрпі негізінде шыққан.

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі*: 1-жоба бойынша кирил жазуындағы сөздерді жаңа әліпби жобасы бойынша жазуда 248 респонденттің 75-і,

2-жоба бойынша – 39-ы, 3-жоба бойынша 41-і қате жіберген. Респонденттің бірі /x/ әрпін /h/ әрпімен жазуды ұсынған.

3.4 *Респонденттердің балама ұсыныстары*: <h> фонемасын /q/ әрпімен белгілеу.

3.5 *Сауалнама нәтижесі*: /h/ әрпі 1-жобада жоқ, орнына /x/ әрпін белгілеуге ұсынған /kh/ диграфы бар. 2-жобада да /h/ әрпі жоқ. Қазақ-кирил әліпбиіндегі /x/ әрпі үшін /h/ таңбасы бар. 3-жобада да /x/, /h/ әріптері үшін бір /h/ таңбасы алынған. Яғни үш жобада да /x/, /h/ әріптері үшін бір таңба алуды дұрыс көрген. Онда респондент 1-жобада /kh/, 2 мен 3-жобада /h/ әрпін жазуы тиіс.

Жазба мәтінде /h/ әрпі 1 ғана сөзде кездеседі (*қаһарман*). 1-жоба бойынша кирил жазуындағы сөздерді жаңа әліпби жобасы бойынша жазуда 248 респонденттің 75-і, 2-жоба бойынша 36-ы, 3-жоба бойынша 40-ы қате жіберген. Пайызға шағып көрсек:

248 – 100%.

75 – x% деп алып, $7500 : 248 = 30,2\%$ қате шығады. Дәл сол сияқты келесі жобалар бойынша, 14,5% және 16,1% қате бар.

2-ші мен 3-ші жобалармен салыстырғанда 1-жобаның қуатсыздылығы жоғарылау. Оның себебі латын әліпбиіндегі /h/ әрпі бола тұрып, /kh/ диграфымен жазуда болып отыр.

Және 1-жобадағы 75 қатенің 39-ы /kh/ диграфын /h/ әрпімен жазып қателескен. Бұл дегеніміз әріпті диграфпен таңбалаудың қажеті жоқ екенінің дәлелі.

Ал 2-жобамен жазуда кеткен қателердің көбі алдыңғы жобадағы әріп тіркесімен таңбалауға дағдыланып қалғанға байланысты сияқты. Сонда 3-жобада да бұл әріпті таңбалаудың балама ұсыныстары <h> және <q> фонемасы ретінде /q/ әрпімен белгілеу болып шыққан.

3.6 *Әріптің қуатсыздылығы*: /kh/ диграфы үшін – 30,2%, /h/ әрпі үшін 2-жобада – 14,5%, 3-жобада – 16,1%.

3.7 *Сауалнама нәтижесі бойынша қорытынды*: кірме сөздер құрамына еніп, жазуда орныққан <h> және <x> дыбыстарын беруде ортақ латын әліпбиіндегі /h/ әрпімен таңбалауға болатынын көрсетті. Оның мынадай себептері бар: а) ағылшын-латын стандартында <h> фонемасын береді; ә) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес; б) өзге түркі әліпбилеріне сәйкес. Қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /h/ графемасы қазақ тіліне енген кірме дыбыстың психобейнесіне сәйкес келеді. Қазақ тілін ана тілі санайтындардың санасында <h> кірме дыбысының бейнесі /h/ болуына графикалық қарсылық жоқ.

/Шш/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*: <ш> – дауыссыз, тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, кейінді, тербеліссіз (қатаң), езулік [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15]:

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/ш/	⇒<ш>	⇒ [ш]	Барлық позицияда, жуан езуліктермен іргелесте	[ш]ана, а[ш],
		⇒ [ш']	Барлық позицияда, жіңішке езуліктермен іргелесте	e[ш'], әте[ш']
		⇒ [ш°]	Барлық позицияда, жуан еріндіктермен іргелесте	[ш°]ора, ұ[ш°]
		⇒ [ш°']	Барлық позицияда, жіңішке еріндіктермен іргелесте	[ш°']үрегей, ө[ш°']
		⇒ [ш~]	[Т]-мен, жуан езуліктермен іргелес келгенде	ат[ш~]ы, хат[ш~]ы
		⇒ [ш~']	[Т]-мен, жіңішке езуліктермен іргелес келгенде	ет[ш~']і, кет[ш~']і
		⇒ [ш~°]	[Т]-мен, жуан еріндіктермен іргелес келгенде	ұт[ш~°]ы

1.3 Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /ш/ графемасының пайыздық салмағы: 1,25%. Кездесу жиілігі: 24-орында.

1.4 Дауыстылармен тіркесу қабілеті: кез келген жуан және жіңішке дауысты дыбыспен тіркесе алады (*ша-аш, шә-әш, ше-еш, шо-ош, шө-өш, шұ-ұш, шү-үш, шы-ыш, ші-іш*) [38].

1.5 Сөз позициясындағы орны: позиция талғамайды: сөздің басы, ортасы, аяғында кездесе береді [38].

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 Көне түркі жазуында: <ш>фонемасы көне түркі жазуында Ұ таңбасымен берілген. Ол Орхон, Енисей, Талас жазуларында жалаң дауыссыздар ретінде жуанбуынды сөздерде де, жіңішкебуынды сөздерде де бір таңбамен бейнеленген. Көне түркі жазу графикасында сөздің барлық позициясында қолданылған (сөз басы – *шад, шег*; сөз ортасы – *аша, йашыл, башлайу*; сөз аяғы – *йаш, оғуш, тардуш*) [142].

2.2 Араб (қадым және жәдид) жазуында <ш> фонемасы *шыйн* (ش) арқылы (құшақтасыб – *ششاقاسب*, ешдәулет – *يشداولت*, сөзлешүб – *سزلمشب*), ал парсы әліпбиінде *че* (چ) арқылы берілген. Бұл дыбыс сөз басы, ортасы және сөз аяғында келген. Жалпы араб жазуымен жазылған ескерткіштердегі <ш> фонемасының *шыйн* (ش) және *че* (چ) арқылы таңбалануы жуан дауыстылармен келетін сөздерде де, жіңішке дауыстылармен келетін сөздерде де кездеседі [138].

2.3 А.Байтұрсынұлының төте жазуында: <ш> фонемасы *шыйн* (ش) таңбасы арқылы берілген [139].

2.4 Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)<ш> фонемасы /Сс/ әрпімен берілді: *сапа, сарап* [116].

2.5 1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуінде: <ш> фонемасы түзетілмей /Сс/ түрінде берілген [140].

2.6 Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.) <ш> фонемасы /ш/ графемасымен таңбаланды.

2.7 Өзге түркі тілдері жазуында: 1940 жылғы кирил графикасы негізіндегі ноғай, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, ұйғыр әліпбилері <ш> фонемасын /ш/ графемасымен таңбалады [140].

2.8 Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде <ш> фонема-сы әртүрлі таңбаланады. Ол түрік, әзербайжан, түркімен әліпбилерінде Şş-мен таңбаланса, өзбек әліпбиінде Sh диграфымен беріледі.

III Сауалнама жобаларындағы <ш> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 /Ш/ әрпінің тарихы: <ш> фонемасы 1-ші және 3-ші жобаларда /sh/ әріптіркесі арқылы, ал 2-ші жобада /š/ әрпімен таңбаланған. /S/пен /h/ графемалары б.д.д. VII ғасырдағы классикалық латын әліпбиінде бар.

/š/ графемасы латын әліпбиіне негізделген фонетикалық транскрипцияда бар, ол /s/ таңбасына диакритикалық таңба қою арқылы жасалған [128].

3.2 Үш жобасы бойынша жазылым қатесі:

1-әліпби жобасы бойынша: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент жалпы 48 рет қате жіберген. Сауалпарақта берілген 66 сөздің ішінен <ш> фонемасының III бөлім бойынша кездесу жиілігі 5 рет: *қырқыншы, штаб, парашюттер, ішсең, сиыржоңышқа*. IV бөлім бойынша – 2 рет: *қарашы, шықты*. 1-жобада берілген <sh> фонемасы респонденттер тарапынан /w/ графемасымен таңбаланып, 17 қате жіберілген. Бұл респонденттердің /w/ әрпі тұрпатын кирил әліпбиіндегі /ш/ таңбасының тұрпатына ұқсатуынан немесе латын әліпбиін толық меңгермеуінен туындаған жағдай болса керек. Сауалнама барысында <ш> фонемасын /ch/ графемасымен (9 рет), /zh/ таңбасымен (3 рет) жазып, қате жібергендер де болды.

Сондай-ақ аталмыш фонема күнделікті жазудағы дағды бойынша 6 рет кирилше /ш/ графемасымен таңбаланып, графемалық интерференция орын алған.

Бұған қоса <ш> фонемасы /s/ графемасымен таңбаланып (9 рет), респонденттер тарапынан диграфтан гөрі жалаң бір таңбаның қаланатыны байқалды.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ш	sh	s	9 (stab, qyrqunsy)
		ch	9 (chtab, parachuetter, ichseng, qarachy)
		zh	3 (syjyrchongy zh ga)
		Ø	4 (htab,qyrqinhi)
		w	17 (siurzhongywqa, iwseng)
		ш	6 (parashytter, parachutter, ішсең)
Жалпы			48

2-әліпби жобасы бойынша: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент жалпы 129 рет қате жіберген. 2-жобада берілген <š> фонемасын респонденттер <sh> диграфымен таңбалап, 67 қате жіберген. Бұл респонденттердің 1-жобадағы /sh/ графемасына қол үйретіп, диграф таңбасымен

жазуға машықтанып алғандарына байланысты туындаған жағдай болса керек. Сондай-ақ /š/ графемасы респонденттер тарапынан /s/ әрпімен таңбаланып (37 рет), диакритикалық белгінің еленбей кеткен кездері де болды. Бұған қоса Әнұран мәтінін жатқа жазу барысында /š/ графемасын /s/ әрпімен (17 рет) және /ʃ/ таңбасымен (1 рет) белгілеген респонденттер де болды.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ш	š	sh	67 (qirqinshi, shtab, shiqti, parashutter, siyirjoñishqa, shiqti, qarashi)
		s	37 (stab, siyirjoñisqa, qyrqinsi, parasutter, qarasi)
		ş	1 (siyirjonişga)
		ш	7 (paramytter, paramutter)
		ś	17 (śikti, garaśi)
Жалпы			129

3-әліпби жобасы бойынша: берілген сөздерді кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент жалпы 38 рет қате жіберген. 3-жобада берілген /sh/ графемасын респонденттер /s/ әрпімен таңбалап, 14 қате жіберген. Мұнда респонденттер <ш> фонемасын диграфпен белгілеуден гөрі жеке таңбамен беруді қалаған. Алайда берілген фонеманы кейбір респонденттер тарапынан /s/-пен таңбалауы әліпби таңбасына деген немқұрайлылықтарын танытады. Өйткені бұл әріп кирил әліпбиіндегі /c/ графемасының таңбасына сәйкес келетіні белгілі. Сондай-ақ респонденттердің арасында /ch/-мен (6 қате) және /š/ таңбасымен (6 қате) белгілегендері де бар. Респонденттердің <ш> фонемасын /ch/ арқылы таңбалауына қарағанда, олардың психобейнесінде осы графема <ш> фонемасының орнына да жүретіні байқалады. Ал <ш> фонемасын /š/-пен таңбалауын алдыңғы 2-жобадағы таңбаға қол үйретіп, машықтанып алу салдарынан туындаған жағдай деп түсінеміз. Сондай-ақ респонденттер арасында <ш> фонемасын кирил таңбасымен бергендер де бар (6 қате), бұл – графикалық интерференция әсерінен орын алған факт.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ш	sh	s	14 (stab, parasutterqarasy)
		ш	7 (qirqynши, suirzhошka, парашjwттер, qyrqynшы)
		ch	6 (qyrqinchi, chyqty)
		w	2 (qyrqynwy)
		ś	9 (qaraśy)
Жалпы			38

3.3 *Респонденттердің балама ұсыныстары*: респонденттердің пікірі бойынша (9 адам), <ш> фонемасын /sh/ қосәріп тіркесімен белгілеу тиімсіз болып табылады.

3.4 *Сауалнама нәтижесі*: 1-ші және 3-ші жобаларда <ш> фонемасы – /sh/, ал 2-жобада /š/ графемасымен берілген. Барлық жазба мәтінде /ш/ әрпі 7 рет кездеседі. Сонда 1-жоба бойынша 248 респондент бұл әріпті 1736 рет жазады. 1736 рет жазылған /sh/ әрпі 48 рет қате таңбаланды. Пайызға шаққанда,

1736 – 100%

48 – х% болғанда, $4800 : 1736 = 2,8\%$.

Ал 2-жоба бойынша /š/ графемасын 248 респондент 1736 рет жазады. 1736 рет кездесетін /š/ графемасын таңбалауда 129 рет қате жіберілген. Пайызға шаққанда,

1736 – 100%

129 – х % болғанда, $12900 : 1736 = 7,4 \%$.

3-жоба бойынша 1736 рет жазылған /sh/ графемасынан 38 рет қате жіберілген. Пайызға шаққанда,

1736 – 100%

38 – х% болғанда, $3800 : 1736 = 2,2\%$.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы*: <ш> фонемасының 1-жоба бойынша қуатсыйымдылығы – 2,8%, екінші жоба бойынша – 7,4%, үшінші жоба бойынша – 2,2%.

3.6 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды*: үш жобаны салыстыру барысында 1-ші және 3-ші жобалар бойынша /sh/ әріптіркесімен таңбалаудың дағдыға айналғаны белгілі болып отыр. Оның себебі диграфтың қолайлы болғанында емес деп ойлаймыз. Басты себеп – бүгінге дейін бейресми түрдегі латын қаріптерін қолдану дағдысының орнығып қалғанында жатыр. Бір өкініштісі, қазіргі кездегі Қазақстандағы колтелефон, компьютер пернетақтасында /š/ графемасының түймешесі жоқтығынан жазармандар <ш> фонемасын /sh/ диграфымен беруге мәжбүр. Бұл мәжбүрлік аз уақыт ішінде жазарманның қолдағдысын қалыптастырып үлгерген. Тәжірибе осыны көрсетіп отыр.

/Цц/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*: орыс фонологиялық жүйесіндегі дауыссыз, тіл ұшы, қатаң, аффрикат <ц> фонемасы қазақ тіліне 1939 жылы енді. <Ц> фонемасы қазақ тілінің төл сөздерінде фонема ретінде сөз мағынасын ажырата алмайды [38].

1.2 *Дыбыс сипаты*: /ц/ әрпі орыс тілі арқылы енген терминдерде ғана жазылады.

1.3 *Қазақ тілінің қоғамдық-саяси мәтіндер корпусындағы /ц/ графемасының пайыздық салмағы*: 0,15%. Кездесу жиілігі: 33-орында.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында*: /ц/ графемасы жоқ.

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында*: /ц/ графемасы жоқ.

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында*: /ц/ графемасы жоқ.

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)* <ц> фонемасының таңбасы болмады. Ол төмендегідей ереже арқылы берілді: <ц> фонемасы [т] және [с] дыбыстарынан тұратын аффрикат дауыссыз дыбыс. <Ц> фонемасы сөз басында /с/ әрпімен берілді: *центр – sentir* (сентір), *цивилизация – siviłijzatsija* (сибйліізатсіа). Сөздің аяғында <ц> фонемасы *тс* дыбыс тіркесімен келді: *жрең – çirets* (*жіретс*), *кварц – kvarts* (*кбартс*), *терция – tertsija* (*тертсіа*) т.б.

2.5 *1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде:* <ц> фонемасының арнайы графемасы болған жоқ. Алайда <ц> фонемасы 1929 жылы қабылданған ереже бойынша жұмсалды [116].

2.6 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.):* <ц> фонемасы /ц/ графемасымен таңбаланды.

2.7 *Өзге түркі тілдері жазуында:* <ц> фонемасы өзбек, түрік, әзербайжан, түрікмен тілдерінде жоқ.

2.8 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде:* <ц> фонемасы өзбек, түрік, әзербайжан, түрікмен тілдерінде жоқ.

2.9 */Ц/ әрпінің орфографиясы:* /ц/ әрпі орыс тілінен енген және орыс тілі арқылы енген сөздерде ғана жазылады: *цирк, цемент* [87].

III Сауалнама жобаларындағы <ц> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 */Ц/ әрпінің тарихы:* 3 жобада да <ц> фонемасының арнайы таңбасы жоқ. Үш жобада да <ц> фонемасы сөз басында немесе дауыссыздан кейін келсе, /с/ әрпімен, ал дауыстылардан кейін /ts/ әріп тіркесімен таңбаланады.

Аталған /с/ графемасы латын әліпбиінде б.з.д. VII ғасырдан бастап қолданылып келеді. Бұл фонема дауыссыз дыбыстың мәнінде жұмсалған [128].

3.2 *Респонденттердің балама ұсыныстары:* бұл графемаға қатысты ұсыныс жоқ.

3.3 *Сауалнама нәтижесі:* үш жоба бойынша <ц> фонемасы дауысты дыбыстан кейін /ts/ тіркесімен және дауыссыз дыбыстан кейін /с/ графемасымен беріледі. Мәтінде <ц> фонемасының кездесу жиілігі 3 рет. Оның екеуі /с/ графемасымен (*принципи, кальцийдің*) келсе, біреуі /ts/ тіркесімен (*эволюция*) келеді. Үш жоба бойынша жоғарыда аталған сөздердің латын графикасы бойынша жазылымы мынадай болу керек:

1-жоба бойынша *принципи – prijsijpi, кальцийдің – kalsijding, ал эволюция – evolutsija.*

2-жоба бойынша *принципи – prinsipi, кальцийдің – kalsidiñ, эволюция – evolutsia.*

3-жоба бойынша *принципи – prinsipi, кальцийдің – kalsiding, эволюция – evoljutsia.*

Сонда 248 респондент <ц> фонемасын таңбалаушы /с/ графемасын 496 рет жазады. Ал <ц> фонемасы дауыстыдан кейін келсе, /ts/ тіркесімен 248 рет жазады.

Екінші статистикалық көрсеткіште әр әліпби жобасындағы қате саны анықталды.

1-жоба бойынша /с/ графемасын таңбалауда – 215, ал /ts/ тіркесін таңбалауда 68 қате жіберілген. Пайызға шаққанда,

/с/ графемасы бойынша $(215 \times 100 : 496 = 43,3)$ 43,3%, /ts/ тіркесін таңбалау бойынша $(68 \times 100 : 248 = 27,4)$ 27,4% болады.

2-жоба бойынша /s/ графемасын таңбалауда – 206, ал /ts/ тіркесін таңбалауда 108 қате жіберілген. Пайызға шаққанда,

/s/ графемасы бойынша $(206 \times 100 : 496 = 41,5)$ 41,5%, /ts/ тіркесін таңбалау бойынша $(108 \times 100 : 248 = 43,5)$ 43,5% болады.

3-жоба бойынша /s/ графемасын таңбалауда – 194, ал /ts/ тіркесін таңбалауда 56 қате жіберілген. Пайызға шаққанда,

/s/ графемасы бойынша $(194 \times 100 : 496 = 39,1)$ 39,1%, /ts/ тіркесін таңбалау бойынша $(56 \times 100 : 248 = 22,5)$ 22,5% болады.

Бұл <ц> фонемасын /s/ графемасы, /ts/ тіркесімен таңбалауда респонденттер 1 және 2 жобалар бойынша жоғары пайыздық көрсеткішті көрсетіп отыр.

1-әліпби жобасы бойынша:

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ц	ts	tc (14)	evoluceja
		s (48)	evolusia
		ц (4)	evolucija
		th (2)	evoluthia
	s	ts (65)	kaltsijding, printsipi
		tc (2)	kalteijding, prijntcijpi
c (148)		kalcijding, principi	
Жалпы		283	

Жазарман /ts/тіркесін таңбалаудың орнына /s/ графемасын таңбалап, 48 рет қате жіберген. Оның себебі – респонденттерге диграфтан гөрі жеке графеманы жазған оңай болуы мүмкін. Ал /s/графемасына келетін болсақ, респонденттер /s/әрпінің орнына /c/графемасын жазған. Оны қазіргі жастардың sms арқылы өзара қарым-қатынас жасағанында осы /c/графемасын кирилдегі /ц/-ның орнына қолданатынымен түсіндіруге болады. Ал «өзге қателер респонденттердің салғырттығынан кеткен» деуге болады.

2-әліпби жобасы бойынша:

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ц	ts	tc (39)	evoluceja
		s (56)	evolusia
		c (10)	evolweia
		th (3)	evolyuthia
	s	ts (72)	kaltsidiñ, printsipi
		ц (4)	kalucidiñ, prinucipi
		c (120)	kalcidiñ, principi
		ss (1)	kalssidiñ
		tc (9)	printcipi
Жалпы		314	

2-жобада респонденттер 1-жобаға қарағанда қатені аз жіберген. Бұл жобада да респонденттер <ц> фонемасын таңбалау үшін /s/ графемасының орнына /c/ графемасын жазған. Оның бірден-бір себебі – қазіргі жастардың бір-біріне sms жазу барысында /ц/ әрпінің орнына /c/ графемасын қолдануы. Ал /ts/ әріптіркесінің орнына /s/ графемасын жазуы – респонденттердің диграфтан гөрі бірімәнді графеманы қолдайтынын көрсетеді.

3-әліпби жобасы бойынша:

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ц	ts	tc (7)	evolucia
		th (3)	evoluythia
		ss (1)	evoljussia
		c (45)	evolucia
ц	s	ts (88)	printsipi
		c (71)	kalciding, principi
		tc (32)	printcip, kalteiding
		ц (1)	prinциpi
		z (2)	prizipi, kalziding
Жалпы		250	

3-әліпби жобасы бойынша да алғашқы екі жобадағыдай /ts/ диграфының орнына /s/ графемасын жазған. Оның себебі жоғарыда түсіндірілді. Ал /s/ графемасының /c/ әрпімен жазылуы да алдыңғы екі жобадағыдай болып отыр. Оның да себебі жоғарыда түсіндірілді.

1.4 *Әріптің қуатсыйымдылығы:*

1-ші әліпби жобасындағы /s/ графемасы бойынша – 43,3%, /ts/ тіркесін таңбалау бойынша 27,4% болды.

2-ші әліпби жобасындағы /s/ графемасы бойынша – 41,5%, /ts/ тіркесін таңбалау бойынша 43,5% болды.

3-ші әліпби жобасындағы /s/ графемасы бойынша – 39,1%, /ts/ тіркесін таңбалау бойынша 22,5% болды.

3.5 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды:* <ц> фонемасын латын әліпбиіндегі /s/ және /ts/ әріптерімен таңбалауда респонденттер бірталай қате жіберіп, жоғары пайыздық көрсеткішті беріп отыр. Оның мынадай себептері бар: а) сауалнамаға қатысып отырған респонденттер сауалпарақтағы әліпбиге қосымша берілген ескертпеге (*ц әрпі сөз басында және дауыссыздан кейін s әрпімен, ал дауыстыдан кейін ts әріптіркесімен таңбаланады*) мән бермеген; ә) орыс тілі арқылы енген термин сөздерді әліпбиде берілген таңбадан бөлек өз тарапынан жаңа графемалармен таңбалаған, яғни интернет желісінде өздері таңбалап үлгерген, дағдыланған графемамен таңбалауды жөн көрген; б) қазақ фонологиялық және графикалық санасында бір фонеманы сөз басында және сөз ортасында екі түрлі графемамен таңбалау дағдысы қалыптаспаған. Сондықтан <ц> фонемасының сөз басындағы және сөз ортасындағы тұрпаты әлі ойластырылғаны жөн.

/Ч/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері:* орыс фонологиялық жүйесінде <ч> – дауыссыз, жабысыңқы, тіл ұшы, қатаң. Ол қазақ тіліне 1939 жылы енді. <Ч> фонемасы қазақ тілінің төл сөздерінде фонема ретінде сөз мағынасын ажырата алмайды [38].

1.2 *Дыбыс сипаты:* <ч> – орыс тілі арқылы енген терминдерде ғана кездесетін фонема.

1.3 *Қазақ тілінің қоғамдық-саяси мәтіндер корпусындағы /ч/ графемасының пайыздық салмағы:* 0,03%. Кездесу жиілігі: 38-орында.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында:* /ч/ графемасының көне түркі жазуында **Л** таңбасы болған. Көне түркі жазуы мәтіндерінде кейде /ч/ әрпі ретінде **У** таңбасы да қолданылған. С.Е. Малов бұл таңбаны [ч] дыбысының бір түрі ретінде қараса, кейбір түркітанушылар оны **ич** түрінде оқиды [142].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында:* <ч> фонемасы парсылық **ха (ح)** арқылы берілген. Көбінесе кірме сөздерде кездеседі. Бұл дыбыс сөз басы, ортасы және сөз аяғында келген [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында:* <ч> фонемасы **ха (ح)** таңбасы арқылы қосымша әріп ретінде берілген [139].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)* <ч> фонемасы жоқ [116].

2.5 *1938 ж. латын әліпбиіне енгізілген түзетуде* <ч> фонемасы жоқ [140].

2.6 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.):* кирил графикасындағы /ч/ таңбасы қазақ әліпби жүйесіне енгізілді. <Ч> фонемасы жуан және жіңішке тембрлі кірме сөздерде қолданылады [116].

2.7 *Өзге түркі тілдері жазуында:* <ч> фонемасын кирил графикалы эзербайжан, ноғай, қарақалпақ, қырғыз, өзбек әліпбилерінде /ч/ графемасымен таңбалаған [140].

2.8 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде* <ч> фонемасы әртүрлі таңбаланады. Айталық, түрік, түрікмен, эзербайжан әліпбиінде /Çç/-мен таңбаланса, өзбек әліпбиінде /Ch/, /ch/ арқылы беріледі.

III Сауалнама жобаларындағы <ч> фонемасының таңбалануына сараптама

3.1 */Ч/ әрпінің тарихы:* <ч> фонемасы 2-жобада /Сс/ таңбасы арқылы берілген. Б.з.д. VII ғасырда пайда болған классикалық әліпбиде /Сс/ таңбасы бар. Ал бірақ [ч] дыбысын таңбалайтын әріп жоқ. Алайда латынның /Сс/ графемасы XIII ғасырдағы «Кодекс куманикуста» <ш> фонемасының таңбасы ретінде қолданылған. Қазіргі бірқатар түркі халықтарында ол [ж] немесе [ч] дыбыстарының таңбасы ретінде қолданылады [128].

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі:*

1-әліпби жобасы бойынша: сауалпарақта берілген 66 сөздің ішінен <ч> фонемасының кездесу жиілігі 1 рет: *диспетчер*. 1-ші әліпби жобасында <ч> фонемасына арнайы таңба берілмеген. Сондықтан «диспетчер» сөзін кирил жазуынан латын жазу-

ына транслитерация жасауда 248 респондент <ч> фонемасын өз қалаулары бойынша таңбалап, оны әртүрлі нұсқада берген. Нақты айтқанда, респонденттердің басым бөлігі (187 адам) бұл фонеманы /sh/ диграфымен берсе, 32 респондент оны /ch/ графемасымен таңбалаған. Бұл – респонденттердің санасында <ч> фонемасының /sh/ және /ch/ графемаларының бейнесіне сәйкес келетінін көрсетеді. Оның себебі диграфтың қолайлы болғандығында емес деп ойлаймыз. Басты себеп – респонденттердің ағылшын тілінде оқып-жазу тәжірибесінде /ch/ таңбасының <ч> (*диспетчер*) және /sh/ графемасының <ш> (*диспешер*) ретінде жұмсалуды біршама орнығып қалғанында жатыр. Сондай-ақ 15 респондент <ч> фонемасын /с/ әрпімен таңбалауды дұрыс көрген. Яғни жазармандар <ч> фонемасын диграфпен беруден гөрі бір графемамен белгілеуді тиімді деп тапқан. Бұған қоса <ч> фонемасын /tsh/ триграфымен және кирилше /ч/ графемасымен беру жағдайлары да кездесті.

Кирил графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан ұсынылған таңба нұсқасы	Әртүрлі нұсқада берілген мысалдар
ч	sh	187 (dispetsher)
	ch	32 (dispetcher)
	c	15 (dispetcer)
	tsh	9 (dijsfettsher)
	ч	5 (dispetcher)

2-әліпби жобасы бойынша: 2-ші әліпбиде <ч> фонемасы /с/ графемасымен берілген. «Диспетчер» сөзін кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент жалпы 87 қате жіберген. Оның ішінде 26-сы – <ч> фонемасын /ch/ диграфымен және 10-ы – /sh/ таңбалаудан туындап отыр. Бұның басты себебі, жоғарыда көрсетілгендей, респонденттердің ағылшын тілінде оқып-жазу тәжірибесінде /ch/ таңбасының <ч> (*диспетчер*) және /sh/ графемасының <ш> (*диспешер*) ретінде жұмсалуды біршама орнығып қалғанында жатыр. Сондай-ақ жобада берілген <ч> фонемасын респонденттердің түрікше /ş/ әрпімен таңбалап, 22 қате жіберуін және кирилше /ч/ графемасымен қате таңбалаудың графемалық интерференция салдарынан орын алған жағдай деп түсіну керек. Бұған қоса /с/ графемасын /s/ әрпімен шатастыру (11 қате) және өз тарапынан графема бейнесін (/š/) ұсыну жайттары кездесті.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ч	с	ch	26 (dispetcher)
		ş	22 (dispetşer)
		š	13 (dispetšer)
		s	11 (dispetser)
		sh	10 (dispetsher)
		ч	5 (dispetcher)
Жалпы			87

3-әліпби жобасы бойынша: 3-ші әліпби жобасында <ч> фонемасына арнайы таңба берілмеген. Сондықтан «диспетчер» сөзін кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент <ч> фонемасын өз қалаулары бойынша таңбалап, оны әртүрлі нұсқада берген. Бұл жерде де, 1-ші әліпби жобасындағыдай, респонденттердің басым бөлігі (177 адам) бұл фонеманы /sh/ диграфымен берсе, 28 респондент оны /ch/ графемасымен таңбалаған. Оның себебі диграфтың қолайлы болғандығында емес деп ойлаймыз. Басты себеп – респонденттердің ағылшын тілінде оқып-жазу тәжірибесінде /ch/ таңбасының <ч> (*диспетчер*) және /sh/ графемасының <ш> (*диспешер*) ретінде жұмсалуды біршама орнығып қалғанында жатыр. Сондай-ақ 18 респондент <ч> фонемасын /с/ әрпімен таңбалауды дұрыс көрген. Яғни жазармандар <ч> фонемасын диграфпен беруден гөрі бір графемамен белгілеуді тиімді деп тапқан. Бұған қоса <ч> фонемасын /tsh/ триграфымен, кирилше /ч/ графемасымен және /s/ әрпімен беру жағдайлары да кездесті.

Кирил графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан ұсынылған таңба нұсқасы	Әртүрлі нұсқада берілген мысалдар
ч	sh	177 (dispetsher)
	ch	28 (dispetcher)
	c	18 (dispetcer)
	tsh	13 (dispettsher)
	ч	9 (dispetчer)
	s	3 (dispetsr)

3.3 Респонденттердің балама ұсыныстары: респонденттердің 18-і «[ч] дыбысын әліпбиде таңбалау қажет емес» деп тапса, 4 респондент – «/с/ графемасымен», ал 5-еуі – «/ch/ әріптікесімен беру керек» дегенді айтады. 9 респондент «[ч] дыбысына қос таңба керек емес» деген пікір білдіреді.

3.4 Сауалнама нәтижесі: 1-ші және 3-ші әліпбилерде <ч> фонемасына арнайы таңба берілмеген. Сондықтан респонденттер тарапынан белгіленген графемаларды ұсыныс ретінде қабылдап, олардың (әріптердің) қуатсыйымдылығын шығармаймыз.

Ал 2 әліпби жобасы бойынша /ч/ графемасын 248 респондент 248 рет жазады. 248 рет жазылған /с/ графемасы 87 рет қате таңбаланған. Пайызға шаққанда,

248 – 100%.

87 – х% болғанда, $8700 : 248 = 35,1\%$.

3.5 Әріптің қуатсыйымдылығы: екінші әліпби жобасы бойынша <ч> фонемасын /с/ графемасымен таңбалау қуатсыйымдылығы – 35,1 %.

3.6 Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды: сауалнама нәтижесін салыстырмалы түрде қарайтын болсақ, 1 және 3 жобаларда <ч> фонемасына арнайы таңба берілмегенімен, респонденттердің басым бөлігі оны /sh/ диграфымен беруді жөн көріпті. Оның себебі мынадай жағдайға байланысты болса керек: біздің ойымызша, респонденттердің көбі қазақ тілді азаматтар болғандықтан, олар «диспетчер» сөзін «сындырып», қазақ тілінің айтылу нормасына икемдеп, оны «диспешір/диспешер» деп жазған. Яғни <ч> фонемасын <ш>-ға алмастырған. Сондықтан респонденттердің

ұсынған /sh/ графемасын <ч>-ның емес, <ш> фонемасының таңбасы ретінде қабылдау керек.

Сондай-ақ үш жоба бойынша да таңбалану жағынан ең жиі кездескен графема – /ch/ диграфы. Бұл – респонденттердің санасында <ч> фонемасының /ch/ графемасының бейнесіне сәйкес келетінін көрсетеді. Оның себебі, жоғарыда көрсетілгендей, диграфтың қолайлы болғандығында емес. Басты себеп – респонденттердің ағылшын тілінде оқып-жазу тәжірибесінде /ch/ таңбасының <ч> ретінде жұмсалуды біршама орнығып қалғанында жатыр.

/Ы/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері:* <ы> – дауысты, тым қысаң, езулік, жуан [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры* [15]:

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/ы/	⇒<ы>	⇒ [ʏØ]	Бігеу буын аралығында, ерін үндесімінде	кұб ^ʏ жық, құр ^ʏ лыс, құб ^ʏ лыс
		⇒ [ы]	Сөз басында, бірінші буыннан басқа буында	т[ы]н[ы]ш, с[ы]зба
		⇒ [Ø]	Бігеу буын, екі дауысты аралығында, бірінші буын ішінде	тағ[']лым, алт[']атар, сар[']май, бағ[']лан, қ[']рау, пі[']шак
		⇒ [ʏ]	Еріндік буыннан соң	тұзд[ʏ], бор[ʏ]ш, құзғ[ʏ]н
		⇒ [ы [°]]	Ерін үндесімінің 3-4-буынында	борышш[ы [°]]з, куш[ы [°]]кеш, қорытынд[ы [°]], қорқынышш[ы [°]]з
		⇒ [i]	Жіңішке буынды сыңармен келгенде	кайс[i]бір
	⇒<ы>-<i>	⇒ [i]	Бейүндес буын аралығында	кат[i]гез, тауқ[i]мет, ақ[i]рет, лағ[i]нет, тақ[i]лет

1.3 *Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /ы/ графемасының пайыздық салмағы:* 7,81%. Кездесу жиілігі: 3-орында.

1.4 *Дауыссыздармен тіркесу қабілеті:* *кы, гы, ык, ыг* тіркесімділігі жоқ. Қалған дауыссыздармен тіркеседі.

1.5 *Сөз позициясындағы орны:* позиция талғамайды: сөздің басы, ортасы, аяғында кездесе береді.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 *Көне түркі жазуында:* /ы/ графемасы көне түркі жазуында Г-мен таңбаланды. Көрсетілген таңба қысаң езулік жуан тіл арты «ы» және тіл алды «i» дыбыстарының орнына жұмсалды. Әрі оның кездесу жиілігі көне түркі сөздерінде ең өнімді дыбыс болған. Сөздің барлық позициясында қолданылды. [Ы] дыбысы жуан дауыссыздар-

мен және [ч] дауыссызымен тіркесіп отырды: *анчын* (сүйте), *ачыг* (ашық), *чым* (белгі, тас) [137].

2.2 *Араб (қадым және жәдид) жазуында*: қысаң, езу, тіл арты [ы] дауысты дыбысы **иа** (ي) арқылы берілді: *малдары* – مالدارى. Жәдид жазуында [ы] дыбысын *кесра* (.) арқылы беру басым болды: *жыл* – جىل, *тұсында* – تۇسىندە [138].

2.3 *А.Байтұрсынұлының төте жазуында*: <ы> фонемасы үшін **ѣ** таңбасы алынды [139].

2.4 *Латын графикасына негізделген қазақ жазуында (1929 ж.)* <ы> фонемасы /ь/ әрпімен берілді: *Ыдыс, ьсқькьқ* [116].

2.5 *Орыс әліпбиіне негізделген қазақ жазуында (1940 ж.)* жуан тембрлі сөздерде ғана жазылатын <ы> фонемасы орыс графикасына негізделген қазақ жазуында /ы/ түрінде алынды [135].

2.6 *Өзге түркі тілдері жазуында*: 1940 жылы <ы> фонемасы башқұрт, қарақалпақ, қырғыз әліпбилерінде /ы/ түрінде таңбаланды [140].

2.7 *Қазіргі латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде*:

түрік әліпбиінде: **İ**;

әзербайжан әліпбиінде: **İ**;

өзбек әліпбиінде: жоқ;

түрікмен әліпбиінде: **Yy**.

III Сауалнама жобаларындағы <ы> фонемасының таңалануына сараптама

3.1 */Ы/ әрпінің тарихы*: бірінші және үшінші әліпби жобасында <ы> фонемасы /Yy/ түрінде, 2-жобада /И/ таңбасымен таңбаланады. /И/ таңбасы алғашқы латын жазбаларында қолданылса, /Yy/ таңбасы латын жазуында грек тілінен енген сөздерді таңбалау үшін алынды. Ал **И** (йот) латын тіліне қосымша таңба ретінде алынды. Аталған әріптің пайда болуы Рим империясының құлдыраған кезеңіне және латын тілі өлі тіл қатарына кірген кезеңге сәйкес. XVI ғасырдағы латын әліпбиінде **И** әрпі дауысты [И] – (i – u) және дауыссыз [j] мәнін берді [141].

3.2 *Үш әліпби жобасы бойынша жазылым қатесі*: берілген сөздерді 1-ші әліпби жобасымен тыңдап-жазуда – 101 қате, 2-ші әліпби бойынша – 445 қате, 3-ші әліпби бойынша 79 қате кеткен.

1-әліпби жобасы бойынша: кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент жалпы 101 рет қате жіберген. Сауалпарақта берілген 66 сөздің ішінен <ы> фонемасының III бөлім бойынша кездесу жиілігі 32 рет (*жайғызу, жұдырық, қыстыгүні, қырқыншы, бауыры, тыяды, уылдырық, тыяр, тұңы, коммуналдық, бұрынғы, омыртқа, қырықаяқ, сиыржоңышқа, қыз қуу, күркетауық, кийкоты, авиабайланыс, ыдыс-аяқ, япырмау*), IV бөлім бойынша – 18 рет (*алтын, аспаны, даласы, дастаны, қарашы, даңқымыз, шықты, намысын, қазағым, мықты, болып, жырың, Қазақстаным*). 1-жобада берілген <ы> фонемасының таңбасын респондент <i> графемасымен таңбалап, 71 қате, ал 20 рет /и/ таңбасымен қате жазған. Сонымен қатар әліпбиге сәйкес /y/ графемасы 2 рет қазіргі әліпби бойынша /ы/ таңбасымен таңбаланған. Бұл қолдағдысы бойынша кеткен қате түрі.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ы	у	w (2)	altwn
		i (71)	zhiring, shiqti
		u (5)	altun
		ы (2)	shyqti
		ø (1)	qazaqstanm
		ı (20)	aspanı, danqımız
Жалпы		101	

2-әліпби жобасы бойынша: 2-жоба бойынша кирил жазуынан латын жазуына транслитерация жасауда 248 респондент <ы> фонемасын таңбалауда жалпы 445 қате жіберген. Оның ішінде 432 рет әліпбиге сәйкес /ı/ таңбасын /i/ таңбасымен жазған. Бұлай жазудың себебі /ı/ таңбасын нүктесіз жазу қиындық туғызып, қолдағысының әсерінен /i/ түрінде жазылды деп ойлаймыз. Сондықтан аталған қате түрінің көп болуы қолдағдысымен тікелей байланысты болып табылады.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ы	ı	w (4)	altwn
		i (432)	şiqti
		y (7)	altyn
		ы (1)	şyqty
		ø (1)	qazaqstanm
Жалпы		445	

3-әліпби жобасы бойынша: 3-жобада <ы> фонемасы үшін латынның /y/ графемасы берілген. Алайда респонденттер оны алдыңғы жобадағыдай 45 рет /i/ таңбасы арқылы, 30 рет /ı/ таңбасы арқылы жазған. Мұны 2-жобадағы графема түріне респонденттердің көз және қолдағдысының икемделуімен байланысты деп қарастыруға болады.

Кирил графикасында таңбалануы	Латын графикасында таңбалануы	Респондент тарапынан қате берілген таңба нұсқасы	Қате жазылған нұсқа-мысалдар
ы	у	i (45)	qazaqstanım, qız
		u (3)	kurketawuq, kikutu
		ø (1)	qazaqstanm
		ı (30)	qazaqstanım
Жалпы		79	

3.3 *Респонденттердің балама ұсыныстары:* сауалнамаға қатысқан 4 респондент «<ы> фонемасын /y/ түрінде қолдану ойды шатастырады» деген тұжырым жасаған.

3.4 *Сауалнама нәтижесі*: 1-жобада <ы> фонемасы – /у/, 2-жобада – /і/, 3-жобада /у/ графемасымен берілген. Барлық жазба мәтінде /ы/ әрпі 66 рет кездеседі. Сонда бірінші әліпби жобасы бойынша 248 респондент бұл әріпті 16368 рет жазады. 16368 рет жазылған /ы/әрпі 16252 өз кезегінде әліпбиге сәйкес таңбаланды. Пайызға шаққанда, 16368 – 100%.

101 – х% болғанда, $10100:16368 = 0,6\%$. Бұл – <ы> фонемасын таңбалауда /у/ графемасын қолданудың қуатсыйымдылығы төмен деген көрсеткіш беріліп отыр.

Ал 2-жоба бойынша/ы/ графемасын 248 респондент 16368 рет жазады. Демек, респонденттер 16368 рет кездесетін /і/ графемасын 15923 рет дұрыс таңбалаған. Пайызға шаққанда, 16368 – 100%.

445 – х% болғанда, $44500:16368 = 2,7\%$ қуатсыйымдылығы 1-жобаға қарағанда әлдеқайда жоғары.

3-жоба бойынша 16368 рет жазылған /у/ графемасынан 16280 рет дұрыс жазады. Пайызға шаққанда, 16368 – 100%.

79 – х% болғанда, $7900:16368 = 0,5\%$, бұл көрсеткіш 1-ші және 2-ші жобалармен салыстырғанда төмен.

3.5 *Әріптің қуатсыйымдылығы*: сауалнама нәтижесі көрсеткендей, 1-жоба бойынша – 0,6%, 2-жоба бойынша – 2,7%, ал 3-жоба бойынша 0,5%-ды құрап отыр. Түсіндіре кететін жайт: 1 және 3 жобалардағы қателердің дені графеманы мүлде танымағаннан болған, ал 2 жобада графеманың /і/ сұлбасы дұрыс берілген, тек үстіне нүкте қою арқылы қолдағдысынан қате жіберген.

3.6 *Үш әліпби жобасы бойынша қорытынды*: <ы> фонемасы үшін /у/ графемасын алуға болады деп ойлаймыз. Себебі:

а) ағылшын-латын стандартында <ы> фонемасының дыбыстық мәні /Уу/ таңбасына сәйкес;

ә) қол және көз дағдысына икемді;

б) түркі халықтары ішіндегі түрікмен әліпбиімен сәйкес;

в) «1 әріп – 1 фонема» принципіне сәйкес;

г) қазақ тілін тұтынушылардың және қазақ тілі ана тілі болып табылатындардың санасында /Уу/ графемасы <ы> фонемасының психобейнесіне сәйкес келеді.

Сол сияқты /і/ графемасының да танылуы жоғары, алайда бұл графемаға қазақ жазуында <і> фонемасын таңбалауда да, дәл сол сияқты ағылшын тілі әліпбиінде де әріпүсті бір нүкте /·/ қойылатындықтан, тіл иелмендерінің қолдағдысы, оны нүктесіз жазуға үйренбегені байқалады.

/Іі/ графемасы

I Фонетика-фонологиялық сипаттама

1.1 *Фонеманың айырым белгілері*: <і> – дауысты, қысаң, езулік, тіл алды, жіңішке [38].

1.2 *Фонеманың дыбыс қоры*: <і> фонемасы сөз ішінде әлсіз позицияда дыбыс ықпалына ұшырайды, бірақ таңбаланбайды. Төменде <і> фонемасының дыбыс қоры кестеге салынып берілді [15].

Әріп	Фонема	Дыбыс	Позициялар	Мысалдар
/i/	⇒<i>	⇒ [y]	Еріндік буыннан соң	түлк[y], күн[y]м, сүйк[y]мд[y]
		⇒ [yØ]	Бітеу буын аралығында, ерін үндесімінде	сүй ¹ ніш, күй ¹ ніс
		⇒ [i]	Сөз соңында, бір буынды сөзде, 1-ші буыннан басқа буында	к[i]м, т[i]с, [i]с, келд[i], к[i]лт
		⇒ [Ø]	Дауыстымен қатар келгенде, сөз аяғында, тәуелдік жалғауы қосылғанда, 1-ші буында	өл[']ара, кел[']сап, ер[']кі, мұр[']ны к[']лем, м[']немін
		⇒ [ы]	Жуан дауыстымен іргелес келгенде	қау[ы]п, қаб[ы]р
		⇒ [i°]	Ерін үндесімінің 3-4-буынында	сүйінішс[i°]з, көтеріл[i°]с, күзетшіл[i°]к
	⇒<i>-<y>	⇒ [ы]	Бейүндес буын аралығында	құл[ы]рет

1.3 Қазақ тілінің мәтіндер корпусындағы /i/ графемасының пайыздық салмағы: 5,20%. Кездесу жиілігі: 8-орында.

1.4 Дауыссыздармен тіркесу қабілеті: <i> фонемасы <f>, <k> (ғі, кі тіркесі болмайды) фонемасынан басқа барлық дауыссыз дыбыстармен тіркеседі (зі, із, іл, мі, ім, ні, ін, сі, іс, ши, іш т.б.) [38].

1.5 Сөз позициясындағы орны: позиция талғамайды: сөздің басы, ортасы, аяғында кездесе береді.

1.6 Морфологиялық сипаты: сөздің екпінсіз екінші буынында [p] мен [k] және [p] мен [n] дыбыстарының аралығында дауысты [i] дыбысы фонетикалық нөлге айналады: ерін=ерні, ерік=еркі, бөрік=бөркі. Түбірге ашық дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда, дауысты [i] дыбысы толық редукцияланады: екі+еу=екеу, жеті+еу=жетеу.

II Грамматологиялық сипаттама

2.1 Көне түркі жазуында: /i/ графемасының көне түркі жазуында 1 таңбасы (𐰃) болған. Ескерткіш тілінде [ы], [i] дыбыстары бір (𐰃) таңбамен белгіленді. Ол сөз басында, сөз ортасында, сөз соңында келді (ічре, кісре, ічрекі). Ескерткіште **i** ≈ **e** дыбыстары сәйкес келді. Мысалы, Орхон, Енесей, Талас *it* «ет, істе», *ti* «айт, де», *ji* «жер». **i** ≈ **ī**. Орх. *sil(ik)* «сұлу, таза»: *silik qiz oylıñ küñ boltı* «сұлу қыздарың күң болды» КТҮ. 7 ~ қаз. *sil(qim)*, қырғ. *sil(iq)*. Түркі сөздерінде кездесу жиілігі ең өнімді дыбыс болды [142].

48. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998.
49. Құрманбайұлы Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі жаңа атаулар. – Алматы, 2009.
50. Барлыбаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы: Мектеп, 1978. – 144 б.

51. Бүркітбай Г.Ж. Қазақ тілі түсіндірме сөздіктерінде арабизмдердің лексикографиялануы: филол.ғ.к. ... дисс. – Алматы, 2003. – 143 б.
52. Жиекбаева А.Б. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің терминденуі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 167 б.
53. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. XI т. – Алматы, 2011. – 752 б.
54. Айтбаев Ө. Ортақ түркі терминологиясын қалыптастыру – бүгінгі күн талабы // «Ана тілі» газеті. – 19.04.2012.
55. Языковая политика в Казахстане (1921-1990 годы). – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 325 с.
56. Fevziye Abdullah Tansel. Arap Harflerinin Islahı ve Deđiştirilmesi Hakkında İlk Teşebbüsler ve Neticeleri 1862-1884 // Belleten. – S. XVII/66. – Nisan, 1953. – S. 223-249.
57. Güler Metin. Türkçe İmlâ Öğretiminde Yaşanan Karmaşada İmlâ Kılavuzlarından Kaynaklanan Sorunlar // М.Е.В. Öğretmen Yetiştirme ve Eğitimi Genel Müdürlüğü Bahçeşehir Üniversitesi, Türkçe Öğretimi Kongresi. – İstanbul, 2008.
58. Фазылжанова А. Латын әліпбиіне көшу Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан елдерінде қалай жүргізілді? // «Ана тілі» газеті. – 24.01.2013.
59. Абусейтова М., Мендикулова Г., Муминов А., Ерекешова Л. Общие и специфические проблемы изменения алфавита в тюркоязычных странах СНГ: Азербайджан, Татарстан, Узбекистан, Туркменистан // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.
60. Садуақасов А. Түркітілдес мемлекеттердің латын графикасына көшудегі саяси-лингвистикалық ұстанымдары: генезисі және эволюциясы: саясат. ғ.к. ... дисс. – Алматы, 2010.
61. Ұлт тірегі – тіл /Мұхтар Құл-Мұхаммедпен сұхбат // «Егемен Қазақстан» газеті. – 14.05.2003.
62. Güler Metin. Türkçe İmlâ Öğretiminde Yaşanan Karmaşada İmlâ Kılavuzlarından Kaynaklanan Sorunlar // М.Е.В. Öğretmen Yetiştirme ve Eğitimi Genel Müdürlüğü Bahçeşehir Üniversitesi, Türkçe Öğretimi Kongresi. – İstanbul, 2008.
63. Fevziye Abdullah Tansel. Arap Harflerinin Islahı ve Deđiştirilmesi Hakkında İlk Teşebbüsler ve Neticeleri 1862-1884. – Belleten. – S. XVII/66. – Nisan 1953. – S. 223-249.
64. Фазылов З. Староузбекский язык. Хорезмские памятники XIV века. Т. I. – Ташкент: Фан УзССР, 1966. – 648 с.; Фазылов З. Староузбекский язык. Хорезмские памятники XIV века. Т. II. – Ташкент: Фан УзССР, 1971. – 777 с.
65. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 192 б.
66. Әбілқасымов Б. Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» және оның тілі. – Алматы: Арыс, 2001. – 246 б.
67. Yazım Kılavuzu / Naz. Şükrü Halûk Akalın... (ve başk.). – 27. bsk. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2012.
68. İlköğretim Okulları İçin Yazım Kılavuzu. – 6. bsk. – Ankara: Türk Dil Kurumu, 2014. – 236 s.
69. Максимов В.А. Опыт исследования тюркских диалектов в Худавендгаре и Карамании /Сочинение, представленное для соискания степени магистра турецко-татарской словесности/. – СПб., 1867.

70. Banguoğlu, Tahsin. Anadolu (ve Rumeli) ağızları, Türk Dili ve Edebiyatı Ansiklopedisi C-1, Dergah Yay., İstanbul, 1977. S. 132-134.; Boeschoten, Hendrik. Aspects of Language Variation. Turkish Linguistics Today (Yay. H. Boeschoten, L. Verhoeven), Leiden, 1991. S. 150-193.; Caferoğlu, Ahmet. Anadolu dialektolojisine dair bir deneme, Türk Dili-Belleten, 1946. S. 565. Caferoğlu, Ahmet. Die anatolischen und rumelischen Dialekte. PhTF I, 1959. S. 239-260.; Ercilasun, A. Bican. Doğu Anadolu ağızlarının sınıflandırılması. Prof. Dr. İbrahim Kafesoğlu'nun Hatırasına Armağan, Ankara, 1988. S. 219-223.; Hayasi, Toru. Anadolu ağızlarının coğrafi dağılımı üzerine bir deneme çalışması. IV. Dilbilim Sempozyumu Bildirileri 17-18 Mayıs 1990. [Yay.:] S. Özsoy/H. Sebüktekin. İstanbul. S. 233-243.; Karahan, Leyla. Anadolu Ağızlarının Sınıflandırılması, TDK Yay. Ankara, 1996.

71. Başkan, Özcan. Türkiye köy adları üzerine bir deneme, TDAY-Belleten, Ankara 1971, S. 237-251. Demir, Nurettin. Alanya ağızlarında Çimdi'nin varyantları, TDAY-Belleten, 1995, S. 99-114. Demir, Nurettin. Kıbrıs Ağızlarında *imiş* Hakkında, Bilig - Türk Dünyası Sosyal Bilimler Dergisi, 2002, S. 23, 129-139; Eren, Hasan. "Kıbrıs'ta Türkler ve Türk Dili", Onuncu Türk Dili Kurultayı Bildirileri, Ankara, 1963, S. 37-50; Gülensoy. Tuncer Anadolu ağızlarında Şimdiki zaman eki, Türk Kültürü Araştırmaları, İbrahim Kafesoğlu'nun Hatırasına Armağan, Ankara, 1985, S. 282-295.; Hayashi, T. Dialects on the Eastren Turkish Coast of the Black Sea, A Preliminary Report, gengo Kenkyu, 1984, 85. Németh, Gyula. "Bulgaristan Türk Ağızlarının Sınıflandırılması Üzerine", Türk Dili Araştırmaları Yıllığı Belleten 1981-1982, Ankara 1983, S. 119.

72. Karahan, Leyla. Anadolu Ağızlarının Sınıflandırılması. – TDK Yay. – Ankara, 1996.

73. Türkçe sözlük. 11 bsk. – Baskı Ankara: Türk Dil Kurumu, 2011.

74. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы, 2005.

75. Википедия. Свободная энциклопедия // ru.wikipedia.org/wiki.

76. Саакян Л.С. Отуречивание топонимов в Османской империи и республиканской Турции. – Ереван: Издательство ЦСИ «Апарат», 2010. (Язык оригинала английский, армянский, русский).

77. Мелконян Р. Отуречивание топонимов в республиканской Турции // <http://noravank.am/rus/issues/detail>.

78. <http://www.vestiturkey.com/tureckie-skolniki-peredut-na-f-klaviaturu1158h.htm>

79. Бектаев Қ.Б. Қазақ тілі буындарының алфавитті-жиілік сөздігі // Қазақ тексінің статистикасы. I т. – Алматы: Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы, 1973. – 266-610 бб.

80. Бектаев Қ., Жұбанов А.Қ., Мырзабеков С., Белботаев А. М.О. Әуезовтің 20 томдық шығармалар текстерінің жиілік сөздігі. – Алматы-Түркістан, 1995. – 346 б.

81. Жұбанов А.Қ. Қолданбалы лингвистика: Қазақ тілінің статистикасы. – Алматы, 2013. – 209 б.

82. Азербайджанская Демократическая Республика (1918-1920 гг.). Законодательные акты. – Баку, 1998.

83. Резолюции и постановления съездов Советов Азербайджанской ССР (1921-1937 гг.). – Баку, 1961.

84. Мусаева Т.А., Мамедов А.А. Важная веха на пути развития письменности азербайджанского народа (к 80-летию Первого Тюркологического съезда). – Баку, 2006.

85. Сборник законов Азербайджанской ССР и Указов Президиума Верховного Азербайджанской ССР (1938-1962 гг). – Баку, 1961.

86. Бакинский рабочий. – 24.08.1956.

87. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.

88. Төлегенұлы С. Азаттыққа дейінгі елімізге қазақ тіліндегі ақпарат-баспасөз тарихына шолу // Шыңжан қоғамдық ғылымы. – 1991. – №1.

89. Талип Абдулла. Ұйғур мариши тарихиди очеркләр. – Үрімші, 1998. – 133 б.

90. Қазақ тілінің жаңа емлесі // Терминология мәселелері. 1-кітап. – Астана: «1С-Сервис» ЖШС, 2006. – 124-137 бб.

91. Қазіргі қазақ тілі. – Үрімжі, 1978. (латын жазуында жарық көрген).

92. Хәмәт Сәмәт. Ұйғур тилидики созуқ тавуш фонимилиринин тарихий тәракияты вә уларниң йезикта ипадә килиши тоғрисида дәсләпки издиниш // Тіл вә тәржимә. – 1993. – № 4.

93. Абаукиим Хожа. Ғарби иурт вә Қадимки мәдният. – Урүмчи, 1995.

94. Емле туралы білім. – Үрімші, 1989.

95. Қазақ тілі айтылымының негізгі ережелері. – Үрімші, 1997.

96. Омархан Асылұлы. Қазақ жазуының тыныс белгілері. – Үрімші, 1992.

97. Шау Жоң. Шыңжандағы тілдер мен жазулар (қытай тілінде). – Үрімші, 1997.

98. Ғабитханұлы Қ. Қазақ тілінің Қытайдағы зерттелуі // Терминологиялық Хабаршы. – 2002. – № 3. – 110-118-бб.

99. Крысин Л.П. Иллюстративный толковый словарь иностранных слов. – М.: Эксмо, 2008. – 864 с.

100. Омарұлы Е. Қазақша пән сөздер (Елдестің баяндамасы) // Терминология мәселелері. 1-кітап. – Астана: «1С-Сервис» ЖШС, 2006.

101. Уәли Н., Күдеринава Қ., Фазылжанова А. Қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру жайында // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.

102. Уәли Н. Лингвистикалық және мәдени-әлеуметтік түрткіжайттардың басымдылығы // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.

103. Уәли Н. Таңдау, талғау, саралау: қазақ әліпбиі латынға көше ме? // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.

104. Базарбаева З. Некоторые аспекты реформирование казахского алфавита на основе латинской графики // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.

105. Жүнісбек Ә. Латын таңбалы негізгі әліпбидің фонетикалық дәйектемесі // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.

106. Күдеринава Қ. Латын графикасына негізделген қазақ әліпби жобаларының ғылыми-лингвистикалық сараптамасының қорытындысы // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.

107. Күдеринова Қ., Фазылжанова А. Латын графикасына негізделген қазақ жаңа әліпби жобалары және олардың лингвистикалық сипаты // Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі: тарихы, тағылымы және болашағы. – Алматы: Арыс, 2007. – 410 б.
108. Фазылжанова А. Мультимәдениеттілік және тілдік бірегейлік // «Туған тіл» журналы. – 2009. – №1(9).
109. Жүнісбек Ә. Әліпби ауыстыруды жазу реформасына айналдыру керек. – Орал, 2007.
110. Баскаков Н.А. Достижения и проблемы в усовершенствовании алфавитов и орфографий современных тюркских языков // Опыт совершенствования алфавитов и орфографии языков народов СССР. – М.: Наука, 1982.
111. Кормушин И.В. Основы графемологического анализа русского алфавита и проблемы расширения его графемного состава // Опыт совершенствования алфавитов и орфографий языков народов СССР. – М.: Наука, 1982.
112. «Қазақ жазуының қалыптасу кезеңдері, даму жолдары мен бағыттары» атты ғылыми-зерттеу жұмысы есебінің қолжазбасы. – Алматы, 2008.
113. «Тіл және аударма» журналы. – 2000. – № 1.
114. Досанова А.Ж. Латын әліпбиі негізінде сауат ашу әдістемесі: пед. ғ.к. ... дисс. – Алматы: Абай ат-ғы ҚазҰПУ, 2009. – 166 б.
115. Досанова А.Ж. Қазақ әліпбиінің тарихы. – Астана, 2011.
116. Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағылымы (1929-1940 жж.). – Алматы, 2012. – 150 б.
117. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
118. I Всесоюзный тюркологический съезд 26.II – 5.III.1926. – Баку, 1926. – 426 с.
119. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы) // Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014.
120. Аманжолов С. Тіл және жазу. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2005. – 404 б.
121. Сыздық Р. А. Байтұрсынов жазуы және емле-ереже тарихы // <http://adebiportal.kz/bayt-rsynov-zhazuyu>.
122. Приказ МВД РФ от 26 мая 1997 г. № 310 «Об утверждении Инструкции о порядке оформления и выдачи паспортов гражданам Российской Федерации для выезда из Российской Федерации и въезда в Российскую Федерацию».
123. Жүнісбек Ә. Әліпби мәселесі // [http:// old.abai/kz/content/elimkhan-zh-nisbek-elipbi-meselesi](http://old.abai/kz/content/elimkhan-zh-nisbek-elipbi-meselesi).
124. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
125. Гельб И.Е. Опыт изучения письма. – М., 1982. – 185 с.
126. Истрин В.А. Возникновение и развитие письма. – М.: Наука, 1965. – 596 с.
127. Фридрих И. История письма. – М.: Наука, 1979. – 463 с.
128. Дириггер Д. Алфавит. – М.: Изд. инс. лит., 1963. – 655 с.
129. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. – Алматы: Сөздік, 2005. – 272 б.
130. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
131. Уәли Н. Жаңа әліпбидің (көне түркі, кирилл және т.б. емес) латын графикасы негізінде тандалу себептері // Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы

ғылыми-зерттеу материалдары (Түркия, Өзбекстан, Әзербайжан, Түркіменстан және басқа да елдердің латын әліпбиіне көшу тәжірибелеріне ғылыми талдау жасай отырып, қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшіру жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу). – Алматы, 2007. – 194 б.

132. Әбусейітова М. Төл жазулары бар Армения, Грузия, Үндістан, Қытай, Корея, Жапония сияқты елдерде ұлттық тілдің латын графикасы негізіндегі әліпбиінің қолданыс тәжірибесі // Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру туралы ғылыми зерттеу материалдары (Түркия, Өзбекстан, Әзербайжан, Түркіменстан және басқа да елдердің латын әліпбиіне көшу тәжірибелеріне ғылыми талдау жасай отырып, қазақ жазуын латын графикасы негізіндегі әліпбиге көшіру жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу). – Алматы, 2007. – 194 б.

133. Базарбаева З. О переходе казахского алфавита на латинскую графику // газета «Казахстанская правда». – 29.01.2013.

134. Күдерінова Қ. Латын қарпі: сарабалдық қажет // «Ана тілі» газеті. – 04.01.2013.

135. Күдерінова Қ. Қазақ жазуының онтогенездік дамуы. – Алматы, 2006. – 330 б.

136. Уәлиев Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы: Ғылым, 1988. – 113 б.

137. Айдаров Ф. Көне түркі жазуларынан материалдар. – Алматы, 1966. – 73 б.

138. Мамырбекова Г. XVIII-XIX ғғ. араб жазулы қазақ жазбаларының графикалық-орфографиялық ерекшеліктері: филол. ғ.к. ... дисс. – Алматы, 2006. – 130 б.

139. Байтұрсынұлы А. Әліб-бій. Жаңа құрал. – Алматы: Рауан, 1998. – 120 б.

140. Опыт совершенствования алфавитов и орфографии языков народов СССР. – М.: Наука, 1982. – 189 б.

141. Истрин В.А. Развитие письма. – М.: АН СССР, 1961. – 394 с.

142. Айдаров Ф. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1986. – 182 б.

143. Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуы: алфавит жүйесі және фонологиясы: филол. ғ.д. ... дисс. – Алматы, 2008.

144. Баскаков Н.А. Дискуссия в Казахстане о литературном языке, графике и орфографии // Вопросы языкознания. – М. – 1952. – №4.

145. Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 360 б.

146. Сауранбаев Н. Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алматы, 1982.

147. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 582 б.

148. Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994. – 168 б.

149. Сыздықова Р. Сөз сазы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 76 б.

150. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 192 б.

151. Қайдаров Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 248 б.

152. Қазақ тілінің емле ережелері // «Төте оқу» газеті. – 26.04.1938 ж.

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ АППАРАТ

АГГЛЮТИНАТИВТІ ТІЛ [лат. agglutinare – жапсыру] – түбір сөздің соңынан не алдынан түрлі қосымшалар жалғау арқылы жаңа сөздер мен формалар жасалып, түрленетін, жалғамалы (тіл). Агглютинативті тілдерге түркі, моңғол, финно-угор, венгер, полинезий тілдері жатады.

АЗҒАН СӨЗ¹ – ауызша үндесім заңы бойынша айтылудың нәтижесінде дыбыстық өзгеріске ұшырап қалыптасқан, айтылуы әбден дағдыға айналған, әуелгі тұлғасы өзгерген сөздер.

АЙТЫЛЫМ – 1. Коммуникация теориясында адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің түрі, тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару үдерісі, өз сөзін екінші біреуге ұғынықты етіп жеткізуі.² Фонетикада <грек. akustikos – естілетін, тыңдалатын> Дыбыстау мүшелері арқылы дыбыстың пайда болуын зерттейтін ілім.

АНЛАУТ [нем. an – алдында және laut – дыбыс] – 1. Сөз басындағы дыбыстың шебі (позициясы); 2. Сөз басындағы дыбыстардың жүйелілігі, дыбыс.

АНТРОПОНИМ [грек. ἄνθρωπος (anthropos) – адам және ὄνομα (ónoma) – есім, ат] – адамдардың өзіне меншікті есімдер, аты-жөні, бүркеншік, жасырын, лақап аттары.

АНТРОПНИМИКА – кісі есімдерін, жеке есімдерді, патронимдерді, фамилияларды, жалған есімдерді, псевдонимдерді, криптонимдерді зерттейтін тіл біліміндегі ономастиканың саласы.

АҢҒАЛ ДАУЫСТЫЛАР³/ **ЕЗУЛІК ДАУЫСТЫЛАР** – Ахмет Байтұрсынұлының қазақ дауысты дыбыстарын ерін қатысына қарай таптастыру жүйесіндегі «қымқырулыларға» қарама-қарсы коррелят топ, сөз құрамында орын талғамай кездесе беретін езулік дауыстылар.

АПОКОПА [грек. ἀποκοπή (арокорі) – түсу, үзілу] – 1. Екпінге қатысты дыбыстық үдеріс нәтижесінде сөз соңындағы дыбыстың не буынның түсіп қалуы. Мысалы: болат (болады), келет (келеді), түсет (түседі), газет (газета), облыс (область); 2. Қысқару нәтижесінде жаңа сөздің пайда болуы. Мысалы: такси (таксометр), метро (метрополитен), келі//кило (килограмм) және т.б.

Артикуляция [лат. articulatio – анықтап айту] – тіл дыбыстарын айтудағы сөйлеу мүшелерінің қызмет ету жүйесі.

АУСЛАУТ [нем. aus – -дан, -ден және laut – дыбыс] – 1. Сөз соңындағы дыбыстың шебі. Ұяң дауыссыздың қатандану үдерісі; 2. Сөз соңындағы дауыссыз дыбыстың жүйелілігі немесе дауыссыз дыбыс. Дауыссыз дыбыспен аяқталған сөзге жалғанатын қосымша да дауыссыз дыбыстан басталады (көлге, өрге); 3. Буын соңындағы дауыссыз дыбыстың жүйелілігі немесе дауыссыз дыбыс. Ауслаутты буын – қазақ тілінде тұйық және бітеу буындар.

АУЫЗЕКІ СӨЙЛЕУ СТИЛІ – күнделікті тұрмыстық (бейресми) қарым-қатынас тілі. Ауызекі сөйлеу стиліндегі қарым-қатынас диалог түрінде құрылып, сөйлеу барысында ым-ишара, экспрессивті-эмоционалды бірліктер қолданылады.

¹ Ахмет Байтұрсынұлының термині

² Әлімхан Жүнісбектің термині

³ Ахмет Байтұрсынұлының термині

АШЫҚ ДАУЫСТЫ ДЫБЫС – тілдің төмендеп барып көтерілуі арқылы жасалатын дауыстылар, оларды айтқанда жақ кең ашылып, иек төмендейді. Қазақ тіліндегі ашық дауыстылар: а, ә, о, ө.

ӘДЕБИ ТІЛДІҢ СТИЛЬДІК ТАРМАҚТАРЫ – жалпыхалықтық тілдің белгілі жүйеге түскен, жазу дәстүрі мен әртүрлі жазба және ауызша әдебиеттің негізінде қалыптасқан, әдеби тілдің өзіне тән тармақтары. Ұлттық әдеби тіл 5 негізгі стильге бөлінеді: көркем әдебиет стилі, публицистикалық стиль, ғылыми стиль; ресми ісқағаздар стилі, сөйлеу стилі.

ӘЛПБИ – таңбалардың стандартты жиынтығына негізделген жазу формасы, әріптер тізбесі, жазу жүйесінің таңбалары. Әліпбиде таңбалар – әріптер тілдің фонемасын білдіреді, бірақ «дыбыс ↔ әріп» сәйкестігінің толық сақталуы сирек байқалады және ауызша тілдің даму үдерісіне қарай жазу да қарапайым сипатқа ие бола алады. Әліпби пиктографиялық (идеографиялық) жазудан ерекшеленеді. Себебі пиктографиялық жазуда таңбалар ұғымды (шумерлік клинопись) білдіреді. Ал морфемді және логографиялық жазуда жеке морфеманы (қытай жазуы) немесе сөзді білдіретін таңбалар болады.

ӘЛПБИЛІК ЖАЗУ <орыс. алфавитное письмо> – жеке дыбыстық элементтерді бейнелейтін және сол элементтер арқылы тілдегі сөздердің дыбыстық мағынасын беретін жазба таңбалар жүйесі. Кейде оны дыбыс жазуы деп атайды.

ӘЛПБИШЛЕР – дыбыстық жазуға негізделген қандай да бір тілдің жазуындағы дыбыстарды, олардың тіркесін, белгісін таңбалайтын әріптер жүйесін жасайтын мамандар.

ӘЛППЕШЛЕР – бірінші қолданылатын сауат ашу (араб әліпбиінің «алиф» және «ба» деген екі әрпінен құралған) оқулығын дайындайтын мамандар.

ӘРІП – жазудағы фонеманы білдіру үшін қолданылатын графикалық таңба немесе оның басқа таңбалармен тіркескен түрі.

ӘРІПТІК ЖАЗУ қара. Дыбыстық жазу.

ӘРІПТІҢ ҚОСАЛҚЫ ТАҢБА ТІРКЕСІ – әріптің негізгі графикалық сұлбасы мен диакритикалық таңбаның тұтастығы арқылы жасалған графема түрі. Мысалы, й, ү.

ӘРІПҮСТІ ДИАКРИТИКА – әріптің негізгі графикалық сұлбасының үстінен қойылатын қосалқы таңба. Мысалы, й, ү.

БЕЙҮНДЕС СӨЗ – құрамындағы буындар әртүрлі лингвалды сингармотембрмен айтылатын сөз. Мысалы, ауыл – аулы, көрік – көркі, т.б.

БОСАРАЛЫҚ¹ <орыс. пробел> – сөздердің бөлек жазылуын көрсететін графикалық таңба.

БРЕВИС – тұрпаты айшық тәрізді, әдетте дыбыстың қысқалығын көрсетуге арналған әріпүсті диакритикалық таңба.

БУЫН ЖАЗУЫ <орыс. слоговое письмо> – буынға негізделген жазу. Жазудың буын жүйесінде таңба буынды белгілейді, яғни сөз құрамындағы әрбір буын графикалық таңбалармен беріледі. Бұған жапон, үнді жазулары жатады. Буын таңбалары әуелде бір буынды сөздерді белгілеген идеограммалардан жасалған.

БІРҚАЛЫПТАНДЫРУ / СТАНДАРТТАУ – стандарттарды, нормалар мен ережелерді және т.б. тағайындау және қолдану; бір үлгіге салу.

¹ Құралай Күдеринаның термині

БІРМӘНДІ ӘРІП – әріптің бір ғана дыбыстық мағынаны білдіретін түрі. Мысалы, а, ә, і.

ВАРИАНТ [лат. *varians* – өзгеретін, ерекшеленетін] – айтылым кезінде сөздердің дыбыстық өзгеріс нәтижесінде сол тілдің дыбыс қорында бар басқа бір дыбысқа ұқсап айтылуы.

ВАРИАНТ ДЫБЫС/ ӨЗГЕЛІК РЕҢК – айтылу кезінде тілдегі басқа дыбысқа ұқсап кететін, дыбыстың уақытша түрленімі.

ВАРИАЦИЯ/ БӨГДЕ РЕҢК [лат. *variatio* – өзгеріс, ауысу] – айтылым кезінде сөздердің дыбыстық өзгеріс нәтижесінде сол тілдің дыбыс қорында жоқ, басқа бір дыбысқа ұқсап айтылған дыбыс түрленімі.

ВОКАЛДЫ ЖАЗУ – дауысты дыбысқа негізделген жазу түрі. Вокалды жазу б.з.д. I мыңжылдықта қалыптасты.

ГИДРОНИМ [грек. ὕδωρ (*ýdor*) – су және ὄνομα (*ónoma*) – есім, ат] – мұхит, теңіз, көл, өзен, бұлақ, қайнар, құдық т.б. су объектілеріне қатысты атаулар.

ГРАММАТИКАЛЫҚ НОРМА [грамматика – грек. γράμμα (*grámma*) – «жазу таңбасы, әріп» сөзінен γραμματικὴ (*grammatikí*)] – тілдегі грамматикалық тұлғалардың бір ізге, бір қалыпқа түсіп, дағдыға айналып жұмсалуы.

ГРАММАТОЛОГИЯ [грек. γράμμα (*grámma*) – жазу таңбасы, әріп және λόγος (*logos*) – сөз] – графикалық лингвистиканы (графема, графиканы, жазуды) зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

ГРАФЕМА [грек. γράφο (*gráfo*) – жазамын] – лингвистикалық мағынасы бар тілдердің графикалық жүйесінің ең кіші бірлігі. Графема – сөз, морфема, буын және фонеманың референті де болуы мүмкін. Графема термині әріптің, иероглифтің немесе оның бір бөлігінің синонимі ретінде де жиі жұмсалады. Тіл бірлігінің оның графикалық бейнесіне (түрпат межесіне) сәйкес қатынасын білдіретін жазу жүйесіндегі минималды таңба: фонеманың әліпбилік фонографиялық жазудағы әріпке сәйкестігі, буынның буындағы графикалық символдарға сәйкестігі, сөз-ұғымдардың логографиялық жазудағы иероглифке сәйкестігі. Қазақ жазуы – фонографиялық жазу.

ГРАФЕМА КЛАСЫ – әріп арқылы, әріптің жазу түрлері арқылы таңбаланатын жазба тілдің абстракті бірліктері.

ГРАФИЗАЦИЯ – орфографиялық және пунктуациялық жүйені құрайтын амал-тәсілдердің қиысуы және әліпби мен оның графикалық негізіне бағытталған тіл құрылымының құрамдас бөлігі.

ГРАФИКА [грек. γράφο (*gráfo*) – жазамын сөзінен γράφικός (*gráfikós*) – жазылған, өрнектелген] – графемалар, тыныс, екпін белгілері т.б. жазу құралдар жиынтығы, фонемалық жазудағы графема мен фонема арасындағы қатынастар жүйесі және оларды зерттейтін тіл білімінің бір саласы. Қазіргі қазақ графикасы әріптерінің жазылу тәсіліне және өрнегіне қарай жазу графикасы мен баспа графикасы болып бөлінеді.

ГРАФИКАЛЫҚ ЕРЕЖЕ – жеке әріптің жазылуына байланысты ереже түрі. Мысалы, графикалық ережелерде ф, г, х, ц, ч, ш, щ, ю, я дыбыстарының жазылымы көрсетіледі.

ДӘЙЕКШЕ¹ – араб жазуындағы жіңішкелікті білдіретін белгі, кейбір тілдерде дауыстының түсіп қалғанын білдіру үшін қолданылатын үтір тәрізді белгі.

¹ Ахмет Байтұрсынұлының термині

ДӘЙЕКШЕ ЖҮЙЕСІ¹. А.Байтұрсынұлының дәйекшесінің артикуляциялық (жасалым) сипаттамасы ретінде алынған термин. А.Байтұрсынұлы: «Бұл жіңішкелік белгісі – дәйекше. Сөз алдында дәйекше тұрса, ол сөздің хәріфтері жіңішке айтылады...», – деп көрсетілген. Сөз алдында дәйекше жоқ болса, онда ол сөздің жасалымы кейінді, естілімі жуан, ал сөз алдында дәйекше тұрса, онда ол сөздің жасалымы ілгерінді, естілімі жіңішке болып шығады.

ДӘНЕКЕР ДЫБЫС – екі морфеманың арасын жалғастырып байланыстырушы дыбыс.

ДӘСТҮРЛІ ПРИНЦИП / ТАРИХИ-ДӘСТҮРЛІК ПРИНЦИП – жазу сөз бөлшектерінің түбір тұлғасын сақтау ережесіне де, естілуінше жазу ережесіне де сай келмейтін, сөздердің бір кездегі қалыптасып, үйреншікті болып кеткен жазылу түрі сақталатын принцип. Бұл принцип – жазу-сызуы бір графика негізінде қалыптасқан, өзгеріске түспеген тілдерге тән (ағылшын, француз т.б.). Қазақ жазуында әлипби жиі ауысып отырғандықтан, дәстүрлі принцип сирек қолданылады.

ДЕМОТИКАЛЫҚ ЖАЗУ <орыс. демотическое письмо> [лат. demotikos – халықтық] – иератика жазуы негізінде әрі қарай жеңілдетілген египеттік жазудың графикалық түрі.

ДЕНОТАТ [лат. denotatum – белгіленген] – заттың, белгілі бір нәрсенің атауы. Денотат бірнеше мағынада қолданылады: 1) референт орнына жұмсалады, басқаша айтқанда, сөйлеушінің түсінік-қабілетіне байланысты тілден тыс белгілері бойынша атау болып келеді; 2) белгілі бір топтағы заттардың, қасиеттердің, қатынастардың, жағдайлардың, үдерістердің, қимыл-әрекеттердің ұқсастықтарына қарай ортақ атау немесе солардың әрқайсысының атауы; 3) адамның қызмет бабына, атақ-дәрежесіне т.б. қатысты да пайдаланылады.

ДИАКРИТИКАЛЫҚ ТАҢБА [грек. δια-κρίτικός (dia-kritikós) – ажырату үшін арналған] – белгілі бір қосымша артикуляциялық мағынасын білдіру үшін әріпке қосылатын шартты көмекші белгі. Мысалы: базалық кирил графикасынан алынған у, к, г, н, е, и әріптерінің ұ, қ, ғ, ң, ё, й түрлеріндегі қосымша белгілер олардың қалай айтылуы керектігін айқындап тұр.

ДИАЛЕКТ [грек. διάλεκτος (diálektos) – сөйленіс] – белгілі бір аймақ, облыс тұрғындарына қызмет ететін жалпыхалықтық я ұлттық тілдің тармағы. Әдеби тіл мен диалектінің өзара қарым-қатынасы өте күрделі. Әдеби тіл диалектіге әсер ете отырып, өзі де олардың есебінен байып отырады. Негізгі тілдік ерекшеліктері бірыңғай говорлардың жиынтығы.

ДИГРАФ [грек. δυο (duo) – екі және γράφο (gráfo) – жазамын] – екі таңбадан тұратын әріп, диаграмма. Диграф жазуда фонемалар мен олардың негізгі түрлерін белгілеу үшін қолданылады: поляк тілінде – cz (ч), sz (ш).

ДИФТОНГ [грек. δί- (dí-) – екі рет және φθόγγος (fthóngos) – дауысты дыбыс] – дауыстылардың айрықша қосарланып келетін элементтерден тұратын түрі, екі дауысты дыбыстың элементінен құралған дербес дыбыс.

ДЫБЫС АЗУЫ* – қазақ тілінің дыбыстық заңдылығына сәйкес қатар айтылмайтын дыбыстар қатар келгенде, бірінің дыбыстық сапасында ауытқушылық туындап, келесісіне үндес, өзгеріп айтылуы.

¹ Ахмет Байтұрсынұлының термині

ДЫБЫС-ӘРІПТІК ЖАЗУ – ДЫБЫСТЫҚ ЖАЗУ <орыс. звуко-буквенное письмо> – тіл дыбыстарын, фонемаларды әріппен таңбалайтын жазу жүйесі. Дыбыс-әріптік жазу – жазудың ең соңғы, дамып, жетілген түрі. Жазу жүйелерінің ішіндегі әріптік жазу – ең қолайлы жазу. Қай тілде болмасын буын саны мен сөз санынан дыбыс саны әлдеқайда аз. Дыбыс-әріптік жазу буын жазуынан кейін шықты. Дыбыстық жазудың екі түрі болған. Бірі – консонатты дыбыстық жазу. Ол б.з.д. 2000 жылдықтың екінші жартысында пайда болған. Оған ертедегі финикий жазуы, ежелгі еврей жазуы, арамей жазуы т.б. жатады. Ондағы таңбалар тек дауыссыз дыбыстарды белгілеп, негізінен семит тілдерінде қолданылған. Екінші – вокалды дыбыстық жазу б.з. 1000 жылдығының бас кезінде пайда болған. Дыбыстық жазу б.з.д. 1 мың жылдықтың алғашқы ғасырларында тарала бастаған.

ДЫБЫС ЖҮЙЕЛІ (негізі естілуіне қарай)¹ – сөздерді ауыздан шыққан күйінше айтылуы бойынша жазатын (емле түрі).

ДЫБЫС ҚОРЫ – бір фонеманың өздік, өзгелік, бөгде реңктерінің жиынтығы.

ДЫБЫСТАРДЫҢ КОМБИНАТОРЛЫҚ ӨЗГЕРУІ [лат. combinare – қосу, тіркестіру] – сөйлеу кезінде дыбыстардың бір-біріне әсер етуінен пайда болатын фонетикалық өзгерістер. Комбинаторлық өзгеруге аккомодация, ассимиляция, диссимиляция, эпентеза, диэреза, гаплогогия, метатеза т.б. құбылыстар жатады.

ДЫБЫСТАРДЫҢ ШЕПТІК ТҮРЛЕНУІ / ДЫБЫСТАРДЫҢ ПОЗИЦИЯЛЫҚ ТҮРЛЕНУІ <орыс. позиционные изменения звуков> – сөздегі дыбыстардың орнының немесе олардың екпінге қатысты шебінің (позициясының) өзгеруі. Мысалы, дыбыстардың шептік түрленуінде әлсіз позициядағы дауыстылардың редукциясы, апокопа, сөздің аяғындағы үнді дауыссыздардың бәсеңдеуі, протеза, эпитеза сияқты т.б. құбылыстар болады.

ДУБЛЕТ ӘРІПТЕР <орыс. дублетные буквы, буквенные дублеты, буквы-дублеты> [фран. doublet – қосарлаған] – бір ғана дыбысты таңбалауға қатарынан жұмсалатын әріптер.

ДЫБЫСТЫҚ ТҮРПАТ – тілді өзге тілдерден бөлектеп тұратын өзіндік дыбыстық жүйесі негізіндегі ерекше тұрпаты, жамылғысы. Әліпби әріптер арқылы белгілі бір тілдің мағыналық бірліктерінің дыбыстық тұрпатын белгілейді.

ДЫБЫСТЫҢ САПАСЫ – дыбыстың артикуляциялық-акустикалық сипатымен тығыз байланысты, яғни дыбыстың жасалу жолдары (орны, тәсілі, дауыс қатысы), дыбыстың нақты болмысы (қуыс жүйесі, ауыз қуысы, айтылым күші), естілу (түйсінім түрі, естілім қарқыны) сипатына қарай айырым белгілерінің жиынтығы.

ЕЗУЛІК ДАУЫСТЫЛАР <орыс. нелабиализованные гласные> – айтылуда еріннің кейін тартылып, езудің жиырылуы арқылы жасалатын дауысты дыбыстар: а, ә, е, э, ы, і, и.

ЕМЛЕ – сөзді бірізді жазудың тәсілдерін белгілейтін ереже. Қара. Орфография.

ЕМЛЕ ПРИНЦИПТЕРІ / ОРФОГРАФИЯ ПРИНЦИПТЕРІ – тілдің орфографиялық жүйесі негізінде жатқан заңдылықтар, графика беретін түрлі мүмкіндіктер ішінен сөзді жазу үшін таңдап алынуға тиісті жалпы негіздер; орфографияның әрбір принципі топтарын біріктіреді. Сөздердегі дыбыстарды әріппен берудің қазақ орфографиясы негізінен төрт принципке сүйенеді. Олар: фонематикалық прин-

¹ Ахмет Байтұрсынұлының термині

цип – белгілі бір фонеманың әртүрлі позицияға тәуелді түрленімдерінің әліпбидегі бір ғана әріппен белгіленуі. Мысалы, басшы (башшы емес), түнгі (түңгі емес), саудагер (сәудегер емес). Фонематикалық принцип көп жағдайда морфологиялық принципке сәйкес келеді; фонетикалық принципте сөз естілуі бойынша жазылып, фонеманың дыбыстық қоршауға тәуелді түрленімдері таңбаланады (мыс., Ботагөз, Амангелді, кыргүйек т.б.); тарихи-дәстүрлік принцип бойынша сөздің жазылуы тілдің қазіргі күйіне сәйкес келмейді де, сөз үйреншікті болып кеткен дағды бойынша жазылады. Әліпби жиі ауысып отырғандықтан, бұл принцип сирек қолданылады. Мысалы, тарих, хикая, қаһарман т.б.; айырым принципі бойынша дыбыстық құрылымы ұқсас сөздер шартты түрде емле арқылы ажыратылады: қан – хан, қауып – қауіп, өкімет – үкімет, т.б.

ЕМЛЕШІЛЕР – сөздерді бірізді жазудың тәсілдері мен ережелерін дайындайтын мамандар.

ЕРІН ҮНДЕСТІГІ – сөйлеуде алғашқы буындағы еріндік дауыстының әсерімен кейінгі буындардағы әлсіз (қысан) дауыстылардың еріндікке айналуы. Мысалы, бұрынғы – бұрұңғұ, өрік – өрүк, күрек – күрөк, көлеңке –көлөңкө және т.б.

ЕРІНДІК ДЫБЫС – артикуляциясы бойынша еріннің дөңгеленіп алға қарай сүйірленуі немесе бір-біріне жабыса тиюі арқылы жасалатын дыбыстар.

ЕСКІ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ТІЛІ – көне, орта түркі дәуірлерінен бастау алған, қазақ қоғамында жазба түрде қызмет еткен тіл.

ЖАДИД ЖАЗУЫ – дауысты дыбыстар харакат арқылы емес, арнайы таңбаменен берілетін араб жазуының бір түрі; қадимнің жеңілдетілген нұсқасы.

ЖАЗБА (письменность) – аралық қашықтықта тілді жеткізуге мүмкіндік беретін, айтылған уақытында сақтауға негіз болатын графикалық таңбалар жүйесінің көмегімен дыбыстық тіл құралдары арқылы жасалатын қарым-қатынас құралы. Жазбада тілдің фонетикалық элементтерін бейнелейтін абстрактілі символдар қолданылады. Мысалы, үнді-еуропа тілдерінде көне египеттік, көне ариялық пиктографиялық жазу формасына ұқсас қарапайым ұғым бейнелері қолданылуы мүмкін. Жазуды ерекше таңбалық жүйе ретінде грамматология, эпиграфия, палеография салалары зерттейді.

ЖАЗБА КОММУНИКАЦИЯ – жазбаша түрдегі сөйленімдерді тудыру, тасымалдап жеткізу, қабылдау үдерісі.

ЖАЗУ – белгілі бір тілдік ақпаратты, басқа да мағына элементтерін (қай кезде айтылған уақыт сипатына қарамастан) жеткізуге, қалыптастыруға арналған таңбалық жүйе. Жазу – адамзат тілінің қалыптасуының бір формасы.

ЖАЗУДЫҢ ҚЫЗМЕТІ – қоғамдық өмірде жасалған мәдени байлықты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, сақтау.

ЖАЗУДЫҢ ОЙЖАСАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ – адам ойының материалданып, жарыққа шығуының, дәлірек айтқанда, шығармашылық әрекетінің құралы ретіндегі жазудың қызметінің бір түрі. Жазудағы стандарттық құрылымдар, сөйлем мүшелерінің нормативті орын тәртібі т.б. сыртқа шыққан адам ойын өзгеше сипат береді. Оның үстіне жазылған мәтінді қайталап оқып, толықтыруға, қысқартуға нақтылауға, қайта құруға мүмкіндік бар. Ой үстіне ой жалғауға болады. Сөйтіп, жазу түптің түбінде адамның өз сөзінің бөгделенуі болып шығады. Жазудың ойжасамдық қызметі арқылы сөз екінші өмірге, дербес өмірге ие болады.

ЖАЗУДЫҢ ТІЛДІ НОРМАЛАУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ – кодификацияланған норманы қалыптастыратын, тіл бірліктерінің шығу тегін, уәжін, түбір тұрпатын бейнелейтін коммуникативтік қызметінің бір түрі.

ЖАЗУ-СЫЗУДЫ ДЕМОКРАТИЯЛАНДЫРУ – жазуды барынша халық тіліне жақындату. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында ағартушылар, белгілі түркітанушы ғалымдар жазу-сызуды реформалау қажеттігіне айрықша назар аударып, демократиялық бағытқа қарай бетбұрыс жасау мақсатында жазу-сызуды демократияландыруды алға тартты. Ол кезеңде жазу жүйесіндегі таңбалар ауызша тілдің дыбыстық жүйесіндегі бірліктерді бейнелеуге тиіс болды. Ал бұрынғы араб әліпбиіне негізделген түркі жазуының графикалық жүйесінде ауызша қолданыста жоқ архаикалық элементтер мен орфографиялық шарттылықтар, екіұшты оқуға болатын графемалар жиі кездесіп отырды. Ахмет Байтұрсынұлы «қазақтың жазу-сызуы халықтық тілдің графикалық манифестациясы болу керек» деген тұжырымды басшылыққа алып, жазу-сызуды азғана оқығандардың емес, қалың көпшіліктің білім, тәрбие құралына айналдыру, яғни жазу-сызуды демократияландыру қағидасын дәйекті ұстанды.

ЖАЛҒАУ – сөз тіркесіндегі сөздерді өзара байланыстыру үшін есімдер мен етістіктерге жалғанатын қосымша.

ЖАЛҒАУЛЫҚ – жеке тұрғанда толық мағынасы жоқ, сөздерді, сөйлемдерді өзара байланыстыратын шылау сөз. Сөйлем мен сөйлемді, сөйлемдегі сөз бен сөзді өзара байланыстыру үшін жұмсалатын шылауларды жалғаулықтар дейміз.

ЖАЛҚЫЛАҒЫШ ҚОС СӨЗ¹ – нәрселерді айыра атайтын қос сөз түрі.

ЖАЛПЫЛАҒЫШ ҚОС СӨЗ – нәрсенің көбін қамти атайтын қос сөздің түрі. Қос сөз екі түрлі болады, біреуі – жалпылағыш қос сөз, екіншілері нәрселерді айыра атайды. Алдыңғысы – жалпылағыш қос сөз деп, соңғысы жалқылағыш қос сөз деп айтылады. Жалпылағыш қос сөздер: аяқ-табақ, төсек-орын, ер-тұрман, киім-кешек, жүн-жұрқа, бақа-шаян, құрт-құмырсқа, бұта-бұтанақ, жер-су, түйе-мүйе, бұзау-мұзау, қой-қозы т.б.

ЖАЛПЫХАЛЫҚТЫҚ ТІЛ – бір немесе бірнеше негізгі ауызекі тілді (сөйленісті) арқау ете отырып, этносқа немесе этнос тобына ортақ тіл. Жалпыхалықтық тілді біртектес тілдік ұжымның игілігі деуге болады. Сондай-ақ жалпыхалықтық тіл туыстас тілдер тобына немесе құрылымы әртүрлі тілдердің басын біріктіретін ортақ тіл болып табылады.

ЖАҢА ПШПН МЕНЗЕУ ²<орыс. морфологическая аналогия> – морфологиялық карама-қарсылықтарды кезекті өзгеріске жеткізетін бірігу (Мысалы, орыс тілінде – несунес = трясунетрас; кольцо-кольца). Екі немесе одан да көп сөздер мен формалардан тұрпаты бірдей жаңа бір сөз немесе форма пайда болады.

ЖАРТЫЛАЙ КОНСОНАНТТЫ ЖАЗУ – дауысты дыбыстар жолүсті, жоласты белгілері бойынша берілетін, негізінен дауыссыз және жартылай дауыстыларды таңбалайтын жазу түрі.

ЖАРЫСПАЛЫ ВАРИАНТ – сөйлемде ешбір реңктік, стильдік бояумен ерекшеленбейтін, әр алуан себептерден дыбыстық немесе тұлғалық ауытқуға ұшырап,

¹ Ахмет Байтұрсынұлының термині

² Телжан Шонанұлының термині

әрқалай жазылып, әрқалай айтылып жүрген дыбысталуы бөлек, бірақ қолданылуында мағыналық дербестігі жоқ, бірнеше вариантта айтылатын сөз.

ЖЕР-СУ АТТАРЫ. Қара. Топонимика.

ЖІҢШКЕ ЕЗУЛІК ДАУЫСТЫ – тілдің жоғары қалпымен ерін қатысуынсыз езу емеурін арқылы жасалатын сөз құраушы дауысты дыбыс.

ЖҰРНАҚ [лат. *suffixus* – жалғанған]; <орыс. суффикс> – түбірге (негізге) қосылып, жаңа сөз және грамматикалық тұлға жасайтын көмекші морфема. Қазақ тіліндегі жұрнақтардың басым көпшілігі сөзжасам жұрнақтары. Мысалы: күзет-ші, көпшілік, ауыз-дық, сүз-гі, сезім-тал, ұш-қыр, қол-да, көңіл-ден, жол-ық, ауыз-ша т.б. Бұлардан басқа сөз түрлендіруші жұрнақтар бар. Оларға сөз таптарындағы әртүрлі грамматикалық тұлғалар жасайтын жұрнақтар жатады. Мысалы: ек-еу, бір-інші, он-дап – сан есім жұрнақтары; жылдам-ырақ, нашар-лау – шырай жұрнақтары; бар-са, ал-ғай, жүр-ейін – рай жұрнақтары; оқ-ып, кел-е, көр-гелі – көсемше жұрнақтары т.б.

ЖІҢШКЕ ЕРІНДІК ДАУЫСТЫ – тілдің жоғары қалпымен, ерін қатысуымен жасалатын сөз құраушы дауысты дыбыстар.

ИДЕОГРАФИЯЛЫҚ ЖАЗУ [идеография – грек. *ιδέα* (*idéa*) – идея және *γράφειν* (*gráfein*) – жазу] <орыс. идеографическое письмо> – сөзді, оның ұғымын тікелей білдірмейтін, бірақ белгілі бір хабар, жайт туралы еске салатын не ақпар беретін таңбалардан (суреттерден) тұратын жазу. Идеографиялық жазу – жазудың графикалық таңбалық жазуға дейінгі түрі. Бұл ғылымда мнемоникалық таңба жүйесі (мнемоника – грек. *μνημονικόν* (*mnimonikón*) – есте сақтау өнері) деп аталады. Мысалы: *садақ*, *соғыс* дегенді білдірген, төрт амалды білдіретін есептік (+, –, /, x) таңбалар да идеографиялық жазуға жатады. Идеографиялық жазу әсіресе б.з.д. VIII ғ. бастап Таяу Шығыста, Египет, Шумер жерінде, б.з.д. IV-III ғғ. ацектерде (майя жазуы) дамып қалыптасқан.

ИЕРАТИКАЛЫҚ ЖАЗУ [иератика – лат. *hieratikos* – қасиетті, абыздық] <орыс. иератическое письмо> – идеографиялық жазумен салыстырғанда жеңілдетілген көне египет жазуының (шапшаң жазудың) бір түрі.

ИЕРОГЛИФ ЖАЗУ [иероглиф – лат. *hieros* – қасиетті және *glyphe* – кесіп ойылған] – ерекше таңбаларды (иероглифтерді) пайдалану арқылы сөз мағынасын ғана емес, фонетикалық мағынаны да бере алатын идеографиялық жазудың өте ертедегі буындық-сөз жүйесінің түрі. Мысалы, Мысыр, Қытай, Жапон халықтарының белгілі ұғымды, буынды, дыбысты білдіретін өрнекті жазуы. Иероглиф жазудың негізгі принциптері: а) сурет түріндегі иероглиф белгілі сөздің мағынасын бере алады. Мысалы, адамның қолын ауызға апарған таңба «жеу» мағынасын берген; ә) иероглиф қандай да бір сөзді немесе бүтіндей ұғымды түсіндіре алады. Мысалы, күн таңбасы «тәулік» мағынасын берген; б) иероглиф жеке дауыссызды немесе дауыссыздар тіркесін білдіреді.

ИНВАРИАНТ / НЕГІЗГІ РЕҢК [фран. *invariant* – өзгермейтін] – бір мәнділіктің, нақты көріністердің барлық негізгі белгілерінің жиынтығынан тұратын тілдік бірлік (фонема, морфема, лексема және т. б.).

ИНВАРИАНТ ДЫБЫС/ ӨЗДІК РЕҢК – фонема, яғни дыбыс арқылы айтылатын, әріп арқылы жазылатын, тілдің парадигмалық жүйесіндегі дыбыстың негізгі реңкі.

ИНВАРИАНТ ФОНЕМАНЫҢ ВАРИАЦИЯСЫ – Мәскеу фонологиялық мектебі бойынша сигнификативті тұрғыдан әлді, ал перцептивті тұрғыдан әлсіз позициядағы фонемалық қарама-қарсылықты бейтараптандырмайтын позицияға тәуелді реализациясы (көрінісі). Мысалы, атсыз – [атцыз], мұндағы [ц] – <с> фонемасының <т> фонемасынан кейінгі позициядағы вариациясы.

ИНЛАУТ [нем. in – қасында, жанында және laut – дыбыс] – 1. Сөздің немесе буынның ортасындағы шебі (позициясы); 2. Сөздің немесе буынның басындағы дыбыстардың жүйелілігі, дыбыс.

ИРРЕДЕНТА [итал. irredento – азаттығы жоқ] – соғыс, даулы шегара сызықтары немесе отарлау саясаты нәтижесінде қайта бірікпей, өз елінің шегінен тыс, тарихи ұлттың шегаралас өлкелерінде қалып қойған этникалық топтар.

КИРИЛ ЖАЗУЫ – грек жазуы негізінде жасалған, славян ағартушысы Кирилдің атымен аталған жазу. 1940 жылы Кеңес Одағы халықтары біртекті әліпбиді қолдануы қажет деген саясатпен КСРО құрамындағы халықтардың жазуы жаппай кирил жазуына көшірілді. Орыс тілінде жоқ қазақ тілі дыбыстарының таңбалары кирил таңбаларына ұқсастырылып (қ-к, ғ-г, о-ө, ң-н), қазіргі қазақ әліпбиі қабылданды.

КОГНИТИВТІК САНА – тілдік тұлғаның, тілдік ұжымның өмір тәжірибесінде жинақталған білімдер жүйесі.

КОНСОНАНТ [лат. consonantia – дауыссыз дыбыстау] – 1. Дауыссыз дыбыс; 2. Буын құрай алмайтын дыбыс.

КОНСОНАНТТЫ ДЫБЫСТЫҚ ЖАЗУ – дауыссыз дыбыстарды ғана белгілейтін таңбалар жүйесі. Жазудың бұл жүйесі дауыстыларға қарағанда дауыссыздардың қызметі мен мәні басым тілдерде пайда болып қалыптасқан. Мысалы, семит тілдерінде (ішінара хамит тілдерінде) сөздің түбірі дауыссыз дыбыстардың тіркесінен құралады да, оларға дауыстылар қабаттасқанда, ол дауыстылар түрлене отырып, туынды сөздің әртүрлі грамматика формаларын білдіреді. Консонантты жазу б.з.д. II мыңжылдықта қалыптасты.

КОНЦЕПТ [лат. conceptus – ұғым] – индивид санасында сәуленген сезімдік-заттық образдың (перцептивті модус) негізінде пайда болатын ұғым мазмұны, атаудың (таңбаның) мағыналық мәні, таңбасы. Таңбадағы оның нысандық мағынасынан өзгеше болады.

КОРРЕЛЯТ – өзара байланысқан, өзара қатынастағы тілдік бірліктер қатарының немесе жұбының бір мүшесі.

КОРРЕЛЯТИВ ЖҰП – бір немесе одан да көп айырым белгілері бойынша қарама-қарсы қойылу негізінде қалыптасқан қатынастық жұп. Мысалы, а-ә – корреляциясында жуан-жіңішкелік айырым белгі, басқа ашық, езулік белгілер ортақтық болады.

КОРРЕЛЯЦИЯ – екі немесе одан да көп тілдік бірліктердің сәйкестік, тәуелділік қатынасы. Фонологиялық корреляция: барлық белгілері бойынша сәйкес келетін, бірақ бір белгісі бойынша қарама-қарсы болатын жұп фонемалардың қатары. Ұяң-қатаң белгілері бойынша дауыссыз корреляциясы: [б-п], [д-т]. Жуан-жіңішке белгілері бойынша дауысты корреляциясы: [о-ө].

КӨЗШАЛЫМ¹ – адамның айналадағы құбылысты көру арқылы қабылдауы.

¹ Ахмет Байтұрсынұлының термині

КӨЛБЕУ ҚАРПІ <орыс. курсив> [лат. *cursiva littera* «жылдам жазу» арқылы нем. *kursiv*] – шамамен 15°-қа қиғаш, қолмен жазылған жазуға аздап ұқсайтын типография қарпі. Көлбеу қарпі типографиялық жазуда ерекше тұрпат беру үшін қолданылады.

КӨПӘРІПТІ ТАҢБАЛАР – бір мағынада жұмсалатын күрделі таңбалар. Көпәріпті таңбалар сөзде немесе сөйлемде жиі кездеспейді.

КӨПМӘНДІ ӘРІПТЕР – бірнеше дыбыстық мағынаны білдіретін әріптер.

КУМУЛЯТИВТІК ҚЫЗМЕТ – өмір шындығы туралы жинақталған ақпараттың тілдік бірліктерде бейнеленуі, тіркелуі, сақталуы.

КҮШЕЙТКІШ БУЫН – заттың белгі-сапасын, сынын асыра көрсетіп тұратын үстеме буын, мысалы, қып-қызыл, үп-үлкен.

КІРМЕ СӨЗДЕР – тіларалық қарым-қатынас (байланыс) нәтижесінде бір тілден екінші тілге ауысқан бөгде тілдік элементтер (сөздер, сөз тіркестері, жұрнақтар т.б.).

КІТАБИ ТІЛ – негізінен жазбаша түрде қызмет ететін, қалыптасқан өзіндік нормасы бар, сөйлеу тіліне қарама-қарсы қойылатын тіл.

КӘДИМ ЖАЗУЫ – дауысты дыбыстар таңба арқылы емес, диакритикалық белгілермен, яғни белгілі бір арақаттар арқылы берілетін араб жазуының бір түрі. Араб жазуындағы арақаттар үшеу – фатха, дамма, кесра. Фатха (^ˆ) қазақ тіліндегі «а», «ә»; дамма ([˘]) қазақ тіліндегі «ұ», «ү», «о», «ө»; кесра ([˙]) қазақ тіліндегі «ы», «і», «е» дыбыстарының мәнінде жұмсалады.

ҚАЙТАЛАМА ҚОС СӨЗ – бір сөздің өзгеріссіз қайталануынан немесе бір сыңарының не бір буынының, не бір дыбысының өзгеріп қайталануынан жасалатын қос сөз. Мысалы, сөйлей-сөйлей, төбе-төбе, қолма-қол, жекпе-жек, т.б.

ҚАТАҢ НОРМА – тілдің заңдастырылған нормаларымен бекітілген, тілдегі әртүрлі нұсқада айтылатын сөздерді бірізділікке, бір арнаға түсіретін міндетті тілдік норма.

ҚОС СӨЗ – екі сөздің қосарлануынан немесе бір сөздің тұлғалық өзгеріске ұшырау арқылы екі рет қайталануынан жасалып, біртұтас сөз ретінде қалыптасқан күрделі сөздің бір түрі.

ҚОСАЛҚЫ СӨЗ¹ – өз алдына мағынасы кем, басқа сөздің маңайында тұрғанда ғана мағына шығатын сөз. Мәселен, да, ғой, ғана (мал да, жан да, солай ғой, осы ғана).

ҚОСАМЖАР ОРФОГРАФИЯ² – шет тілінен енген сөздердің төл тілдің орфографиялық заңдылығына бағынбай, өз тіліндегі бойынша жазылуы салдарынан қалыптасқан жартылай өзге, жартылай өз тілінің ережесіне бағынатын орфография.

ҚОСАР СӨЗ³ – бұл қос сөздерден басқа сөздердің қосарынан біріне-бірі жедел айтылатындарына қойылған ат. Бұған қатар-қатар, жалт-жұлт, шым-шытырық, бірден-бірден, алысып-жұлысып т.б сөздер жатады.

ҚОСАРЛЫҚ БЕЛГІ [лат. *division* – бөлу] – кіші сызықша емле белгісі. Қазақ тіл біліміне ең алғаш рет қосарлық* терминін енгізген Ахмет Байтұрсынұлы болды. Ғалымның пікірінше, қосарлық – «екі сөзді қосу керек болған орында, бір сөздің екі бөлімін қосу керек болған орында немесе біріне-бірі жедел екі сөз қосарынан айтылатын орында, не болмаса, бір сөздің өзі қайта-қайта жедел айтылатын орында қойылатын белгі». Оның қойылатын орындары: а) лексикалық мағынасын сақтаған

¹ Ахмет Байтұрсынұлының термині

² Нұргелді Уәлидің термині

³ Ахмет Байтұрсынұлының термині

сөздерден жасалған күрделі сөздер арасында: *инженер-технолог, батыр-ұшқыш*; ә) қос сөздер арасына: *ел-жұрт, алай-дүлей*; б) сөзді тасымалдағанда; в) реттік сан есімдерді қолданған жағдайда: 3-жыл, 5-рет; г) *-ақ, -ау, -мыс, -ды* демеуліктері тіркескен жағдайда: *айтады-мыс, келмеді-ау*; д) қосымшаларды ерекшелеп көрсетуде: *-ған, -ген, -мын, -мін*; е) екі сөзден тұратын фамилияларда, адам аттарында: *Тұрсын-заде* т.б.

ҚОСЫМША РЕҢК – тіл бірліктер түрленіміндегі негізгі емес, үстеме мағыналық өзгешелік.

ҚОСЫНДЫ СӨЗ¹ – екі немесе одан да көп сөздер бірігіп, бір атау ретінде қалыптасқан біріккен сөздер. Бұл сөз бұрынғы жалқылағыш қос сөз деген аттың орнына алынып тұр. Мысалы: *белбеу, қарағұс, жүкаяқ* т.б.

ҚУАТСЫЙЫМДЫЛЫҚ² – әліпби тиімділігі критерийінің бірі ретінде саналатын тіл иелменінің мәтінді жазуда әріпке қатысты жұмсайтын қуатының (энергиясының) жиынтық мөлшері. Әдетте қуатсыйымдылық сол әріпке қатысты мәтінде жіберілген қате санына кері пропорционал болады, яғни сол әріп бойынша жазарман мәтінде неғұрлым аз қате жіберсе немесе мүлде жібермесе, соғұрлым ол әріптің қуатсыйымдылығы жоғары немесе абсолютті мәнінен көрінеді.

ҚЫМҚЫРУЛЫ ДАУЫСТЫ³ / **ЕРІНДІК ДАУЫСТЫ** – ерін қатысы арқылы жасалатын дауысты дыбыс. А.Байтұрсынұлы дауысты дыбыстардың жіктеліміне «аңғалдар» мен «қымқырулылар» белгісін енгізіп, екіге топтайды. Бұл жіктелім белгі езулік пен еріндік деп те аталады. Қымқырулылар – еріндік дауыстылар. Қымқырулылар сөз шебінде тек бірінші буында кездеседі; қымқырулы дауыстыларды айтқанда, ерін дөңгеленіп қатысады.

ҚЫТАЙ ИЕРОГЛИФИ – 1. Сурет жазу жүйесі, әріптері, таңбалары; 2. Идеограмма жазуына негізделген мысыр, қытай, жапон халықтарының белгілі ұғымды, буынды, дыбысты білдіретін, өрнекті жазуы; 3. ауыс. Мағынасы түсініксіз жазу.

ЛАТЫН ГРАФИКАСЫ – латын әрпін, графикасын пайдаланатын жазу жүйесі.

ЛАТЫНДАНДЫРУ – белгілі бір тілдің әліпбиін латын қаріптері негізіндегі әліпбиге көшіру үдерісі.

ЛАТЫНДАНУ – жаһандық үдерістердің әсерімен әлемдік тілдің – ағылшын тілінің графикалық жүйесінің жаппай танымалдық алып, қолданыс кеңістігінің кеңейіп күшеюі, латын қаріптерінің жаһанияттық құндылық символына айналу үдерісі.

ЛИНГВАЛДЫ МОНОСИНГАРМОНИЯ – езулік дыбыстардың өзара үндестігі.

ЛОГОГРАММА [грек. *λογος* (logos) – сөз және *γράμμα* (grámma) – жазу таңбасы, әріп] – сөз-буын жазуларында тұтас сөзді не оның негізін білдіретін шартты таңба. Көбінесе идеограмма термині орнына қолданылады.

МАКРОН [грек. *μακρόν* (makrón) – ұзын, созылыңқы] – дауыстылардың созылыңқы жұптарын көрсету үшін қолданылатын әріпүсті диакритикалық таңба. Мысалы, *Āā, Ćć, Ēē*.

МӨТІН [лат. *textum* – қосылу, бірігу] – тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланысы негізінде түзілген жүйелі тізбесі түріндегі сөйлемнен үлкен лингвистикалық бірлік.

¹ Ахмет Байтұрсынұлының термині

² Анар Фазылжанованың термині

³ Ахмет Байтұрсынұлының термині

МОДИФИКАЦИЯ // ТІЛДІК МОДИФИКАЦИЯ [лат. *modus* – өлшем, түр және *facio* – жасау; *modificatio* – шарт қою] – Тілдің лексикалық, сөзжасамдық, синтаксистік, стилистикалық сияқты әртүрлі деңгейлерінде көрінетін тілдің варианттылығы. Әлеуметтік тіл білімінде әлеуметтік түрткі жайттардың ықпалынан тілге жаңалық енгізу.

МОНОКОНФЕССИЯ [грек. *μόνος* (*monos*) – бір және лат. *confessio* – ғибадат] – белгілі бір діннің ішіндегі тұтас, дербес бағыт.

МОРФЕМА [грек. *μορφή* (*morfē*) – пішін] – тілдің негізгі морфологиялық бірлігі және ең кіші мағыналық, құрылымдық бөлшегі. Ұғымды 1881 жылы алғаш И.А. Бодуэн де Куртене енгізген. Морфема негізгі және қосымша болып екіге бөлінеді. Негізгі морфемаға дербес лексикалық мағынасы бар, сөздерге ұйтқы болатын түбірлер (*ақ, ек, ұқ, ас, ұр, ұр, ер*, т.б.) жатады. Қосымша морфемаға жеке лексикалық мағынасы болмайтын, тек грамматикалық мағынаға ие қосымшалар мен қосалқы морфемалар (*-ның, -нің, -ға, -ге, -ын, -ін, -ар, -ер*, т.б.) жатады.

МОРФЕМОГРАММА – сөзді морфемалармен жазу белгісі, морфеманы таңбалау жазу бірлігі.

МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ПРИНЦИП – сөздің морфологиялық құрамын ескеріп, морфемаларды (сөз және қосымша) құрамында болатын дыбыс алмасуларын елемей, бастапқы түрін сақтап жазу. Мысалы: *жан, жамбады, жаңғанда* түрде айтылатын сөз формаларға ортақ түбір – *жан*, сондықтан *жан, жанбады, жанғанда* деп жазылады. Ал *жаз, жазса, жазшы*, айтуда *жаз, жасса, жашишы*, алайда түбір (*жаз*) сақталып қалады.

МҰРЫН ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР – айтылу кезінде ауа мұрын қуысымен шығу арқылы жасалатын, тек үннен тұратын дыбыс.

ОЙКОНИМ [грек. *οἶκος* (*oikos*) – баспана, үй және *ὄνομα* (*onoma*) – есім, ат] – қала, ауыл, аймақ, қорған, жұрт секілді елді мекен.

ОККАЗИОНАЛ СӨЗДЕР [лат. *occasionalis* – кездейсоқ] – мағыналары көпшіліктің қолдануына сәйкеспейтін, әдетте мәнмәтінде ғана кездесетін, тілде орнықтамаған авторы бар сөздер.

ОНИМДЕРДІҢ КОНВЕРСИЯЛАНУЫ – өзге елдің ономастикалық атауларын транскрипция, транслитерация, аударма жолдары арқылы орфографиялау.

ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАР [ономастика – грек. *ὀνομαστική* (*onomastiki*) – ат қою өнері] – жер-су, ру-тайпа, ел-жұрт, халық, ұлт аттары, кісі есімдері мен фамилиялары, жан-жануар аттары, астрономиялық атауларға жататын жалқы есімдер.

ОРОНИМ [грек. *ὄρος* (*oros*) – тау және *ὄνομα* (*onoma*) – есім, ат] – жер бетіне көтеріліп, көрініп тұрған тау, төбе, шағыл т.б. және жер қуыстарына – жер бетінен төмен орналасқан объектілеріне – сай, үңгір, апан т.б. жер бедеріне қатысты атаулар.

ОРФОГРАММА [грек. *ὀρθός* (*orthos*) – дұрыс және *γράμμα* (*gramma*) – жазу таңбасы, әріп] – мүмкін болатын бірнеше нұсқа ішіндегі орфография ережелеріне сүйене отырып, дұрыс жазу. Орфографияның негізгі бірліктерінің бірі. Бір сөзде бірнеше орфограмма болуы мүмкін. Сөздегі орфограмма саны ол сөздің жазылуына қатысты ереже санымен анықталады, мысалы: *майсоқ* сөзінде екі орфограмма бар: бірі – сөздерді бірге, бөлек тұлғалау, екіншісі <a> фонемасының әлсіз позициядағы [ә] вариантын жазуда ескермеу ережесіне негізделеді.

ОРФОГРАФИЯ [грек. ὀρθός (orthós) – дұрыс және γράφειν (gráfein) – жазу] – жазба тілде қолданылатын біркелкі жазу ережелерінің тарихи қалыптасқан жүйесі, емле ережелері. Жазуда сөздің берілуі мен грамматикалық формаларының тұтастығы. Осы тұтастықты қамтитын ережелер жиынтығы және осы мәселені зерттейтін тіл білімінің бір саласы.

ОРФОГРАФИЯЛАУ – жазба тілде қолданылатын біркелкі жазу ережелерінің жүйесін емле ережелеріне сай біріздендіру.

ОРФОЭПИЯ – тілдің айтылым нұсқасын және оның тілдік дәстүрге сай дұрыс айтылымын іріктеп көрсететін фонетика саласы. Тілдегі айтылым нормасының жүйесі.

ОРХОН ӘЛПБИІ – V ғ. б.з.б. – X ғ. Орхон және Енисей өзендерінің бойынан табылған көне түркі тайпаларының жазуы.

ПАЛЕОГРАФИЯ [грек. παλαιός (palaiós) – ескі әрі маңызды және γράφειν (gráfein) – жазу] – ертедегі қолжазбалардың және әріптердің жазылу тәсілін, жазу материалын тексеретін көмекші тарихи ілім.

ПАРАДИГМА [грек. παραδείγμα (paradeigma) – мысал, үлгі] – 1. Тілде формалды немесе семантикалық ортақ принципі бойынша бір-біріне қарама-қарсы қойылған белгілі деңгейдегі лингвистикалық бірліктердің (топтардың) жиынтығы; 2. Жекелеген семантикалық белгілері және қарама-қарсы грамматикалық мағыналары бірігіп, бір лексеманы білдіретін сөз формаларының жүйесі.

ПАРАСАТТЫ ЖАЗУ – әліпбиінде тілдің фонологиялық жүйесіндегі сөз мағынасын жасайтын барлық фонемаларына әріп арналған, графикасы бір дыбысқа бір таңба қағидатынан ауытқымайтын, емлесі жазба тілдің мазмұнындағы өзгерістерді қалыптандырған, жазу үнемділігін көздейтін, ұлттың жазба мәдениетіне қызмет етіп келе жатқан жазу.

ПАРЕМИОЛОГИЗМ [көне грек. παροιμία (paroimía) – мақал, әпсана және λόγος (logos) – сөз, ілім] – белгілі бір халықтың өмір тәжірибесінен, рухани мәдениетінен, тарихынан, салт-санасынан қысқаша ақпарат беретін бейнелі сөйлемше, мақал-мәтел.

ПЕРЦЕПИЯ [лат. perceptio – елестету, қабылдау] адамның танымдық (когнитивтік) аясының ішкі және сыртқы зат (объект), жағдаят, оқиға, құбылыс, т.б. белсенді түрде тікелей қабылдау үдерісі.

ПИКТОГРАФИЯЛЫҚ ЖАЗУ [пиктография – лат. pictus – сурет салынған және грек. γράφειν (gráfein) – жазу] – затты, іс-әрекетті я пікірді шартты таңбалар арқылы білдіруге бейімделген ертедегі сурет жазу. Пиктографиялық жазу сөзді білдірмейді, тек ойды бейнелеу түрде суреттейді.

ПОЛИГРАФ – жазуда фонема мен оның негізгі варианттарын бейнелеуге арналған екі, үш не одан да көп әріптен тұратын құрамды жазу таңбалары. Неміс тілінде tsch, sch т.б. полиграфтар қолданылады.

ПРОСОДИКАЛЫҚ БІРЛІКТЕР [просодика – грек. προσοδία (prosodía) – екпін] – сөз ағымының тізбекті бірліктерінің (буын, сөз тіркесі, синтагма, фраза, мәтін) үстінен түсетін барлық бөліктерінде көрінетін, интонация арқылы ажыратылатын жалпы категориялық (тиянақты/тиянақсыз, хабарлау/сұрау, т.б.) мағыналарды айқындауға қатысатын суперсегментті фонетикалық бірліктер (сөйлеу әуені, екпін, тембр (әуез), ырғақ, т.б.).

ПРОТЕЗА [франц. prothese – қосылу] – сөйлеу тілінде кейбір сөздердің алдынан дыбыс (көбінесе қысаң ы, і дауыстылары) қосылып айтылуы. Мысалы, *ылақ (лақ), ірет (рет), ылайық (лайық), ыстақан (стакан), ыштап (штаб)*.

ПУНКТУАЦИЯ [лат. punctum – орта ғас. лат. punctuotio – нүкте]. Қара. Тыныс белгілері.

РЕЛЕВАНТТЫ [ағылш. relevant – маңызды] – тіл бірліктерін (единицаларын) дарап жіктеу, ажырату функциясына ие болу қасиеті.

РЕҢК [парс. گنر – түс, түрдің ерекшелігі] – тіл бірліктер түрленіміндегі аздаған ерекшелік, сәл ғана өзгешелік.

РЕЦИПИЕНТ [лат. recipiens (recipientis) – қабылдаушы] – ақпаратты қабылдаушы адам, тыңдаушы, оқушы, адресат.

СЕДИЛЬ [Z әрпінің ескі испан. seda атауынан – sedilla] – кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы өзгерістерді көрсету үшін жазуда қолданылатын ілгек тәріздес әріпасты диакритикалық белгі.

СЕМА [грек. σῆμα (síma) – белгі] – лексикалық мағынаның (семаманың) ең кіші, әрі қарай жіктелмейтін құрамдас бөлігі.

СЕМИОГРАФИЯ [грек. σημείο (símeío) – белгі, γράφειν (gráfein) – жазу] – 1. Белгілер туралы ілім. 2. Музыканың жазуда белгіленуі, нота жазуы. Семиография – музыкадағы таңбалар туралы ғылым. Семиографияның құрамына нота, үзіліс, лига, нүктелер, ұзындық жүйесін баяндау, музыкалды орфография және т.б. кіреді.

СИЛЛАБЕМА [грек. συλλαβή (syllaví) – буын] – фонологиялық, яғни мағына ажыратушы бірлік ретінде қаралатын буын, силлибикалық жазудың таңбасы.

СИЛЛАБИКАЛЫҚ ЖАЗУ – таңбаларды жеке буындарды білдіретін фонетикалық жазудың түрі.

СИЛЛАБОГРАММА [грек. συλλαβή (syllaví) – буын және γράμμα (grámma) – жазу таңбасы, әріп] – жазуда толық буынды білдіретін графема.

СИНГАРМОНИЗМ ЗАҢЫ [лат. syn – бірге және harmonia – үндесу]. Қара. Үндестік заңы.

СИНГАРМОТЕМБР¹ – сөз құрамындағы дыбыстардың (буындардың) бірыңғай, яғни жуан езулік, жуан еріндік, жіңішке езулік, жіңішке еріндік артикуляцияның бірімен айтылуы.

СИНТАГМАЛЫҚ ҚАТЫНАС [синтагма – лат. syn – бірге, tagma – тәртіп] – сөйлеу барысында немесе жоғары деңгейдегі бірліктер құрамында бір-бірімен тізбектеліп біріккен тілдік бірліктер арасындағы қатынас.

СОЗЫЛЫҢҚЫ ДАУЫСТЫ ДЫБЫС – дауыс ұзақтылығы просодикалық белгісі жағынан қысқа дауыстыларға қарама-қарсы қойылатын тілдің фонетикалық бірлігі.

СОНОР [лат. sonus – дыбыс] – дауыс шымылдығының қатысуымен жасалатын, салдырға қарағанда үн басым дауыссыздар. Қазақ тілінде сонорлар үнді дауыссыздар деп аталады. Олар: *р, л, м, н, ң*.

СӨЗ-БУЫН ЖАЗУЫ – белгілі бір ақпаратты жеткізу үшін семантикалық және фонетикалық принциптердің ұштастырылатын аралас жазу жүйесі. Бұл жазудың негізгі таңбалары идеограмма, детерминатив, силлабограмма және гетерограммалар болып табылады. Сөз-буын жазуы – уақыт өте келе буын жазуына ауысқан сурет жазуының соңғы кезеңі. Ежелде египет, акад, тіпті майя жазуларының негізі осы сөз-буын жазуынан құралған. Қазіргі заманда ол қытай жазуында сақталған.

¹ Махамбет Жүсіповтің термині

СӨЗДІҢ СТИЛИСТИКАЛЫҚ БОЯУЫ – сөздің негізгі, заттық-логикалық мағынасына үстелетін, айтылар пікірге салтанаттылық, тұрпайылық, өрескелдік және т.б. сипаттар қоса отырып, эмоционалды-экспрессивті немесе бағалауыштық қосымша реңк беретін нақышы.

СӨЗЖАЗУ ЖҮЙЕСІ – белгілі бір таңбалардан құралған жазулардың жүйесі. Бұл таңбалардың әрбірі не сөзді, не дыбыстардың жүйелілігін, не болмаса сөздің жеке дыбысын білдіреді. Жазудың түрлерін топтастыру үшін (кескінді-сурет, шартты геометриялық және т.б.) таңбалардың пішіні емес, сөз бірліктерін таңбалармен беру сипаты маңызды. Жазудың негізгі төрт түрі бар. Олар: идеографиялық, сөз-буын (логографиялық-силлабикалық), силлабикалық және әріп-дыбыс (әліпбилік) жазулары. Нағыз сөзжазу жүйесіндегі бұл жазулар, әдетте дәл бастапқы күйіндегідей болмайды.

СӨЗЖАСАМ <орыс. словообразование> – тіл білімінің жаңа мағыналы туынды сөздердің қалыптасуы мен мағыналық дамуын, жасалу тәсілдерін зерттейтін саласы. Зат не құбылыс туралы ұғым тілде таңбаланып, сөзжасамдық үдеріс негізінде атау ретінде танылады. Сөзжасамның зерттеу нысанына атаудың жасалуы, қалыптасуы, ұғымда қалыптасқан бейненің тілдік таңбасы, туынды сөздің жасалу сипаты, әдіс-тәсілдері, жаңа мағынаның ішкі құрылымы, т.б. жатады.

СӨЗЖАСАМ ТӘСІЛДЕРІ тілдегі лексикалық бірліктердің жасалу амалдары. Мыналар: 1) семантикалық-фонетикалық – кей дыбыстардың сәйкесуі нәтижесінде жаңа сөз жасау мүмкіндігі; 2) семантикалық-сөзжасамдық – сөз тұлғасы өзгермей-ақ, жаңа мағыналы туынды сөздің жасалуы; 3) семантика-синтетикалық – сөзжасамдық негізге сөз тудырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы екіншілік мағынаның туындауы; 4) семантикалық-аналитикалық – негіздердің бірігуі, тіркесуі, қосарлануы арқылы ерекше мағыналы атау жасау қабілеті.

СТЕРЕОТИП [грек. στερεός (stereos) – қатты, көлемді және τύπος (typos) – таңба] – психологияда болып жатқан оқиға, әрекет, іс-қимылға қатысты әбден қалыптасып қалған қатынас, көзқарас.

ТАБИҒИ БІЛІМ ЖҮЙЕСІ – тілдік ұжымның санасында ақиқат дүниеден қабылданған әртүрлі ақпараттар жинақтала, қорытыла келе жинақталған білімге айналады. Осы білімнің бір алуаны тілдік ұжым мүшелерінің әрқилы ақпараттарды салыстыру, ойлау нәтижесінде пайда болған табиғи білім жүйесі болып табылады.

ТАҢБА (Тілдік таңба) <орыс. знак языковой> – тіл бірліктерінің затты, оның қасиетін, болмысқа қатыстылығын білдіретін материалдық-идеялық (екі жақты) құрылымы. Тілдік таңбалардың жиынтығы ерекше таңбалар жүйесі – тілді жасайды. Тілдік таңба мазмұн мен дыбысталудың, яғни таңбаланушы мазмұн мен таңбалаушы дыбыстардың бірлігінен тұрады. Тілдік таңбаның осы екі жағы сананың жанама түрде қатысуымен тұрақты тіл бірлігін жасайды. Тілдік таңбаның екі жағы бір-бірімен шарттас келіп, тілдегі ассиметриялық жалпы заңдылыққа бағынады. Тілдік таңбаның неғұрлым жиі кездесетін түрі – сөз, себебі алдыңғы ұрпақтар тәжірибесінде жинақталып қалыптасқан заттың танымдық бейнесі тек сөзде сақталады.

ТАҢБА ЖҮЙЕСІ (негізгі ынтымақ)¹ – «арғынға «дөңгелек» таңба алайық, қыпшаққа «жіп» таңба алайық деген сияқты немесе «бірге» мынадай «1» белгі, «екіге»

¹ Ахмет Байтұрсынұлының термині

мынадай «2» белгі алайық деген сияқты, не болмаса пәлен дыбысқа пәлен белгі алайық деп, дыбыс басына әріп арнаған сияқты тіл іліміне тірмей, тек ынтымақпен мына сөзді мынадай, ана сөзді анадай етіп жазайық деумен жасалатын емле жүйесі».

ТАРИХ ЖҮЙЕЛІ (негізгі дағды)* – баяғы бір жасалған түрінде қолданып дағдыланғандықтан, тіл өзгерсе де, өзгерместен әдеттенген бойынша қолданатын емле.

ТЕКЖАСАУШЫ ЖҰРНАҚТАР/ ФАМИЛИЯ ЖАСАУШЫ АФФИКС <орыс. фамилиеобразующий суффикс немесе фамильный суффикс> [лат. familia – отбасылық] – белгілі бір жалқы есімге жалғанатын іксі тегін көрсететін қосымша. Кісі тегінің құрамындағы жалқы есімдер адамның шыққан тегін, туған жерін және т.б. мәліметтерді білдірсе, тек жасаушы жұрнақтар адамның ұлты, қоғамдағы орны, жынысы туралы ақпарат береді. Қазақтардың тегі Ресейге қосылған кезеңдерден бастап орыстардың *-ов, -ев, -ин* моделі бойынша құрылса, тәуелсіздігімізді алғалы бері қазақтың ұлттық болмысына сай *-ұлы, -қызы, -тегі* қосымшаларымен және соңғы кездері қосымшасыз атасының немесе руының атын қолдану арқылы жасалады.

ТИПОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ [типология – грек. τύπος (týpos) – таңба, пішін, үлгі және λόγος (logos) – сөз, ілім] – тілдердің өзара генетикалық байланысынан дербес, олардың құрылымдық және қызметтік ерекшелігін салыстырмалы зерттеу түрі. Тілді зерттеудің ең басты аспектілері – типологиялық және салыстырмалы-тарихи (генетикалық). Типология салыстырмалы-тарихи аспектіден онтологиялық және эпистемологиялық жағынан ерекшеленеді. Типология жеке тілдерді зерттеуге негізделіп, тілдің құрылымы мен қызметін жете зерттеу арқылы жалпы тіл білімімен тығыз байланысады.

ТОПОНИМ [грек. τόπος (tópos) – орын және ὄνομα (ónoma) – атау] – нақты өңір, территорияның немесе белгілі бір тарихи дәуірдің жер-су атаулары.

ТОПОНИМИКА – нақты өңір, территорияның немесе белгілі бір тарихи дәуірдің жер-су атауларын (топонимдерді), олардың шығу тегін, мағыналық ерекшелігін, дамуын, жазылуы мен айтылуын зерттейтін ономастиканың бір саласы. Ол өзен, су, құдық, бұлақ, көл, теңіз аттарын, елді мекен аттарын зерттейді.

ТРАНСКРИПЦИЯ [лат. trans – арқылы, scribo – сызамын, жазамын] – белгілі бір тілдегі дыбыстарды дәл бейнелеп көрсету үшін пайдаланатын шартты таңбалар жүйесі.

ТРАНСКРИПЦИЯЛЫҚ ЖАЗУ – дыбыстардың бәрін айтылуы бойынша белгілейтін жазу түрі.

ТРАНСЛИТЕРАЦИЯ [лат. trans – арқылы, littera – әріп] – белгілі бір тілге ғана тән дыбысты екінші бір тілдің орфографиялық заңдылығына лайық белгілеу.

ТРИГРАФ [грек. τρι- (tri) – үш және γράφο (gráfo) – жазамын] – бір фонеманы беру үшін қолданылатын үш әріптен құралған жазу таңбасы. Мысалы, ағылшын, неміс тілдеріндегі sch (ш), француз тіліндегі eau (у).

ТУЫС ЖҮЙЕЛІ (негізгі тегіне қарай)¹ – сөздің ауыздан шыққан дыбыстарына қарамай, тегіне қарап отырып жазатын емле.

ТҰЙЫҚ ЕТІСТІК – жақтық, шақтық мағынада қолданылмайтын, субъектіге қатыссыз, қимылдың атауы болып табылатын етістік. Ол -у қосымшасы арқылы жасалады: *келу, жүру, қарау*.

¹ Ахмет Байтұрсынұлының термині

ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРІ <орыс. пунктуация> – 1. Графика, орфографиямен бірге жазба тілдің негізгі құралы болып табылатын, әліпбиден тыс графикалық белгілер жүйесі. Тыныс белгілерінің мақсаты – жазба мәтіннің айтудағы бөлшектену сипатына сай оны графикалық тұрғыды дұрыс беру; 2. Тіл білімінің тыныс белгілері және оларды дұрыс қолдану ережелері туралы саласы. Тыныс белгілері жазуда қолданылатын тыныс белгілерінің құрамын, атқаратын қызметі мен білдіретін мағыналарын және оларды қолдану ережелерін зерттейді.

ТІЛАРТЫ ДЫБЫС – тілдің артқы жағының белсенді қызметі арқылы, яғни оның қатты таңдайға тиюі арқылы және тілдің кейін жиырылуы арқылы жасалатын дыбыс.

ТІЛ ДЫБЫСТАРЫ – фонемалар.

ТІЛ ИЕЛМЕНІ¹ <орыс. носитель языка> – белгілі бір тілді (әдетте, ол ана тілі) қарым-қатынастың әлеуметтік-мәдени, іскерлік және әртүрлі тұрмыстық салаларында белсенді түрде қолданатын, тілдің нормасын жетік меңгерген тілдік ортаның өкілі.

ТІЛДІК ҚОҒАМДАСТЫҚ – ортақ әлеуметтік, саяси-экономикалық, мәдени байланыстармен бірлескен және бір немесе бірнеше тілде әртүрлі әлеуметтік институттармен байланыс орнатқан адамдар қауымы.

ТІЛДІК НОРМА – жалпы қолданыстағы тілдік құралдардың тарихи қалыптасқан жиынтығы әрі нақты тарихи кезеңде мойындалған оларды сұрыптау мен қолданудың ережелері.

ТІЛДІК ТҮЛҒА – өзі тудырған мәтіндердегі тілдік жүйе құралдарын ақиқат дүниені тану, түсіну және осы дүниеде өз мақсатына жету үшін қалай қолданғаны тұрғысынан зерттеліп, сипатталатын белгілі бір тіл иелмені.

ТІЛДІК ҰЖЫМ <орыс. языковой коллектив> – белгілі бір тілді, диалектіні немесе сөйленісті қолданушы ұжым.

ТІЛДІҢ ӨМІРШЕНДІГІ – тілдің болашақта дамуға, өзгеруге, өз құрылымдық, қызметтік әлеуетін сақтап қалу бейімділігі, қабілеттілігі.

УАҚЫТСЫЙЫМДЫЛЫҚ² – әліпби тиімділігі критерийінің бірі ретінде саналатын тіл иелменінің мәтінді жазуда әріпке қатысты жұмсайтын уақытының жиынтық мөлшері.

УӘЖДЕМЕ – тілдік құбылыстың пайда болуын негіздейтін сөзжасамдық, мағыналық, т.б. уәждер мен себептердің жиынтығы.

УЗУС [лат. usus – тәртіп, қолданыс] – белгілі бір тілдік ұжымда сөздердің, фразеологиялық бірліктердің, грамматикалық конструкциялардың қабылданған, жалпы беттік қолданысы.

УЗУАЛДЫ – «узус» терминінің сын есім формасы, «оқказионалды» ұғымына қарама-қарсы мағынаны береді.

УМЛАУТ [нем. um – қайта және laut – дыбыс] – 1. Дауысты дыбыстардың артикуляциясы мен тембрінің өзгеруі, алдындағы дауысты дыбыстың кейінгі дауысты дыбысқа жартылай не толық ықпал етуі. Бұл герман тілдерінде грамматикалық тәсіл ретінде қолданылады; 2. Дауысты дыбыстар умлаутының фонетикалық құбылысын көрсететін диакритикалық белгі. Әдетте әріп үстінде екі нүкте түрінде бейнеленеді. Мәселен, неміс тілінде – Ää, Öö, Üü; түрік тілінде – Öö, Üü.

¹ Нүргелді Уәлиұлының термині

² Анар Фазылжанованың термині

ҰЛТТЫҚ САНА – белгілі бір тарихи қалыптасқан, бірдей бірегейліктегі, бір тілде сөйлейтін қауымдастықтың қоғамдық шындықты өзінше қабылдап, оны салт-дәстүр, тіл өнері арқылы білдіруі; ұлттық-этникалық топтың әлеуметтік, саяси, экономикалық, эстетикалық, діни, философиялық т.б. көзқарастар жиынтығынан тұратын, рухани даму деңгейі мен ерекшелігін көрсететін ұғым.

ҮЙІР СӨЗДЕР¹– бұл айтқанда қосынды сөз сияқты айтылатын, бірақ ондай бір ұғымды емес, екі ұғымды көрсететін сөздерге қойылған ат. Мысалы, *Қара айғыр, ақ өгіз, сұр тай*. Үйір сөздер – бір-бірімен тіркес түзе алатын, тіркесте сөздер бірін-бірі айқындап, толықтап, пысықтап тұратын, бір-біріне тіркесім жағынан бейім сөздер.

ҮНДЕСТІК ЗАҢЫ / СИНГАРМОНИЗМ ЗАҢЫ– сөздің бастан-аяқ біркелкі әуезбен айтылуын, сөздің өн бойында әуездің сақталуын реттейтін фонетикалық заңдылық. Сөздің құрамындағы дыбыстар (буындар) тілдің қатысына қарай жуан-жіңішке, еріннің қатысына қарай еріндік-езулік болып үндеседі.

ҮНЕМ / ДЫБЫСТЫҚ ҮНЕМ – айту, жазуда неғұрлым аз күш жұмсауға тырысу. Мәселен, тіл үндестігі – тілдің, ерін үндестігі – еріннің үнемді қызметінің нәтижесі. Бір сөзді (мейлі көп буынды болсын) айтқанда, тіл не ерін бір-ақ қимыл жасап, бір деңгейде тұрады. Дыбыстардың алмасуы да дыбыстау мүшелерінің үнемді қимылына негізделеді. Дыбыстық үнем сөздің құрамындағы жеке дыбысты, дыбыстар тіркесін айтпау, үнемдеу болып табылады, басқаша айтқанда сөзді ықшамдау болып табылады.

ҮНЕМДЕУ ПРИНЦИПІ – ұлғаю амалына (прокопа, элизия, апокопа) мен қарсы жүретін ықшамдалу амалы (протеза, эпентеза, эпитеза). Сөздердің ұлғаю амалы мен түрлі морфонологиялық дыбыс алмасулары да үнемдеу принципі ретінде түсіндірілуі керек. Үнемдеу принципі ілгерілеу (тіл алдына жылжу) үрдісі, еселеу үрдісі, қатаңнан ұяңға алмасу үрдісі, тұйық буынмен айту үрдісі, ықшамдау үрдісі болып жіктеледі.

ФОНЕМА [көне грек. φώνημα (fōnima) – дыбыс] – сөздер мен морфемаларды бір-бірінен мағына және форма жағынан ажыратуға қатысатын тілдің дыбыстық жүйесіндегі ең кішкене негізгі типтік бірлік, яғни дыбыс типі. Мысалы, *қазақ тілінде сөздің бір дыбысының түрленуі (мол – қол – сол – жол – бол – тол)*; бірқатар дауыссыздардың жуан буында жуан, жіңішке буында жіңішке айтылуы (*ыс – іс, ас – ес*); бір дыбыстың артық келуі (*он – тон, ал – бал*) сөздерді мағына және форма жағынан бір-бірінен ерекшелеп тұр. Фонемалы тілдерде фонема саны әртүрлі болады. Мысалы, қазақ тілінде 9 жалаң дауысты фонема, 25 дауыссыз фонема болса, орыс тілінде 6 дауысты, 35 дауыссыз фонема бар. Фонема тілдің маңызды бірліктерін (морфема және сөз) ажырату үшін қызмет етеді:

1) бір фонеманы екінші түріне өзгерту арқылы басқа сөз тудыруға болады (от-өт-ат-ет-үт-үт);

2) фонема ретінің тәртібін өзгерту арқылы да басқа сөз тудыруға болады (<қас> – <сақ>);

3) фонеманы алып тастау арқылы да басқа сөз жасауға болады: (<к>үйші –үйші).

ФОНЕМА ВАРИАНТЫ – белгілі бір позицияда (шепте) белгіленген фонеманың түрленуі (яғни оның фонологиялық шепте көрінуіне қарай әр алуан болуы), белгілі бір фонемамен артикуляциялық, акустикалық сапасына қарай үйлесуі. Мысалы, ақ сөзінің соңында келетін <к> фонема нұсқасының [аға-еке] тіркесуіндегі [Ғ] «ағаеке»

¹ Ахмет Байтұрсынұлының термині

сөзіндегі [ғ] фонемасының басқа инвариантымен сәйкес келуі. Осылайша, фонема нұсқасы сигнификативті әлсіз шепте көрініп, «аллофон» терминімен де қолданылуы мүмкін.

ФОНЕМА ВАРИАЦИЯСЫ – сигнификативті тұрғыдан күшті, перцептивтік тұрғыдан әлсіз фонологиялық шепте көрініп, фонеманы жүзеге асыратын дыбыс (басқаша айтқанда, аллофон). Осылайша фонемалық қарама-қарсылықты (оппозицияны) тудырады. Мысалы, ызың, қатаң дауыссыз [с] дыбысы шұғыл қатаң [т] дауыссыз дыбысының алдында тұрса, аффрикат [ц] (айтса) дыбысына түрленеді. Вариациялар графикада таңбаланбайды.

ФОНЕМА ИНВАРИАНТЫ – дыбыстың нақты жүзеге асырылуындағы барлық негізгі қасиеттерін бойына жинайтын бірлік. Белгілі бір болмыстың нақты түрленімдерінен тыс дерексіз белгіленуі. Варианттарды тудыратын жалпы қасиеттер мен белгілер жиынтығының көрінісі және ол қасиеттердің әрбір вариантқа тән белгіленуі. Инвариант жеке объект ретінде қалыптаспайды, сондай-ақ «негізгі вариант» ретінде де бола алмайды (мысалы, фонема – түрлі функционалды белгілердің бірігуінен өзінің нақты қасиетіне орай жүзеге асқан инвариант, бірақ фонеманың өзі айтылмайды). Инвариант ұғымы – тілдік материалды таптастырудың, жіктеп, реттеудің құралы. Вариант пен инвариант бір-біріне қарама-қарсы қойылады.

ФОНЕМАНЫҢ АЙЫРЫМ БЕЛГІЛЕРІ – фонемаларды жасалымдық, айтылымдық, естілімдік жүйелеріне қарай бір-бірінен ажырататын белгілер. Мысалы, т-д фонемаларының айырым белгілері – олардың бірінің қатаң, екіншісінің ұяң екендігі, с-з дыбыстарының айырым белгілері – бірінің шұғыл, екіншісінің ызың, а-ә дыбыстарының айырым белгілері – олардың жуан-жіңішке екендігіне байланысты. белгілі бір фонеманы басқа фонемалармен қарама-қарсы қою арқылы анықталған белгі, оның мағына ажыратқыш белгісі (вокалды – вокалды емес, консонантты – консонантты емес, дауысты – дауыссыз, еріндік – езулік т.б.).

ФОНЕМАНЫҢ ӘЛДІ ПОЗИЦИЯСЫ – фонетикалық қоршау неғұрлым әлсіз болатын, дыбыстардың өз реңкінде анық естіліп, анық айтылатын позициясы. Әлді позициядағы фонема жазуда таңбаланады. Сондықтан тілде қанша әлді позициядағы фонема болса, сонша ғана әріп таңбасы болады.

ФОНЕМАНЫҢ ӘЛСІЗ ПОЗИЦИЯСЫ – фонема өз мәнінде анық айтылмай, естілмей, фонетикалық қоршау әсері күшті болатын позиция. Әлсіз позициядағы фонема жазуда таңбаланбайды, ол әлді позициядағы реңкіне көшіріліп таңбаланады.

ФОНЕМАНЫҢ НЕГІЗГІ РЕҢКІ – фонеманың дербес немесе қоршауына мейлінше, тәуелсіз позициядағы варианты.

ФОНЕМАТИКАЛЫҚ ПРИНЦИП – дыбыстардың бір сөз ішіндегі немесе сөз аралықтарындағы бір-біріне тигізетін әсерлері ескерілмей, негізгі фонемалық түрі (мәні) сақталып жазылу принципі.

ФОНЕТИКАЛЫҚ ЗАҢДЫЛЫҚТАР (Дыбыс заңдылықтары) [грек. φωνηεντικός (fonientikós) – дыбыстық] – дыбыстардың өз қалпын сақтауы мен үздіксіз болып отыратын өзгерістерін, өзара алмасуы мен тіркестерін анықтайтын, реттейтін дыбыстардың даму заңдылықтары. Дыбыс заңдылықтары фонетикалық күнделікті сөйлеу үстіндегі шынайы құбылыстардың, аллофондық түрленулердің, дыбыстың сөздегі орнына байланысты болатын өзгерістердің себепшісі болады. Аллофондық

түрленулер көрші дыбыстардың әсеріне байланысты және кез келген адамның тілінде кездесе береді. Мысалы, қазақ тілінде етістік сөздің соңында кездесетін *-ды (-ді)* өткен шақ көрсеткіші сөйлеу үстінде *-т* көрсеткішімен алмаса береді: *барады – барат, келеді – келет* т.б. екі дауыстының арасындағы қатаң дауыссыздың ұяңдану (*жақ – жағып, оқ – оғы* т.б.), көрші дыбыстардың бір-біріне икемделуі (*басшы – баишы, көзсіз – көззіз* т.б.) белгілі бір фонетикалық заңдылықтардың әсерінен болады. Мұндайда артикуляциялық және акустикалық өзгерістер қатар жүреді: *мен келдім – мең гелдім, тап басты – тап насты* т.б. Тіл дами келе шынайы фонетикалық өзгерістер тұрақты күйге түседі: *қол қап – қол гап – қолгап, жар қанат – жар ганат – жарғанат* т.б.

ФОНЕТИКАЛЫҚ ҚОРШАУ <орыс. фонетическое окружение> – фонеманың айтылуына белгілі бір жағдаяттар тудыратын дыбыстық қоршау. Фонеманың әлді немесе әлсіз позициялары арқылы дыбысталуын анықтайтын шарттардың бірі фонетикалық қоршау болып табылады. Қара. Фонеманың әлді позициясы; фонеманың әлсіз позициясы.

ФОНЕТИКАЛЫҚ ПРИНЦИП – сөз бөлшектерінің дыбыстық өзгеріске ұшырауы есепке алынып, оларды айтылуы бойынша жазу принципі. Мысалы, *жаздыгүні (жаздың күні), сексен (сегіз он), бүгін (бұл күн), тарағы (тарақ+ы), Торайғыров (Торыайғыров)* т.б.

ФОНОГРАММА [көне грек. φωνή (foní) – дыбыс және γράμμα (grámma) – жазу таңбасы, әріп] – 1. Сөздің дыбыстық құрамын нақты ажыратып көрсетуге қызмет ететін графикалық таңба, сөз дыбыстарының таңбасы; 2. Дыбыс, үн жазылған пластинка (табақша), диск.

ФОНОГРАФИЯЛЫҚ ЖАЗУ [фонография – көне грек. φωνή (foní) – дыбыс және γράφειν (gráfein) – жазу] – тілдің белгілі бір дыбыстық бірлігін (дыбыс, буын) білдіретін таңбалар арқылы жазылатын дыбыстық жазу.

ФОНОЛОГИЗАЦИЯ – дивергенциялық тарихи үдерісінің бір түрі, қоршауға тәуелді аллофондардың дербес фонемаға айналуы арқылы жаңа фонологиялық қарама-қарсылықтың оппозицияның қалыптасуы және күшеюі үдерісі.

ФОНОЛОГИЯ – тіл дыбыстарын функционалды, мағына ажыратқыш қатынаста зерттейтін лингвистика саласы. Дыбыстың артикуляторлық-акустикалық белгілерін зерттейтін фонетика саласын фонологиямен шатастырмау қажет.

ФОНОЛОГИЯЛЫҚ ПАРАДИГМА – алмасуға ұшырайтын фонетикалық бірліктердің жүйелі жиынтығы.

ФРАЗЕОЛОГИЗМ / ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІК [грек. φρασις (fraseis) – фраза және λόγος (logos) – сөз, ілім] – семантикалық жағынан тұрақты байланыста болатын сөз тіркестері мен сөйлемдердің (сөйлемшелердің) жалпы атауы. Фразеология – сөз тіркестері негізінде туған категория. Фразеология формасы жағынан синтаксистік құрылымдарымен ұқсас, бірақ олар сияқты сөйлеу үстінде туып, өзгеріп отырмайды, семантикалық құрылымы мен лексика-грамматикалық құрамының арақатынасындағы тұрақтылықты сақтап, қайталанып отырады. Фразеологизмнің басты белгілері мағыналарының тұтастығынан және бейнелілігінен көрінеді.

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ОРАЛЫМ – кемінде екі сөздің тіркесуінен жасалған, мағынасы біртұтас, құрамы мен құрылымы тұрақты, даяр қалпында қолданылатын тілдік бірлік.

ФРАЗОГРАММА [грек. φρασις (fraseis) – фраза және γράμμα (grámma) – жазу таңбасы, әріп] – бейне суреттен және таңбалардан тұратын адамзаттың алғашқы жазуының түрі. Дәстүрлі пиктографиялық жазу деген атаудың орнына «фразография» деген атауды алғаш рет америкалық тарихшы, жазу тегін зерттеуші ғалым И.Гельба қолданған. Бұл атау ары қарай француз ғалымы Ж.Феврие, орыс ғалымдары И.М. Дьяконов, В.А. Истрин, неміс ғалымы Х.Иенсендердің зерттеулерінде өз жалғасын тапты. Фразограмма орнына ғылыми айналымда бастапқыда «синтакстік жазу» деген терминнің қолданылып келгендігі белгілі. Кейін бұл атаудан ғылыми орта бас тартып фразограмманы өзгертпей қолданып кетті.

ФРЕКВЕНТАЛИЙ [лат. frequens – жиі] – әлем тілдерінде жиі кездесетін типологиялық құбылыстың тіл ғылымындағы атауы. Фреквенталий универсалиймен салыстырғанда, көп кездеспейді. Дегенмен жай ғана типологиялық заңдылықтарға қарағанда жиі кездеседі. Фреквенталий мен универсалий мол тілдік мәліметтер бойынша лексикалық мағынаның ауысу үдерісінде пайда болады.

ЦИРКУМФЛЕКС [лат. circumflexus – айналасы иілген (көбінесе қалпақша немесе үйшік деп аталады)] – қалпақша не үйшік тәріздес әріпүсті қосалқы таңбасы, диакритикалық белгі және компьютерлік символ (^). Мысалы, француз тілінде бұл таңба созылыңқы дауысты дыбысты білдіреді: pale ‘жабылу’, pâle ‘солғын’.

ШЫЛАУ – сөйлем ішіндегі сөз бен сөздің, сөйлем мен сөйлемнің арасын жалғастырып, байланыстырып, тіркескен сөздеріне қосымша реңк беріп тұратын сөздер тобы.

ШЫРАЙ КҮШЕЙТКІШТЕР (күшейтпелі шырай) – бір заттың бастапқы сынын, белгісін күшейтіп, асыра көрсетіп тұратын шырай түрі. Ол, біріншіден, күшейтпелі буын арқылы жасалады: үп-үлкен, қып-қызыл, жеп-жеңіл, т.б.; екіншіден, өте, аса, ең, тым, тіпті, т.б. күшейтпелі үстеулер арқылы жасалады: өте үлкен, тым жеңіл, ең күшті, т.б.

ЫЗЫҢ ДАУЫССЫЗДАР – дыбыстау мүшелерінің (тіл алды, тіл ұшы, тілдің артқы шені) алдыңғы таңдайға, күрек тіске, артқы таңдайға жуысып, соның нәтижесінде ауаның сүзіліп шығуынан жасалған дауыссыздардың акустикалық белгісі бойынша атауы. Ызың дауыссыздар кейде фрикатив дауыссыздар (лат. fricatio – үйкелу) деп те аталады. Қазақ тіліндегі ызың дауыссыздар мыналар: ж, з, ғ, с, ш, х, һ және орыс сөздерінде кездесетін – в, ф, щ.

ІШКІ ФЛЕКСИЯ [лат. flexio – бүгу] – түбірдегі дыбыстардың алмасуы. Ішкі флексия сөздің лексикалық мағынасына әсер етпейді, бірақ оның грамматикалық мағынасының өзгеруіне ықпалын тигізеді. Ішкі флексия үндіеуропалық тілдердің көпшілігінде және семит, балтық-финн, саам, нах, грузин тілдерінде кездеседі.

ЭПЕНТЕЗА [грек. ἐπέθεσις (epéntesis) – қыстырылу] – сөз ішінде екі дауыссыз дыбыстың арасында дауысты дыбыстың қосылып айтылуы. Эпентеза белгілі бір тілде сол тілге жат (тән емес) дыбыс тіркесімді кірме сөздерді игеру, меңгеру барысында пайда болады. Әр тілдің өзіне тән дыбысталу заңдылықтары – сол тілді дербес тіл етіп тұратын белгілердің бірі десек, сол тіл өзге тілдерден сөз қабылдамай тұрмайды. Ондай сөздер айту машығына, артикуляциясына сай қайта қорытылып, азды-көпті дыбыстық өзгерістерге ұшырап, кірмеліктен айырылады. Ертеректе тілімізге еніп, айтылуына орай жазылатын бөрене (бревно), жеребе (жеребий), кереует (кровать), кінәз (князь), пүліш (плюш) сөздеріндегі дауыстылар соның айғағы.

ЭПИГРАФИКА [көне грек. ἐπιγραφή (epigraphi) – жазу] – ерте заманнан қалған көне жазуларды зерттейтін тарих ғылымының бір саласы. Эпиграфикалық жазбалар жартас пен құлпытасқа, сондай-ақ металдан, сүйек пен қыштан жасалған заттардың бетіне жазылған. Қазақ жері эпиграфикалық жазбаға бай. Көрнекті эпиграфикалық ескерткішке «Әулиеата жазуы», «Сырдария жазуы», «Ұлытау жазуы», «Кеген жазуы», «Ұзынсу жазуы», «Есік жазуы», «Бөріжар жазуы» жатады. Ондағы таңбалардың ерекшелігіне қарай жазудың мынандай түрлері аталады: руна немесе көне түркі жазуы, көне ұйғыр жазуы, көне моңғол жазуы, көне тибет жазуы, соғды жазуы, араб жазуы (Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998., 509 бет. – 471-б.).

ЭПИТЕЗА [көне грек. ἐπίθεσις (epithesis) – қосу, салу] – сөз соңынан дыбыс қосылып айтылуы. Мыс.: *абстрактті (абстракт), банкі (банк), факті (факт)*. (Ғ. Қалиев, Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі, 2005.).

ЭСТЕТИКАЛЫҚ АҚПАРАТ – сезіммен қабылдауға жеңіл болып келетін қоғамдық ақпараттың бөлігі, сонымен қатар көркем бейнелерді құрайтын аспект. Логикаға сүйенетін ғылыми ақпаратпен салыстырғанда, эстетикалық ақпарат ең алдымен сезімге жақын. Эстетикалық ақпаратты қайта кодтау мүмкін емес. Мәселен, музыкалық шығарма живопись тіліне ауыстырылмайды. Себебі эстетикалық ақпараттың маңызды бөлігінен айырылады.

ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАНЫМ – көркемдікке және сұлулыққа баға беру үшін эстетикалық танымның маңызы өте зор. Эстетикалық таным – бұл өмірдегі, еңбектегі және табиғаттағы сыртқы әдемілік пен нағыз сұлулықтың арасын ажырата білу, өнер шығармаларына жоғары талап қою. Эстетикалық танымның дамуына көбінесе өнер үлгілерін қабылдаумен, не шығармашылықпен байланысты іс-әрекеттер мүмкіндік береді.

Монографияның терминологиялық аппаратында пайдаланылған әдебиет

1. Абай энциклопедиясы. – Алматы: Атамұра, 1993. – 457 б.
2. Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). – М.: Икар, 2009. – 448 с.
3. Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – 2-е изд. – М.: УРСС: Едиториал УРСС, 2004. – 571 с.
4. Ахмет Байтұрсынұлы. Тіл құрал. – Алматы: «Сардар» баспасы, 2009. – 348 б.
5. Бизақов С. Вариант сөздер сөздігі. – Алматы : Білім, 2000. – 320 б.
6. Білдебаев Т. Қазіргі заман ұғымдары мен терминдерінің қысқаша түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2001. – 280 с.
7. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: Фил.ғыл.док. дис. – Алматы, 2004 . – 340 б.
8. Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. 2-рет басылуы. – Алматы: Ғылым, 1966. – 208 б.
9. Күдерінова Қ. Қазақ жазуының онтогенездік дамуы: филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2006. – 268 б.
10. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Алматы, 2002. – 784 б.
11. Қазақ сөздігі (Қазақ тілінің біртөмдік үлкен түсіндірме сөздігі).– Алматы: «Дәуір» баспасы, 2013. – 1488 бет.
12. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 жыл, 509 б.
13. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.
14. Мильчин А.Э. Курсивное начертание: Издательский словарь-справочник.– 3-е изд., испр. и доп.– М.: ОЛМА-Пресс, 2006. – 559 с.
15. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Оқулық. – Алматы, 2005. – 272 б.
16. Словарь социоллингвистических терминов / Отв.ред. В.Ю. Михальченко. – М.: Институт языкознания, 2006. – 312 с.
17. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.
18. Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2007. – 56 б.
19. Уәлиев Н. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ жазуының онтогенездік дамуы // Ұлттық рухтың ұлы тіні. – Алматы: Ғылым, 1999. – 56 б.
20. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: морфология: оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
21. Persian-English Dictionary. F. Steingass. Beyrut. First Edition 1892. New Reprint, 1998. – 1523 s.
22. <http://subscribe.ru/archive/home.children.logoprogram/201105/29192511.html>

ГЛОССАРИЙ

1. Аймақтық – региональный
2. Айтылымдық – акустический
3. Айырым белгі – дифференциальный признак
4. Ақпараттық кеңістік – информационное пространство
5. Алпауыт ел – крупнейшая страна
6. Арна – канал
7. Аумақ – территория
8. Ауызша тіл – устный язык
9. Бейүндес сөздер – несингармонические слова
10. Бірдейлестіру, стандарттау – стандартизация
11. Бірегей – уникальный
12. Бірегейлендіруші – идентификатор
13. Бірегейлену – идентификация
14. Бірегейлік – идентичность
15. Бірізді – последовательный
16. Бірқалыптандыру – унификация (стандартизация)
17. Бірлік – единица
18. Бірмәнді әріп – однозначная буква
19. Бірыңғайлау – упорядочить, урегулировать
20. Болжам – гипотеза
21. Газет айдары – газетная рубрика
22. Ғаламтор – интернет
23. Графемалық әліпби – графемный алфавит
24. Графемалық интерференция – графемная интерференция
25. Дегдар – элита
26. Дегдарлық – элитарный
27. Дәйекше – апостроф
28. Дыбыс-әріптік әліпби – звуко-буквенный алфавит
29. Емле – правописание
30. Естілімдік – перцептивный
31. Әлді позиция – сильная позиция
32. Әліпби – алфавит
33. Әлсіз позиция – слабая позиция
34. Әмбебаптық – универсальность
35. Әріп құрам – буквенный инвентарь
36. Әріпасты – подбуквенный
37. Әріпүсті – надбуквенный
38. Жалпытүркілік – общетюркский
39. Жаңартпа – инновация, нововведение
40. Жаңарту – обновление
41. Жаңғырту – модернизация
42. Жаһандану – глобализация

43. Жапсырма қағаз – клейкая бумага, стикер
44. Жарамсыз сауалпарақ – испорченный опросный лист
45. Жасалымдық – артикуляционный
46. Жәдігер – реликвия
47. Жәдігерлік – реликвия
48. Жоласты (таңба) – надстрочный (знак)
49. Жұмысшы жоба – рабочий проект
50. Заманауи – современный
51. Зерделеу – интерпретация
52. Зиялы – интеллигент
53. Зиялылар – интеллигенция
54. Игеру – освоение, адаптация
55. Ілгерілеу – прогрессировать
56. Ілгерішіл – прогрессивный
57. Ілгерлеушілік – прогресс
58. Ісқағаз – делопроизводство
59. Ісқағаздар – делопроизводство
60. Кеңестік кезең – советский период
61. Кепілдік – гарантия
62. Кері транскрипциялау – ретранскрипция
63. Керітаргпа – реакционист
64. Кешен – комплекс
65. Кешенді – комплексный
66. Компьютерге ыңғайлы әліпби – алфавит удобный для компьютера
67. Компьютерлендіру – компьютеризация
68. Көзжаттам – зрительное восприятие
69. Көзшалым – визуальное восприятие
70. Көпәріпті таңба – полиграфемный / мультиграфемный знак
71. Көпмәнді әріп – многозначная буква
72. Көшбасшы – лидер
73. Күдікшілдер – оппоненты
74. Қағидат – принцип
75. Қайта кодтау – перекодировка
76. Қанатқақты жоба – пилотный проект
77. Қарар – резолюция
78. Қаріп – шрифт
79. Қолдағды – мелкомоторный навык
80. Қосорамды мақал-мәтел – двусоставные пословицы и поговорки
81. Қосорамды фразеологизм – двусоставный фразеологизм
82. Қостілділік – билингвизм
83. Қуатсыйымдылық – энергоемкость
84. Құрмаласу – интеграция
85. Құрылтай – съезд
86. Маңдайша – вывеска

87. Материалдану – материализация
88. Мәртебе – статус
89. Мәтін репрезентативтілігі – репрезентативность текста
90. Нұсқа – вариант
91. Объективтену – объективизация
92. Ойжасам – мыслетворчество
93. Ортологиялық талдау – ортологический анализ
94. Өміршеңдік – витальность
95. Пайыз – процент
96. Палаталдану – палатализация
97. Пікірталас – дискуссия
98. Релевантты – релевантный
99. Реңк – оттенок
100. Репрезенттілік – репрезентантивность
101. Ретранслитерациялау – ретранслитерация
102. Рәсімдеу – оформление
103. Салдыр – шум
104. Сауалнама – анкета
105. Сауалнама регламенті – регламент анкеты
106. Сауалпарақ – опросный лист
107. Сауалшы – анкетир
108. Сөзаралық – межсловный
109. Сөзішілік – внутрисловный
110. Статистикалық талдау – статический анализ
111. Сұрыпталған мәтін – выборочный текст
112. Сұрыптау – выборка
113. Талданым – анализ
114. Текжасаушы жұрнақ – фамилияобразующий аффикс
115. Телерадиотарату – телерадиовещание
116. Тәуекел – риск
117. Тәуелді позиция – зависимая позиция
118. Тәуелсіз позиция – независимая позиция
119. Тіл иелмені – носитель языка
120. Тілтанушы – лингвист
121. Тілтанымдық – лингвистический
122. Тілтанымдық талдау – лингвистический анализ
123. Төлқұжат – паспорт
124. Төңкеріс – революция
125. Трансұлттық – транснациональный
126. Түбегейлі – кординальный
127. Түпнегіз – оригинал
128. Түпнегіз – основа
129. Түпнұсқа – оригинал, изначальный, первичный
130. Түпнұсқалық – оригинальный, изначальный, первичный

131. Түркітанушы – тюрколог
132. Түрленім – модификация
133. Түрткіжайт – фактор
134. Уақытсыйымдылық – времяемкость
135. Уақытша жұмысшы жоба – временный рабочий проект
136. Уақытша түрленім – временная модификация
137. Уәждеме – мотивация
138. Уәждеу – мотивировать
139. Үдеріс – процесс
140. Үн – голос
141. Үрдіс – тенденция
142. Фамилияжасаушы (аффикс) – фамилияобразующий (аффикс)
143. Фонологиялық карама-қарсылық – фонологическая оппозиция
144. Чтение – оқылым
145. Шептік түрленім – позиционное изменение
146. Ырғақ – ритм
147. Ырғақтық – ритмический

КРАТКОЕ СОДЕРЖАНИЕ МОНОГРАФИИ

Казахстан как равноправный член международного сообщества располагает высоким экономическим, научным, культурным потенциалом и человеческими ресурсами. Его дальнейшее развитие требует углубленного и расширенного вовлечения нашей страны в процессы глобализации. Такие вызовы времени совпали с периодом усиления процессов этнизации в стране, процессов усвоения государствообразующим этносом собственных духовных ценностей. В результате в настоящее время казахский язык признан как фактор, определяющий не только казахскую этническую, но и общегосударственную национальную идентичность. В связи со всем этим значительно возрастает значимость перевода казахского письма на новый алфавит на основе латинской графики, который обеспечит его скорейшее вовлечение в мировое коммуникационное пространство и восстановление «иммунного» механизма национального языка.

В определении научных основ перевода казахского письма на латиницу мы руководствовались Посланием Президента Республики Казахстан от 14 декабря 2012 г. «Стратегия «Казахстан-2050»: новый политический курс состоявшегося государства», «Новый Казахстан в новом мире» от 27 февраля 2007 г., его идеями, озвученными в октябре 2006 г. на XII сессии Ассамблеи народов Казахстана о духовном развитии народа Казахстана и языковой политике триединства языков.

Национальный алфавит, созданный выдающимся ученым А.Байтурсыновым на основе арабской вязи, полностью отражал звуковой строй казахского языка, был удобен и легок для письма.

Из истории опыта использования латинской графики.

В данном разделе монографии дан подробный анализ исторического отечественного (казахский алфавит на основе латиницы 1929-1941 гг.) и зарубежного опыта перевода письма на латинскую графику, в частности тюркоязычных стран, а также споров и дискуссий вокруг алфавита. Современные тюркоязычные государства начали пользоваться латинским алфавитом в разные периоды XX века: турки с 1928 г., азербайджанцы с 1991 г., узбеки с 1991 г., каракалпаки с 1993 г., туркмены с 1993 г. Казахская письменность, созданная А.Байтурсыновым на основе национального алфавита путем реформирования арабской графики в начале XX века (1929), тоже была переведена на латиницу.

Поэтому судьба реформирования алфавита с 1929 г. казалась для большинства интеллигентов казахской нации неясной и туманной; они не верили в будущее нового алфавита на основе латиницы в случае отказа от казахского письма А.Байтурсынова «төте жазу», в котором буквы, обозначающие звонкие/глухие согласные, твердые и мягкие гласные звуки, идеально отображают сингармотембр целого слова. Для этого необходимо было учесть опыт вышеуказанных языков, выявить их уязвимые места, взять на вооружение их достижения.

Турция одной из первых перешла на новый латинский алфавит (1928), по историческим измерениям в кратчайшие сроки – за семь месяцев, повысив на фоне тотальной безграмотности общую грамотность населения на 60 %. Причиной перехода турков на латиницу по инициативе К.Ататюрка явился отказ от засилья арабской лек-

стики в языке и ориентация на западную модель организации политической, социальной и культурной жизни страны.

В 1991 г. и 1992 г. в Стамбуле прошла конференция с участием представителей тюркоязычных стран, где было принято решение о создании общего алфавита на основе латинской графики, состоящего из 34 букв.

Азербайджан перешел на латиницу в 1991 г.; главной причиной явились рост самосознания азербайджанского народа и политический аспект, например, стремление к освобождению от колониального влияния тоталитарного советского прошлого.

Узбекистан перешел на латиницу в 1993 г., однако узбекский алфавит неоднократно пересматривался и до сих пор находится в процессе усовершенствования; отсутствует единый стандарт. Например, буква ц передается то графемой s, то графемой ts, а буква х передается одновременно буквами x, х и h.

Туркмения перешла на новую графику в 1993 г. В алфавите есть исконно туркменские фонемы на буквы э, дж, н, ө, ү, ч, ы. Отличие алфавита от других алфавитов огузской группы в том, что звук ж передается буквой ž, дж буквой j, т.к. графемой у обозначили фонему ы, то звук <й> передается буквой ý, а фонеме у «присвоили» графему w.

Каракалпакский алфавит, хотя зависим от узбекского, но имеет свои специфические фонемы <ə>, <ɣ>, <κ>, <ң>, <ө>, <ү>; гласные и согласные, как и в узбекском языке, передаются как с апострофом, так и без: g', n' и сочетанием букв ch, sh. Из каракалпакского алфавита можно перенять опыт разграничения состава кириллических букв и, у.

В этом разделе монографии дана сравнительная таблица обозначения фонем турецкого, азербайджанского, узбекского, туркменского, каракалпакского языков на основе латинской графики, а также таблица расхождений фонем алфавитов кыпчакской группы современных языков и проект общетюркского алфавита на основе латиницы для тюркоязычных стран.

Казахский алфавит на основе латинской графики (1929-1941 гг.)

Раздел содержит всестороннее фонологическое описание проектов казахского алфавита на основе латинской графики, предложенных в 1929 г. Например, предложенный О.Жандосовым при участии ряда авторов состоит из 28 букв: а <a>, в , с <ш>, ç <ж>, d <d>, e <e>, g <г>, <ɣ>, h <x>, i <i>, k <к>, q <қ>, l <л>, m <m>, n <n>, η <ң>, o <o>, ө <ө>, j <й>, p <p>, r <r>, s <c>, t <t>, u <ү>, u <y>, y <и>, z <z>, ь <ы>.

Уже тогда специалисты придавали большое значение факторам выбора букв при составлении алфавита: лингвистический фактор, педагогический, технико-полиграфический, графический, о которых подробнее пойдет речь в последующих разделах. Однако в алфавите 1929-1940 гг. встречаются неудачно выбранные буквы, это знак ɣ и его модифицированный вариант Ц, непрактичный в написании и полиграфии, допускает поливариантное прочтение. Затруднение вызвали также обозначение звуков э, н, ж, ц и др.

В итоге был разработан алфавит из 29 знаков, адекватно отображающий звуковую систему казахского языка, разработаны соответствующие орфографические правила. Анализ периодической печати и печатных изданий указанного периода показывает,

что до 1938 г. все слова и названия иноязычного происхождения адаптировались и писались с учетом природы казахского языка, что вызвало, в свою очередь, трудности их восприятия и понимания в тексте и как следствие споры между специалистами, например, валюта – балута, выставка – быстапке, гесровіліјке (респобіліјке), еканотіјке (еканоміјке) и т.п. Часто не соблюдались правила правописания, допускался разнобой в написаниях. Однако сравнительный анализ материалов показывает, что после 1938 г. ошибок стало значительно меньше, правила постепенно совершенствовались, особенно в написании советизмов и интернационализмов.

Полемики (лингвистические дебаты) вокруг алфавита начала XX в. и проблемы орфографии

А.Байтурсынов с 1910 года приступил к усовершенствованию арабской графики, приспособив его под звуковую систему казахского языка. Реформа была принята с большим энтузиазмом и нашла горячую поддержку среди казахской интеллигенции. Правила и принципы реформированного А.Байтурсыновым алфавита были утверждены на первом съезде казахских и киргизских ученых, прошедшем в июне 1924 года в Оренбурге.

Профессор Е.Д.Поливанов дал высокую оценку алфавиту А.Байтурсынова: «Эту последнюю форму, которую приняла казак-киргизская (казахская – автор) графика в 1924 году, я во всяком случае считаю уже не нуждающейся в исправлениях и представляющей последний шаг в историческом формировании национальной графики, которой с полным правом могут гордиться киргизские (казахские – автор) деятели просвещения – создатели реформы как крупным культурным завоеванием». В это же время поднимался вопрос перехода других тюркоязычных народов на латинский алфавит.

Вопрос о переходе на латиницу первыми среди тюркоязычных народов подняли азербайджанцы.

В 1926 году в Баку был созван I Тюркологический съезд, посвященный проблеме перехода на латинский алфавит. В работе съезда приняли участие такие видные российские ученые, как К.К.Юдахин, Н.Ф.Яковлев, А.Н.Самойлович, В.В.Бартольд, Н.И.Ашмарин, Л.В.Щерба, казахские ученые А.Байтурсынов, Е.Омаров, Н.Торекулов, Б.Сулеев. Представители Казахстана озвучили преимущества национального алфавита, разработанного А.Байтурсыновым на основе арабской графики – тәте жазу, и заявили, что нет необходимости перехода на латинский алфавит.

Поскольку правительственные органы поддерживали латинский алфавит, съезд принял постановление о переходе на латинскую графику.

В решениях съезда были озвучены следующие принципы:

- не брать буквы русской графики,
- адаптировать иностранные слова по закону сингармонизма,
- не брать буквы к одинаковым звукам,
- отказаться от диакритических знаков,
- не обозначать долгие согласные, не брать удвоенные буквы,
- не допускать знак, обозначающий мягкость,
- использовать морфологический принцип для определения литературных вариантов слов типа *ярпақ-япрақ, торпақ-топрақ*,

- формировать нормы правильного произношения,
- осваивать иностранные слова, адаптируя под нормы произношения,
- не брать буквы для заимствованных слов (например, в русском алфавите отсутствуют звуки ғ, һ, ө, ұ, поэтому пишутся Heine – Гейне, Hügo – Гюго,
- использовать сокращение гласных в конце международных слов как вакансия – ваканс, пианино – пианин, фортепиано – фортепиан,
- букву о в иноязычных словах произносить без изменения, т.е. о.

В 1926 году в Казахстане было создано Общество разработчиков нового алфавита (әліпбешілер), целью которого было:

- 1) пропаганда среди казахов идеи перехода на латинскую графику;
- 2) повышение производительности книгопечатания, увеличение темпов работ по достижению казахским народом уровня мировой культуры; в целях повышения уровня грамотности подготовить необходимые предпосылки для внедрения нового алфавита;
- 3) создание основы для скорейшего распространения и пропаганды нового алфавита среди казахского населения.

В это же время разгорается жаркая дискуссия на страницах печати по новому алфавиту и правилам правописания. Среди сторонников арабской графики были А.Байтурсынов, М.Дулатов, Е.Омаров, К.Кеменгеров, А.Байтасов и др., а среди сторонников латинской графики – А.Байдильдаев, Т.Шонанов, О.Жандосов, и др. А.Байдильдаев указал на следующие недостатки арабской графики:

- 1) для одного звука использовалось несколько звуков (в начале, середине, конце слова);
- 2) большинство арабских букв схожи, поэтому сложно их отличить без точек над знаком и под знаком;
- 3) слова пишутся справа налево, а когда пишутся цифры, наоборот, слева-направо;
- 4) научные книги по алгебре, геометрии, физике у всех народов пишутся латинскими буквами, арабские буквы не подходят для этого;
- 5) буквы неравномерные, одни крупные, другие мелкие;
- 6) арабскую графику трудно использовать в музыке (для написания нот);
- 7) арабское письмо требует значительных затрат, неудобно для книгопечатания.

А сторонники арабской графики во главе с А.Байтурсыновым старались подойти к выбору алфавита с научной точки зрения и выдвинули свои критерии. А.Байтурсынов приводит конкретные доводы на поставленные вопросы, указывает на ненужность латинского алфавита.

24 января 1929 года вышло постановление Президиума комитета Центрального Совета Казахстана и Совета народных комиссаров об окончательном переходе на латиницу «О новом алфавите». Было принято решение назвать его «Алфавитом рабочих и крестьян» и перейти с начала нового учебного года во всех учебных заведениях на новый алфавит.

В связи с переходом на новый алфавит возник ряд дискуссий и противоречий в правописании. Проблема правописания была вынесена на обсуждение населением на страницы печати; это стало поводом для бурных обсуждений, и появилось множество статей, посвященных данной теме. Темой обсуждения стали принципы право-

писания иностранных слов, правописание отдельных букв, частей речи, окончаний, слитного, раздельного написания, правила употребления заглавных и прописных букв и т.д. Например, вместо иноязычного ф в слове физика на казахском предлагалось использовать букву п, т.е. пизика, вместо букв g (г) в европейских и русских словах в казахских словах следует употреблять j (ж) генерал-жанарал, Георгий-Жәгор и много других предложений.

Сторонникам фонетического принципа К.Кеменгеров заявил, что нельзя сравнивать развитие казахского языка с развитием языков западной Европы, что чисто фонетический подход существенно вредит естественному развитию языка.

